

ӘЛ-ФАРАБИ атындағы ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ

**«ӨЗІН-ӨЗІ ТАҢУ»
ХРЕСТОМАТИЯСЫ**

Құрастырғандар: Әрінова Б.А., Мурзагулова М.Д., Аринова Н.А.

Алматы
2020

*Баспаға әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті
Философия және саясаттану факультетінің Ғылыми кеңес және
Редакциялық баспа кеңесі шешімімен ұсынылған
(№ хаттама 2020 жыл)*

Пікір жазғандар:

Өзін-өзі тану: «Әлеуметтік педагогика және өзін өзі тану мамандығының студенттеріне арналған «Өзін-өзі тану» хрестоматиясы. – Алматы: «Қазақ университеті », 2020. – б.

Құрастырғандар: Әрінова Б.А., Мурзагулова М.Д., Аринова Н.А.

Жоғары оқу орындарында кәсіби білім алушы «Әлеуметтік педагогика және өзін өзі тану» мамандығында оқытылатын «Өзін-өзі тану» пәніне қосымша құрал ретінде ұсынылып отырған бұл хрестоматия мазмұнын болашақ мамандардың тұлғалық дамуына, өзін-өзі дамытуына, өзін-өзі іске асыруына қажетті рухани адамгершілік құндылықтарға негізделген жалпыадамзаттық құндылықтар жүйесі құрайды. Оқу материалдары студенттердің құндылықтық бағдарларын айқындайтын мәтіндерден тұрады.

Оқу құралы жоғары оқу орындарының студенттеріне, магистранттарға және пәнді оқытатын оқытушыларға арналған.

МАЗМҰНЫ

КІРІСПЕ

I модуль «ӨЗІН-ӨЗІ ТАҢУ» РУХАНИ - АДАМГЕРШІЛІК БІЛІМ БЕРУ БАҒДАРЛАМАСЫНЫҢ ҒЫЛЫМИ-ТЕОРИЯЛЫҚ НЕГІЗДЕРІ

1.1Өзінді танимын десең...

С.Назарбаева. «Өмір әдебі» (кітаптан үзінді)

Ж.Алтаев. Өзінді-өзің тани біл!

З. Серікқалиұлы. Өзінді тану– бүкіл ғалам ғажайыбын тану

Б. Күлеев. Өзім

Өзінді-өзің танимын десең... нақыл сөздер

«Өзін-өзі тану» терминдерінің түсіндірмелі сөздігі

1.2 Рухани- адамгершілік білім бастаулары

Ж. Баласағұни. Ізгілік . («Құтты білік» дастанынан үзінді)

Бес бақыт, үш кемдік, төрт құлазу (ел аузынан)

Төле бидің даналығы. Аңыз әңгіме

С.Аронұлы Жақсы мен жаман адамның қасиеттері

Ш. Құдайбердіұлы.Мәнді сөздер

М.Құл-Мұхаммед. Әл-Фараби (үзінді)

Б.Грасиан.Ақыл қалта (аударма)

Қайратқа толы жігерім бар (аңыз әңгіме)

1.3 Жалпыадамзаттық құндылықтар әлемі

Ә.Кекілбай. Тәуелсіздік бәрінен қымбат

Қ.Мырза Әлі.Ел дегенде...

С.Әшімбаев.Парасатқа құштарлық

К.Мырзабеков. Отаныңа қызмет ет!

Б.Грасиан Ақыл қалта (аударма)

М.Шаханов М. Ерлікке шақыру

К.Ахметова. Қазақстаным !

М. Шаханов.Төрт ана

М. Кемел. Бизнес пен байлық

А.Асылбеков. Ұрпақ үні

II модуль «ӨЗІН-ӨЗІ ТАҢУ» РУХАНИ-АДАМГЕРШІЛІК БІЛІМ БЕРУ БАҒДАРЛАМАСЫНЫҢ АКСИОЛОГИЯЛЫҚ НЕГІЗДЕРІ

2.1 Менің ішкі жан әлемім

Абай. Жетінші қара сөз

Ш.Құдайбердіұлы. Ұждан

Ш.Құдайбердіұлы. Жан мен дене һәм көңіл

Ж. Аймауытұлы. Неге арналсаң, соны істе!
К.Мырзабеков. Өзімді-өзім жеңе алмай жүрген бір кезім
Н.Күнхожаев. Өмірлік бағыт
Ғ. Есім. Өзге
Ә.Тәжібаев. Өзіңе сен, өзіңнің күшіңе сен
Ғ. Есім. Жаман адам кім?

2.2 Мен және өзгелер

М. Көпейұлы. Ағайын
Ф.Оңғарсынова. Жанашырлар жақсы аға, жайсаңдарым
М. Хакімжанова. Кім білген
М.Мұқатаев. Күндестік құрысын!
С.Шәймерденов. Ана ұлылығы
М. Кемел.Өмірде сүйіспеншілік маңызды
Р. Мұқанова.Мұң
С.Оспанов. Қорқамын
И.Сапарбай.Қайда деме...
Д.Тұрлыбек. Мына дүние не болып барады өзі ...
Т. Айбергенов. Бір тойым бар
Н.Келімбетов. Үміт үзгім келмейді... (үзінді)
К.Салықов. Атамның берген ақылы
М.Мағауин.Әйел махаббаты
К.Әлпейісова. Ғажайып танго

2.3 Адам мен табиғаттың өзара үндестігі

Абай .
Шал ақын. Адамзат төрт нәрседен болған екен
А.Сейдімбек. Көшпенділер дүниетанымы
Ш.Сариев. Сұлулық
Д.Стамбекұлы. Өмір
Қ. Толыбаев. Күлімде,Күн,күлімде!
Т.Сабырханов.Шексіз әлем
Б. Жақып. Тірі бәрі

Кіріспе

Жоғары оқу орындарында кәсіби білім алушыларды жан-жақты дамыған, адамгершілік құндылықтарды бойына сіңірген, шығармашылық тұрғыда өзін жарқырата көрсете алатын болашақ маман ретінде тәрбиелеу мақсатында ендірілген интегративті мазмұндағы «Өзін-өзі тану» пәні студенттердің өзінің өмірлік айқындамасын анықтауға, түрлі мәселелерді адамгершілік қағидаларға сәйкес шешуге, өзіне, адамдарға және қоршаған әлемге ізгілікті қарым-қатынас жасауға үйретеді.

Болашақ әлеуметтік педагогтер мен өзін өзі тану мұғалімдері өзін-өзі тану нәтижесінде өз ойы, сөзі және іс-әрекеттерінде шынайы болуға, жасампаздықпен белсенділік, азаматтылық және елжандылық танытуға ұмтылып, қоршаған ортамен, қоғаммен үндестікте өмір сүруге бейімделеді.

ЖОО студенттеріне арналған бұл хрестоматияның мазмұнын құрастыруда «Өзін-өзі тану» пәнінің типтік бағдарламасындағы «Өзін өзі тану рухани адамгершілік білімі беру бағдарламасының ғылыми теориялық негіздері», «Өзін өзі тану рухани адамгершілік білімі беру бағдарламасының аксиологиялық негіздері» атты екі модульдік тақырыптық жүйе басшылыққа алынды.

Хрестоматиялық оқу материалдары «Өзінді танымын десең...», «Рухани адамгершілік білім бастаулары», «Жалпыадамзаттық құндылықтар әлемі», «Менің ішкі жан дүнием », «Мен және өзгелер» және «Адам мен табиғаттың өзара үндестігі» сияқты тақырыптық жүйеге біріктірілген. «Өзін өзі тану» пәнін оқытудағы жетекші ұстаным білім алушының рухани әлемін кемелдендіру, өзін өзі тануы мен өзін өзі дамытуын жүзеге асыру болғандықтан мәтін таңдауда шығарманың рухани адамгершілік мәні, адам өмірініндегі құндылықтық маңызы жетекші орында болды.

Әр тақырыптың ішкі мазмұнына сәйкес топтастырылған оқу мәтіндері адамгершілік құндылықтардың руханилық сипатын, жалпыадамзаттық құндылықтық бағдарын ашуға бағытталды.

Өзін-өзі тану тұлғаның өзін-өзі жүзеге асыруының шарты ретінде қарастырылатындықтан бұл хрестоматиялық жинақта данышпан ғұламалардың өзін-өзі тану туралы айтқан ой пікірлері мен нақыл сөздеріне ерекше назар аударылды.

Студент жастардың қарым қатынасындағы достық пен махаббаттың құндылық ретіндегі орнына айрықша мән беріліп, хрестоматия мазмұнында өмір жарастығы, отбасылық өмір, жастық шақ, бақыт, сезім, сыйластық, қайырымдылық, кеңпейілділік, жанашырлық, бауырмалдық тәрізді адамгершілік құндылықтардың маңызын аша түсетін мәтіндер орын алды. Ынтымақтастық, өзара келісім, бірлік, тәуелсіздік, бостандық, ұлтжандылық сияқты құндылықтардың қоғамдағы рөлін көрсететін мәтіндер де хрестоматия мазмұнын құрауға негіз болды.

I модуль «ӨЗІН-ӨЗІ ТАҢУ» РУХАНИ - АДАМГЕРШІЛІК БІЛІМ БЕРУ БАҒДАРЛАМАСЫНЫҢ ҒЫЛЫМИ-ТЕОРИЯЛЫҚ НЕГІЗДЕРІ

1.1 ӨЗІҢДІ ТАНИМЫН ДЕСЕҢ...

Өзіңді - өзің танысаң – істің басы!

III. Құдайбердіұлы

«Өмір әдебі» (кітаптан үзінді)

С.А. Назарбаева

Біздің маңдайымызға өзгерістер кезеңінде өмір сүру, екінші мыңжылдық бітіп, үшінші мыңжылдықтың куәсі болу жазылыпты. Бұл – өзіңнің ішкі жан дүниеге үңіліп, өзіңнің өмірлік міндетің жайлы ойлана білудің сирек ұшырасатын себебі.

Біз өркениеттің гүлденген дәуірінде, техникалық прогресс заманында өмір сүріп отырғанымызды мақтан тұтамыз. Ғылымның алға қарыштап дамығаны сондай – әлемде сыры ашылмаған ештеңе қалмаған сияқты. Алайда ондай нәрсе бар екен: осы уақытқа дейін білімді жеткізуші және «өндіруші» адам баласының өзі танылмай жатыр.

Ғасырлар бойы әр елдің халықтары осы біз кімбіз, не үшін өмір сүріп, қайда кетеміз, өміріміздің мағынасы неде, басты адами бағдарларымыз қандай болуы тиіс деген біртектес сұрақтар қойып отырды. Осы мәселелерге дендеп енген сайын оларға жауап іздеу де тоқталған жоқ. Ақиқатты іздеу барысында қателік те, тоқырау да, кері қарай жүру де кездесті. Шын мәніне келсек, адамзаттың тарихы адамгершілік тұрғыдан өзін-өзі жетілдірудің ұдайы жүретін үдерісінен басқа ештеңе де емес.

Тіршіліктің осынау мәңгілік сұрақтарына жауап беру үшін жалпыадамзаттық құндылықтарды қайта жандандырып, өзіміздің бастапқы қайнар көзімізге оралу керектігіне бір сет те күмәнданбаймын. Біздер, XX ғасырдың жадыдан айырылған перзенттері ұзақ пайдаланған «өркениет әдебі» шарттылығының орнына өмір әдебін қайта жаңғыртуымыз қажет. Өйткені адамзат ғасырлар бойы осы құндылықтарға ие болып, тиісінше пайдаланып келді ғой. Бейнелі тілмен айтқанда, руханияттың мөлдір кәусар бұлағынан үнемі сусындап отырды. Соңғы онжылдықтардың асау ағыстары кезінде осы бастауларға апаратын жолды замандастарымыз естен шығарып алды.

Руханияттың кәусар бастауына апаратын жолды іздеу – бүгінгі таңда өмір сүріп келе жатқан адамдардың әрқайсысының және баршамыздың басты

міндетіміз екеніне сенемін. Тіпті егер қаласаңыз, оны адам туралы білімдер көмбесіне апаратын жол деп атауға да болады. Бұдан оның мәні өзгермейді.

Біздер, яғни, адамдар тіршілікте әр түрлі болып келеміз, сондықтан біздің «өмір ғылымын» түсінуіміз де әрқилы. «Өзіңді өзің тани білсең, бар тіршілікті де тани аласың» деген емес пе көнелер. Неге олай айтылды екен? Өйткені әрбір адамның өзі үшін жауапкершілігі Жаратушының алдындағы жауапкершілігі сияқты жоғары деп ойлаймын. Өкінішке қарай, адамзат баласы ұзақ жылдар бойы күрделі де қауіпті, бірақ нәтижесіз іспен, Жер-ананы бағындырумен айналысып келді. Жер шарының нәзік экожүйесіне араласа отырып, табиғи баланс пен қоршаған ортаның үйлесімділігін бұзып жатқанымызды түсінбедік. Өзіміздің ұдайы өсіп отыратын сұраныстарымызды қанағаттандыру үшін өмір сүру ортамызды бейімдесек болғаны, үстімізге жұмақ орнай қалатын сияқты көрінді. Бұл кезде адамгершілік пен руханият туралы сөз тіпті қозғалмайтын.

Бір замандардағы «Біз табиғаттан қайырымдылық күтпейміз, біздің міндетіміз – одан сұраусыз ақ алу» деген қоңыраулы «ұран» естеріңізде ме? Енді адамзаттың көзі ашылған бүгінгі таңда «Біз табиғатқа жасаған қатыгездігімізден кейін, одан кандай қайырым күтеміз» деп басқаша айтуға тура келді.

Ал адамзаттың ұлы гуманистері – ойшылдарымыз бен ақындарымыз: «Табиғат түпсіз нәрсе емес, оны арсыздықпен тонау түбінде қатты опық жегізеді» деп ескертіп келді емес пе? Бұндай зорлық-зомбылық замандастарымыз бен келешек ұрпақтың жан дүниесін де орны толмас өкінішке ұрындырады, сөйтіп алдыңғы толқынның күнәлары мен қателіктерінің өтемін төлеуге тура келеді деп қайталаудан олар шаршаған жоқ. «Не ексең, соны орасың» деген халық нақылы бар емес пе? Міне, біздер тарихи қаннен-қаперсіздіктің дәнін сеуіп, енді бүгін өзіміздің өркөкірек енжарлығымыз бен қоршаған ортаға деген немқұрайлылығымыздың жемісін жинаудамыз.

Біздің барлық тәни және рухани ауруларымыздың түпкі себебі – жалқаулық, өркөкіректік, қызғаншақтық және теріс пиғыл деп қайталаудан жалыққан емеспін. Біз күнделікті тіршілігімізге адам болмысының қайырымдылық, мөлдір махаббат, шыдамдылық, кешірімділік сияқты баға жетпес қасиеттерін қайта оралтуымыз қажет. Біздің басқадай амалымыз жоқ, болуы да мүмкін емес, міндетті түрде мұны қайтарып аламыз да.

Жалпылай кешірім жасау мәселесі ерекше. Біздің ең үлкен адасуымыз неде? Жәбір-жапаны кешіре білмеуімізде. Тіпті іштей болса да кешіре білсек қой. Бізге қиянат жасаған адамды ойша кешіре білудің өзі қоршаған ортаға дауыстап айтқанмен бірдей күшті ықпал жасайды. Әй, адам баласы, ізгі ақылға құлақ сал: дұшпандарыңды кешір, жәбірлеушілеріңді кешір. Кім біледі, олар сені жәбірлей тұрып,

өздерінің қандай қиянат жасап қойғандарын түсінбеген де шығар. Егер де біз жәбір-жапаны кешіре білсек, өзімізді «жақсартып» қана қоймаймыз, өмір сүріп отырған ортамызды тазалап, жарқыратып, қайырымды ете түсеміз.

Әрқайсысымыз пешенемізге жазылған нәрсені өзгерте алмаспыз, бірақ көп нәрсе адамның өзіне байланысты. «Өз бақытың – өз қолыңда» деген сөздер сонау мектептегі кезден бері есімде. Бірақ ол заманда бұл сөздер жанымда терең із қалдыра қоймаған болатын, ал соңғы уақытта осы жайында жиі ойлайтын болып алдым. Біздің мәселелеріміз неге байланысты? Жұлдыздарға сапар шегіп, ғарышты игеріп жатырмыз. Біздің қазіргі атқарып жатқан шаруаларымыздың көпшілігін ата-бабамыз білген де емес. Алайда олар бізден гөрі саналырақ, тәжірибелірек, ақылдырақ болған. Мен олардың адамгершілігі басымырақ дер едім. Біздер, Милениумның құрдастары, нағыз өмірлік мақсаттарды олардың жалған түрімен алмастырдық. Енді бақытымызды дүние-мүліктен іздеп тыным таппаймыз, өз жанымыздың саулығы жайлы мүлде естен шығардық.

Бір жолы кинорежиссер Андрей Тарковский «Біз қателескен дүниеде өмір сурудеміз» деп күйзеле айтқан болатын. Оның бұл сөзі – шындық. Әйтпесе өзінің адамгершілік бағдарынан айырылған адамдар қауымдастығын басқаша қалай айтуға болады? Халықтар мен ұрпақтарды ғасырлар бойы біріктіріп келген дәстүрлі рухани байланыстардың жоғалғандығы, өмір ағысында әрқайсысымыз өзімізше арпалысып келе жатқанымыз ешқандай да жаңалық емес. Енді, міне, өмір түнегінде әрқайсысымыз өзімізше жол табуға тырысудамыз.

Жаңа ғасырдың басында ересектер өміріне қадам басқан жас жеткіншектер бұрынғыдай емес, мүлде басқа өмірге бейім болуы керек. Білімді адам санатында аталуы үшін қазіргі жасөспірімге негізгі пәндерді жан-жақты игеру және жақсы талдау қабілетінің болуы аздық етеді. Ол өмірдің барлық шытырмандарын пайымдай білуі, кез келген тығырықтан парасатпен абыройлы шыға алуы тиіс.

Бұл дағдыны оған кім бермек? Бұны шешуге дәстүрлі педагогиканың, әлбетте, күші жете қоймайды, сондықтан да стандартты емес тың шешімдер керек. Біздің өзекті мәселелеріміздің бірі – сіз бен біздің толық жетілмегеніміздің нәтижесі. Осыны пайымдай білетін, өзіңді өзің ашатын, ең ақырында не үшін өмір сүріп жүргенімізді түсінетін, сөйтіп ғасырлар бойы қордаланған білім мен адамзат даналығын қайтарып алатын заман жетті.

Бәлкім, менің айтқалы отырғаным тосын да естілер, бірақ мен өзіме пікірлес жандарды іздестіру үстіндемін. Іздейтінім – қазіргі білім беру мен балаларды тәрбиелеу жүйесі мүлде қанағаттандырмайтын өзім секілді адамдар. Яғни, біздің бәріміз: ата-аналар да, мұғалімдер де, қоғам да педагогиканың парыз-міндетінен адамның үйлесімді дамуын алып тастауы қатты толғантатын адамдар. Өйткені бұл, менің

көзқарасым бойынша, тәрбие деп аталатын ғылымдар мен әдістемелер кешенінің түбегейлі қада қазығы...

Ғасырлар тоғысында біз кенеттен тәрбиенің басты мақсаты – баланы компьютер басуға үйретіп, ептеп ағылшынша сөйлету деп санадық. Міне, сөйтіп жаңа формацияның адамы да даяр. Ал бұл «прогресс ұрпағы» қайырымдылықты зұлымдықтан ажырата алмайтыны, жақын жандардың жан ауыртпашылығын түсініп, бөлісе алмайтыны бізді селт еткізбейді.

Қазақтың ұлы ойшылы әрі ағартушысы Шәкәрім: «Бізше, адам өмірін түзеуге, барлық адамдар тату тұруға, негізгісі – адал еңбек, ақ жүрек, арлы ақыл болуға керек. Дүниеде бұл үшеуі үстем болмай, адам баласына тыныштық өмір сүруге мүмкіндік жоқ...Мейірімділік, махаббат, қайырымдылық, адалдық ақ жүректен шығады.Ал, арлы, ақылды адам қиянатты, зорлықты, өзімшілдікті, мақтануды білмейді және істемейді. Осы үшеуінің басы қосылса, адам жақсы өмір сүріп, бірімен-бірі тату тұруында сөз жоқ», – деп жазып кетті емес пе.

Қалай дәл айтылған?! Күйзелістен туғандықтан да шынайы естілетін осынау сөздер бізден басқа кімге арналсын? Ішуге жарайтын және ішпеуге болмайтын бастаудың қасында тұрып қаталап шөлден өлуге болмайды ғой. Міне, таза бұлақ дәл жаныңда сылдырлап ағады, даналықтың мөлдір кәусарын шамаң жеткенше жұта бер. Тек ынтаң болса, болғаны...

Мен бала жас кезінен-ақ әрқашанда сау да әрі бақытты болып өсуін, өмір даналығы мен адамзатқа қызмет ете білу бақытын игере отырып өсуін қалаймын. Өзінің кім екендігін, не үшін өмір сүріп, не үшін талпынатынын пайымдай білсін. Әркім өзін ашып көрсете білуі тиіс.

Өзінді-өзің тани біл!

Ж.Алтаев

Антика философиясының екінші кезеңі– классикалық кезең атақты ойшыл-философ Сократтың (б.д.д. 463-399 ж.ж.) есімімен тығыз байланысты болғандықтан кейде “Сократтан кейінгі кезең” деп те аталады. Ол жазбаша шығармалар қалдырмаған, оның ілімі бізге Платон, Ксенофонт, Аристотельдің еңбектері арқылы жетті. Сократ ауызша пікір таластырып, диалог арқылы өзінің қарсыластарын қарастырылып отырған мәселе туралы тың білімге әкелуге тырысты. Бұл жолда ол мысқылдауды ақиқатқа жетудің таным құралы етіп алады.

Сократ қарапайым, түк білмейтін сияқты көрінеді де, қарсыласына олардың өздері жақсы білетін сұрақтарды қояды, қарсыласы ол сұрақтарға жауап бергеннен кейін, тағы да алдын ала дайындаған сұрақтарын қояды, сөйтіп, қарсыласы өзінің бастапқы айтқан пікірлеріне қарсы пікір айта бастайды. Осы кезде Сократ мысқыл-кекесінмен қарсыласын менмен,

өзімшіл сияқты пікірінен толығымен арылтады да, енді онымен бірге өзі де көтерілген мәселені айқындай түсуге, реті келсе, түсініктеме беруге тырысады. Сөйтіп, Сократ өзінің қарсыласын қойған сұрақтарға жауап беру арқылы біртіндеп ақиқатқа жақындата түседі. Өзінің осы тәсілін Сократ *майевтика* (дүниеге келетін сәбиді қабылдау өнері деген мағынада) деп атайды.

Майевтиканың мақсаты – қарастырып отырған мәселеге түсініктеме бере отырып, осы сияқты құбылыстардың бәрін қамтитын жалпы ұғым қалыптастыру. Олай болса, Сократ жалқыдан жалпыға қарай ой түзеп, индуктивтік тәсілді қолдану арқылы жалпы ұғымды қалыптастырмақ болады. Бұл ретте қарсыластары ол ұғымды қалай қалыптастыру керектігін түсінбегендіктен, ол ұғымның не екенін әлі Сократтың өзі де білмегендіктен, ол: *“Мен өзімнің түк білмейтіндігімді білемін”*, - деген қағиданы өз философиясының негізгі қағидаларының бірі етіп басшылыққа алды. Осыдан келіп, ол екінші қағиданы ұсынады, ол- *“Өзіңді-өзің танып біл!”*.

Өзіңді-өзің тану деген - өзіңді қоғамдық, әдептілік тұлға ретінде қарастыру арқылы барлық адамдарға тән әдептіліктің негізгі қасиеттері төңірегінде этикалық ұғымдар қалыптастыру. Сократтың пікірінше, моральдық өлшемдер – объективтік құбылыстар. Ал жақсылық пен жамандықтың арасындағы айырмашылық салыстырмалы емес, абсолютті бағытта болады. Жақсылық жасағанда, ол жақсылықтың мәні неде екенін білген дұрыс. Егер адамдар жақсылықтардың да, жамандықтың да не екенін, олардың табиғатын түсініп, білетін болса, онда олар еш уақытта да жамандыққа бармас еді. Жамандықтың өзі жақсылықтың не екенін білмегендіктен болатын құбылыс. Олай болса, әдептілік дегеніміздің өзі - танып білудің салдары. Сондықтан адамдар баюға, жұмыс бабында жоғарылауға, мемлекеттік басқару ісіне араласуға, т.б. құмартпаулары керек, керісінше, *“өз қамыңды өзің ойла”*, өзіңді-өзің әдептілік, ақылдылық жағынан көтер, бұл ретте адамдарға философия көмек береді.

Өзіңді тану– бүкіл ғалам ғажайыбын тану

3. Серікқалиұлы

Адам баласының қоршаған кең дүниемен, әсіресе табиғатпен қарым-қатынас жасау барысында өз бойына ештеңе дарытпауы мүмкін емес.

Адам белгілі бір кезеңде қалыптасқан мұрат-мүддесі негізінде ғалам көркін танып, жаратылыстың мән-мағынасын әділ саралап, баға беруге талпынады. Таным нысанасы айқындала түскен сайын адамның ой-өрісі кеңейіп, мүмкіндіктері ашыла түседі.

Әрине, әлем өрісінің, жаратылыс құбылысының әлі жете танылмаған аясы кең. Адам көзге көрініп тұрған дүние болмысын да, жерден шалғай ғалам кеңістігін де мейлінше зерттеп, оларды шынайы өмірмен байланыстыру үшін ізгі талпыныстар жасауда. Жаратылысқа жан иесі жылы

шырай дарытып, өзгертіп, құбылтып, бүкіл қуаныш-қызығының құт-береке көркіне, игілігіне айналдыра бастаған кезде ғана Әлем – адамдар әлемі болмақ.

Адам төңірегіне тек пенделік өз түсінігі тұрғысынан қарай алмайды. Ол жаратылыс шындығын қандай болса, сол күйінде, яғни қаз-қалпында сезінуі керек. Жер-жаһанмен рухани сабақтасу дегеніміз ғаламның «адамға тәуелсіз өз ерекшелігін» танып-білу талабынан туындап жатыр. Дүние тұңғығына бойлайтын сұңғыла сезім Адам дейтін осы ғаламат ұлы құдіретке бұйырған. Бұл өзінді өзің тану ғана емес, бұл – бүкіл ғалам ғажайыбын тану.

Өзім

Б. Күлеев

Өзім серік өз ойыма – досыма,
Қуанамын, жылаймын, күлем қосыла.
Өзіме-өзім не қылсам да ризамын,
Өзім күйем өзім жаққан отыма.

Өзім бітем, өзім қайта толамын,
Өзім ұшам, өзім жүрем, қонамын.
Өз алдыма өзім келе бергенде,
Өзіме-өзім таң-тамаша боламын.

Өзінді-өзің танимын десең...

нақыл сөздер

Өзінді өзің таны! Өзін-өзі тану өте қиын.

Фалес

Өзінді -өзің басқара алмасаң, өзгені де басқара алмайсың.

Халық нақылы

Дүниедегі ең оңай нәрсе – кісіге ақыл айту, ең қиын - өзінді өзің түсіну.

Әл-Фараби

Жетілген адам барлығын басқадан емес, өзінен іздейді.

Конфуций

Өзінді танығың келсе,
Адамдарға, олардың ісіне қара.
Өзгені танығың келсе,
Өзіңнің жүрегіңе үңіл.

Фридрих Шиллер

Өзін-өзі тануға деген құлшыныс – жан дүниенді шаттандыруға арналған үлкен қуаныш көзі.

Гюстав Флобер

Мен бір ғана ғылыммен, мені жақсы өмір сүруге және жақсы өлуге үйрететін өзін-өзі тану ғылымымен айналысудамын.

Мишель Монтень

Өзім туралы ойламаған кезде, тіпті ештеңе де ойламаймын.

Жюль Ренар

Ең қиыны - өзіңді -өзің тану, ең жеңілі – басқаға ақыл айту.

Фалес

Әр адам- өзінің ішкі дүниесінің көрінісі.

Марк Цицерон

Білмейтін басқа адамды тани бастаған сияқты өзіңді де біртіндеп тануға болады.

Григорий Ландау

Өзіңе деген махаббат бұл - өмір бойына созылатын романның басы ғана.

Оскар Уайльд

Кім өзіне-өзі сенбесе, сол әрқашан өтірік айтады.

Фридрих Ницше

Өзіңді өзің билеу - өзіңмен өзің соғысу деген сөз.

Бальтасар Грасиан

Тек өзін ғана ойлап, бар нәрседен өз пайдасын ғана ойлағандардың бақытты болуы мүмкін емес, өзің үшін өмір сүргің келеді екен, өзгелер үшін де өмір сүргенің жөн.

Луций Сенека

Өзің түзел, сонан соң, өзгені түзе.

Лао-Цзы

Таяз адамдар ғана өзін терең білем дейді.

Оскар Уайльд

Ойды қайдан алғанын
Адам өзі сезбейді.
Жанның айдап салғанын
Сезбесе де, іздейді.

Шәкірім Құдайбердіұлы

Өзіңе өзің билік жүргізуге үйрен.

Александр Пушкин

Өзінің ішкі байлығын ашқан адам ғана бақытты.

Артур Шопангауэр

Өзіндік білім – нағыз білім

Дмитрий Писарев

Өзіңді біле түскен сайын парасаттылығың арта түседі.

Ә. Науаи

Рухтың өсуі тәнге қарағанда қиындаған сайын өзіңді өзің жеңе аласың.

Александр Герцен

Адам әлемді қаншалықты таныса, соншалық өзін де тани түседі. Адам өзін тек адамдардан табуға ғана қабілетті. өзін-өзі қалай тануға болады? Борышыңды өтей бастаған сәттен бастап-ақ, өзіңді тани аласың.

Иоганн Гете

Өзіңнен -өзіңді ізде, өзіңе-өзің бағын, өзіңді -өзің тани біл.

Федор Достоевский

Ой-өрісі жетілмеген адам ішкі сезімін билей алмайтын сәби сияқты. Бала болғандықтан, ол сезімін іс-әрекетімен үйлестіре алмайды. Өзін өзі ұғынбаған, төңірегін қоршаған табиғат туралы ешқандай жөнді мәліметі жоқ сәби адам жақсылыққа ұмтылғанда, соқырларша қарманады. Сондықтан оның өтірікті шынға, зиянды пайдаға балап, көп қателесетіні түсінікті.

Шоқан Уәлиханов

Өзін-өзі тану – рухани өркендеудің түп тамыры және адамгершілік құндылықтардың негізі.

Сара Алтысқызы

Өзіңді өзің жаттай сыйла, жат жаныңнан түңілісін.

Қазақ халқының даналығы

«Өзін-өзі тану» терминдерінің түсіндірмелі сөздігі

Өзін-өзі тану: тұлғаның өзін-өзі дамыту мен өзін-өзі жүзеге асыру мақсатында өзі туралы нақты білім алуға бағытталған шығармашылық іс-әрекеті;

Өзін-өзі тәрбиелеу: Жеке тұлғаның өзін-өзі тану, өзін-өзі талдау, өзін-өзі бағалау және өзін-өзі бақылау арқылы өзінің жағымды қасиеттерін жетілдіруіне және жағымсыз әрекеттерінен арылуға бағытталған саналы, мақсатты бағытталған іс-әрекеті.

Өзін-өзі анықтау: Өзін-өзі бағалау дәрежесі; тұлғалық бағытының мазмұнды жағы; адамның қоғамда өзін-өзі тұлға ретінде анықтауы, оның әлеуметтік-мәдени құндылықтарға байланысты белсенді көзқарас ұстануы және осы арқылы өзінің өмір сүру мәнін анықтауы (болашаққа ұмтылу арқылы); қандай да бір проблемалық жағдайда өзіндік ұстанымын анықтау мен бекіту бойынша жеке таңдауын саналы түрде жүзеге асыру процесі мен нәтижесі; адамның ішкі еркіндігіне ие болуының және оны көрсетуінің негізгі тетігі.

Өзін-өзі дамыту: Тұлғаның рефлексия, жоспарлау, өзіндік даму нәтижелерін болжап білу сияқты психикалық көріністерінің негізінде жүзеге асатын өзін-өзі жетілдіру процесі.

Өзін-өзі түсіну: Табиғи, әлеуметтік және тұлғалық аспектілер бірлігінде субъектінің өзін-өзі түсіну мен қабылдау іс-әрекеттері.

Өзін-өзі іске асыру: Адамның өзінің тұлғалық мүмкіндіктерін, қасиеттерін, басқа адамдар арасындағы орнын саналы түрде дамыту процесі мен нәтижесі.

Өзін-өзі жетілдіру: Жеке тұлғаның рухани және шығармашылық әлеуеті көрінісінің жоғары деңгейі, өзінің жеке тұлғалық мүмкіндіктерін толық анықтау мен дамытуға ұмтылуы; мүмкіндіктердің шындыққа айналуы.

Өзіне-өзі қызмет ету – тазалық ережелерін сақтау, өзінің киім-кешегін күтіп кию, тамақ әзірлеу, отбасы тұрмысында қарапайым еңбек ету.

Өзін-өзі алдау – өзінің шектеулерін дәл түсіне алмағандықтан адамның өзін өзі алдауы. Өзін-өзі алдайтын адамда өзін-өзі қабылдау қабілеті болмайды.

Өзін-өзі аңғару – адамның өзбойындағы жағымды-жағымсыз қасиеттерін көре, аңғара білуі.

Өзін-өзі билеу – адамның кез келген жағдайда ешқандай сезім ықпалын ермей, ұстамдылық көрсетуі.

Өзін-өзі тексеру – субъектінің өз әрекеттері, психикалық үдерістер мен көңіл күйін жете ұғынуы және бағалай алуы.

Өзін-өзі ұстау – сезімге әсер етіп, істі кері кетіретін жағдайларда, адамның өз әрекетін дұрыс жүзеге асыра алуға қабілеттілігі. Өзін-өзі ұстауда осы іс-әрекетті реттейтін психикалық үдерістерді саналы-еріктік ұйымдастыру көрінеді. Өзін-өзі ұстай білу–адамның эмоциялық және әлеуметтік кемелділігінің көрсеткіші.

1.2 РУХАНИ- АДАМГЕРШІЛІК БІЛІМ БАСТАУЛАРЫ

Ізгілік

(«Құтты білік» дастанынан үзінді)

Ж. Баласағұни

Жасы кіші, жүзі нұрлы көрікті,
Бар ізгілік бір өзіңнен өріпті!
Жомарт, ойлы, білер істің шамасын,
Әділ таза, сақтар жұрттың арасын.
Қиянаттан сақтайды адам баласын,
Шаң тигізбей ұстар намыс жағасын.
Қайда барса – іс қиюын табады,
Сөйлесе ақыл – тілінен бал тамады.
Жүзі игі барлық жерге сыйымды,
Табыстырар қиыспайтын қиырды.
Көзі жіті қырдағыны шалады,
Қандай істе еш таймайды табаны.
Жас ақылы – шығар сөлі шырынның,
Ақыл қайда болса, соған қарай жығылғын.
Кішісінде – махаббат, кәрісінде – мархабат,
Бәрі жақсы, ізгілікпен өтсе жүгін арқалап!

Бес бақыт, үш кемдік, төрт құлазу
(ел аузынан)

Ақтайлақ би Қанай шешеннен:

- Ер басында бақыт нешеу, кемдік нешеу, құлазу нешеу? – деп сұрапты.

Сонда қарауыл Қанай шешен:
Атың жүрдек болса,
Жалғанның пырағы.
Алғаның жақсы болса,
Үй мен мен қонақтың тұрағы.
Әкең – асқар тау,
Шешен – қайнар бұлақ,
Балаң жақсы болса,
Екі көздің шамшырағы.
Міне, бес бақыт – осы.
Атың шабан болса,
Жалғанның азабы.
Алғаның жаман болса,
Дүниенің тозағы,
Балаң жаман болса,
Көрінгеннің мазағы.
Міне, үш кемдік – осы.
Қалың ел көпсе,
Көл құлазиды.
Қаптаған мал кетсе,
Бел құлазиды,
Нарқын танымаған
Сөз құлазиды.
Қатарынан айрылған,
Шал құлазиды,
Міне, төрт құлазу - осы

Төле бидің даналығы

Аңыз әңгіме

Төле би жолаушылап келе жатып, жолдасымен қарақшылардың қолына түседі. Мал беріп құтылмақ болады да, малды алу үшін қарақшыларды хат беріп ауылына жібереді.

- Біреуің менің атыма мініңдер, шапанымды киіңдер. Сонда шынымен мен жібергеніме сенеді. Сөйтіп хатты апарып, малды айдап қайтасыңдар, – дейді би.

Сонымен екі қарақшы хатты алып ауылға келеді. Хатты оқып, ауылдың үлкендері таң қалысады. Хат өз қолымен жазылған және атын мінгізіп, шапанын кигізіп жіберген. Бірақ мұнша мал Төледе жоқ қой. Бұл қалай? Біреу оны айтып, біреу мұны айтып, бастары катады. «Құда болса болған шығар. Ел-жұртым тауып берер деп сенген шығар?» – деседі. Ақырында Данагүлмен ақылдасады.

- Сіздер атамның сәлемін түсінбей отырсыздар, – дейді келіні. – Ол кісі

қарақшылардың қолында тұтқын боп отыр екен. «Қырық құнан атан берсін» дегені – қырық мықты жауынгер жігіт. Демек, қарақшының да қырық болғаны. «Жиырма бура» дегені – жиырма палуан, күштің басым түсуі үшін керек. «Сегіз ақ бас атан» дегені – сегіз ақсақал, сөзге сендіру үшін қажет. Сол босағадағы күміс – ұлы, оң босағадағы алтыны мен едім. «Алтынымды тұтас берсін» дегені – мені келсін дегені. Жұмбағымды шешер деп атам маған сенген екен.

Данагүлдің ақылдылығына ауыл ақсақалдары дән риза болысады. «Жарайды, сұратқан малын береміз» деп, екі қарақшыны қонақ етеді. Хаттағыға сәйкес мал жинап, қарақшылардың алдына салады да, екіүш малшы мен Данагүлді қастарына қосып береді. Ал қырық жігіт, жиырма палуан мен сегіз ақсақал бұлардың соңдарынан жасырын ілесіп отырады. Құмның шетіне ілігіп барар жерлеріне жақындаған соң, екі қарақшыға Данагүл:

- Ал енді сіздер алдымен барып хабарын бере беріңіздер. Біз малды жая айдап, арттарыңыздан жетерміз, – дейді. Өзі іштей ол араға күн бата жетуді есептейді.

- Айтқаны рас екен, малды берді, екі-үш малшысы мен келіні айдап келеді, – деген хабар жеткесін, қарақшылар қуанысып, аттарын қоя беріп, қаперіз жайғасады.

Көз байлана бере қалың қол сау етіп келді, қамсыз қарақшыларды басып қалады. Бәрін байлап-матап тастаған соң, сол арада Төле би оларға былай дейді:

- «Ғұмыр – біреу, кезек – екеу» деген. Кеше мені тұтқындап едіңдер, бүгін менің тұтқынымсыңдар. Дүние кезек деген осы. Сендердің елге пайдаларың жоқ: жарлының жалғызын тартып аласыңдар, шөлдеп келе жатқан жолаушыны тонайсыңдар. Жұмыстарың – жұртты жылату. Пайдаларың өздеріңе де тимейді, әйел-бала жоқ, қаңғып күн кешесіңдер. Қанша жыл қарақшылық жасасаңдар да құтаймайсыңдар: не малды боп, не жанды боп жарымайсыңдар. Батырмыз деп жүрген боларсыңдар, жабылып жалғыз-жарымды тонаған батыр болмайды. Басым бұлтқа тиер деп бұққан – батыр, кесірім жұртқа тиер деп ыққан – батыр. Сендердікі – зорлық. Ал «зорлық түбі – қорлық». Жазықсыз жылатқан жандардың жазасы үшін сендерге біз не істесек те дауа. Бірақ мен сендерді өлімге қиғанша, сендерге өмір сыйлайын. Тілімді алсаңдар, тәубаға келіндер, адал еңбекпен күнелтесіңдер. Талмай жортқан ерден – салмай құлындаған бие артық. Жортқанды қойып, жұрт болыңдар, ұрпақ өсіріңдер. Әйел алып, мал жиюларыңа, бастарыңа үй тігіп беруге көмектесейін. Халықтан жырылмай, халықпен бірге болыңдар.

Халықтың барын жырымдағанша, жоғын жамасыңдар!

Қарақшылардың басшысы басын иеді:

- Айналайын ататай, айтқаныңның бәрі дұрыс. Ел тонағаннан тапқан түгім жоқ. Ішкен асымыздан басқаның бәрі бойымызға жұқпады. Бәріміздің әкеміз бен шешеміз қарақшы емес, қырығымыз қырық түрлі себеппен

қарақшы боп кеттік. Болымсыз кінәсін кешірмей, бай мен билер басына күн тудырған соң, қашып кеткеніміз бар. Жоқтықтан мал ұрлап, жазалы болғанымыз бар. Әкеміздің құл, шешеміздің күң болғанына қорланып шыдамағанымыз да бар. «Арымызды арлаймыз, намысымызды қорғаймыз» деп жүріп қарақшы болдық. Бізді жақтайтын жан болмады. Сіз – бізге жолыққан қыдырсыз, айтқаныңызға құлдық. Егер осы жолы өлім емес, өмір сыйласаңыз, сіз – бәріміздің екінші әкемізсіз, айтқаныңыздың бәрін істейміз.

Қолбасшыларын қостап, қарақшының бәрі шу ете қалады. Содан Төле би оларды ауылына алып келіп, адам қатарына қосады. Қарақшы аттары қалып, қырық ағайынды атанады.

Жақсы мен жаман адамның қасиеттері

Сүйінбай Аронұлы

Жақсы жігіт ел-жұртының қаласындай,
Жақсы әйел әмме жұрттың анасындай.
Жақсыға ешкімнің де жаттығы жоқ,
Көреді бәрін де өз баласындай.
Жақсы жігіт сөзіне сақ тұрады,
Қыранның қырдан байқар баласындай.
Жаман парқы жақсымен бірдей емес,
Жақсы жігіт елінің ағасындай.
Жақсының сөзін әркім пайдаланар,
Миуалы алма, өріктің ағашындай.
Жаманның көкірегі – көр, көзі – соқыр,
Жүрек жолдан тал түсте адасып-ай..
Жақсы адам қай жерден ажырайды,
Жақсымын деп бәрі жүр таласып -ай,
Жамандар – өтірікші, өсегі көп,
Ел-жұрттың іріткі салар арасына-ай.
Жалған сөзбен бықсытар ел арасын,
Жанбай қалған ағаштың шаласындай.
Соқтығып әркімге бір ұрынады,
Сиырдың тентек болған танасындай.
Сондай жанның ешкімге сүйкімі жоқ,
Жылқының қотыр болған аласындай.

Жақсы адам елдің басшы серкесіндей,
Жұғымды болар елге еркесіндей.
Жақсының жүзі жылы, сөзі майда,

Халқымның қалың жүнді көрпесіндей.
Жақсы болар баланың жүзі жақсы,
Орыстың күймей піскен бөлкесіндей.
Жақсыға үлкен-кіші бәрі жақсы,
Жасынан бірге өскен еркесіндей.

Жақсы кісі көрінер жыл құсындай,
Жаман адам балтаның ұңғысындай.
«Олақтан салақ жаман» деген мақал
Жамандар түзей алмас тұрмысын-ай.
Жақсы адам алысты жақын етер,
Беттескен екі таудың тұрғысындай.
Жамандар өсек-аяң айтып жүрер,
Ешкімнің білмесе де қылмысын-ай.
Жаманның кеудесі үлкен, сөзі кесек,
Ақылы ауысқан адамның жындысындай.
Екеуін салыстырып әдейі айттым,
Қажетін қолданарсың тұрмысыңа-ай.

Мәнді сөздер

Шәкәрім Құдайбердіұлы

Мен жетпіс екі жасқа келгенше өмірде болатын неше алуан қилы оқиғаларға, түрлі жамандық, жақсылыққа кездесіп, солардың көпшілігін, керекті-керексіздерін өзім де істеп, басымнан өткізгендерім көп. «Алдыңда өнегелі көрерің болсын» дегендей, алдымда Абай марқұм болған соң, содан ғибрат алып, «мен де адамдықтың, адалдықтың жолын қуғаным жөн» деп, басымды шытырман шатақтан ерте босатып алып, білім жолына түстім. Негізгі алған білімім болмаса да, өз бетіммен ізденіп, өткен жазушы-ғалымдардың жазғандарын оқып, ойларымен танысып, білгендерден сұрап, өз ойымнан құрап, түрлі әңгімелер жазып, барлық өмірімді жазумен өткіздім. Елу жасқа тақаған соң, оңашада жатып, басқа келген ойлардың барлығын қағазға түсіріп кеттім. Мен солардың бәрін өз мақтаным үшін жазғамын жоқ, мақтан үшін жазылған, айтылған сөздің құны болмайтынын жақсы білемін. Кейінгілер жарағаннан үлгі алып, өнеге үйренсін дедім. Міне, жетпістен астым, ойым тозбағанмен, денем тозды. Тозған денем ойыма орын болудан қалып барады. Мен оған қарамай әлі де келген ойды жаза бермекпін.

Бұл айтқалы отырған ойымды жекелеп, сұрыптап жазбағаныммен, бұрынғы жазғандарымда кездесіп отырады. Бұл тараудағы ойды басынан аяғына дейін түгел жазып, бәрін талдап, қорытып шығуға бір адамның өмірі керек. Ендігі менің қалған өмірімнің жетпейтіні анық. Дегенмен, сол ойымды қысқаша алдарыңа тартпақпын.

Бұл ойым – басқа келген қиял. Бірақ болмаған іс, құрғақ қысыр кеңес, жай қиял дейтін бір ауру бар. Бұл аурудан құтылу керек. Неге десеніз, барлық ғылымның өзі қиялдан, ойлаудан туған. Адам осы жаралыстың бір бөлігі, бұл жаралыстан, табиғаттан бөлек емес. Сондықтан адамның бұл дүниеде, бұл табиғатта жоқ нәрсені ойлауының өзі мүмкін емес, болуға мүмкін істі ғана ойлай алады – бір. Екінші, сол қиял болмайтын нәрсе деп отырғанымыз – ұлғайтылып, өзгертіліп, ауыстырылып айтылған болашақ болуы мүмкін. Неге десеніз, бұрын фантазия, қиял деп жүрген ойлар бүгін мүмкін дағдылы іс екенін танып, құтыла аламыз ба? Әрине, қиялдың да шегі бар. Менше, айтқалы отырған ойым болмайтын қиял емес, болуға мүмкін.

Адам өмірін қалай түзеуге болады? Адам қайткенде тату тұра алады? Ойлы, саналы адамдардың ғасырлар бойы миын тыншытпай, өмірін сарп еткен, әлі де сан адамдардың арын қозғап, ойларын тыншытпайтын осы сұрақтар. «Адам өмірін түзейміз» деп сан ғалымдар түрлі ойлар айтып, ол ойларын халыққа таратып, том-том кітаптар жазды. Солардың ойларының мен білетін бастылары: біреулер «адам өмірі жаратқан иесін танумен түзеледі» десе, кейбіреулері «үкімет жойылса, әркім өз бетімен өмір сүрсе – түзеледі» деді. Ал, біреулер «оқу біліммен, халықты ағартумен адам өмірі түзеледі» деді. Біреулері «бай, кедейді теңеумен түзеледі» десе, біреулері «тәрбиемен түзеуге болады» деді. «Өмірдің өзі – тіршілік таласы. Сондықтан адам өмірін жаратылыстың өзі солай жаратқан, бірін-бірі жеп, талап, таласып өмір сүрмек» дегендер де болған.

Біздіңше, бұларды жекедей алғанда ешқайсысы да адам өмірін түзей алмайды.

«Адам өзі жаратқан иесін танумен түзеледі» десе, жаратқан иесін танып күнде бес уақыт намазын оқып, Құранды қақпан қып, елді алдап жүретін молда-сопылардың қылықтарын ойлап қараңыз. Үкімет жойылса, адам бет-бетімен кетсе, біреу-біреуге жәрдем етпесе, азулы айуандар жекелеген адамдарды жей берсе, қайтіп өмір сүрмек? Оқу, білім үйренген адам түрлі өнерді білетіні рас. Бірақ ол өнер-білімді қандай іске жұмсайды. Мен көрген адамдар үйренген ғылыммен түрлі қару жасап, улы газдар тауып, басқа адамдарды аң есебінде атып, әлсізді құлданып, жердің бетін адам қанымен бояғаннан басқа бітіргені шамалы. Бұған ең өнерлі, білімдіге саналатын Англия, Америка елдерін қараңыз. Бай мен кедейді теңеу, байдың малын кедейге бөліп беру – кедейді еріншектік, еңбексіз мал табуға дағдыландырып жіберетін жол. «Тәрбиемен түзеуге болады» десе: менің ержеткен төрт ұлым болды. Бұлардың бәрі бір шешеден, бір әкеден туған, өскен жері, ішкен тамағы, өскен ортасы, алған тәрбиесі – бір. Бірақ біреуі шыдамды, біреуі шыдамсыз, біреуі еңбекке құмар, біреуі жалқау, біреуі мейірімді, біреуі қатал, біреуі ашуланшақ.

Ақырында, «өмір – тіршіліктің таласы, сондықтан адам таласып, бірін-бірі қыруға жаралған» деген ой негізсіз, өйткені барлық зат, оның ішінде адам жаратылыстағыдан өзгертінсіз сөзсіз. Ары бар, ақылы бар, мейірімі бар, махаббаты бар адамның бірін-бірі жеп, талап, қырып өсуі мүмкін емес.

Бізше, адам өмірін түзеуге, барлық адамдар тату тұруға негізгісі – адал еңбек, ақ жүрек, арлы ақыл болуға керек. Дүниеде бұл үшеуі үстем болмай, адам баласына тыныштық өмір сүруге мүмкіндік жоқ.

Әрине, адам оқып, біліп үйренуі қажет. Білімсіз, ғылымсыз өнер табылмайды. Сол алған білім-өнерлерін адал еңбекпен жаратылыстың мол байлығын пайдалануға салса, табылмайтын нәрсе жоқ. Сол тапқан байлықты барша адам баласының керегіне, пайдасына жарату керек.

Ақ жүректің керектігі – мейірімділік, махаббат, қайырымдылық, адалдық ақ жүректен шығады.

Ал, арлы, ақылды адам қиянатты, зорлықты, өзімшілдікті, мақтанды білмейді және істемейді.

Осы үшеуінің басы қосылса, адам жақсы өмір сүріп, бірімен бірі тату тұруында сөз жоқ. Бірақ осы айтылғандарға қарсы, жолдан қосылған, адамның бойында біржола сіңісіп, біте қайнасып қалған күшті, зиянды жау нәрселер, әдеттер де бар. Міне, осы жаман әдеттердің барлығынан адамдар тату тұрып, жайлы өмір сүре алмайды. Олар – нәпсі, өзімшілдік, мақтан. Бұлардан ұшы-қиыры жоқ жаман әдеттер туа бермек. Мысалы, зорлық, алдау, мансапқорлық, малқұмарлық, рахымсыздық, мейірімсіздік, қанішерлік, тағы тағылар. Бұлай болғанда осы жаман әдеттерден құтылудың айласын іздеу керек. Ең алдымен барлық адамды адал еңбек ететін жолға салу керек. Ол үшін көптің қалауымен әкімшілік басына арлы, ақылды адамдарды қойып, сол адамдардың бұйрығы, ақылы бойынша туған, туашақ адамдарды, жастарды қазына қарауына алуға заң шығаруға керек те, ол заңды бұзғандарды жазалау керек. Оларға еңбек өнерін үйрету керек, онымен қабат оқу-білімге жетілдіру қажет.

Жоғарғы айтылған жаман әдеттерді жоюға бұлар жеткіліксіз болғандықтан, сол адал еңбек, білім үйренумен қабат «Ар білімі» деген білім оқытылуға керек. Бұл ғылымды ақылды адамдар ойластырып, пән ретінде жазып, нәпсіні жойып, адам бойында жеке ардың қожа болып қалу жағын көздеу керек. Адам бойындағы нәпсі кеселі кетсе, өзгерісі оңай.

Әл-Фараби (үзінді)

Мұхтар Құл-Мұхаммед

Весижден Фарабқа қарай бір қолында таяғы, екіншісінде түйіншегі бар қарапайым киінген жолаушы кетіп бара жатты. Бұл даңқты әскербасы Мұхаммед Тарқанның баласы, Узлақтың немересі – Мұхаммед еді. Ол білім патшалығына, кітаптар мен қолжазбалар қоймасына асығады. Білімнің көмегімен ғажайып Ергенекөн жазығына қоныстанған тайпа сияқты бақытты өмір сүруді армандайтын жерлестеріне, достарына, туған-туыстарына көмектесіп, олардың өмірін өзгертуге бекінген.

Алдында қандай тағдыр күтіп тұрғанын ойланбастан, аяғын сенімді, нық басып келеді. Оған мақсатына жақын қалғандай көрінеді. Алайда артта

қалған Весиже енді қайтып оралмайтыны, алдындағы Фараб өзін әлемге танытатын, атақ-даңқтың шыңына көтеретін алғашқы баспалдақ болатыны ойына кіріп шықпайды. Білімге деген құмарлық талай қиыншылық пен кезбешілік тағдырды дайындап қойғанын қайдан білсін.

Иә, талай жылдар жылжып өткен соң еңбегі жоғары бағаланып, Фарабтан шыққан адам, яғни әл-Фараби атанып, бүкіл әлемге танылғаны тек біздерге ғана мәлім.

Ал ыстық күнде, шаңы бұрқылдаған соқпақпен асыға адымдап келе жатқан Мұхаммед мұның бірін де білмейді. Жүрегіндегі қазіргі жалғыз ой – өзі таңдаған жолға түсу, алдына қойған мақсатын іске асыру.

Қалаларды аралай жүріп, Мұхаммед көптеген адамдармен танысып, пікір алмасып, өзіне көп жаңалықтар ашты. Дегенмен, алғашқы кездері Весиждегі туған-туыстарын жиі есіне алып, сағынып жүрді. Бірақ біртіндеп жаңа өмір оның бәрін ұмыттыра бастады. Білім іздеген Мұхаммед ғасырлар бойы өсіп-өркендеген, мәдениеті жоғары дамыған қалаларды көрді. Хорасан, Бағдат, Дамаск, Бұхара, Алеппо, Каир және басқа да көптеген шаһарларда тұрды. Онда кітаптар мен қолжазбаларды іздеп, өзін толғандырып жүрген көптеген сұрақтардың шешімін тапты.

Саяхат оны шынықтыра түсті. Небір қиындықтар мен қуанышты сәттерді өткерді. Ол жүрген жерінде төреші де, бағбан да, халиф сарайындағы ақын да, жатжұрттық та болып көрді. Оны кейде тағдыр еркелетіп, мерейін көтерді, кейде аяусыз жазалап, батыл, еркін пікірлері үшін қуғындалды.

Мұхаммед бір қаладан екінші қалаға ауысып, ел кезіп жүруден шаршады. Ол Бағдад шаһарында тұрақтауды жөн көрді. Бұл қалаға жан-жақтан халық ағылып жататын, тіпті көпшілігі өз бақытын табу үшін қалып та қоятын. Бағдад қонақжай қала еді. Онда атақты данышпандар мен ақындар, шешендер мен қарапайым халықтар өмір сүретін. Мұнда орныққан Мұхаммед араб тілін жылдам үйреніп алды (ол өмірінің соңына дейін 70 тіл білген).

Бағдадта ол көрнекті ойшыл-ғалымдармен араласып, аз уақыттың ішінде олардың ортасында беделді адамға айналды. Мұхаммед тек білімінің тереңдігімен және ойының ұшқырлығымен ғана емес, адами қасиеттерімен де ерекшеленді.

Әл-Фараби біздің заманымызға дейінгі IV ғасырда өмір сүрген ежелгі грек философы Аристотельдің шығармаларын зерделеуді Бағдадта жүріп те жалғастыра берді. Оқыған сайын асқан ой иесінің өмірге деген көзқарасының кеңдігі мен жүйелілігіне таң қалды. Өзі де ойларын жүйелі етіп құруда Аристотель мен Платонның жазу үлгісіне сүйенді. Ол әртүрлі мәселелер төңірегінде, яғни табиғи күштер, өсімдіктер мен жануарлардың шығу тегі, өнер мен саясат, физика, аспан әлемі туралы ой толғады. Бәрінен бұрын ол адам, адамның жан-дүниесіне көбірек үнілді.

Түбіне жеткізбейтін ойлар оны тұңғығына қарай тарта береді. «... Жүрек – адам ағзасындағы ең басты мүше. Одан кейін ми тұрады. Ол да

негізгі мүше, бірақ ол екінші орында. Ми барлық мүшелердің жұмысын қадағалайды, алайда өзі жүрекке бағынады. Және тек жүрекке қызмет етеді. Былайша айтқанда, үй басқарушысының жұмысына ұқсайды: ол тек өзінің қожайынына ғана қызмет етеді, ал оның айтқанын барлық тұрғындар орындайды, әрине тек қожайынның тілегіне орай...».

Әл-Фараби қол жетерлік білімді меңгеруге және қоршаған орта туралы танымын кеңейтуге барлық мүмкіндікті пайдаланды. Бірде тіпті діндарлығымен, дін саласындағы білімімен мұсылмандар арасында танымал болған христиан-ойшыл Йуханна бен-Хайланнан логиканы үйрену үшін аз уақыт Хорран шаһарына да барып тұрды. Бағдадқа қайтып оралған соң бүкіл уақытын Аристотельдің философиялық еңбектерін оқуға арнады.

Аристотель әл-Фарабидің өмірінде үлкен рөл атқарды, үнемі дұрыс жол сілтейтін темірқазықтай болды. Бұл тегін емес еді. Аристотельдің асқан білімдарлығы оның замандастарын тәнті еткен. Тіпті мыңдаған жылдар кейін де ғалымдар мен философтарды таңдандыруын қоймаған. Шығыста бұл ғұламаны «Бірінші Ұстаз» деп атап кеткен. Оның ізін қуған шәкірттері мен мұрагерлері өте көп болғанымен, ешқайсысы «Екінші Ұстаз» деген жоғары атаққа жете алмаған.

Тек Аристотельден кейін бір мыңжылдық және екі ғасырдай уақыт өткен соң ғана Шығыста, «ай астындағы әлемде» бір ойшыл-ғалым ғылым шыңына көтерілді. Оны замандастары «Муаллим ассана», яғни «Екінші Ұстаз» атандырды. Бұл ұстаздың шын аты жөні Әбу Насыр Мұхаммед әл-Фараби еді. Оның басты ұстанымы, өмірінің мәні әлемді танып, біліп, оның заңдылықтарын адамдарға көрсетіп беру болды.

Өртүрлі тақырыпты қамтитын 160-қа жуық шығармасын жазғанда бір ғана мақсатты – адамдарды өздері өмір сүріп отырған әлем жайлы, заттардың табиғаты, адамның тіршілігінің мәні туралы білімге жақындату ойын көздеді. Руластарын бақытты өмірге апаратын жолды табу үмітін әлі де есінен шығармады және енді ол өз туыстарын ғана емес, бүкіл адамзат туралы ойлады. Адамзаттың тағдыры жеке адамдардың тағдырынан құралатынын да жадында сақтады.

Әл-Фараби халықты соңынан ертіп, жаңа, бақытты өмірге тағы бір рет жетелеп көру үшін өмірлік тәжірибе де, бай білім де жинады. Ұзақты күндер бойы бақшаның бұрышындағы зәулім ағаштың көлеңкесінде күн сәулесінен жасырынып, «Ізгілікті қаланың тұрғындарының көзқарасы туралы ғақлия» атты тамаша туындысын жазды.

Әл-Фараби өз халқына, келешек ұрпақтарға, бүкіл адамзатқа өткен ғасырлардың ақыл-ойының асылын теріп, жинаған баға жетпес қолжазбалар қалдырды. Ол өмірді, ондағы адамның алатын орнын түсіну үшін және оны адамдарға жеткізу үшін қажымай, талмай, көп ізденді.

Ақыл қалта

Бальтасар Грасиан

(Орыс тіліндегі «Карманный оракул» кітабынан тәржімеленді. XI. 1997 – III. 1998. Аударған Мырзагелді Кемел)

Испанның ұлы жазушысы Бальтасар Грасиан лайықты өмір сүрудің тәсілдерін зерттеп, кейінгіге мәңгі мұра боларлық ақыл кітабын қалдырған. Кітап бұдан үш жарым ғасыр бұрын жазылғанына қарамастан бүгінгі күнге үндес. Себебі барлық дәуір, барлық ортада адамгершілік қағидалары бірдей. Кітап көп елдердің тілдерінде бірнеше қайтара жарық көрген. Ол әлемдік пәлсапаның інжу-маржандарының бірі.

***АҚЫЛ ҚАЛТА** немесе парасат сабағы, мұнда Лоренсо Грасианның шығармаларынан алынған нақылдар жиналған*

1. АДАМНЫҢ ТОЛЫСУЫ. Адам бірден кемеліне келіп тұмайды, бірақ күннен күнге жеке басын жетілдіріп, өз ісінде шеберлік шыңына өрмелей отырып, ол лайықтылық пен артықшылықтың жоғары сатысына көтеріледі, бұл талғамның нәзіктенуінен, ақылдың сұңғылалығынан, пайымдаудың тереңдігінен, тілектердің мүлтіксіздігінен көрінеді. Бәз біреулер толысуға қол жеткізе алмай-ақ қояды, оларға әрқашан бірдеңе жетіспей тұрады; ал кейбіреулер оған кеш жетеді. Сөзі дана, ісі ізгі, кемел кісіні әрдайым парасатты адамдар құшақ жая қарсы алады, олар онымен тіл табысуды аңсайды.

2. ӨЗ ҚҰШТАРЛЫҚТАРЫНА ИЕ БОЛУ - РУХТЫҢ ЖОҒАРЫ ҰЛЫЛЫҒЫНЫҢ ҚАСИЕТІ. Мұның өзі рухты оған лайық емес төмен қылықтардан сақтайды. Өзіңе өзің ие болғаннан, өз құштарлықтарыңды бағындырғаннан артық жоғары билік жоқ. Дегенмен құштарлық бойды билеп алса, оған дәрежеге жетуге жол бермеу керек: міне қамықпаудың оңай тәсілі, міне ізгі даңққа апарар қысқа жол.

3. БАҚЫТ ПЕН ДАҢҚ. Алғашқысы қаншалықты тұрақсыз болса, соңғысы соншалықты өзгермейтін болып келеді. Бақыт осы өмірде, даңқ өлгеннен кейін келеді, біріншісі көре алмаушылықты, екіншісі ізсіз жоғалуды жеңеді. Бақытты тілейді, кейде оған қол жеткізеді; даңққа еңбек сіңіреді. Ізгі даңқты аңсауды қажыр-қайрат тудырады. Даңқ әрдайым ұлылардың еншісінде болып келді және бола береді, ол кереғарлықтың серігі: ғажайып немесе құбыжық, тамсандырады, не, жүрек айнытады.

4. ӨНЕГЕ АЛУҒА БОЛАТЫН КІСІМЕН АРАЛАСУ. Сен үшін достарыңмен араласу білім мектебі, ал әңгімелесу - ұнамды үйрену болсын: достарыңа ұстаз ретінде қара және оқудан келер пайданы әңгімеден алар ләззатпен ұштастыр. Ақылдылардың достығы өзара пайдалы: әңгіме айтушы тыңдаушының мақтауын естіп көңілі өседі, ал тыңдаушыға ақыл қосылады. Бірақ әдетте біз мұны ұмыт қалдырамыз, өйткені менменшілдігіміз оған бөгет жасайды. Есті адам күйкі тірліктің емес, өнегенің мекені болатын жарқын жүзді адамдармен араласады. Көзі қарақты сөзімен және ісімен

өздері ғана өнеге беріп қоймайды, сондай-ақ олардың төңірегіндегілер де ізгі істерімен ерекшеленеді.

5. МӘН МЕН МӘНЕР. Істің мәні - оның жартысы ғана; істің қалай бітуі одан да маңызды. Дөрекілік бәріне, тіпті әділдік пен естілікке де зардабын тигізеді; сыпайылық барлығына көрік береді: жоқты бар, ақиқатты бал етеді, тіпті кәрілікті жасартады. Сыпайылық достық ролін табысты ойнап, өмірге сән береді.

6. АҚЫЛДЫ ІЗГІ МАҚСАТПЕН ҰШТАСТЫРУ - көп табыстың кепілі. Кемел ақыл мен жасық жігер зорлап қосқан жұбайлар сияқты. Арам ниет - білік абырой үшін у сияқты, ол ақылдың көмегімен зұлымдықты одан сайын шеберлікпен жасай түседі. Арам мақсаттар үшін пайдаланылған үлкен ақыл жек көруге лайық! Санасыз ақыл есуастықтан да жаман.

7. ЫҚЫЛАС ПЕН ДАРЫНДЫЛЫҚ. Бұларсыз ұлылық мүмкін емес, ал кісі бойынан осы екі қасиет те табылған кезде ол кемелдікке кенеледі. Ынтасыз дарындылыққа қарағанда, ыждаһатты орташалық көп нәрсеге қол жеткізеді. Даңқ құны еңбектің бағасымен өтеледі; жеңіл келген нәрсе қадірсіз болады. Тіпті жоғары қызметте де ынта керек: ол әдетте кісінің қабілеттілігін көрсетеді. Жай істе бірінші орынды қанағат тұтпай, жоғарғыдан тым болмаса ортаңғы орынға ұмтылатын адамды оның ұмтылысының ізгілігі үшін кешіруге болады; бірақ қатардағы шаруада көзге түсе алғанымен, жоғарғы істегі орташа орынды қанағат ететін кісіге кешірім жоқ. Сонымен, мінез бен өнер керек, ал олардың одағын ынта нығайтады.

8. АДАМ ЖӘНЕ ОНЫҢ ЗАМАНЫ. Аса дарынды адамдардың өздері өз заманына тәуелді болады. Көп адам өзіне лайық кезеңге тап келе алмайды, ал тап келгендердің көбі оның биігінен көріне алмайды. Кейбіреу заманынан озық туады, жақсылық әрқашан салтанат құра бермейді: әр нәрсенің өз уақыты бар, тіпті аса көрнектінің өзі сәнге байланысты болады. Бірақ даналықтың бір артықшылығы, ол мәңгілік; егер бұл ғасыр оның заманы болмаса, онда алдағы ғасырлар оның еншісіне тимек.

9. БАҚЫТТЫ БОЛУ ӨНЕРІ. Мұның бірқатар амалы бар, бірақ ақылды адамға оның бәрі бірдей жарай бермейді. Іскерлік табысқа әкеледі. Біреулер сәттіліктен үміт күтеді. Ақылдырақтары алға ұмтылады және өзіне сеніп әрекет етеді. Өйткені қажыр-қайрат қанатында бақытқа кездесуге болатынын біледі. Дегенмен бақытқа апарар төте жол - ізгілік пен ынта-ықылас жолы, өйткені ессіздіктен өткен бақытсыздық болмайтындай, саналылықтан асқан бақыт та жоқ.

10. ӨЗІҢНІҢ ЕЛЕУСІЗ КЕМШІЛІГІҢЕ ДЕ ТӨЗБЕ. Бұл кемелдіктің белгісі. Рухани немесе дене кемшіліктерінсіз адамдар сирек кездеседі, бірақ көбіміз осы кемшіліктерден арылу жолын іздемейміз. Қасиеттердің керемет үйлесуін кейде болмашы кемістік бұзатынын көру ақылды адамды қапаландырады - бір тұтам бұлт та күнді қалқалай алады. Ізгі даңқ нұрындағы дақтарды адамдар бірден байқайды және табанды түрде оларды

нысанаға ала бастайды. Өз кемшілігін жасырып, оны артықшылыққа айналдыра білу өнері ерекше бағалы. Мысалы, Цезарь басының қасқасын лавр венोगымен жасыру мақсатында Сенаттан венокты күнде киіп жүруге рұқсат алған; оған дейінгі дәстүр бойынша венокты тек салтанатты жағдайларда киетін еді.

11. ӘРКІМНІҢ ЖҮРЕГІНЕ ЖОЛ ТАБА БІЛУ. Адамдарды басқару өнерінің мәнісі осы. Оған өжеттік емес, ысылғандық, адаммен тіл табыса алу дағдысы керек. Әр адамның өз құштарлығы бар және олар әртүрлі, өйткені олардың табиғи бейімділіктері бірдей емес. Барлық адамдардың өз ардақтысы болады: біреулер қадір-құрметті ұнатады, біреулер - пайданың құлы, ал көпшілігі рахатқа берілгенді қалайды. Мәселенің мәнісі кімнің нені ұнататынын білуде және осыған орай оның көңілін табуда. Алғашқы себепті ізде: ол әрқашан жоғары мәнге ие бола бермейді, өйткені парасатты кісілерден гөрі, әдепсіз адамдар көп. Кісінің үстінен аңдаусызда шығып, оның жанды жерін таба білу және шабуылды нақ сол құштарлығына қарай бағыттау керек, сонда өз дегенімен жүретін адамды да жеңіп шығасың.

12. БІРДЕН КӨП НӘРСЕГЕ ҰМТЫЛМАЙ, ТЕРЕҢГЕ БОЙЛАУ. Ұлылықтың мәні санда емес, сапада. Асыл нәрсе әрқашан сирек кездеседі; көп нәрсе қадірсіз болады. Адамдардың арасында да бойы биік алыптардың әдетте ақылы қысқа болып келеді, Кейбіреулер кітаптарды олардың көлеміне қарай бағалайды, кітаптың қолды жаттықтыру үшін емес, бастың ойлануы үшін жазылатынын ескермейді. Тек көлденеңіне қарай өссең, қарабайырлықтың ауқымынан шыға алмайсың. Әмбебап адамдардың соры сол, олар бәрінен хабардар болуға ұмтылатындықтан, түбінде ештеңені жөнді біліп шыға алмайды. Тереңдік қана шынайы басымдық береді.

13. ӘДІЛЕТТІ АДАМ. Ол үнемі еш қорқынышсыз әділдік жағында болады - тобырдың айғайы да, тианның зорлығы да оны әділдік шеңберінен шығуға мәжбүр ете алмайды. Табандылықтың сол фениксі қайда екен? Шындыққа табынатындар аз. Көпшілік оны мадақтаумен ғана шектеледі, басқалар оны қауіп жоқ кезде ұстанады, ал жан алқымға келгенде оңбағандар одан тайқып шыға келеді; қу адамдар шындыққа адал болып көрінгісі келеді. Шындық достарға, билікке, өз пайдасына тайсалмай қарсы жүреді, осы сынақта көбіне оны сатып кетеді. Мекерлер жоғарғыдағылардың мүддесіне тимес үшін одан танады. Тек тура сөзді адам ғана әрбір жалғандықты сатып кету деп бағалайды; қырағылыққа қарағанда, өзінің табандылығын мақтан ететін ол әрқашан шындықты ұстанады. Егер шындық өзінің соңынан ергендерді тастап кетсе, тұрақсыз ол емес, олар; өйткені олар одан бірінші болып безіп кетті.

14. ӨЗІҢДІ БОС ІСТЕРМЕН ӘУРЕЛЕМЕУ. Әсіресе бұл қылжақбастыққа қатысты, ол құрметтен гөрі, жек көру туғызады. Еркелік шіркеуінде секталар көп, бірақ өзін қадірлейтін адам олардың бәрінен бас тартады. Әдеттен тыстың да әуесқойлары бар, естілер қашатын нәрсенің бәрі оларды тартып

тұрады; олар үшін ең жақсы рахат - өзгелерге ұқсамау; рас, мұнымен олар танымал болады, бірақ құрметтің емес, күлкінің объектісіне айналады. Тіпті ілім дәрістерінде де шектен шықпаған жөн.

15.БАҚЫТТЫЛАР МЕН БАҚЫТСЫЗДАРДЫ ТАНИ БІЛ, АЛҒАШҚЫЛАРҒА ҮЙІР БОЛ, СОҢҒЫЛАРДАН АУЛАҚ ЖҮР. Жолы болмаушылық - көп жағдайда ақымақтық үшін берілетін жаза. Елеусіз бақытсыздыққа есіңді ашудан сақтан, ол соңынан көптеген басқа, әлдеқайда ауыр бақытсыздықтарды ерте келеді. Ойындағы алғашқы ереже - картаны уақытында пайдалану: кіші күзер карта алдыңғы жолғы күзердің үлкен картасынан артық. Жол айқын болмаса, ақылды, сақ адамдардың жанында бол, ерте ме, кеш пе олар жол тауып шығады.

16. ЖАҚСЫЛЫҚ ЖАСАУҒА БЕЙІМ АДАМ БОЛЫП КӨРІНУ. Билік басындағыларға оларды қайырымды санаған тиімді: бұл монархтарды жұрт көзіне ұнамды етеді. Билеушінің жалғыз артықшылығы - ол басқа адамдарға қарағанда көбірек жақсылық жасай алады. Достасуға кім дайын болса, сол дос. Бірақ қитығып, жақсылық жасағысы келмейтін адамдар да кездеседі және олар мұны қолынан келмегендіктен емес, өздерінің өркеуделігінен солай етеді: олар ізгілерге бар тұрғыдан қайшы.

17.ӨЗІҢНІҢ БАСТЫ ҚАСИЕТІҢДІ БІЛ: өз қабілеттеріңнің озығын дамыт, бірақ қалғанын да ұмытпа. Әркім өз артықшылықтарын жетік білсе, өмірде биік белестерге шыға алар еді. Өзіңнің басты дарыныңды анықтап, ықылас қой; біреулерде ақыл, біреулерде - күш-қайрат басым. Адамдардың көбі өз қабілеттеріне мән бермейтіндіктен, көп нәрседен құр қалады. Жеңіл табыс уақытша масайратады, бірақ бұл уақыт өте келе өкінішке ауысады.

18. ӨЗ ПІКІРІҢ БОЛСЫН. Әсіресе бұл маңызды істерде керек. Ақымақтар ойланбайтындығынан опық жейді, істің жартысын да түсінбейтін, не зиянды, не пайданы көре білмейтін олар ойдағыдай қимылдай алмайды; олар елеусіз істерге көп мән береді және бәрін керісінше бағалайды. Көбі ақылы жоқтықтан да оны жоғалтпайды. Тереңге бойлап, көңіл түкпірінде сақталуы тиіс нәрселер бар. Ақылды адамның әр нәрсеге өз пікірі болады, бірақ терең, жоғары мағынасы бар жайға ол ерекше бойлап енеді, өйткені онда өзі ойлағаннан көп сырға кездесетінін біледі. Ойлану осылай алғашқы пікірден әрі озады.

19. ГҮЛДЕНІП, ТОЛЫСҚАН НӘРСЕНІ ІЗДЕУ. Табиғаттың бар құбылысы белгілі бір кезеңде толысу шағына жетеді: оған дейін олар пісіп, жетіледі, соңынан бұзылады. Бірақ өнер шығармаларының мүлтіксіз болуы сирек кездеседі, оларды әрқашан одан әрі жетілдіруге болады. Жақсы талғамның артықшылығы - тек мүлтіксіз заттардан ләззат алу қабілеті; бұл қасиет екінің бірінде кездеспейді. Ақылдың да өзінің жоғары дәрежелі толысуы болады; оны тани біл, сөйтіп өзінді дамыт.

20. ХАЛЫҚ СҮЙІСПЕНШІЛІГІ. Жаппай сұқтануды тудыру оңай емес, ал сүйіспеншілік сезімін ояту одан да қиын; бұл ішінара тағдырдың арқасында,

көбіне тырысудың нәтижесінде орындалады; алғашқысы бастап береді, екіншісі жалғастырады. Бойдағы қасиеттердің құр өзі жеткіліксіз, кейбіреу құрметке қол жеткізген соң сүйіспеншілікке бөлену қиын емес деп ойлайды. Жұрт қастерлесін десең, ізгі істер жаса, жақсы сөздер мен істерге сарандық жасама, сүйікті болғың келсе, сен де сүй. Сыпайылық - озық адамдардың дуалы әдісі. Әуелі әрекет ет, соңынан қолыңа қалам алсаң да болады, ұрыс майданынан қағаз бетіне көш. Өйткені жазушылар да халықтың сүйіктілері, көбісі мәңгілік сүйікті.

21. ШАМАДАН ТЫС МАСАТТАНБАУ. Жағдайды бұрмалап, ақымақ болып көрінгің келмесе шамадан тыс көтермелеме. Асыра мақтау түсінік пен талғамның шектеулі екенінің белгісі. Мақтау әуесқойлық тудырады, тілекті қоздырады, ал егер шындық сенің бағаңнан төмен болып шықса -әдетте осылай болады - алданған көңіл алданғаны үшін жек көріп өш алады: ол мақталған нәрсеге де, мақтаған адамға да бағытталады. Ақылды адам ұстамды болады, ол ысырапшылдықтан гөрі сарандық жолын ұстанады. Қадірлі нәрсе сирек кездеседі: сүйінішің зор болса да, сабырлы бол. Шектен тыс таңырқау жалған болып та көрінеді; адамдар сенің талғамың мен ақылыңа сенуден қалады, бұл өзіңе де ұнай қоймас.

22. ТУА БІТКЕН ӨКТЕМШІЛІК ТУРАЛЫ. Бұл - мысы басудың құпия көздерінің бірі. Жорта істелген қулықтар мұнда жүрмейді. Оған өз еркінен тыс барлығы да бағынады, тіпті мұны олар сезбей де қалады, сөйтіп табиғи әміршінің құпия күшін мойындайды. Әмір беру дарынын иеленген олар қасиеті жағынан корольдер, туу құқы жағынан арыстандар; олар тағзым етуден тілі байланып қалғандардың жүрегін баурап алады. Егер басқа қасиеттері қолайынан келгенде, бұл адамдар мемлекеттік істердің бірінші жүргізушілері болады, өйткені бір ишаратымен-ақ басқалардың ұзақ сөздеріне қарағанда көп нәрсеге қол жеткізеді.

23. ОЙЫҢ АЗШЫЛЫҚПЕН, СӨЗІҢ КӨПШІЛІКПЕН БОЛСЫН. Ағысқа қарсы жүзу ниеті қауіпті. Тек Сократ қана осыған бара алды. Келіспеушілік қорлаған сияқты болады, өйткені басқалардың пікірін теріске шығарады, наразылардың қатары өседі, олардың бірі сен сынаған нәрсені мақтайды, екіншісі мақтағандарды қолдайды. Ақиқат тек аздаған адамдардың үлесі, ал адасу кең таралған. Дана адамды алаңдағы сөзіне қарап тани алмайсың - ол онда өз даусымен емес, іштей келіспесе де ақымақтардың үнімен сөйлейді. Ақылды өзі айтысуы да қарсы болу да ұнамсыз: ол басқаның пікірін ынта қойып тыңдайды. Ой еркін, оны зорлауға болмайды. Ол одан да үнсіздік ордасында болсын, ал жарыққа шыға қалса тек таңдаулы ақылдыларға келсін.

24. КӨЗДЕГЕН ЕСЕПТІҢ БОЛУЫ, БІРАҚ ОНЫ ТЕРІС ПАЙДАЛАНБАУ. Ішіндегі ойыңды байқатпа; ниетің көңіл түкпірінде жатсын, оны білдіріп қойсаң жек көру туғызасың, әсіресе бұл астарлы есепке қатысты. Айнала алдау, сондықтан қапы қалма, бірақ күмәнді сездірме,

әйтпесе саған сезікпен қарайтын болады; бұл қауіпті, өйткені жаулық ниет тудыра отырып, ол, түсіңе де кірмеген зұлымдықты қоздырады. Шеберлікпен ойластырылған есеп - әрекеттегі табыс кепілі; ойлану - оның үздік көмекшісі. Істегі жоғарғы шеберлікке толық сенімділік қол жеткізеді.

25. МІНДЕТТЕМЕ АЛУҒА АСЫҚПАУ. Естіліктің алғашқы ережелерінің бірі. Ұлы қабілеттер алға тек ұлы мақсаттар қояды; оларға апарар жол ұзақ, сондықтан да адамдар көбіне орта жолда қалып қояды, басты нәрсені тым кеш қолға алады. Міндеттемені абыроймен орындағаннан, одан жалтару әлдеқайда жеңіл. Бұл жерде жеңгеннен гөрі қашқан дұрыс. Бір міндеттеме екіншісін, одан үлкенін ала келеді, міне адам осылай түпкілікті шырмалады. Қызу мінезді адамдар болады, ондайлар өзіне міндеттемені жеңіл қабылдайды, өзін ақылға жеңдірген көп елікпейді. Ол жеңгеннен гөрі килікпегенді жөн санайды және бір ақымақ орға түскен жерде екінші болғысы келмейді.

26. ПАРАСАТТЫ ЖӘНЕ БАЙҚАҒЫШ АДАМ. Ол жағдайға бағынбайды, қайта оларды уысында ұстайды. Көңілдің терең түкпіріндегіні жаза баспай таниды. Адамды бір қарағаннан бағалай алады. Оның ескертулері дөп түсіп жатады, ең құпия ойларды білу қабілеті дамыған. Ол айқын көреді, терең түсінеді, ақылға қонымды ой жүгіртеді; ол барлығын байқайды, қамтиды, таниды және бағалайды.

27. ӨЗІНДІ ӘРҚАШАН ҚҰРМЕТТЕЙ БІЛУ. Мұны оңаша кезінде де сақта. Өз ұятың сенің ақтығыңның өлшемі болсын және өз шешіміңнің қаталдығы басқалардың пікірінен маңыздырақ. Адамдардың сөзінен қорқып жөнсіз нәрсе істеме, өз ақылыңның даусына құлақ сал. Өзіңді сыйлай біл, сонда саған Сенеканың қиялындағы ұстаз* керек болмайды.

*/*Сенека, Адамгершілік хаттар/.*

28. ТАҢДАЙ БІЛЕТІН АДАМ. Өмірде көп нәрсе талғамдылыққа байланысты, ол үшін жақсы талғам мен дұрыс ойлау керек - ыждағаттылық пен қулық мұнда жүрмейді. Іріктеу жоқ жерде мүлтіксіздік те жоқ, жақсыны іріктей алу дағдысы артықшылық береді. Дарыны тасыған, ақылы асқан әрі өте еңбексүйгіш адамдар іс іріктеп алуға келгенде аңтарылып қалады: әдейі қателескендей ең нашарына жармасады. Сонымен, бұл туа бітетін ұлы қабілеттердің бірі.

29. ЕШҚАШАН КҮЙГЕЛЕКТЕНБЕУ. Естіліктің маңызды ережесі -өзіңді ұстай білу. Үлкен сабырлылық үлкен жүрекке тән, ұлы рухты байсалды қалыптан шығару оңай емес. Құштарлықтар - рухтың гуморлары*; олардың шамадан тыс көбеюі ақылды ауруға ұшыратады, ал бұл ауыздан шығатын болса, ізгі атқа қауіп төнді дей бер. Сонымен, бақытты кезде де, бақытсыздықта да сені ұстамсыз деп жазғырмас үшін өзіңе-өзің ие бол - сонда өзгелер сенің рухыңның биіктігіне таңырқайтын болады.

*/*Ежелгі және орта ғасырдағы медицинаның негізінде Гиппократ тұжырымдаған төрт гумор, немесе сөл - қан, флегма, ашық өт және қара өт туралы ілім жатты, адамның денсаулығы мен оның темпераменті олардың ара салмағына байланысты/.*

30 . БАТЫЛДЫҚ ПЕН ПАРАСАТТЫЛЫҚ. Парасат көп толғанатын нәрсені батылдық әп-сәтте шешіп тастайды. Асығыстық - ақымақтың ісі; кедергіні көре білмейтін қарайламай қимылдайды. Ақылды, керісінше, баяулықпен титықтатады: көп көрген салмақты келеді. Ұзақ жиналудың жақсы ойды сәтсіздікке ұшырататын кезі аз емес. Шапшаңдық - табыс кепілі. Бүгінгі істі ертеңге қалдырма, сонда көп нәрсені бітіресің. Император Августың сүйікті мәтелінде айтылғандай - асықпай тездет.

31. ӨЖЕТ БОЛУ. Өлі арыстаннан қоян да қорықпайды, айбынмен қалжыңдаспайды.* батылың жетпесе бір рет шегінесің, одан кейін екінші рет шегінуге тура келеді, осылай кете береді: ақыр соңында алдыңнан сол кедергі шығады - одан да мәселені бірден шешкен дұрыс емес пе еді? Рух күші дене қайратынан басым; семсер сияқты, оны әрқашан естілік қынында дайын ұста. Ол - адамның қалқаны. Рух ынжықтығы дене әлсіздігінен зияндырақ. Көптеген қасиеттері бар қаншама адамдар батылсыздықтан өлікке ұқсап күй кешті. Табиғаттың араға тәтті балмен қатар шағып алар азу беруі тегін емес. Сіңір, сүйек және толған тамырдан жаралған тал бойымыздағы рух өрлігі түспесін.

*/*Испанның "махаббатпен ойнамайды" мәтелінің өзгертіліп айтылуы/.*

32. КҮТЕ БІЛЕТІН АДАМ. Ол үлкен ерлік пен шыдамдылыққа ие болуы тиіс. Ешқашан асықпа және қызуланба. Өзіңді билесең - өзгелерді билейсің. Қолайлы сәтке уақыттың ұзақ жолымен келуге тура келеді. Сен сабырмен қимылдаған уақыт ішінде болашақ сәттіліктер мен құпия ойлар пісіп-жетіледі. Геркулестің кісендеулі күрзісінен гөрі уақыт балдағымен алысқа жетесің. Құдай таяқпен емес, өкіндіру арқылы жазалайды. Бір данышпан айтқандай: "Уақыт пен мен - кез келген жауды жеңіп шығамыз"* . Бақыттың өзі шыдамдылықты өзінің ең тәуір сыйларымен марапаттайды.

/ Император Карл V айтты делінетін сөз/.*

33. ШЕШІМ ҚАБЫЛДАУДАҒЫ ШАПШАҢДЫҚ. Табиғи еті тіріліктің нәтижесі. Жылдам да өжет ол үшін қиындық та, қобалжу да сөз емес. Бір адамдар көп ойланғанмен, қолға алған ісін бүлдіріп тынады; кейбіреу мұны ұзақ ойланбастан сәтті аяқтап шығады. Ақыл құрылымы ерекше адамдар бар, қиындық кезінде олар бәрінен жақсы қимылдайды. Мұндай бірегей кісілер ойланып жасағаннан гөрі, қызулықпен кіріскенде көп нәрсеге қол жеткізеді; бірден бітпеген істен болашақта үміт күтпейді. Шапшаңдардың өркені өссін, олар кереметтей ғажаптықпен бәріне үлгереді - ақылға да жылдам, іске де тыңғылықты.

34. ЖАҚСЫЛАП ОЙЛАНЫП АЛАТЫНДАР. Тез істелген тез бұзылады; ұзаққа жетсін десең көп еңбектен. Тек мүлтіксіз нәрсе ғана қуаныш әкеледі, тек сәтті жасалған нәрсе ғана қалады. Терең ой уақыт сынынан өтеді. Барлық құнды нәрсе қымбатқа түседі - асыл металдардың балқуы қиын, салмағы да ауыр.

35. ҰСТАМДЫ БОЛУ. Әсіреқызылдыққа ұмтылма, қажеттіден артық күш жұмсама. Құр бекерге тыраштануға болмайды. Тәжірибелі құсбегі саятқа керектіден артық сұңқар алмайды. Бойындағы барынды жайып салма - ертең ешкімді таңдандыра алмайсың. Қайтадан көзге түсу үшін, әрқашан бірдеңені бүгіп қал: күн сайын жаңа нәрсе көрсететін адамнан көп үміт күтеді әрі ешқашан оның қазынасының шетіне шыға алмайды.

36. ДҰРЫС ОЙЛАУШЫЛЫҚ. Кейбір адамдар табиғатынан парасатты болып туады, синдересистің осы сыйымен олар даналыққа дейін барады - табысқа апарар жолдың жартысын артқа тастайды. Есейіп, тәжірибенің жиналуына қарай олардың ақылы толысады; пікірлерде ұстамдылық сезіледі; олар қандай болмасын қайран қалуды ақылдың азғырушысы ретінде жек көреді, әсіресе әрбір қадамның маңыздылығы толық сенімділікті талап ететін мемлекеттік істерде жетіктік танытады. Мұндай басқарушылар іспен де, көмекпен де қолдауға лайық.

37. ЕҢ ЖАҚСЫ ҚАСИЕТТЕГІ ҮЗДІКТІК. Көптеген қасиеттердің ішінде біреуі басты болуы тиіс. Кез келген белгілі адамның өзіне тән бір қасиеті болады; ал қарабайырлық ешкімді қызықтырмайды. Тек бір нәрседе артық болу ғана топтан шығарып, көрнекті адамдардың қатарына қосады. Қарапайым істе ерекшелену елеусіздіктен дұрыс: бірақ оңай жерде даңқ та аз болады. Ұлы істерде көзге түсу патша айбыны сияқты - таңырқату туғызып, жүректі шымырлатады.

38. НӘЗІК ТАЛҒАМ. Ақыл сияқты талғам да мәдениетті қажет етеді. Кім нәзік сезіне білсе жақсыны қаттырақ аңсайды. Түсінік тереңдігі ұмтылыстың биіктігінен байқалады. Үлкен ыдысты толтыру үшін көп сұйық кетеді; қырғауыл тойымсыз қомағайлар үшін дәмді тамақ, ал нәзік талғамды адамдарға - әсемдік белгісі. Рас, батыл ойлардан қорқамыз, тіпті айқын қасиеттердің алдында күдіктенеміз: жарық жұлдыздар сирек - тым болмаса мақтауға сараң бол. Талғамдар жұққыш, қатынасу мен тұқым қуалау арқылы беріледі; сондықтан жақсы талғамды адамдардың ортасына түсу - үлкен бақыт. Дегенмен, бәрін шетінен сынауды әдетке айналдырмаған жөн - бұл, әсіресе зәрін шашудан емес, қылымсудан туса, жек көру туғызады. Біреу басқалардың таң қаларлық қиялына сүйсініп, Құдай әсемдіктің жаңа ғажаптары бар жаңа әлем* жасар ма екен депті.

*/*Птоломей кестелеріндегі аспан денелері қозғалысының өте шиеленіскен жүйесімен танысқан Кастилия мен Леонның королі Альфонс X, аңыз бойынша, егер ғаламды мен жасасам, оны әлдеқайда түсінікті етер едім*

депті. Әсемдіктің жаңа зажаптары бар жаңа әлем дегенде осыған меңзелген/.

39. СӘТТІ АЯҚТАУ ТУРАЛЫ ОЙЛАНУ. Кейбіреу мақсатқа жету туралы ойланудың орнына, о баста ұстаған бағыттан ауытқымаудың қамын жейді; бірақ ойдағыдай бітпеген іс үшін жазғыру әрқашан ынта-ықыласты мадақтағанды жоққа шығарады. Жеңімпаз ақталуды керек етпейді. Көпшілік жағдайды дұрыс бағалауға қабілетсіз және тек жақсы не нашар салдарды көреді; сонымен, мақсатқа қол жеткізген екенсің, демек ізгі атыңа нұқсан келмейді. Сәтті аяқтау бәріне оң сипат береді, ал оған жету тәсілдерінің қандай болғаны онша қаперге алынбайды. Ақылдылардың ережесі - өзге жолмен бастағанды аяқтау мүмкін болмағанда, нормаға қарсы жүру.

40. ОЙ САЛУ. Бұл еске алуға алып келгеннен күрделірек. Кейде еске салу керек, кейде кеңес беру қажет. Адамдар көбіне ойланбайтындықтан да қажетті қадамды жасамайды; бұл жағдайда достық кеңес берген орынды. Ақылдың бағалы қасиеттерінің бірі - маңызды нәрсені уақытында ұғыну. Мұндай қасиеті жоқтар көп сәтті қолдан шығарып алады. Зерек көмек берсін, аңқау оны пайдалансын; бірі пайымды, екіншісі ықыласты болсын. Ой салу өнері ол бағытталатын адамға пайда әкелген жағдайда өте құнды болады. Мұны жеңілдікпен жасау керек, бірақ қажет кезде табандылық танытқан да дұрыс. “Жоқ” деу оңай, “иә” деу қиын: көбіне таппайды, өйткені іздемейді.

41. АУМАЛЫ-ТӨКПЕЛІ КӨҢІЛ-КҮЙГЕ БЕРІЛМЕУ. Орынсыз тілектерді уысында ұстайтын адам тегін емес. Парасат өзің туралы ойлануға, қазіргі жағдайыңды бағалап, оны түзеуге үйретеді. Өзіңді бағыттау үшін өзіңді таны.* Тұрақсыздық құбыжықтары болады, олардың көңіл-күйлері мен құштарлықтарында бүр болмайды; өзіне ие бола алмайтын олар үнемі басын тауға да, тасқа да соғып жүреді. Мұндай өзгергіштік жігерді жасытып қана қоймай, пайымдауға әсер етеді, тілекті де, түсінікті де бұрмалайды.

/“Өзіңді өзің таны” - Дельфтағы Аполлон храмының маңдайшасындағы жазу. Нақыл Милеттік Фалеске, Лакедемондық Хилонға, сондай ақ Приендік Биантқа телінеді*

42. БАС ТАРТА БІЛУ. Үнемі бас изей беруге болмайды. Бұл да көну, жол бере білу сияқты маңызды, әсіресе билік басындағыларға маңыздырақ. Мына жайды ұмытпа: біреулердің “жоқ” дегені басқалардың “иә” дегенінен жайлырақ естіледі, құрғақ келісуден гөрі сыпайы қайтару жанға жеңілірек. Көпшіліктің аузында әрқашан “жоқ” тұрады және ол бәріне күйініш туғызады; “жоқты” олар бірінші айтады және кейін келіскенмен, бұл енді бұрынғы реніштің әсерінен бағаланбайды. Бірден бас тартпа, біртіндеп көңілі қайтсын; үзілді-кесілді бас тартуға да болмайды, бұл қатынасқа көлеңкесін түсіреді. Үміт ұшқыны қалсын, олар қабыл алмаудың күйінішін басады. Сыпайылық рақым етудің кемшіліктерін жасырады, жақсы сөздер жоқ істерді ауыстырады. “Жоқ” не “иә” деп айта салу қиын емес, алдымен жақсылап ойланып ал.

43. ҚҰБЫЛМАЛЫ БОЛМАУ, ЕСЕРЛІКТЕН ҚАШУ - жібі түзуліктің белгісі. Есті адам тұрақты болады, бұл даналық кепілі. Ол көзқарасын себепсіз өзгертпейді. Үлкен істерде тұрақсыз болу - кемшілік. Өзіне бір күн де ұқсамайтын адамдар бар, тіпті олардың тілектері мен көңіл-күйлері тұрмақ, ақылдары да құбылмалы: кеше сізді “иә” деп қарсы алса, бүгін “жоқ” деп түнереді. Оларға адам сенуден қалады.

44. МЕНМЕН БОЛМАУ. Халқы көп қалаларда екі аяқты хайуандар да кездеседі. Өзіне жақындатпау - өзін танымағандардың кемшілігі; құқық көп болған сайын мінез де шырт келеді. Өзіңді құрметтесін десең, тіл тигізуден бастама. Доылыққа әрқашан дайын тұратын мына бір типке көз салып көрші! Кім оған тәуелді болса, соның басынан қайғы арылмайды, онымен әңгімелесуге жолбарысқа барғандай сақтықпен жақындайды. Ол өз орнына жеткенше бәрінің бабын таба біледі, жетіп алған соң осынысының есесін қайырып, барлығының ызасына тиеді. Қызметі жағынан олар бәрімен болуы тиіс, бірақ олардың дәрежелігі мен дандайсуы барлығын бездіріп жібереді. Мұндайлардың әдепті жазасы - олардан бойынды аулақ ұстау.

45. ӘРҚАШАН ӘЗІЛҚОЙ БОЛУ ЖӨНСІЗ. Парасаттылық шын істерде танылады, ол әзілқойлыққа қарағанда жоғары бағаланады. Үнемі қалжыңдайтын адам - бос адам. Мұндай адамдар өтірікшілерге ұқсайды: оған да, бұған да сенбейсің - біреуінен алданып қалудан қорқасың, екіншісі мазақ етер дейсің. Олардың әзілдеп тұрғанын не шын айтып тұрғанын ешқашан білмейсің, демек олармен әңгімең жараспайды. Үнемі қызық-думанда болу іске кедергі. Біреулер қалжыңбас атын иеленеді, бірақ ақылдылардың құрметін жоғалтады. Тамаша-сайранның өз сағаты бар, қалған уақыт - іске арналсын.

46. БАСТАУ ӨНЕРІ. Ақымақтық ойланбастан қимылдайды, ақымақтар - шетінен батыр. Олар өздерінің аңғалдығынан істің басында кедергілерді көрмейді, есесіне соңынан сәтсіздікке көп қайғыра да қоймайды. Парасаттылық іске абайлап кіріседі, оның тыңшылары, Болжау мен Ойлау, бөгетсіз жүру үшін жолға барлау жасайды. Асығыстықты Байсалдылық сәтсіздікке бұйырған, дегенмен кейде оны Сәттілік құтқарып қалады. Терең деп ойлаған жерден сақ өт: Көрегендік су түбін сезе біледі, Парасаттылық жағалауға жетелейді. Бүгінде адамдармен араласу кезінде қайраңға шығып қалу жеңіл, лотты жиі түсіріп отыр.

47. ТАУЫП АЙТУ ДАРЫНЫ. Шамадан шықпасаң, бұл кемшілік емес, қасиет. Аздаған ащылық астың дәмін кіргізеді. Тіпті ұлы адамдар да өткір сөзбен шаншып алудан қашпайды, бірақ әдептілік пен сыпайыгершілік ауқымынан шықпайды. Біреулер әзілді амал ретінде пайдаланады, өйткені кейбіреу оларды шын қабылдағанмен, қайсыбір нәрселерге қалжың тұрғысынан қарау дағдысы бар. Рухтың мұндай сабырлылығы - жүректер үшін еліктіргіш.

48. КӨП СЕНЕ БЕРМЕУ. Басқалар туралы көргенімізден естігеніміз көп болады; біз естігенімізбен өмір сүреміз. Есту шындық үшін қосалқы есік те, өтірік үшін басты есік. Шындықты біз көбіне көреміз, бірақ аз естиміз, ал таза күйінде мүлде естімейміз дерлік: онда біреудің қоспалары болады. Әсіреқызылдық жанаған нәрсенің бәрін өз түсіне бояйды; ол үшін бастысы - әсер туғызу. Біреуді біреу мақтаған кезде, әсіресе жазғырған уақытта сақ бол. Айтушының ниетін білуге, оған не түрткі болғанын түсінуге тырысып бақ. Ойлану сені ақымақтықтан да, ұждансыздықтан да қорғасын.

49. ӨЗ АБЫРОЙЫНДЫ ЖАҢАРТЫП ОТЫР. Феникстің артықшылығы. Ұлы нәрсе де ескіреді, онымен бірге оның даңқы да азаяды. Әдет таң қалуды кемітеді, ал жаңа қарабайырлық ескі атақты қалқалайды. Сонымен, қайта түле - айбыныңды, талантыңды, жеңісіңді, бәрін жаңарт; әр кезде күн сияқты жаңа нұрға бөлен, бір жерде сенің болмауың өзінді қалаулы ету үшін, ал бір жерде сонылығың қуаныш тудыру үшін тұғырларыңды ауыстырып отыр.

50. ЖАМАНДЫҚТА ДА, ЖАҚСЫЛЫҚТА ДА ШАМАНЫ БІЛУ. Бір данышпан бар даналықты шамаға сайыпты*. Шектен шығу шындықты да бұрмалайды; апельсинді сыға берсе қышқыл ағады. Егер талантты ысырап етсе, ол тез таусылады. Ұятсыздықпен сауа берсең, сүт орнына қан шығарасың.

*/*Бұл ойды ежелгі жеті данышпанның қатарына кіретін Клеобул немесе Солон айтқан болуы мүмкін/.*

51. ЖАУЛАРЫҢНАН ПАЙДА КӨРЕ БІЛУ. Кез келген нәрсені дұрыс пайдалану керек: қылыштың жүзінен ұстасаң, қолыңды қанатасың, сабынан ұстасаң - өзінді қорғайсың. Ақымаққа достарынан гөрі, ақылдыға жауларынан келетін пайда көбірек. Игі ниеттілік өте алмайтын қиындықтарды кейде дұшпандық жеңілдікпен тегістеп тастайды. Көп адамға олардың жаулары даңқ әкеледі. Жағымпаздық жек көруге қарағанда қауіптірек; бірі кемшіліктерден құтылуға көмектеседі, бірі оларды жасырады. Парасатты адам жұрттың ашу-ренішін өзіне айна ретінде пайдаланады және әшкерелеуге тойтарыс береді не кемшілігін жөндейді. Бақталастықпен, теріс ниеттілікпен көрші болғанда әрқашан абай болғын.

52. ТӨМЕНШІК БОЛМАУ. Көркем де әсем нәрсе көп қолданылса солғын тартады. Әуелі оны аңсайды, қолға түскен соң жалықтырады. Ештеңеге жарамсыз болу үлкен бақытсыздық, бірақ бәріне жағымды болуға ұмтылу одан кем түспейтін бақытсыздық; сараң болсаң, бәрін жоғалтасың, бұрын сені бағалағандар алдымен сырт айналады. Мұндай арзанқолдар кез келген істе кездеседі, бұрын оларға ғажайып ретінде сұқтанса, енді тұрпайылық сияқты жек көреді. Артық болудың бір тәсілі -көзге түсуде шаманы білу; кемелдігің кемерінен аса берсін, бірақ кербездікте ұстамдылық керек. Шырақ неғұрлым қатты жанса, соғұрлым тез өшеді. Ысыраптағы сараңдық құрметтеу проценттерімен марапатталады.

53. ЖАМАН ӨСЕККЕ ТАҢЫЛМАУ. Тобырда бас көп, демек жаман көздер мен улы тілдер де жеткілікті. Өсек бір тараса, жақсылыққа күйе жағып, масқара лақап таңады, ізгі атпен қоштаса бер. Оған кез келген ағаттық немесе күлкілі кемістік себеп бола алады, бұлар улы тілдер үшін шабыт көздері. Кейде қауіпті қарсыластар кемшіліктерді ойдан шығарып, жұртқа жайып жібереді; ғайбат ауыздар ұлы даңқты ашық батылдықтан гөрі, өсек-аяңмен жамандағанды ұнатады. Жаман атқа қалу жеңіл, ал одан құтылып көр! Есті адам мұндай қырсықтан бойын аулақ ұстайды, әдепсіз дөрекілікке сылтау бермейді, ауруды емдегеннен, оның алдын алған жеңіл.

54. МӘДЕНИЕТ ПЕН ЫСЫЛУ. Адам жабайы болып туылады: тәрбиеден соң ол өзіндегі тағылықтан арылады. Мәдениет кісіні адам етеді және ол неғұрлым көп болса, соғұрлым елеулі болады. Мәдениетті Греция басқа әлемді тағы деп атауға құқы болды. Мәдениетсіздік - надандықтан: мәдениет үшін ең алдымен білім керек, бірақ ысылудан өтпесе, оқымыстылықтың өзі дөрекі болады. Ой да, тілек те, тіл де, бойдағы бар нәрсе әсем де сыпайы болуы тиіс. Бір адамдар табиғатынан ішкі және сыртқы сұлулығымен ерекшеленеді, ойлары мен сөздері мүлтіксіз болады. Біреулер, керісінше, ысылмағандықтан, олардың бар табиғи ерекшеліктері, оның ішінде озық қасиеттері тағы тұрпайылықтың әсерінен солғын тартады.

55. ҚАТЫНАСТА САБЫРЛЫ БОЛУ, КЕҢПЕЙІЛДІК КӨРСЕТУ. Ұлы адам күнделікті тұрмыста да ұсақ болмайды. Ұсақ-түйекке араласпа; кейде, рас, оны байқаған да пайдалы, бірақ әдейі емес, аңдаусызда білгендей бол. Көзқарас кеңдігі - тәрбиелілік негізі. Басқаларды басқарғың келсе өз сезімдеріңді жасыра біл. Үй ішіндегілердің, достарыңның, әсіресе жауларыңның көп істеріне немқұрайды қара. Қазымырлықты ешкім ұнатпайды, ал мінезде ол басым болса төзгісіз болады. Ұнамсыз жайға үнемі қайта оралып, мінеп отыру көргенсіздіктің көкесі. Әдетте, әркімнің мінезі оның жүрегінің үлкендігімен анықталады.

56. ӨЗІН ӨЗІ ТАҢУ. Өз мінезінді, ақылыңды, пікірлерің мен құштарлықтарыңды таны. Өзіңді танып болмайынша, өзіңе ие бола алмайсың. Бет үшін айна бар, ал көңіл түкпірін ештеңемен көруге болмайды; осы жерде өз парасатың саған көңіл айнасы болсын. Өзіңнің сыртқы әлпетің туралы ұмытуға болады, бірақ әрқашан жан жайсандығын естен шығарма, оны жақсарт, жетілдір. Өз парасатыңды, іс-әрекетке қабілеттілігіңді тексер; қызбалығыңды сына, жан тереңіне бойла, қабілеттеріңді екше.

57. ҰЗАҚ ӨМІР СҮРУ ӨНЕРІ ЛАЙЫҚТЫ ӨМІР СҮРУДЕН ТҰРАДЫ. Екі нәрсе адамның шаруасын тез бітіреді: бірі - ақымақтық, бірі - азғындық. Біреулер өмірін сақтай алмағандықтан онымен қош айтысты, кейбіреу өмір сүргісі келмегендіктен де көз жұмды. Жақсылық сияпат десек, бұзықтық - жаза. Бұзықтық жағдайында өмір сүргісі келетіндер ажалын тез табады; ал өзін жақсылыққа арнағандар ешқашан өлмейді. Жан-дүние денсаулығы

денеге беріледі, әділдердің өмірі істеген істерімен де, жасаған жылдарымен де ұзақ.

58. КҮМӘН ТАУСЫЛҒАН КЕЗДЕ ҒАНА ІСКЕ КӨШҮ. Әрекет үстіндегінің сәттілігіне шүбәлану бақылаушының (қарсыластың) өзінің жолы болмайтынына сенімділікке айналады. Егер қызбалық кезде ақыл күдіктенсе, қызбалық тараған соң ол сенің қылығыңды ақымақтық ретінде жазғырады. Істің ақылға қонымды екеніне күмәндана отырып қимылдау -қауіпті, одан да әрекеттен тартын. Парасат сенімсіздікке жол бермейді, әрқашан ақылдың айтуымен жүреді. Әрекет ойға келген сәтте қауіптенуге ұшыраса, мұндай істен табыс күтуге бола қояр ма екен? Егер ішкі даусың құптаған іс сәтсіздікке ұшырап жатса, онда жалтақтап кіріскен шаруадан не күтуге болады?

59. ӘМБЕБАП адам. Ол бар қасиетті бойына сіңірген, бір өзі көп адамға татиды. Ол өмірге зор қуаныш алып келеді. Көп қырлылық кемелдік сияқты - өмірге қуаныш сыйлайды. Бар жақсыны бойға жинау -ұлы өнер. Егер Табиғат адамды көтеру үшін оны дүниедегі бар жақсының жиынтығы етсе, өнер талғам мен ақылмен тәрбиелеу жолымен оны шағын әлем етсін.

60. РУХТЫҢ ҚҰПИЯЛЫҒЫ. Абайлағыш кісі өзін құрметтесін десе, ішкі сырын құпияда ұстайды; онымен тек танысуға болады, бірақ аяғына дейін түсіне алмайсың. Ешкім сенің мүмкіндіктеріңнің шегін білмесін, әйтпесе сұқтану түңілуге ауысады. Ешқашан сырынды білуге мүмкіндік берме. Өзіңді білмей, тек шамаласа етене таныстықтан гөрі құрметтірек боласың.

61. ҮМІТТЕН АЙЫРМА, оны талмай қолдап отыр; сенен көп нәрсе күтсін - ірі ойнаған пайдалырақ. Алғашқы жүрістен бар мүмкіндігіңді көрсетпе. Ойынның маңызды әдісі - өз білімің мен күшіңді байқатар сәтті таңдау, сөйтіп күткен үміттен асып түсу.

62. ЖАҚСЫ АТТЫ БОЛУ ЖӘНЕ ОНЫ САҚТАУ. Ол даңқыңның шығуына мүмкіндік береді. Жақсы ат қымбат тұрады, оған үлкен қасиеттер керек, ал қарабайырлық қаншалықты жиі болса, олар соншалықты сирек кездеседі. Жақсы атқа қол жеткізсең, оны сақтау жеңіл. Ол көп нәрсеге міндеттейді, құрмет тудыра отырып, ұлылыққа бөлейді. Шынайы жақсы ат жағдайға тәуелді болмайды.

63. ӨЗ НИЕТІҢДІ ЖАСЫРУ. Құштарлықтар - көңіл терезесі. Өмір даналығы жасырындықты талап етеді: ашық ойнағанның ұтылу тәуекелі жоғары болады. Құпия ұстамдылық көрегеннің қырағылығымен күреске түседі: сілеусін көзге қарақаттың көзқарасы қарсы тұрады. Ниетіңді ешкім білмей-ақ қойсын, әйтпесе біреу қарсыласып, біреу жағымпазданып кедергі жасайды.

64. ТҮРЛІ ІСТЕРДІ БАЙҚАП КӨР. Олар алуан түрлі және оларды білген маңызды, ал бұл үшін түсіну керек. Бір істе батылдық талап етіледі, бір іс нәзіктікті керек етеді. Туралық жеткілікті болатын істерде табысқа жету

жеңіл; екі жүзділікті қажет ететін істер қиынға түседі. Алғашқыларды жүзеге асыруды жақсы табиғи қасиеттерің қамтамасыз етеді; соңғылар үшін асқан ыждағат пен тырысу да аздық қылады. Адамдарды басқару оңай шаруа емес, ал есуастарды, не, ақымақтарды басқару одан да қиын; басы істемейтіндерді жеңіп шығу үшін басың екеу болуы шарт. Белгілі бір уақытта және белгілі бір істе адамның тұтас берілуін талап ететін істер ауыр тиеді; тақырыптың маңыздылығы әр түрлілікпен ұштасып келетін істер ұнамды, өйткені өзгерістер ынталану туғызады. Іс басқаларға неғұрлым аз тәуелді болса, соғұрлым лайықты және керісінше, іс өзгелердің ауанына қаншалықты байланысты болса, соншалықты қадірінен айрылады.

65. БЕЙМАЗА БОЛМАУ. Кім үнемі бір іспен шапқылап жүрсе және тек бір жайды ғана талқыласа, сол адам бірінші болып шаршайды. Қысқалық жүрекке де жылы тиеді, іске де пайдалы: ол көп сөзділік жеткізбейтін нәрсеге жеткізеді. Қысқа да нұсқа болу бұдан да жақсы; қысқа қайырылған ақымақтық онша жаман емес. Бос мылжыңдықтан әңгіменің тоқ етері әлдеқайда артық. Көк мылжыңды ешкім де тыңдамайтыны белгілі, оның әңгімесінің желісі емес, жеткізетін формасы діңкелетеді. Кейбіреу бар адам айналып өтетін, лақтырып тасталған ескі-құсқы сияқты. Ақылды ығыр қылмайды, әсіресе маңызды кісілердің мазасын алмайды, өйткені олардың бұған уақыты жоқ. Қысқа да нұсқа айту олардың күнделікті дағдысы.

66. ЖАҒДАЙҒА МАСТАНБАУ. Талантқа мақтанғаннан гөрі, жағдайға менменсу көбірек түршіктіреді. Маңызды адам болып көріну қызғаныш қана емес, жек көру де туғызады. Құрмет көруге неғұрлым дәмеленгендер оны соғұрлым аз көреді; ол пікірге байланысты: құрметті күшпен ала алмайсың, оған еңбек сіңіріп, шыдамдылықпен күту керек. Жоғары лауазым үлкен беделді талап етеді. Өз міндеттемелеріңді орындау үшін, жинаған абыройыңды сақтай біл; оны пайдаланба, қайта нығайт. Міндетін атқару кезінде көп еңбектеніп қойдым деп күңкілдейтін адам, осынысымен өзінің оған лайықты емес екенін, лауазым оның мүмкіндігінен жоғары тұрғанын көрсетеді. Көзге түскің келсе жолы болғыштықпен емес, бойыңдағы қасиеттермен мақтан; тіпті корольдің өзін оның сыртқы салтанатына қарап емес, жеке басының абыройына қарай қадірлеу керек.

67. ӨЗІҢЕ ӨЗІҢ РИЗА БОЛУШЫЛЫҚТЫ БАЙҚАТПАУ. Өзіңді наразы болумен қинама - бұл жасықтық, бірақ өзіңе масаттану да ақымақтық. Көп адамда паңдық надандықтан туып, ақымақ ләззатқа бөлейді, бірақ ізгі атқа ол мүлде пайдасыз. Басқаның сирек қасиеті бойынан табылмағандықтан, надан өзінің қатардағы қасиетін алданыш етеді. Табысқа жетуде ынталану үшін және сәтсіздікте көп қапаланбас үшін абайлап өмір сүру әрқашан пайдалы: тағдыр қаталдығы оған күні бұрын дайындалған адамды көп мойыта алмайды. Гомердің өзі кейде қалғып кетеді, Александр өзін алдарқату сәтінде өз шенінен төмен түседі. Кез келген іс жағдайға байланысты - орын мен уақыт ол үшін үнемі қолайлы бола бермейді. Бірақ ақымақты түзей

алмайсың, оның жараспайтын паңдығы үнемі гүлдеп, үздіксіз өркен жаюда болады.

68. КІСІ БОЛУДЫҢ ЕҢ ҚЫСҚА ЖОЛЫ - достарыңды таңдай біл. Қатынарудың ықпалы зор - талғам мен әдеттер беріледі, мінез, тіпті ақыл біртіндеп өзгереді. Жылдам баяумен достассын және әркім осылай істесін; сонда ол ешқандай мәжбүр етусіз ұстамдылыққа үйренеді, ал өзін басу - үлкен нәрсе. Қарама - қарсылықтың үйлесуі дүниеге көрік береді және оның құрылымын сақтайды; ол болмыста, әсіресе адамгершілік саласында үйлесім береді. Серіктерің мен бағыныштыларыңды таңдау кезінде осы өнегелі мысалдан үйрен - кереғарлықтар өзара әрекеттескенде ақылға қонарлық ортақ шешімге келуге болады.

69. ЖАМАНДАУШЫ БОЛМАУ. Табиғи бейімділігінен айналасынан тек қылмыс көретін мінезі зәрлі адамдар бар. Олар бәрін кінәлайды -біреуді істеген ісі үшін, басқаны өзге қылығы үшін жазғырады. Бұл мінездің ең бір оңбаған белгісі. Сөге отырып, олар түймедейді түйедей етеді. Осы бір кәрлі қадағалаушылар Элизиумді* де галераға айналдырар еді. Ал бұған қызбалық қосылса, оларды ауыздықтау жоқ. Аңғалдық, керісінше, бәрін кешіреді, бұл арам ниеттен емес, жете ойламаушылықтан болады.

*/*Элизиум - ежелгі грек мифологиясында ержүрек, ізгі рухтардың өлімнен соң болатын жері/.*

70. УАҚЫТЫНДА КЕТЕ БІЛУ. Парасатты адам істен уақытында кетуді ереже етіп ұстанады. Өз ақырыңды да салтанатқа айналдыра біл, күн де өзінің ұяға батқанын көрсетпес үшін бұлтқа тығылады; біз оның батқан-батпағанын тек жорамалдай аламыз. Өрескелдіктен азап көргің келмесе, қайғыдан күні бұрын кет. Өзіңнен басқалардың сырт айналуын күтпе, әйтпесе қара үшін тірі болғанмен, құрмет үшін өлі боласың. Көреген атбегі далада ат құлап, жұрт шабандозды мазақ етпес үшін бәйге атын қартайғанға дейін пайдаланбайды. Сол сияқты жас сұлу да қолындағы айнасын уақытында тастағаны дұрыс, күндердің күнінде әжімді көрсетеді.

71. ДОСТАР ЖИНАУ. Достық - екінші болмыс. Әр дос өзінің досына сүйкімді; достар арасында бәрі реттеледі. Адамда басқалар оны қаншалықты бағаласа, соншалықты құн болады, ал олардың аузына апарар жол жүрек арқылы өтеді. Досыңа көрсеткен ізгі қызметің ұмытылмайды. Достыққа лайық болудың ең жақсы тәсілі - достық ниет көрсету. Бойымыздағы бар жақсылық басым бөлігінде басқаларға байланысты. Достар мен жауларыңның арасында өмір сүруге тура келеді, сондықтан күн сайын жақын болмаса да тілектес таныс тап. Сынақтан өткен олардың кейбірі уақыт өте келе сенің сырласыңа айналады.

72. КІРШІКСІЗ МАХАББАТТЫ ІЗДЕУ. Тіпті Жоғарғы Басты себеп те өзінің ұлы істерінде оған орын қалдырған. Сезім арқылы махаббат сенімге кіреді. Кейбіреу өзінің қасиеттеріне сеніп, оны жеңіп алуға ұмтылмайды, бірақ тілектестік көмектеспеген жерде қанша еңбек сіңіру керек екенін

парасат қана біледі. Кіршіксіз махаббат бәрін жеңілдетеді, бәрін сыйлайды; бар қасиеттерді ғана марапаттап қоймайды, көбіне оларды өз қиялында жасап алады - айбынды, ізгілікті, ғалымдықты, тіпті ақылды ойша елестетеді; кемшіліктерді көрмейді. Әдетте ол материалдық өмірдің -мінездің, сословиенің, туыстықтың, отанның, істің ортақтығынан туады. Рух ортақтығы үшін жоғарырақ түсініктер - дарын, міндеттілік, атақ, сіңірген еңбек керек. Мұндай берілушілікті жеңіп алу қиын, оны сақтау жеңіл. Оған қол жеткізуге болады - оны пайдалануды үйрену қажет.

73. БЕРЕКЕ КҮНДЕРІ АУЫР КЕЗЕҢГЕ ДАЙЫНДАЛ. Қысқы шаңасын жазда сайлайтын адам ақылды: асықпауға болады, қайырым жеңіл жасалады, достар да көп. Ауыр күнге сақтағаның болсын: өмір қымбаттап, заттар тапшыға айналатын уақыт та келеді. Резервте достарың мен қарыздар адамдарың болсын: қысылтаяң кезде қазір бағаланбайтын нәрсе әжетке жарайды. Оңбағандықта достар болмайды - береке күндері ол оларды танымайды, ал ауыртпалықта оны мойындамайды.

74. БАҚТАЛАСТЫҚҚА ҰРЫНБАУ. Жарыс бар жерде кез келген талаптану өз зиянын тигізбей қоймайды: біреу өзін күшейту үшін басқаны даттайды. Әділ күресті таңдап алатындар сирек. Қарсыласың сыпайылықтан ұмыт болған жылан жылғы кемшіліктеріңді тауып алады; бақталасы пайда болғанға дейін көп адам құрметтеп өмір сүреді. Араздық жанжалы күні өткен масқаралықты қайта тірілтеді, ертедегі сасық былғаныштарды қазбалайды. Бірін-бірі масқаралау басталады, бұл мақсатта ештеңені аянып қалмайды. Қорлау ең жақсы әдіс болмаса да, бақталастық онымен өзінің кекшілдігін қанағаттандырады және қорлау қаруын қатты шайқайтыны сонша, бұрынғы күнәлерден ұмытылғандық шаңы ұшады. Тілектестік әрқашан бейбітшіл, ал қайырымдылық тілектестік тудырады.

75. МАҢАЙДАҒЫЛАРДЫҢ ЖАМАН МІНЕЗІНЕ КӨНУ, ұсқынсыз келбетке шыдаған сияқты, әсіресе тәуелді болсаң амал жоқ. Мінезі кәрлі адамдар бар, олармен өмір сүру де оңай емес, олардан кетіп те қала алмайсың. Осыған бет-әлпеттің көріксіздігіне көнген сияқты, бірте-бірте үйрену қажет, әйтпесе кенеттен кәрлі қаһарға ұшырауың мүмкін. Алғаш олар қорқытады, бірақ алғашқы қорқыныш біртіндеп тарайды, ал абайлау ашудың алдын алуға немесе оған төзуге үйретеді.

76. АДАЛ АДАМДАРМЕН АРАЛАСУ. Оларға сенуге болады. Олардың парасаттылығы - істердегі, тіпті айтыстардағы сенімді кепілдік, өйткені олар өздерінің болмысы бұйырған әрекеттерді істейді. Оңбағандарды жеңгеннен гөрі, адалдармен күрескен жақсы. Оңбағандықпен келісе алмайсың, ол ережелерді мойындамайды; сондықтан да оңбағандардың арасында шынайы достық болмайды, ал олардың тілектестігі ар-намысқа негізделмеген. Арсыз адамнан қаш; арын құрметтемейтіннен ешқандай ізгілік күтпе. Ар-намыс - адалдықтың алтын тағы.

77. ЕШҚАШАН ӨЗІҢ ТУРАЛЫ АЙТПАУ. Әйтпесе не өзіңді мақтайсың - бұл даңғойлық, не өзіңді даттайсың - ал бұл жасықтық; өзің туралы айту дегеніміз парасатқа қарсы күнә жасау әрі тындаушыларды қажыту. Мұны достардың арасында да істеме, әсіресе көпшілік алдында сөйлеуге тура келетін жоғары орында мұндай әлсіздік сені мазаққа ұшыратады. Отырғандар туралы әңгімелеу де жөнсіз; сен су астындағы екі жартастың біріне соғыласың, не жағынасың, не тілің тиеді.

78. СЫПАЙЫ АДАМНЫҢ АТЫНА ЛАЙЫҚ БОЛУ. Осының өзі жүректерді тартуға жетіп жатыр. Сыпайылық - мәдениеттіліктің басты белгісі, маңайындағыларға сүйікті ететін қасиет, ал ерсілік жек көру мен түсінбеушілік туғызады. Ерсілік дандайсұмен қосылғанда теріс айналдырады, ал надандықпен араласқанда - жирентеді. Әдептілік көптік етпейді. Ол жаулардың арасында олардың айбынының сенімді өлшемі. Ол көп тұрмаса да жоғары бағаланады: қадірліні құрметтейді. Сыпайылық пен намыстың артықшылығы - олар алғашқыны көрсетіп, соңғыны сақтайтын адамдарда болады.

79. ЗАМАНЫҢМЕН ТАТУ БОЛУ. Қолданыстағы білім ғана жақсы, ал оған жол жоқ жерде надан болып көрінген дұрыс. Жылдар өтеді, пікірлер мен сән өзгереді, ескішілдікті көксеме және қазіргі талғамды ұстан. Бәрі мойындаған талғам бар салада салтанат құрады. Оны ұстан және мүмкіндігінше жақсарт; өткен кезең саған ұнаса да қазіргі кезбен өмір сүріп үйрен. Тек адамгершілік саласында ғана бұл тұрмыс ережесі жарамайды, мұнда ізгілік бәрінен жоғары. Біздің уақытта шындықты айту, сөзде тұру сәннен қалған сияқты; адал адамдар ескі мейірбан заманнан келген тәрізді; оларды қазір де мақтайды, бірақ не құрметтеушілері, не еліктеушілері жоқ. О, заманымыздың ұлы қырсығы! Ізгілікке үрке қараймыз, есесіне оңбағандық етек жайған. Ақылды біз қалағандай болмаса да, шамасына қарай өмір сүрсін. Тағдыр салғанға риза болып, бермегенге қайғырмасын.

80. СӨЗДЕР МЕН ІСТЕРДЕГІ ҰЛЫЛЫҚ. Олар сен қайда барсаң да құрметті орынға отырғызып, басқаларға әсер туғызады. Ол бәрінен көрінеді - әңгімеден, құлшылық қылудан, тіпті жүріс-тұрыстан, көзқарастан және, әрине, тілектен сезіледі. Жүректерді баурап алу - ұлы жеңіс! Оған көзсіз ерлікпен де, қалжыңбастықпен де жете алмайсың - оған тек адамгершіліктен туып, қасиеттерге сүйенетін сыпайы сенімділік жеткізеді.

82. ЖАСАНДЫ МАҢЫЗДЫЛЫҚТЫ ҚАБЫЛДАМАЙТЫН АДАМ. Адамда қасиет неғұрлым көп болса, онда жасандылық соғұрлым аз болады. Оның бір өзі бәріне тұрпайылық береді. Ол маңайдағыларға ғана емес, даңғойға да ауыр тиеді, ол өз қылықтарынан, жасанды салтанаттың ұсақ-түйегінен азап көреді. Тіпті жоғары қасиеттер де көпірмеліктен зардап шегеді, бұл жағдайда оларды бояма ретінде қабылдайды. Табиғилық әрқашан жасандылықтан ұнамды. Даңғой адамдарды олар өршелене түсіндірген саласында да ешкім білгір деп есептемейді. Ісің өрге домалаған сайын, өз

еңбектерің жөнінде азырақ айт, бұл жетілгендікке табиғилықпен қол жеткенді көрсетеді. Дегенмен, бояма маңыздылықтан қаша отырып, жасанды қарапайымдылық танытпа. Парасатты адам өз қасиеттерін білетін түр көрсетпейді - оның селқостығының өзі маңайдағылардың назарын аударады. Бойына бар қасиеттерді жинай отырып, олар туралы тіс жармайтын адам екі есе ұлы; ол өзін көптің жаппай мойындауына өзгеше жолмен жетеді.

83. ҚАЛАУЛЫ БОЛУ. Бүкілхалықтық сүйіспеншілікке бөленген адамдар сирек, ал тек парасатты кісілердің сүйіктісі болу - бұл да бақыт. Күнің бітуге жақындағанда, сені салқын шығарып салады. Ықыласқа ие болудың түрлі тәсілдері бар: сенімдісі - істерің мен қасиеттеріңмен көзге түсу, жеделі - жағыну. Өз орнына лайық адамға әрқашан сұраныс бар және ол қызметті керек қылғаннан, қызмет оны керек еткенін бәрі көреді: біреуге отырған орны көрік береді, біреу отырған орнын көріктендіреді. Егер сенен кейін орныңа ақымақ келіп, бағанды көтерсе - ол жұбаныш емес; бұл сені ұнатқандықты емес, басқаны жек көргендікті білдіреді.

84. АҚЫМАҚТЫҚ ІСТЕГЕН АҚЫМАҚ ЕМЕС, ОНЫ ІСТЕП АЛЫП, ЖАСЫРМАҒАН АҚЫМАҚ. Өз құштарлықтарыңды, әсіресе әлсіздіктеріңді құпияда ұста. Бәрі қателеседі, бірақ айырма мынада: қулар істеген ісінен жалтарып кетеді, ал ақымақтар жасамаған ісіне мақтанады. Жақсы атты болу мінез-құлықтан гөрі үнсіздікке байланысты; күнәлі екенсің, тым болмаса сақ бол. Ұлы адамдардың қателіктерін аспан шырақтарының тұтылуы сияқты бәрі байқайды. Өз қателіктеріңді досыңа да ашпа және мүмкін болса оларды өзің де білме. Мұнда көбірек ұмыту сияқты күнделікті тұрмыс ережесі де жарайды.

85. БАРЛЫҒЫНДА ЕРКІН БОЛУШЫЛЫҚ. Ол абыройды көтереді, сөзге дем береді, істі жандандырады, адамдағы бар жақсыны көріктендіреді. Басқа қасиеттер - бойдың көркі, ал қысылып-қымтырылмаушылық - осы қасиеттердің сәні; тіпті ой жүгіртуде де оны жоғары бағалайды. Негізінен бұл қасиет туа бітеді, ынта-ықыласпен қол жеткізу қиын, өйткені ол бар ережеден биік тұрады. Ол бар нәрседен жеңіл өтеді және ішкі еркіндікті білдіреді. Онсыз сұлулық солғын тартады, сүйкімділікте күш болмайды, ол айбыны, ақылға, даналыққа, тіпті патша ұлылығына тән. Ол қабыл алмауға жағымдылық береді, кез келген қиындықтан жеңіл шығады.

86. РУХ БИІКТІГІ. Қаһарманның негізгі белгілерінің бірі, өйткені ол ұлылықты бәріне ғашық еткізеді: талғамға нәзіктік, жүрекке кеңдік, ойға шарықтау, мінезге ізгілік береді және кісіні ұлылыққа бейімдейді. Оны қайда болмасын бірден байқайсың; тіпті күншіл тағдыр қудалағанның өзінде ол жоғары өрлейді, мүмкіндігі шектеулі болса да тілектері биік келеді. Ол - кең пейілдіктің, ізгіліктің және бар қаһармандықтың жұрт таныған бастауы.

87. ЕШҚАШАН ШАҒЫМДАНБАУ. Шағымдану әрқашан зиянын тигізеді; ол аяушылық сезімін оятқаннан бұрын ашу тудырады; ол басқа осындай жәбірге апарар жолды көрсетеді және алғашқы жәбірді білгені екінші

жәбірелеуші үшін ақталу болады. Біреулер өздерінің өткенде көрген жәбір-жапасын айтамын деп табалауға ұшырайды, тіпті, жек көру туғызады. Одан да басқалардың қолтығына су бүрку ниетімен біреулердің ісін мақтау немесе өзгелерге түрткі болу үшін біреулердің сыпайылығы туралы айту ақылға қонымды. Абайлағыш адам өзінің көрген жәбірлері мен жіберген кемшіліктерін айтпайды, бірақ достарын сақтап, жауларын тежеп отыру үшін құлаққа жағымды сөздерді айтуды ұмытпайды.

88. ІСТЕГЕН ІСІҢДІ КӨРСЕТЕ БІЛУ. Әдетте ішіне үңіліп жатпайды, сыртына қарап бағалайды. Қасиеттерің болып, оларды көрсете білу -абырой: көрінбей тұрған нәрсе жоқ нәрсе сияқты. Түрі келіспей тұрса ақылдың өзі құрмет көрмейді. Өйткені көрегендерге қарағанда алданып қалатындар әлдеқайда көп; алдану басым, бар нәрсе туралы сыртқы бейнесі арқылы ой түйеді және көбі іс жүзінде ойлағандай емес. Келісті пішін - ішкі қасиеттеріңнің көрінісі болсын.

89. МІНЕЗ СҰЛУЛЫҒЫ. Жанның да өз әсемдігі бар, оның кербездігі - істелген қылықтың тартымдылығы жүректі рахатқа бөлейді. Ол жұрттың бәріне берілмеген, бұл рухтың ұлылығына байланысты. Оның алғашқы белгісі - жауы туралы жақсы пікір айту. Ол әсіресе кек алуды күткен жағдайда жарқырай көрінеді: кек қайтармақ былай тұрсын, бәрі жақсылықпен бітеді - енді өш алады дегенде, кенет ақ көңілдікпен қайран қалдырады. Ол саясатта да пайдалы, тіпті мемлекеттік резонға көрік береді. Мақтануды білмейтін ол, еңбек сіңіріп жеткен жеңісін аңқылдақтығымен жасырады.

90. ТОЛҒАНЫП АЛУ. Істің алдында ойланып алған әрқашан сенімділік береді, әсіресе бұл табысқа жетері белгісіз істе маңызды. Не бас тарту үшін, не бір тоқтамға келу үшін уақытты соз, мүмкін басыңа өз шешіміңнің пайдасына жаңа дәлелдер келер. Егер мәселе беру туралы болса, ұзақ тілегенді көбірек бағалайтынын ұмытпа. Егер қабыл алмау керек болса, онда жоқтың күйінішін жұмсарту жайлы ойла; әрі тілектің қызуы өткен соң, сұраушы басылып, бас тартқанға онша қапаланбайды. Тез беруді сұрағанға асықпай бер: үмітін суытасың.

91. ЖАЛҒЫЗДЫҚТА АҚЫЛДЫ БОЛҒАНША, КӨППЕН БІРГЕ АҚЫМАҚ БОЛҒАН АРТЫҚ, - дейді кәнігі адамдар. Бәрі ессіз болғандықтан, ешкім жазғырмайды. Ал жалғыз ақылдыны ағысқа қарсы жүзгені үшін есуас дейді. Кейде білмеген не білмеген сияқты болып көріну құтқарады. Адамдармен бірге өмір сүруге тура келеді, ал олардың көпшілігі надандар. Жалғыздық тірлік ету үшін не Құдайға, не малға ұқсау керек. Мен бұл нақылды өзгертіп, былай дер едім: “Жалғыздықта ақымақ болғанша, көппен бірге ақылды болған артық”. Кейбіреуге өзінің ерсіліктерінде жалғыз болған ұнайды.

92. ӨМІРДЕГІ СҮЙЕНІШТЕРДІ КӨБЕЙТУ - өмірді еселейді. Бір ғана қамқоршың болмасын, өзіңді ешқашан жалғыз нәрсемен шектеме: бәрі,

әсіресе, пайданың, рахаттың, қайырымдылықтың көздері қос-қостан болсын. Бәріне тұрақсыздықтың символы айдың өзгергіштігі әсер етеді, бұл опасыз адам еркіне байланысты істерге өте-мөте қатысты. Тұрақсыздыққа қарсы қор жинаушылық көмектеседі: игілік пен жайлылықтың қос бастауы болсын деген тұрмыстың маңызды ережесін ұмытпа. Табиғат біздің денеміздің зақымдануы жеңіл және неғұрлым керекті мүшелерін қос-қостан жаратқаны сияқты, ақылды адам да өз жақтаушыларын біреумен шектемейді.

93. ДАНА ӨЗІН-ӨЗІ ЖЕТЕЛЕЙДІ. Оның бар қасиеті - өзі, ол бәрін өз бойына сіңірген. Егер әмбебап дос Рим мен дүниені алмастыра алса, онда өзіңе өзің осындай дос бол - сонда сен жалғыздықта өмір сүре аласың. Көзқарас пен талғамда ешкімге еліктемейтін саған тағы кім керек? Сен тек өзіңе тәуелдісің, ал бұл жағынан Жоғарғы Иеге ұқсау - зор шаттық. Кім осылай бір өзі өмір сүре алса, сол малға мүлде ұқсамайды, көп жағынан - данаға, және бар тұрғыдан Құдайға ұқсайды.

94. АРАЛАСПАУ ӨНЕРІ. Әсіресе мұны қоғамдық немесе жанұялық теңіз алай-түлей болғанда ұстану керек. Адамдар арасындағы қатынастарда да қызбалықтың құйындары көтеріліп, дауылдары соғып тұрады; мұндай кезде қойнау да күткен дұрыс. Сырқат кейде дәріден асқынып кетеді; мұнда табиғаттың еркіне, анда - адамгершіліктің билігіне берген жөн; ақылды дәрігер дәріні жазып беруді емес, онсыз қалай амалдауға болатынын ойлайды. Тұрмыстағы ауа-райының қолайсыздығында ақылға қонымдысы дауылдың басылуын күту; қазір шегінсең, кейін жеңесің. Жылға желден де лайланады және су сенің араласуыңсыз тұнады. Шым-шытырықты өз еркіне жібергеннен артық айла жоқ, бәрі ұзамай қалпына келеді.

95. ӨЗІҢНІҢ АУЫР КҮНІҢДІ БІЛУ, оның болатынын ұмытпау маңызды. Бұл күні ештеңенің сәті түспейді, ойынды қалай өзгертсең де қорытынды бір - сәтсіздік. Мұндай күнді екі жүрісте байқап, шегіне білу керек. Тіпті, ақылдың да өз уақыты бар, ешкім де ұдайы ақылды болған емес. Қолайлы сағатта жақсы ойланасың әрі хатты да сәтті жазасың. Әр қасиеттің өз уақыты бар, сұлулықтың өзі үнемі қадірлі бола бермейді. Парасат та кейде өзіне ұқсамайды - бірде биік, бірде төмен; әр істің өз күні бар. Бір күндері ештеңенің реті келмейді, ал бір күндері бәрінің сәті түседі: ақыл айқын, көңіл-күй жоғары, жұлдызың жарқырап тұр. Онда ұста оны, сәтінді құр жіберме. Бірақ есті адам бір жағдайға бола күнді сәтсіз не қолайлы деп бөлмейді, сәтсіздіктен соң табыс, сәттіліктен кейін жамандық келуі мүмкін.

96. БАРЛЫғыНДА ЖАҚСЫҒА ДЕЙІН ЖЕТУ - жақсы талғамның бақытты еншісі. Бал іздеген ара тәттіні қалай тез тапса, жылан да өз уы үшін зәһарға солай жылдам кездеседі. Адамдардың да талғамы осындай -бірі жақсыға, бірі нашарға ұмтылады. Бір тәуір нәрсе шықпайтын заттар жоқ, әсіресе ойдың жемісі - кітапта жақсы нәрселер баршылық. Кейбір адамдардың бір жаман қасиеті, мындаған абыройдан бақытты.

97. ТЕК ӨЗІНДІ ҒАНА ТЫҢДАМАУ. Егер басқаға ұнамасаң, өзіңе ұнағаннан не пайда, менменсу әдетте бәрінің жек көруімен жазаланады. Өзіңе қызығып қарасаң - өзгелерге сүйкімсізсің. Тек өзінді айту және тыңдау - сүйкімсіздік; егер өзіңмен өзің әңгімелесу ақымақтық болса, онда басқалармен сөйлескенде тек өзінді тыңдау - есуастық. Маңғаз адамдарда “Мен дұрыс айттым ба?” немесе “Солай ғой?” деп қазбалайтын нашар әдет болады; олар әр сөзінен соң мақұлдауды немесе жағынуды сығып алады, оларға ешбір шыдамдылық жетпейді. Дүрдиген даңғойлар әрбір бос сөзіне қатты жаңғырықты талап етеді, сондықтан да әр сөзі “керемет айтты” деген ақымақ қолдауды қажетсінеді.

98. ӨЗГЕНІҢ ҮЛГІСІНДЕ БАСТАП, ӨЗ МӘНЕРІНДЕ АЯҚТАУ. Бұл табыс кілті; тіпті христиандықтың оқытушылары құдай ілімдерінде осы қасиетті амалды мақұлдайды. Мұнда жасандылық танытып, өзгенің еркін баурап алған маңызды: олар өзінің ниеттерінің соңынан жүрген сияқты көрінеді, ал іс барысы оны басқа мақсатқа алып келеді. Асығыс бастап, милауытқа батып қалма. Бірінші сөзі әрқашан “жоқтан” басталатын адамдар қиындықтан қорықпас үшін, шын мақсатты жасыр; мұны әсіресе осы мақсат оларға ұнамсыз болғанда ұстану керек. Бұл кеңес арам ниеттер үшін пайдаланылмауы тиіс.

99. ЖАНДЫ ЖЕРІНДІ ЖАСЫР, ӘЙТПЕСЕ СОЛ ТҰСТАН СОҚҚЫ АЛАСЫҢ. Оны айтып шағымданба, өйткені қастық жанды жерінді нысанаға алатын болады. Жанды жерінді қасығанмен ол кете қоймас, мұнымен тек жауларыңның айызын қандырасың. Қаскөй ниет әлсіз тұсыңды тіміскілеп жүреді. Ақылды өз сырқатын көрсетпейді, өйткені Бақыттың өзі ең жанды жерден соққы береді, ол жер неғұрлым сезімтал болса, соққы да соғұрлым ауыр тиеді. Сонымен, ауру жерінді де, көңіліңді көтеретін нәрсенді де жариялама; сонда алғашқысы тез жазылады, соңғысы ұзаққа созылады.

100. ІШКЕ ҮҢІЛУ. Көп нәрсенің сырты ішіне сай келмейді; сондықтан сырты бүтіннің іші түтін болып шыққанда қуаныш торығуға ауысады. Жалғандық өзінің тұрпайы айқайымен ақымақтарды еліктіре отырып, әрдайым алдымен келеді. Кейіннен Уақыттың соңынан ілбіп Шындық та жетеді; ақылдылар оған біздің табиғат анамыз даналықпен жұп күйінде берген сезім органдарының жартысын сақтайды*. Жалғандық әрқашан беткі жақта болатындықтан, оған аңғалдар алдымен кездеседі. Нағыз Мағына өзін ақылдылар тиісінше бағалау үшін тұйық келеді.

*/*Аңыз бойынша Александр Македонский дауласушыларды тыңдау кезінде алғашқының дәлелдерін бір құлағын жауып тыңдап, екінші құлағын оның қарсыластарының дәлелдеріне сақтаған екен/.*

101. ТӘКАППАР БОЛМАУ. Кеңес мүлдем қажет болмайтын мүлтіксіз кемел адам жоқ. Ешкімге құлақ салмайтын кісі - түзелмейтін ақымақ. Маңдайың кере қарыс болса да, достық кеңесті тыңдай біл; тіпті жоғары мәртебелілерге де үйрену ұят емес. Адамдардың көбіне түзелмейтін себебі -

менменшіл. Мүлтіксіз адамның өзіне достық көмек келетін есікті ашық ұстаған жарасады; ол әрқашан өзін ақылға шақыратын немесе тіпті ұрсып алатын досына уақыт табады; оның тілектестігі мен досының ақылы және берілгендігі туралы жоғары пікірі кеңес айтушы досына сенімділік береді. Бірақ құрмет пен сенімді ешбір талғамсыз көрсете берме, сырласыңның парасатты пікірі мен берген кеңестері үшін ризашылығыңды көңіл түкпірінде құпия ұста.

102. ӘНГІМЕЛЕСУ ӨНЕРІНІҢ МАҢЫЗЫ ЗОР, өйткені әңгімелесуде адам өзін тұлға ретінде көрсете алады. Бұл қаншалықты үйреншікті болғанмен, адамның басқа ешбір ісі парасатты осынша көп талап етпейді, мұнда не бәрін жоғалтуға, не бәрін ұтуға болады. Хат жазу үшін ойланып ал, хатта, жазылған әңгімеде ойлану керек болса, ақылдың бір сәттік емтиханы жай әңгімелесу үшін қаншама парасат керек! Тәжірибелі адамдар көңіл толқынын сөзден-ақ байқап қояды, данышпандар: “Сөйле, мен сенің кім екеніңді айтайын” деп бекер айтпаған. Біреулер әңгімелесудің жоғары өнері табиғилықта дейді, сонда әңгіме қысылып, қымтырылусыз жүреді деп ойлайды. Бірақ бұл тек жақын достардың арасында жарасады, ал қадірлі адаммен әңгімелесу мазмұнды, сенің кісілігіңді ашатындай болуы тиіс. Әңгімеде ұнамды болу үшін, сұхбаттасыңның мінезі мен ақылына бейімдел. Әңгімеде шешендіктен гөрі, пайымдылық маңызды.

103. ҰТЫЛҒАН ОРТАҢНАН АЛЫС БОЛ, тым жақсыдан да, тым нашардан да қаш олардың жанында ізгі атың шықпайды. Қасиеті көп адамды көбірек құрметтейді; басты рольді ол орындайды да саған қатардағы роль тиеді, мақтау да алдымен соған бұйырады. Ай жұлдыздардың арасында сәулесін төгіп тұрады, бірақ нұрын шашқан күннің шығуымен ол не батып кетеді, не солғын тартады. Өзің көлеңкесінде қалатын адамға жабыспа, керісінше, өзіңнің қалқанда қалатын адамдармен бол. Табысқа жету үшін көрнектілермен, оған қол жеткен соң қатардағылармен аралас.

104. БОС КЕҢІСТІКТІ ТОЛТЫРУҒА ҰМТЫЛМАУ. Мұны күткендегіден асып түсетініңе сенімді болсаң ғана қолға ал. Ізашармен теңесе алу үшін, одан озар қасиеттерің екі есе көп болуы тиіс. Соңынан сені сағынышпен еске алатындай өзіңе мұрагер таба білу айлалы әдістің бірі, сондай-ақ жол салушының көлеңкесінде қалып қоймау үлкен шеберлік. Бос кеңістікті толтыру оңай емес, өйткені, өткен шақ әрдайым жақсы болып көрінеді; мұнда тең болу жеткіліксіз, онда басымдық өзіңнің алдындағыда болады. Оның атын ығыстыру үшін, қасиеттерің одан асып түсу керек.

105. СЕНІМ БІЛДІРУГЕ, ЖАҚСЫ КӨРУГЕ АСЫҚПАУ. Сенім білдіруде асықпау толысқан ақылды көрсетеді, жалғандық бүгінде сондай үйреншікті, онда сенім ерекше болсын. Сенім көрсету жеңіл, бірақ кейін салдары өкінішті болып жүрмесін. Дегенмен, сенбегендік түр көрсетпе -бұл сыпайы емес, тіпті көргенсіздік: сен онда сұхбаттасыңа не оның алдап тұрғанын, не - өзіңнің алданып қалғаныңды білдіресің. Бастысы тіпті бұл емес, мәселе

сенімсіздік өтіріктің белгісі екенінде; өтірікшінің екі қырсығы бар - оған да сенбейді, ол да сенбейді. Ал тыңдап отырған кезде бір түйінге келуге асықпа, “Бірден жақсы көру де ақылсыздықтың белгісі” деп Цицеронның айтқанын ұмытпа. Сондай-ақ сөзбен ғана емес, іспен де алдайтыны есте болсын, бұл алдау одан да зиянды.

106. АШУДЫ БАСА БІЛУ. Парасатты ойлау мүмкіндігінше қызбалықтың алдын алсын - ақылдыға бұл қисын емес. Ашуға беріле бастағаныңды байқау оған ие болудың алғашқы қадамы, оны белгілі бір шектен асырмауды ойлау ашуыңды басуға себеп болады. Уақытында, әдеппен тоқтап дағдылан - қатты шауып бара жатқан атты ауыздықтау бәрінен қиынырақ. Ашуға булыққан кезде де ақылға тоқтай білу - парасатыңа сын. Тым қызбалық әрқашан дұрыс жолдан тайдырады: осыны еске сақтаған адам ешқашан әділдікке қиянат жасамайды, парасат шегінен шықпайды.

107. ДОСТАРДЫ ТАҢДАЙ БІЛУ. Досың алдымен ақыл емтиханын тапсырып, Сәттілік сынағынан өтсін: сонда оған сезіммен бірге ақыл да өз дипломын тапсырады. Дегенмен достар өмірдегі аса маңызды игілік болғанмен, көпшілік оған онша мән бермейді: күйбең тірлік өз дегенін істейді. Адамды оның достары арқылы бағалайды, ал білімді надандармен достаспайды. Іш тартудың бәрі жақын тұтуды білдірмейді, танысыңның тапқыр сөздері әсерлі болуы мүмкін, бірақ бұл оның сезімдеріне деген сенім туғызбайды. Заңды достық бар, заңсызы да кездеседі: бірі - рахат үшін, бірі - жемісті істер үшін. Шын достар сирек, көбі - жағдайдың досы. Сондықтан кездейсоқтық емес, тандау шешуі тиіс. Ақылды адам реніштен қаша біледі, бірақ ақымақ дос оны отырғызып кетеді. Егер достарыңды жоғалтқың келмесе, оларға ұлы сәттілік тілеме.

108. АДАМДАРДЫ ТАҢУДАН АЛДАНБАУ. Адасудың кең таралған осы түрі ең қауіптісі. Тауардан алданғанша, бағадан алданған жақсы; ал мұнда кісінің ойын көре білу ерекше маңызды. Өмірді түсіну мен адамдарды тану - әртүрлі нәрселер. Мінездерді танып, көңіл-күйді аңғара білу - ұлы даналық. Адамдарды да кітапты оқығандай оқи алу қажет.

109. ДОСТАРДЫ ЕБІН ТАУЫП ПАЙДАЛАНУ. Мұнда да өзінің ерекшеліктері бар: достардың бірі алыстан, бірі жақыннан жақсы; онша әңгімелесе алмайтындары хат жазуға келгенде шеберлік танытады. Қашықтық жақын араласқанда шыдатпайтын кемшіліктерді байқатпайды. Достардан рахат қана емес, пайда да алуға тырыс. Достықта шын игіліктің үш сапасы болуы тиіс, атап айтқанда, бірлік, жақсылық, шынайылық; достан осының үшеуі де табылады. Нағыз достар сирек, ал оларды тандай білмейтіндерде шын достар одан да аз кездеседі. Дос тапқаннан оларды сақтау әлдеқайда қиын. Тұрақтыларды ізде: алғашқы таныстық, мүмкін, біртіндеп шын достыққа ұласады. Дегенмен де сынау үшін алынған мол тұзды бірге бөліскен достар ең жақсы достар екені анық.

110. АҚЫМАҚТАРҒА ТӨЗЕ БІЛУ. Оқымысты адамдар әдетте шыдамсыз; білімінді көбейте отырып, төзімінді азайтасың; ақылды жағынудан аулақ жүреді. Эпиктет* бойынша, өмірдегі аса маңызды ереже -шыдамдылық, ол: даналықтың жартысы шыдамдылықта, - деген. Иә, бар ақымақтыққа төзе білу үшін үлкен шыдамдылық керек! Кімге көбірек тәуелді болсаң, соған көбірек төзесің - мұнда өзіңе өзің ие болуға жаттығу өте маңызды. Шыдамдылық жердегі жоғарғы рахат - тыныштықтың кепілі. Ал өзіңде мұндай қасиет таппасаң, оңашалыққа көш. Осының өзіне өзіңе - өзің төзе білу қасиеті қажет.

*/*Эпиктет - римдік философ-стоик, бұл жерде оның «шыда және тартын» деген белгілі сөзіне сілтеме жасалған/.*

111. ӨЗ ҚҰШТАРЛЫҚТАРЫҢДЫ БІЛУ. Мүлтік-мінсіз адам да олардан кенде емес, қайта оларды мәпелеп, күтеді. Олар біздің ақылымызда аз емес және ақыл неғұрлым көп болса, соғұрлым жақсырақ байқалады. Себебі, біз оларды ұнатамыз. Дегенмен, ұсақ құштарлықтарға бой алдыру үлкен кемшілік. Олар жетілгендіктің, кемелдіктің реңін кетіретін дақтар сияқты, өзімізге қанша ұнамды болса, маңайдағыларға сонша сүйкімсіз. Олардан құтылып, өз қасиеттеріңді құтқарып қалу -игілікті іс. Әлсіздіктер бірден көзге түседі: сені енді мақтай бастаған біреу әлсіздігіңді байқаса, үнсіз қалады және қасиеттеріңе көлеңкесін түсіріп тұрған кемшіліктерді бетке басады.

112. КҮНШІЛДІК ПЕН АРАМ НИЕТТЕН БИІК ТҰРУ. Бүгінде жек көруден гөрі сыпайылықпен көбірек кек аласың. Жауы туралы жақсы сөз айтатын адам кез келген мақтаудан жоғары тұрады; қаһарман жалақордан өзінің айбыны мен ерлігі арқылы кек алады, осы қасиеттер күншілдікті де жеңіп шығады. Өйткені сенің әр қуанышың ашу-ызаның алқымын қыса түседі; саған жұмақ, қарсыласың үшін тозақ. Оған да сол керек, өзгенің тәттісінен өзіне у жасап несі бар. Күншіл бір рет емес, қарсыласы қанша мақталса, сонша рет өледі; басқаның даңқы жер жарып жатқанда, біреудің азабы арта түседі; алғашқы рахатқа батады, соңғы қайғыда болады. Даңқ кернейі біреуге өшпес ат сыйласа, біреуге күншілдік тұзағында тұншығуды жазады.

113. БАҚЫТСЫЗДЫ АЯЙМЫН ДЕП, ЖОЛЫ БОЛҒЫШТЫҢ ҚАҢАРЫНА ҰШЫРАМАУ. Біреулердің бақыты басқалардың бақытсыздығынан басталатын кез аз емес; біреулер жеңіліс таппайынша өзгелер жоғары көтерілмейді. Жолы болмайтындар әдетте аяушылық тудырады - осы бір қайырымдылықпен біз Тағдыр жазасының орнын толтырғандай боламыз. Тасы өрге домалап тұрғанда бәріне жек көрінішті болған адам бақытсыздыққа ұшырағанда барлығының аяушылығын тудыратыны тағы бар: шарықтағанда жек көрушілік құлдырағанда аяушылықпен ауысады. Бірақ көреген адам тағдырдың не жазатынын қадағалағаны жөн. Тек жолы болмайтындармен араласу, кеше атқа мінер

болғаны үшін ұнамсыз көрінгендермен жақындасу мінездің кеңпейілдігін көрсеткенмен, ақылдың парасатын білдірмейді.

114. СӨЗДІҢ АДАМЫ МЕН ІСТІҢ АДАМЫ. Өзіңнің нағыз достарыңды ажырата білген сияқты, оларды айыра білген де маңызды. Істе жақсы болып, сөзге шорқақ болған нашар; бірақ сөзге ұста болып, істе ебедейсіз болу одан да жаман. Бүгінде сөзбен тойдыра алмайсың, сөз -желмен бірдей; сыпайыгершілікпен де асырай алмайсың, сыпайы алдау құстарды айнамен шағылыстырып ұстаған сияқты. Тек даңғой ғана ауаға тойынады. Істердің кепілі ретінде ғана сөздердің бағасы болады. Шірік ағаш жапырақ жайғанмен жеміс бермейді, қайсысының пайдалы екені өзөзінен белгілі емес пе?

115.ӨЗІҢЕ ӨЗІҢ КӨМЕКТЕСУ. Қырсыққа ұшырағанда батыл жүректен артық жақсы жолдас жоқ, ал ол әлсірегенде оған бас көмектессін. Ерлік тағдыр соққыларын жеңіл көтереді, ал Тағдырдың жетегінде кету мүлде төзгісіз болады. Қиыншылық салмағын көтере алмасаң, оны ауырлата түсесің. Өзін білетін адам күші жетпеген жерде парасатын көмекке шақырады. Ақылды адам жазмышты да өз дегеніне көндіреді.

116. АҚЫМАҚТЫҚТАН ТУЫНДАЙТЫН РАҚЫМСЫЗДАР: Мен оларға менменшілдерді, даңғойларды, қырсықтарды, қыңырларды, маньяктарды, дарақыларды, бәлсінгіштерді, у тілділерді, өсекшілерді, даукестерді, көпшіліктен қол үзгендерді, қысқасы, шамасын білмейтін, тоқтамға келмейтіннің барлығын жатқызамын. Дененің көріксіздігінен жан кедейлігі ауыр, өйткені ол Жоғары Сұлулықтың әрін кетіреді. Бірақ адамдарды жаппай есуастықтан кім құтқарады! Парасат жоқ жерде ақылың аяқ астында қалады, кінәлағанға ұялу мен өкінудің орнына менмендік пен дандайсұмен жауап береді.

117. БІР СӘТСІЗДІК ЖҮЗ СӘТТІЛІККЕ ЖҮК БОЛАДЫ. Жарқырап тұрған күнге ешкім қарай алмайды, бірақ тұтылуы мұң екен бәрі көреді. Тобыр сенің сәттіліктеріңді санамайды, есесіне әрбір сәтсіздігіңді бірден байқайды. Жақсыларды мақтағаннан гөрі нашар адамдарды көбірек біледі, әрі қаттырақ жазғырады; көп адам қылмысқа барғанша белгісіздікте болады. Сенің бар сәттіліктерің болмашы қателікті түзеуге жетпейді. Сондықтан, елікпе, арам ниет сенен жақсылықты емес, тек жамандықты көреді.

118. АРҚА ТҰТАРЫҢ БОЛСЫН. Маңызды достар - маңызды істер үшін. Олардың үлкен тілектестігін ұсақ-түйекке айырбастама, босқа жұмсама - бұл қайырымдылықты ысырап етушілік болады: кемедегілер өте қажет кезде ғана қолданатын қасиетті якорьды үлкен қауіпке сақтайды. Ұсақ-түйекке көп жұмсасаң, үлкен істерге не қалады? Бүгінде қамқоршыдан керегірек ешкім жоқ: ол дүниедегі барды жасап, бұзады, тіпті дарын сыйлап, одан айырады; оның даналарға берген даңқы Тағдырдың қызғанышын туғызады. Сондықтан маңызды достарың болып, оларды сақтай білу ақшаң болғаннан артық.

119. БӘРІН ЖОҒАЛТҚАН АДАММЕН КЕРІСПЕ. Ұрыс тең болмайды. Қарсыласың ұрысқа жалтақтамай ұмтылады, өйткені оның жоғалтары жоқ, тіпті ұят та қалмаған, сондықтан ашына шабуылдайды. Ал сен жылдар бойы жинаған абыройыңды мұндай қауіпке салма, бір артық қимыл не бейпіл сөз оны айрандай төгеді. Бір тіл тигізу жетіп жатыр, сенің бар еңбегіңнен дәнеңе де қалмайды. Парасатты адам ұрысқа асықпайды, жоғалтары бар. Ол абыройын қадірлегендіктен қарсыласын бағалайды, дауға абайлап кіреді және жақсы атын сақтауға уақыт қалу үшін баяу қимылдайды. Ұрыста жеткен жеңісің оған киліккеннен туатын қырсықтардың орнын толтыра алмайды.

120. АДАМДАРМЕН АРАЛАСУДА ШЫНЫ СИЯҚТЫ МОРТ БОЛМАУ. Әсіресе - достықта. Кейбіреу іші қуыс болған соң да жеңіл шытынап шыға келеді; өзін өкпелеумен, өзгелерді ренішпен толтырады. Шыбық тимес, шыңқ етерлер болады; оларға әзілдеп те тиісе көрме. Мұндайлармен үш есе сақ бол, олардың әлсіз жері есте болсын, өркөкіректігін ая - абыройына түскен титтей сызат оларды құтыртып шыға келеді. Мұндайлар көбіне есерсоқ болады, өздерінің абыройы үшін бәріне дайын, олар тәкаппарлықтың құлы. Асыл тастардың ішінде алмас өзінің ұзаққа шыдайтынымен және беріктігімен құнды.

121. АЛДАҒЫҒА АСЫҚПАУ. Бәрінің өз уақыты бар және бәрі саған қуаныш сыйлайды. Бақыт тым қысқа болатындықтан да, көп адамдарға, өмір өте ұзаққа созылатын сияқты: қуанышты ерте қолдан шығарып алады, мейлінше сайрандамайды, соңынан қайтарып алғысы келгенмен, жете алмайды. Олар желіп бара жатқан уақытқа өздерінің асығыстығын қосады; өмір бойы қорыта алмайтынын бір күнде жұтуға дайын; қуаныштарды жылдар бұрын көргісі келеді, асығыс-үсігісте жүреді, және бәрін ысырап етеді. Тіпті білімде де мөлшерді білген дұрыс, білуге тұрмайтын білімдер бар. Өміріміз рахатқа толы сағаттардан әлдеқайда ұзаққа созылады. Асықпай рахатқа кенел, бірақ шабан қимылдама. Іс бітсе жақсы; қуаныш таусылса жаман.

122. ТИЯНАҚТЫ АДАМ. Мұндай адам жеңілтек адамдарды ұнатпайды. Жоғары қызметте тиянақтылық болмаса қырсық жолдас болды дей бер. Адам сияқты көрінетіннің бәрі - адам емес; орындалмас қиялдан бастап, сандырақтар тудыратын елес қуушы адамдар болады; соларға ұқсас, оларды қолдайтындар да бар; бұлар шындықтың дұрыс, бірақ аз пайдасынан гөрі жалғандықтың қате, есесіне қомақты түсімін артық көреді. Ақыр аяғында орынсыз тілектердің күлі көкке ұшады, өйткені адалдыққа негізделмеген. Тек шындық қана ізгі даңқ, тиянақтылық қана -пайда әкеледі. Бір алдау соңынан екіншісін ерте келеді, бірақ бар ғимарат орындалмас қиялдан, іргетасы ауадан қаланғандықтан, ол міндетті түрде күйреп құлайды. Қисынсыздық қартайғанша өмір сүрмейді; жомарт уәделер көп ұзамай күдік туғызады, ал дәлелдің көптігі шүбә келтіреді.

123. ӨЗІҢ БІЛУ НЕ БІЛЕТІНДЕРДІ ТЫҢДАУ. Өзіңнің не өзгенің ақылынсыз өмір сүре алмайсың; дегенмен көп адам өзінің білмейтінін білмейді, ал біреулер білмесе де білемін деп ойлайды. Ақымақтық дертінің жазылмайтын себебі, надандар өздеріне жетіспейтінді іздемейді. Біреулер ғалым болдым деп ойламағанда, ғалым болып шығар еді; өзіне риза олар даналық бастауын табу қиын екенін білгенмен табысқа масаттанып, ешкімді тыңдамайды. Кеңес сұраудан қысылма - бұл сенің кісілігіңді кішірейтіп, ақылыңа ұят келтірмейді: кеңесті тыңдай білу ақылдан хабар береді. Бәрін таразылап қана ақылға қонымды іс бітіресің.

124. АҒАЙЫНШЫЛДЫҚТАН ҚАШУ. Өзің де орынсыз арсалаңдама, басқаларға да жол берме. Ағайыншылық парасатты адамға тән артықшылықты, соңынан оған деген құрметті жояды. Шырақ алыстан жақсы көрінеді. Ғажайып қастерлеуді талап етеді, қатардағы көзге түспейді: неғұрлым көбірек көрсе, соғұрлым азырақ бағалайды; байқалмайтын кемшіліктер жақын араласқанда көрінеді. Ешкіммен жақын қатынаспа; бұл жоғары тұрғандармен қауіпті, төмендегілермен - ұнамсыз, әсіресе ақымақтықтан арсыз келетін тобыр өзіне көрсетілген қайырымдылықты болуы тиіс нәрсе ретінде қабылдайды. Қатынаста тым қарапайым болуға болмайды.

125. ЖҮРЕККЕ СЕНУ. Әсіресе тәжірибелі жүректің айтқанына тоқтай біл. Онымен айтыспа, маңызды істерде ол шындықты көре біледі: бұл үйдегі көріпкелің. Көпшіліктің түбіне өздері қауіптенген нәрсе жетті -қырсықтан сақтануға тырыспаса, қауіптенуден не пайда? Табиғаттың ерекше сыйы - аян беретін жүректер бар, ол әрқашан ескертеді, ал тар жол, тайғақ кешуде дабыл көтереді, құтқарар әрекетке асықтырады. Қырсыққа мойынсұнып көнуге болмайды, жоқ, оларды жеңіп шығу үшін күреске түсу керек.

126. ҰСТАМДЫЛЫҚ - МАҢЫЗДЫЛЫҚТЫҢ БЕЛГІСІ. Ашық көңіл жайылған карта сияқты. Үлкен құпиялар тереңде орналасады, өйткені онда бар құндылықтар сақталатын тұңғиықтар бар. Ұстамдылық өзіне-өзі ие болудан келеді, өз қызбалығыңды жеңу үлкен жеңіс. Сырынды кімге ашсаң, соған жан басылық төлейсің. Ішкі тыныштық парасатқа шипа. Тұйықтыққа мезі етушілік өш: ол шыдамнан шығару үшін ұстамдылықтың жынына тиіп бағады. Істеу керек нәрсе туралы айтып керегі жоқ; ал айту керек нәрсені істеп қажеті жоқ.

127. ҚАРСЫЛАСЫМДЫ ӨЗІМ БІЛЕМГЕ САЛЫНБАУ. Ақылсыз ешқашан ақылды ойлағандай іс жасамайды, өйткені ақымақ қалай істеуді түсінбейді. Зерек күткендегіден өзгеше қимылдайды. Сондықтан әрбір істі өзіңе тартпай, екі тұрғыдан қарастыру керек, екі жақ үшін талқылау қажет. Адамдардың шешімдері әртүрі; сендегі біреуге іш тартуды білмейтін әділдік безбені болуы тиіс нәрселерді ғана емес, сондай-ақ болуы мүмкін құбылыстарды да ескерсін.

128. ӨТІРІК АЙТПАУ ӘРІ БАР ШЫНДЫҚТЫ ЖАРИЯЛАМАУ. Шындыққа жеңіл қарауға болмайды, ол жүректен шығады. Шындықты айту мен ол туралы үндемей қалу біраз дағдыны қажет етеді. Адал адамға атын жоғалту үшін бір рет өтірік айту жеткілікті. Алданып қалғанды аңқау, алдаушыны оңбаған дейді, соңғы алдыңғыдан әлдеқайда жаман. Бар шындықты айтуға болмайды: бірін өзің үшін, бірін - өзге үшін жасыр.

129. БӘРІНДЕ ӨЖЕТТІК ҰШҚЫНЫ БОЛУ - парасаттың маңызды өсиеті. Адамдар туралы ұстамдылықпен ой түй, оларды тым жоғары қойма, қиялың жүректі қорқытып жүрмесін. Біреулер жақын танығанша Құдайдай көрінеді; жақын таныстық көбіне құрметтен гөрі түңілушілік туғызады. Әлі ешкім адамдықтың тар ауқымынан шыққан емес; әркімнің өз “бірағы” бар, біреудің дарыны ақсап жатады, біреудің мінезінен кемшілік табасың. Лауазым сыртқы абыройды ғана береді, оған жеке бастың қасиеті сирек ұштасады: тағдыр әдетте жоғары орын үшін жанның бишаралығымен өш алады. Біздің қиялымыз алға жүгіргенді, бәрін асыра суреттегенді ұнатады: бар нәрсені ғана емес, болуы мүмкін жайды да қамтып жатады. Демек, тәжірибелі ақыл түзету жасауы керек. Бірақ түсінбеушілік батылдыққа ие болып, ізгілік жасқаншақ болып жүрмесін. Егер өзіне сенушілік ақ көңілдікке көмектессе, оның сіңірген еңбек пен білімге қаншалықты жәрдемдесетіні айтпаса да түсінікті болады.

130. ҚАСАРЫСПАУ. Барлық ақымақтар - қыңырлар, барлық қыңырлар - ақымақтар және пікір неғұрлым дұрыс болса, қыңырлық соғұрлым күшті. Тіпті айқын жағдайдың өзінде жол беру артық етпейді, сенің туралығың онсыз да түсінікті, сыпайылығың мойындауға тұрады. Айтыста қасарысып жеңгенмен ештеңе ұтпайсың, сен шындықты емес, өзіңнің тәрбиесіздігіңді қорғайсың. Тоңмойындар болады, оларды бетінен қайтара алмайсың; ал қыңырлық есерсоқтықпен ұштасқанда, оларға міндетті түрде ақымақтық қосылады. Қайтпас қайсарлық пікірдің емес, еріктің белгісі болуы тиіс. Рас, ерекше жағдайлар бар: өзіңді құтқару керек болғанда, өзіңді айтыс пен істе екі рет жеңуге жол бермеу қажет болады.

131. БІР ҒАНА ТАЛАПТАНУМЕН ШЕКТЕЛМЕ: өйткені егер оның сәті келмесе, сенің істі жеңбегенің болады. Бір рет, әсіресе алғашқыда, қателесу жеңіл: адамның әрқашан жолы бола бермейді, әр нәрсенің өз уақыты бар. Сонымен, тағы бір талаптанып көр, егер мұның сәті түссе, алғашқы соңғының өтемі болады. Әрдайым жақсыға ұмтыл, дегеніңе жет. Кез келген іс көп жағдайға байланысты болады, табыс - жиі келмейтін бақыт.

132. ЕШТЕҢЕДЕН ҚАЙМЫҚПАЙ КЕМШІЛІКТЕРДІ КӨРЕ БІЛУ. Әділ көздерден ешқандай кемшілік таса қалмайды, ол алтынға оранып, мәуітіге малынып алса да білінбей қала алмайды. Қошемет көрсеткен адамы қанша жоғары болғанмен, жағымпаздықтың өзі мүсәпір күйде қалады. Кемшіліктерді ажарлап қоюға болады, бірақ олар ешкімге көрік бермейді. Бір мықты осындай да осындай істер жасапты дейді, бірақ олардың қалай

жасалғанына көңіл аударылмайды. Дегенмен, жоғары тұрғанның үлгісі дәлелді көрінетіні сонша, ол лайықсызды да тартымды етеді: жарамсақтық ұлылыққа бет-әлпетінің ұсқынсыздығы жағынан да еліктейді, бірақ ұлылыққа жарасатын нәрсенің мүсәпірде жиренішті көрінетінін ескермейді.

133. ҰНАМДЫНЫ ӨЗІҢ, ҰНАМСЫЗДЫ ӨЗГЕЛЕР АРҚЫЛЫ ЖАСАУ.

Бірінші сені сүйкімді етсе, екінші жек көру туғызбайды. Ізгі жандарға жақсылықты қабылдағаннан оны жасаған ұнамды, олар осыдан ләззат алады. Ұнамсыздықты істей отырып, біз оны не аяушылықтан, не ұялғандықтан өз басымыздан өткізбегенімізді, сирек болса да, сезінеміз. Жоғарғы себептердің әрекеттері мойындаушылық пен наразылықты қатар туғызады, олар жақсылықты тікелей, жамандықты жанама жасасын. Сонда наразылықтың жек көру мен жазғыру жебелеріне арналған нысана болады. Құтырған ит сияқты тобыр себептерді түсінбей жатып соған бас салады және басты кінә онда болмаса да, нысана соққыларды өзіне қабылдайды.

134. МАҚТАУҒА ТҰРАРЛЫҚТЫ АСЫРА МАҚТАУ.

Бұл жақсыға тәрбиеленген, оны бағалай білетін талғамның куәсі. Мінсізді көрген ғана оның мінсіз екенін айыра алады. Мұндай адам әңгімелесу мен еліктеуге тұратын нәрселерді ұсынады әрі бір мезгілде ұнамды мағлұматтардан хабардар етеді - бұл да отырғандардың абыройын көтерудің бір тәсілі. Басқалар, керісінше, тек кінәлауға бейім және отырғандарды мақтап, келмегендерді даттап отырады; мұндай жағынуға үстірт адамдар ғана мәз болады. Біреулер бүгінгі қарабайырларды кешегі шамшырақтардан әдейі жоғары қояды. Бірақ көреген кісі жылпостардың бұл әдісін бірден біледі, оны біреудің асыра мақталуы таңырқатпайды, өзін көкке көтергенге де немқұрайды қарайды, ол бұл адамдардың өзінің жауларына да ертең осындай қылық көрсететінін түсінеді, тек онда бәрі керісінше айтылады.

135. ӨЗГЕНІҢ ІСІ ТҮСУІН ПАЙДАЛАНУ.

Реті келген тұста бұл - кез келген істі ашатын ең жақсы кілт. Философтар мүддеге мән берген емес, ал саясатшылар оны құрметтейді және қалай пайдалануды біледі. Біреулер өз мақсатына жету үшін басқалардың ниеттерін өзіне баспалдақ етеді. Олар жағдайды мүлт жібермей пайдаланады. Олар салқын ұстамдылықтан гөрі, қызу ұмтылыстан көп үміт күтеді - ындынын құртқан нәрсе алыстаған сайын олардың тілегі қоза түседі. Ниетінді жүзеге асырғың келсе, өзіңе деген қажеттікті қолдап отыр.

136. БӘРІНІҢ ӨЗ ЖҰБАНЫШЫ БАР.

Мүсәпір, бейшаралар оны алданыш етеді. Жаманның да өз жақсысы болады, ақымақтар сәттілікті көңілге медеу тұтады - "бақыт ақымақтарға" деп текке айтпаған ғой. Құнсыз болсаң ұзақ өмір сүресің, сызаты бар ыдысқа тозу жоқ, әрі ол қарауға көріксіз де! Тәрізі, Тағдырдың өзі көрнекті адамдарды күндейтін сияқты, өйткені мүсәпірлерге ұзақ өмір, ұлыларға қысқа ғұмыр сыйлайды. Керек адамдар бұл өмірден тез кетеді, есесіне түкке тұрғысыздар ғасырды босқа өткізеді. Кейде бишараға бақыт пен өлім өзара сөз байласып, мұны ұмытып кеткен сияқты көрінеді.

137. ӘСІРЕ СЫПАЙЫҒЕРШІЛККЕ СЕНБЕУ. Бұл алдаудың бір түрі. Біреулер фессалия шөптерінсіз* де арбай біледі - ақымақтарды, менменшіл даңғойларды қалпақпен ұрып алады. Олар сенің абыройыңның бағасын өздері белгілеп, төлемін желдей ескен жарамсақ сөздермен төлейді. Бәрінен емексіту - құр дәметтіру; уәделер аңғалдарға арналған тор. Шын сыпайылық - борыш; жасанды, әсіре сыпайылық - алдамшылық, ол әдептіліктің емес, жеке бас ерекшелігінің қамын жейді. Жағымпаз саған емес, сенің жағдайыңа жағынады, қасиеттеріңе қошемет көрсете отырып, өзінің пайдасы туралы ойлайды.

*/*Ежелгі Грецияның бір облысы Фессалия өзінің бақсы-балгерлігімен аты шыққан/.*

138. БЕЙБІТШІЛДІҢ ӨМІРІ ҰЗАҚ. Тыныш өмірді қаласаң, өзгелердің өмір сүруіне кедергі жасама. Ынтымақшылдар өмір сүріп қана қоймайды, олар одан ләззат алады. Бәрін де көр, біл, есті, бірақ үндеме. Күнің даушарсыз өтсе, ұйқың тәтті болады. Ұзақ та қуанышты өмір сүру - бейбітшіліктің жемісі. Өзіне қатысты емеске мұрнын тықпайтын жан көп рахат көреді. Болмашыдан мәселе шығару - мағынасыздық. Сол сияқты, өзің үшін маңыздыға саусағыңды қимылдатпай, өзіңе елеусізге жан-тәніңмен қайғыру да ақымақтық.

139. ӨЗГЕНІҢ МҮДДЕСІН ЖАМЫЛЫП, ӨЗ ДЕГЕНІНЕ ҰМТЫЛАТЫНДАРДАН САҚТАНУ. Қулыққа көрегендікті қарсы қой. Олардан екі есе ақылды бол. Біреулер өз пайдасын өзгенің мүддесі сияқты көрсетеді; мұндай арам ниетті тани алмасаң, әр кез өз қолыңды күйдіріп, оттан басқаларға игілік әперіп отырасың.

140. ӨЗІҢ ТУРАЛЫ, ӨЗІҢНІҢ КҮШІҢ ЖӨНІНДЕ ТУРА ПІКІРДЕ БОЛУ. Әсіресе жастық шақта. Барлық адамдар өзі туралы жоғары пікірде болады, кісі неғұрлым ұсақ болса, өзін соғұрлым жоғары қояды: ғажайып бақыт туралы армандай отырып, өздерін табиғаттың кереметі көреді. Үміт көп дәметтіреді, өмір ешқайсысын орындамайды, сөйтіп менменшіл қиялдың шын өмірді түсінуі ауыр азапқа айналады. Мұндай адасуларда парасатың өзіңе серік болсын, жақсыны көксегеннің айыбы жоқ, бірақ тағдырды салқынқандылықпен қарсы алу үшін жамандыққа дайын бол. Шебер мерген көздей отырып сәл жоғары атады, бірақ тым жоғары да кетіп қалмайды. Іске кіріскен кезде өзің туралы пікірге мұндай түзету енгізу өте қажет, өзін дәріптеушілік тәжірибенің жоқтығынан абайламаушылыққа бейім келеді. Ақымақтықтың барлық түріне қарсы парасатты ақылдан артық шипалы дәрі жоқ. Әркім өз әрекетінің ауқымын анықтауы тиіс, сонда ол өзі туралы пікірді шындықпен үйлестіреді.

141. БАСҚАЛАРДЫ БАҒАЛАУ. Бір нәрсеге үйрете алмайтын адам жоқ, сол сияқты басқа шебер асып түспейтін шебер кездеспейді. Әркімнен пайдалы нәрсеге үйрену - өте маңызды дағды. Ақылды бәрін бағалайды, өйткені әркімнен жақсы нәрсе байқай біледі және жақсыны жасаудың қандай қиын

екенін түсінеді. Ақылсыз ешкімді бағаламайды, өйткені жақсыны көрмейді және тек нашарды байқайды.

142. ӨЗ ЖҰЛДЫЗЫН БІЛУ. Үлестен құр қалған бишараның да өз жұлдызы бар, оның бақытсыздық күйге түсуінің себебі оны білмейтіндігінен. Біреулерге - неге екені белгісіз - монархтар мен әміршілердің жанынан орын бұйырды, тағдырдың өзі оларға қайырымдылық жасады, ал енді оларға тек ыждағаттылық көрсетсе жетіп жатыр. Кейбіреу даналардың ықыласын аударды; біреуді бір ұлт басқаға қарағанда көбірек мойындайды, біреу бір қалада өзге қаламен салыстырғанда көбірек құрметке бөленеді. Кейде адамның бір істе басқа жұмысқа қарағанда көбірек жолы болады. Талайымыз тағдыр қолында; әркім өз жұлдызы мен болмысын білсін, осыған оның өзін құртатыны не атын шығаратыны байланысты. Жұлдызыңа сен және оған көмектес; өзіңнің Темірқазығыңнан ауытқып, көрші Кіші Аю жұлдызына кетіп қалудан сақтан.

143. АҚЫМАҚТАРМЕН БАЙЛАНЫСПАУ. Ақымақтарды тани білмейтін де ақымақ, ал оларды танығанмен жанынан кетпейтін одан да өткен ақымақ. Олар үстірт араласуда қауіпті болса, жақын қарым-қатынаста тіпті құртады. Әуелі оларды өздерінің қаупі мен маңайындағылардың қамқорлығы тежейді, бірақ соңынан не ақымақтық істейді, не аңдамай сөйлеп қояды. Өзі құрметке ие болмаған, оны басқаға жасай қоймас. Ақылсыздың ақымақтықтан да жолы болмайды - екеуі де жүкқыш келетіні есте болсын. Бір нәрсе ғана оларда нашар емес: ақылдылар олар үшін пайдасыз болса да, олардың өздері ақылдыларға бірқатар пайда әкеледі - не өмірді тануға көмектеседі, не ғибраттық сабақ болады.

144. ОРЫН АУЫСТЫРУДАН ҚОРЫҚПАУ. Бірдеңеге, әсіресе жоғарғыға қол жеткізгісі келгендердің жат елге кеткені жақсы деп есептейтін халықтар бар. Отан-ана кейде тіпті көрнекті адамдарға да өгей болады: онда бала кезінен таныс жанды күндеу жиі кездеседі; жерлестері оның жеткен жетістіктерінен гөрі кемшіліктерін қазбалағыш болады. Түйреуіштің де Ескіден Жаңа Дүниеге өтіп бағасы артты; осында ауысқан шыны да алмастан артық бағаланды. Өзгенікі құрметті: себебі не алыстан келеді, не дайын, өңделген күйде болады. Өзінің меңіреу түкпірінде жек көрінішті болған адамдардың жат елде жерлестерінің де, жат жерліктердің де құрметіне ілінгенін көргенбіз, алғашқылар алыста жүргендіктен, соңғылар жат жерлік болғандықтан сыйлайды. Қасиетті тұғырдағы ағаш мүсінді оны бұрынырақ орманда бөрене күйінде көрген қастерлемейді.

145. ӨЗІНЕ АРСЫЗДЫҚПЕН ЕМЕС; ПАРАСАТПЕН ЖОЛ САЛУ. Құрметке бөленудің дұрыс жолы - еңбек сіңіру, ал алғырлық айбынмен ұштасқан кезде бұл табысқа апарар ең төте жол. Адал болу ғана жеткіліксіз, бірақ жабысқақ болу ұят, онда сіңірген еңбегіңе кір келеді, ізгі атыңа дақ түседі. Оған істеген еңбек пен көзге түсу дағдысын қатар ұштастыру арқылы жетуге болады.

146. ӘРҚАШАН БІРНӘРСЕНІ ТІЛЕУ - бақытқа тойып, бақытсыз болмау үшін керек. Дене тыныс алады, көңіл аңсайды. Аңсағанның бәрі қолымызда болса, нағыз іш пысу сонда басталады: ақылдың өзіне, әуесқойлық тудыратын, оған белгісіз жайды сақтап қою керек. Үміт шабыт береді, зерігіп, жалығу - құртады. Тіпті марапаттай отырып, толық қанағаттандырма; қалайтын түк қалмаса, жамандық күте бер: бұл сорлы бақыттылық. Тілек біткен жерде қауіптену басталады.

147. АҚЫМАҚ КӨРІНЕТІНДЕРДІҢ БӘРІ ЖӘНЕ АҚЫМАҚ БОЛЫП КӨРІНБЕЙТІНДЕРДІҢ ЖАРТЫСЫ АҚЫМАҚ. Дүниені ақылсыздық жаулап алды, ал егер жерде даналық түйірін кездестіргеннің өзінде, ол ғарыш даналығының жанында есалаңдық. Өзін ақылдыға, басқаларды ақымаққа жатқызатын нағыз топастың өзі. Дана болу үшін ақылды болып көріну жеткіліксіз; өзінің білмейтінін түсінген - біледі; басқалардың түсінетінін ұқпайтын - түсінбейді. Дүние ақымақтарға толы, бірақ ешкім өзін ақымақ санамайды.

148. СӨЗДЕР МЕН ІСТЕР МҮЛТІКСІЗ АДАМДЫ ҚАЛЫПТАСТЫРАДЫ. Сенің сөздерің ізгілікпен, істерің абыроймен толықсын: алғашқысы кемел ақылды, соңғысы биік рухты білдіреді; екеуі де өр көңілден шығады. Сөздер - әрекеттің көлеңкесі ғана; сөздер - әйелге, істер - еркекке тән. Сен мақтағаннан сені мақтаған лайықтырақ: айту жеңіл - істеу қиын. Іс-әрекет - өмірдің мәні, ол сөздер - оның сәні; биік істер қалады, биік сөздер ұмытылады. Іс-әрекет - саналы ықыластың жемісі, біреулер - ақылды, біреулер - әрекетшіл.

149. ЗАМАНЫҢҢЫҢ ИГІ ЖАҚСЫЛАРЫН БІЛУ. Олар көп те емес; бүкіл дүниеде бір феникс, бір ұлы қолбасшы, бір орақ тілді шешен, бір данышпан ғасырда бір рет туады, ал абырой-атаққа лайық монарх одан да сирек. Қарабайырлықты табу жеңіл, бағалау да қиын емес; ұлылық - сирек, өйткені ол мінсіздіктің үлгісі; ал дәреже неғұрлым жоғары болса, оған көтерілетін шың соғұрлым биік болмақ. Көп адам Цезарь мен Александрдың “ұлы” атағын пайдаланды, бірақ әрекетсіз атақ - құр дыбыс. Сенекалар аз кездеседі, ал жұрт пікірі Апеллестың ғана атын шығарды.

150. ЖЕҢІЛ ІСТІ ҚИЫН, АЛ ҚИЫН ІСТІ ЖЕҢІЛ СИЯҚТЫ ҚОЛҒА АЛУ. Бірінші жағдайда, сенімділік алаңсыздыққа ауыспайды; екінші жағдайда сенімсіздік тартыншақтық тудырмайды. Іс бітірмеудің басты себебі - оны күнібұрын бітті деп есептеу. Керісінше, ынта-ықылас мүмкін еместі мүмкін етеді. Ұлы бастамаларды тіпті ойластырып керегі жоқ деген Юлий Цезарьдың ережесіне сәйкес іске кіріскен жөн, әйтпесе қиындықты байқап жүрегің шайлығады.

151. ҚАРА НИЕТ БАРЛЫҚ ЖЕРДЕ КЕЗДЕСЕТІНІ ЕСТЕ БОЛСЫН, оны тіпті ежелгі Грецияда жоғары мәдениетімен даңққа бөленген Коринфтің өзінде, атақты жанұядан да табасың. Әркім мұны тіпті өз үйінде сезінеді. Бірақ жай тобыр бар да, қара тобыр бар. Қара тобырда жай

тобырдың қасиеттері кездеседі (айнаның сынығы сияқты), бірақ ол одан да қаскүнем; оның пікірлері тұрпайы, талқылауы арсыз келеді; ал надандықтың ынталы оқушысы, ақымақтың қамқоршысы, жаланың серігі. Оның сөздерін тыңдама, әсіресе сезімдеріне берілме. Одан босау үшін оны білу керек: өйткені кез келген надандық тобырдан келеді, ал тобыр надандардан тұрады.

152. ҰСТАМДЫ БОЛ. кез келген жағдайда кездейсоқтықтан жоғары тұр. Қызбалық екпіні парасат үшін тайғанақ жар, жығылып жүрме. Бір сәттік ашу не қуаныш салқынқандылық сағаттарына қарағанда әріге әкетеді; сәтке ерік берсең соңына қынжылып жүресің. Қаскүнемнің арам ойы ниетті байқау үшін парасатты осылай азғырады; сөйтіп көңіл кілтімен сырынды ашып, ең құнды қазынаңды ұрлап әкетеді. Ұстамдылықпен қорған, әсіресе тұтқиылдан, кенет болатыннан сақтан. Қызбалығың ауыздығымен алыспас үшін үлкен табандылық керек; ат үстінде де парасатын жоғалтпайтынға баға жетпейді. Қауіпті білетін абайлап қозғалады. Сөз айтқан адамға жеңіл, тиген кісісіне ауыр.

153. АҚЫМАҚТАРДЫҢ СЫРҚАТЫМЕН АУЫРМАУ. Даналар көбіне көп парасаттың жетіспеуінен, ал ақымақтар, керісінше, ақылдың тасуынан азап шегеді. Ақымақ тым білгішсінуден өледі. Біреулер қайғырғаннан бақилық болады, біреулер қайғырмайтындықтан жер басып жүр. Сонымен, біреулер қайғыдан өлмейтіндіктен ақымақ, біреулер қайғыдан өлетіндіктен ақымақ. Тасыған ақылы түбіне жететін адам да - ақымақ. Демек, біреулер бұрыс түсініктен өлсе, біреулер түсінбестіктің арқасында тірі жүр. Дегенмен, көп адам ақымақтар сияқты өледі, өлген ақымақтар аз.

154. ЖАҢСАҚ ПІКІРДЕН ҚҰТЫЛУ. Бұл ерекше дұрыс ойлаушылықты қажет етеді. Жаңсақ пікірлер өте тұрақты, терең тамыр жайған; әдеттен тыс адасуларға бой алдырмаған көптеген адамдар үйреншікті адасудан қашып құтыла алмайды. Жаңсақтық, мысалы, әркім өзінің жақсы тағдырына көңілі толмаса да, өзінің қарабайыр ақылына риза. Өз тағдырына наразылар өзгенің бақытын күндейді. Бүгінгі адамдар әрқашан кешегі күнді мақтайды, бір елдің тұрғындары өзге халықтың игілігін көксейді. Өткен шақ әрдайым жарқын; не алыс болса, сол қалаулы. Бәрін мазақ ететін адам мен бәрінен қынжылатын кісінің екеуі де ақылсыз.

155. ШЫНДЫҚТЫ ЕБІН ТАУЫП ПАЙДАЛАНУ. Шындық қауіпті, бірақ абырой іздеген адам оны айтпай тұра алмайды: мұның да өз өнері бар. Сөйтіп, жанды шебер емдеушілер бұған да амал тауып, шындықты тәттірек етті, өйткені шындық біздің көзімізді ашқанда, одан ащы нәрсе болмайды. Сыпайыгершілік мұнда өз әдістерін қолданады: бір шындық біреуге ұнаса, біреуге жақпайды. Бүгінгі адамдармен сұхбатта ежелгі адамдар туралы әңгіме шерт. Зерделіге ишарат та жетеді, ал ишара қонбаса үндемеген абзал. Өміршілерді ащы дәрімен емдеуге болмайды, сондықтан оны тәттірек ету өнеріне жүгінген жөн.

156. ОЙЫНДА ЕКІНШІ АРАМ НИЕТІ БАРДАН САҚТАНУ. Айлакер басқаны жайбарақат ұстағанды ұнатады; қауіптенбеуге сендіре отырып, ол жеңіп шығады. Мұндай адам өзінің басты ниетін жасырып, елеусіз, екінші ниетін көрсетеді, ал іс жүзінде алғашқыны жүзеге асырып, алаңсыз жауына соққы береді. Сондықтан, біреудің ниеті сергек жүрген жерде басқаның қырағылығы қалғымасын, ал құпия ниет торуылға шегінген кезде көрегендік барлауға шықсын. Абайлаушылық зұлымдықтың қылықтарын көре біліп, оның өз мақсатының маңында торуылдап жүргенін байқасын. Мұндайдың сөзі мен ойы бөлек болады; естен жаңылдырып барып, көздеген жерге соғады. Оның өзінен неден басым екеніне қара, ал кейде оны жақсы түсінетінін көрсеткен орынды.

157. ОЙДЫ АЙҚЫН БАЯНДАУ. Мәселе ойды түсінікті жеткізе білуде болып отыр. Кейбіреу ойындағы нәрсесін айта алмайды, өйткені жанның бала-шағасы - ойлар мен пікірлер - анықтық болмаған кезде сыртқа шыға алмайды. Кейбір адамдар өзіне көп сыйдырып, аздан шығаратын ыдысқа ұқсайды; керісінше, сезінгенінен гөрі көп жеткізетін кісілер бар. Ерік үшін батылдық қанша керек болса, ақылға анықтық сонша қажет, екеуі де үлкен қасиет. Түсінікті ақыл бәріне ұнамды, бұлдыр ой өзінің түсініксіздігі үшін бұрындары құрметтелетін; мүмкін, өрескелдікті болдырмас үшін аздап көмескілік те керек шығар. Бірақ тыңдаушы пікір білдірмесе, айтқан ойды жетті деу қиын.

158. ДОСТЫҚТЫҢ ДА, ЖАУЛЫҚТЫҢ ДА ҰЗАҚҚА СОЗЫЛАТЫНЫНА СЕНІП ҚАЛМАУ. Бүгінгі досыңа ертеңгі жауың ретінде қара; өмірде бәрі болады, сондықтан мұны күні-бұрын ескер. Әсіресе, бұрын достықта болғандардың шабуылы қатты болады. Жауларыңа, керісінше, татулық есігін әрқашан ашық ұста, мұндай есік сыпайылық болсын, ол бәрінен сенімдірек. Кейде қайтарылған кектен соң кешігіп жеткен ойлар бізді қинайтыны бар; сонда жауыңа зиян келтіргеннің қуанышы қайғыға айналады.

159. ҚИҚАРЛЫҚПЕН ЕМЕС, ПАРАСАТПЕН ҚИМЫЛДАУ. Қасару - көргенсіздік, ол ешқашан тәуір жағына жүрмейді. Кейбіреу өмірдің бар мәнін төбелестен көреді; олар араласудың қарақшылары, кез келген істі ұрыспен алады, өйткені бейбіт дағды жоқ. Мұндай адамдар билікке қолы жетсе көп зиян тигізеді, жақтастарын қарақшыларға айналдырады; бауырласуға болатын адамды дұшпан етеді; бәрінде қулық-сұмдықты басшылыққа алады, мақсатына жауыздықпен жетеді; олардың бұзық қылықтары ашылуы мұң екен, бәрі оларға шүйіледі, сонда олардың арам ойларына тосқауыл қойылады, оларға ештеңенің сәті түспейді, әр қадам сайын жәбір-жапа шегеді, бәрі оларға қарсы. Мұндай адамдардың миы кіресілі-шығасылы, жүрегі де орнында тұрмайды. Мұндай мырзалармен қатар өмір сүргеннен, безіп кеткен артық, олардың рақымсыздығынан гөрі, жабайылардың тағылығына төзу жеңілірек.

160. ҚУ АДАМ РЕТІНДЕ БЕЛГІЛІ БОЛМАУ. Қулықсыз өмір сүре алмасаң да, одан тартын. Одан да абайлағыш атың болсын. Адалдықты бәрі ұнатады, бірақ ол әркімге сырт қарағанға керек. Сырттай ақ көңіл бол, бірақ аңқау болма, қырағы бол, бірақ қу болма. Сенен екіжүзді ретінде қауіптенгеннен, сені парасатты адам ретінде қадірлеген жақсы. Адалдарды жақсы көргенмен, оларды алдайды. Ұлы қулық - қулығыңды байқатпау, өйткені оны өтірікке теңейді. Алтын ғасырда әділдік басым болса, біздің заманымызда жәдігөйлік салтанат кұруда. Парасаттылық аты құрметті әрі оған сенім білдіреді, жалпостық ат күмәнді және одан қауіптенеді.

161. ҰРЫСҚАҚ БОЛМА - өзіңді де масқара етпейсің, өзгені де ашуландырмайсың. Сыпайылық күзетінің өзінің кедергі тастары бар, басқаға тигізген зиянды өзің де көресің және бұл ақымақтық ретінде бағаланады. Тасқа сүрініп кету жеңіл, бірақ соңынан ауырсынасың. Сыпайыгершілік күзетшілерінің күні ұрыс-керіссіз өтпейді, олардың мінезі қазымыр келеді, бар нәрсеге кесе көлденең тұрады; тәрізі, есі ауғандықтан да үнемі жақтырмайтын болар. Әсіресе, парасатты, өздері түк бітірмей, бәрін жазғырып отыратындар күштірек қорлайды - есуастықтың кең-байтақ патшалығында арсыздықтың неше түрі кездеседі.

162. ТЫМ КӨЗГЕ ТҮСПЕУ. Қылымсудан ба әлде түсінбестіктен бе, кейбіреу дарақылыққа жететін оғаштықтарымен ерекшеленеді, бұл көзге түсу емес, әдепсіздік. Өзінің ұсқынсыз әлпетімен аты шыққан кейбіреу сияқты, бұлар мінезінің делқұлылығымен белгілі болады. Осылай көзге түсу масқаралыққа ұшыратады, ерсі дарақылық біреудің күлкісін келтірсе, біреудің ашуына тиеді.

168. ӨМІР НӘРСЕНІ ТЕРІС ЖАҒЫМЕН ҰСЫНСА, СЕН ОҢ ЖАҒЫМЕН АЛ: бар нәрсенің оң және теріс жақтары болады. Қылышты жүзінен ұстасаң - жарақаттайды, сабынан алсаң қорғайды. Реніш туғызатын нәрсені анықтап қарасаң, оның қуантатынын да байқайсың. Әр істің өз тиімділігі мен тиімсіздігі бар; өмір сүру өнері пайдалы жақты таба білуден тұрады. Әр тұрғыдан қараған зат әртүрлі көрінеді - бәріне қуанышты тұрғыдан қара. Бірақ қуанышта да, қайғыда да тізгінді қолдан шығарма. Мұндай дағдысы жоқ адам не бәріне мәз болады, не бәріне мұңаяды. Бұл игі өмірдің дана ережесі - әрбір істе, кез келген уақытта тағдыр тұрақсыздығынан сенімді қорғайды.

164. ӨЗІНІҢ НЕГІЗГІ КЕМШІЛІГІН БІЛУ. Басты қасиетіне кереғар кемшілігі болмайтын адам жоқ және осыған бейімділік себеп болатын болса, бұл кемшілік тирандық билікке ие болады. Өзіңді қырағылыққа шақыра отырып, оған соғыс аш және оны әшкерелеу сенің алғашқы қадамың болсын, өйткені оны танып қана жеңіске жетесің; әсіресе өзің де ол туралы маңайындағылардың пікірін ұстансаң теріс болмайды. Өзіңе билік ету - өзіңмен күресу. Басты кемшілігіңді жеңе алсаң, басқаларынан арылу қиын болмайды.

165. МІНДЕТТЕУ. Көпшіліктің сөздері мен істерін олардың болмысы емес, олармен қатынасу туғызады. Ақымақтыққа әркім-ақ сендіре алады, өйткені оған оңай сенеді. Өзіміздегі бардың ең жақсысы басқалардың пікіріне байланысты. Біреулер шындықтың өз жағында екенін қанағат тұтады, бірақ бұл аздық етеді, шындыққа мүмкіндігінше көмектесу керек. Біреуді міндеттеу онша қиын емес, есесіне көп пайда әкелуі мүмкін: сөздерге істер сатып алынады. Біздің дүние сияқты үлкен үйде мүлде керексіз, түкке тұрғысыз бұйым болмайды. Әркім өзі әуес нәрсе туралы айтады.

166. ӨСЕК-АЯҢҒА САЛЫНБАУ. Ғайбаттау жақсы атақ әпермейді. Біреуді біраз жерге жеткізіп тастау қиын емес, бірақ соңы жақсы болмайды. Сенен өш ала бастайды, сен туралы да жаман сөздер тарайды; сен жалғызсың, жауларың көп - олар сені тезірек жеңеді. Адамдардан ақымақтық көрсең қуанба әрі талқылама. Өсекші ешкімге ұнаған емес, рас, кейде маңызды кісілер оны бауырға тартады, бірақ бұл оның ақылын құрметтегеннен емес, оның келемеждеуін тыңдап, рахаттану үшін жасалады. Не айтсаң, соны естисің.

167. ӨЗ ӨМІРІН АҚЫЛМЕН ҰЙЫМДАСТЫРУ пайда мен рахатты қатар ұштастыру үшін керек. Демалыссыз өмір қонақ үйсіз ұзақ саяхат сияқты ауыр тиеді; танымды алуан түрлі ету оны қызықты етеді. Ізгі өмір жолындағы алғашқы дамылдауды өлілермен тілдесуге арна: біз білім мен өзімізді тану үшін туыламыз, ал кітаптар адал қызмет ете отырып, адамды адам етеді. Екінші дамылдауды тірілермен өткіз: дүниедегі бар жақсыны көр, байқа. Бар жақсы тек бір елде болмайды: біздің ортақ әкеміз жасауды түрлі жерлерге бөліп берген, сөйтіп жарымес бойжеткен бәрінен бай болып шығуы мүмкін. Үшінші тыныс алуды толығымен өзіңе арна; жоғары рахат - ойланып, пайымдауда.

168. ЕШҚАШАН БІТПЕГЕН ІСТІ КӨРСЕТПЕ - біткен соң тамашаласын. Істің басталуы үйлесімсіз болады, сөйтіп оның келіссіз түрі ойда қалып қояды; оның үлгісі кейін аяқталған істен ләззат алуға кедергі жасайды. Тұтас бұйымнан рахаттану оның бөліктері туралы пікірді қиындатса да, ол өз бетінше талғамды көтереді. Нәрсе өз көркіне енбес бұрын, сиықсыз күйде болады. Дәмді тағамның қалай дайындалатынын көру тәбетті тарттырмайды, қайта жүректі айнытады. Тамаша шебер өз шығармаларын шикі кезінде көрсетпегені дұрыс: табиғат та өз туындыларын кемеліне жеткізіп барып жарыққа шығарады.

169. АЗДАП ІСКЕР ДЕ БОЛУ. Тек ойлану ғана жеткіліксіз, әрекет етуге тура келеді. Өте оқымыстыларды алдау жеңіл - олар әдеттен тыс нәрселерді білсе де, өмірдегі ең үйреншікті, қажеттіні білмейді. Мәнді нәрселерді пайымдау оларға күнделіктіге уақыт қалдырмайды да, былайғылар жаңғақша шағатынды онша біле бермейді, бұл үстірт тобырдың таңдануын туғызады не тіпті оларға надандық болып көрінеді. Сондықтан оқымысты адам өзін алдамайтындай, мазақ етпейтіндей шамада іскер болғаны жөн; өмірдегі мәнді

нәрсе болмағанмен, құнттылық та өте қажет. Өміршең емес білімнен не пайда? Біздің кезімізде өмірді білу - нағыз білімнің өзі.

170. ҰНАМДЫ КӨРІНЕМІН ДЕП ЖАҢСАҚ БАСПА -сүйсінушіліктің орнына реніш туғызасың. Біреулер баурап аламын деп, адамның жынына тиеді, өйткені адамгершілікті білмейді. Біреуге жағатын біреуге жақпайды сөйтіп, қызмет еткісі келгендер қынжылу туғызады. Наразылық туғызған соң алғыс та, сияпат та күтпе, өйткені қажет жолдан тайқыдың. Мақтаймын деп, даттап қою арқылы сазайын алатындар да бар. Біреу шешендігімен таңырқатпақ болып, тыңдаған жұртты өзінің мылжыңдығымен титықтатыпты.

171. ӨЗГЕНІҢ АБЫРОЙЫ СЕНІҢ АТАҒЫҢНЫҢ КЕПІЛ БОЛСЫН. Пайда айқын жаққа өзің ғана бар, бұлдыр болса - серіктеріңді ерт. Абыройдың ісінде одақтастарың болсын, сонда әркім өзінің жақсы аты үшін өзгенің абыройын сақтайды. Мүмкін болса, тәуекел етпе, ал мәжбүр болсаң, сақтықтың орнына ішкі есеп келсін. Бүгінгі қатысушы ертең тайқып кетпес үшін, іс өзара маңызды және тәуекел ортақ болсын.

172. ӨТІНЕ БІЛУ: біреулерге бұдан жеңілі, біреулерге одан ауыры жоқ. Бас тартуды білмейтін адамдар кездеседі - мұндайларға амалдап та қажеті жоқ. Сондай-ақ кез келген уақытта бірінші сөзі жоқтан басталатын адамдар болады - мұндайларға машық, ысылғандық керек. Ал бәріне бірдей жарайтын амал - дер кезінде келу - адам көңілі көктем, жаны жаз кезде оңай көнеді. Егер сенің көзіңше біреуге бас шайқаса, өтінішпен келуге асықпа - екінші рет “жоқ” деу жеңіл. Көңілсіз уақыт та сәттілікке кепілдік бермейді. Күнібұрын қарыздар етіп қою жақсы, жақсылыққа жақсылық қайтармау ұждансыздық болар еді.

173. СОҢЫНАН МАРАПАТ СΙΑҚТЫ КӨРІНЕТІНДІ ҚЫЗМЕТ РЕТІНДЕ КҮНІБҰРЫН КӨРСЕТУ. Шебер саясатшылардың әдісі. Сіңірген еңбекке дейін қайырымдылық жасау ризашылықты білдіреді. Мұндай алдын ала жасалатын жақсылықтың екі артықшылығы бар - марапаттаушының шапшаңдығы алушыны міндеттейді. Көрсетілген қызметтен кейін берілген сый - борышты қайтару болса, оған дейінгі - қарыздар етеді. Борыштың ауысуының нәзік тәсілі - жоғарыда тұрғанның марапаттау міндеттемесі ризашылығын білдіруі тиіс төмендегіге көшеді. Мұндай араласу борышты білетін адамдарға ғана жарайды, ал оңбағандар үшін күнібұрын төлеу тебінгіден гөрі тізгін болады.

174. ЖОҒАРЫДА ТҰРҒАНДАРДЫҢ ҚҰПИЯСЫН БІЛУГЕ ТЫРЫСПАУ. Талай сырлас, сенімді адамдар осыны ескермегендіктен құрыды. Егер әмірші саған өз құпиясын ашса, бұған масаттанба, сақтан. Олардың көбі кейін өз жауыздықтарын білетін адамды жек көреді. Біреудің, әсіресе қасында билігі бардың өзіңе тым тәуелді болуынан қорық. Араларыңды олардың саған көрсеткен игі ниеті емес, сенің оларға жасаған қызметің жалғастырып тұрсын. Әсіресе достық ашық ауыздылық қауіпті:

өзгеге құпиянды айтқан соң, оның құлына айналасың. Мырза үшін бұл заңдылықтан тыс нәрсе және ұзаққа созылмайды. Ол жоғалтқан еркіндігін қайтаруды көксейді, ол үшін бәрін, оның ішінде әділдікті де таптауға дайын. Сонымен, құпияларды тыңдама және өзің де айтпа.

175. ӨЗІНЕ НЕ ЖЕТПЕЙТІНІН БІЛУ. Көп адам қайсыбір қасиеттері болмағанда, қазіргі жағдайынан биік тұрар еді. Біреулер елеусіз кемшілігінен арылып, көп нәрсеге қол жеткізер еді. Біреуге байыптылық жетпегендіктен жақсы қабілеттері солғын тартады; біреу қатынасып-араласуда жұмсақтық танытпайды, бұл бала-шаға бірден байқайтын кемшілік. Анаған батылдық, мынаған ұстамдылық керек. Өзін тани білген адамға осы барлық кемшіліктерден арылу қиынға түспейді - ынта-ықылас әдетті екінші болмысқа айналдырады.

176. ТЫМ АҚЫЛДЫ БОЛМА - одан да парасатты болған жақсы. Қажетіден көп білсең, нәзік талғаммен көзге түсесің, ал нәзіктік алдымен үзіледі, көпшілік мақұлдаған сенімдірек. Көп білетін адам болған жақсы, бірақ тақуа болудың қажеті жоқ. Көп ой жүгіртсең дау-шарға тезірек ілінесің. Қажетіден артық ойлап жатпайтын іскерлік дұрыс ойлаушылықтан пайдалырақ.

177. МАЗАҚ ЕТКЕНГЕ ШЫДА, БІРАҚ ӨЗІҢ КЕЛЕКЕ ЕТПЕ. Алғашқысы - сыпайылық, соңғысы - сотқарлық. Бәрі күліп жатқанда ашулану - есек мінездің белгісі. Орынды әзіл ұнамды, ал кімнің қандай қалжыңға шыдауы оның төзе білу қабілетіне байланысты. Кім тілмен шағып алғаннан ыршып түссе, тағы шағып алуға сылтау береді. Ең дұрысы - мән бермеу. Өте маңызды істер әзілден туындауы жиі кездеседі, әзіл елеулі дағды мен парасатты қажет етеді. Әзілің жарасса атаңмен ойна деген, бірақ әзілмен қағытқың келген адамның шыдам шегін де білген жөн.

178. МАҚСАТҚА ТАБАНДЫЛЫҚПЕН ЖЫЛЖУ. Кейбіреу бар күшін істің басталуына жібереді де ештеңені аяғына дейін жеткізбейді; бастауын бастайды, бірақ жалғастырмайды; олардың мінезінде тұрақтылық аз. Олар қошемет көрмейді, өйткені жарты жолдан қайтады. Испандықтардың кемшілігі - шыдамсыз, бельгиялықтардың артықшылығы - шыдамды. Бельгиялықтар істі аяғына дейін жеткізеді, испандықтар істі соңына қарай бүлдіреді, олар жеңіп шыққанша тырысып бағады, бірақ қол жеткен жеңісін пайдалана алмайды, істей алатындарын, бірақ қаламайтындарын көрсетеді. Бұл қабілетсіздік не ұшқарылық болсын - бәрібір кемшілік. Іс жақсы болса, неге бітірмеске? Нашар екен бастап несі бар? Ақылды жан бар күшін құсты жерден көтеруге емес, оны атып құлатуға жұмсайды.

179. РИЗАШЫЛЫҚҚА МІНДЕТТЕУ ӨНЕРІ. Кейбіреу жақсылықты қабылдай отырып, оны жасағандай болады; ізгілікті сен емес, ол істегендей күйде қаласың. Өзінің өтінішімен өзгеге абырой әперетін, өз пайдасын жарылқаушысының құрметіне айналдыратын асқан шебер адамдар бар. Істі сұңғылалықпен шыр көбелек айналдыратыны сонша, қайырымдылықты олар

емес, сен көргендей боласың. Осындай ерекше саясатпен олар міндеттемелердің ретін өзгертеді - кім кімді жарылқап жатқанын білмейсің. Әлдеқайда елеулі нәрсенің құнын сөзбен төлейді; олардың рахатын өзіңе абырой көресің; сыпайылықты кепілдік ретінде береді және олар саған риза болу керек жерде, сен оларға қарыздар болып шығасың. Міне қандай саясат! Бұл үлкен өнер, бірақ сұңғыла адам алдауды танып, айырбасқа жүгінеді: құрметтеуді қадірлеумен қайтарады. Сонда әркім өз қалпында қалады.

180. КЕЙДЕ БАРЛЫҒЫ СИЯҚТЫ ЕМЕС, ӨЗІНШЕ ОЙ ТҮЙ: бұл ақылды көрсетеді. Өзіңе ешқашан қарсы болмайтынды бағалама, бұл оның саған деген сүйіспеншілігін емес, оның өзіне ғашықтығын білдіреді; өзінді алдауға жол берме. Басқалардың сен туралы күңкілдеуін жақсылыққа жоры. Өзің істегеннің бәрі өзгелерге ұнайтын болса, қапалан - істеріңнің нашар екенінің белгісі. Мүлтіксіз кемелдікті таңдаулылар ғана түсінеді.

181. МЕЗГІЛІНЕН БҰРЫН АҚТАЛМАУ. Уақыты келгеннің өзінде, тым ақталу - қылмысты мойындау. Күнібұрын кешірім сұрау - өзінді айыптау. Сау кезінде өзіңнен қан шығарсаң дерттен де, жауыңнан да кенде болмайсың. Өзіңнің әділдігіңді алдын ала дәлелдей отырып, қалғыған күдікті оятасың. Есті адам күдік туғызатындай түр көрсетпейді; ол оны өзінің мүлтіксіз қимылдарымен жоюға тырысады.

182. СОҢҒЫ ӘСЕРГЕ БЕРІЛМЕУ. Соңғы әсердің адамдары болады. Мұндай адамдардың тілектері мен пікірлері балауыз сияқты: соңғысы алдындағысын ығыстырып отырады. Оларда ешқашан тұрақтылық болмайды: алғашқы кездескен өз түсіне бояйды. Өмір бойы бала болып өтетін олар сырластыққа жарамайды. Пікірлері мен құштарлықтарын өзгерте отырып, олар әрқашан қобалжуда болады, еркі мен ақылы бір анда, бір мында ауытқып отырады.

183. ӨМІРДІ АЯҚТАУ КЕРЕК НӘРСЕМЕН ӨМІРДІ БАСТАМАУ. Біреу шаруаны соңына қалдырып, жолдың басында демалуға жайғасады. Жоқ, алдымен шаруанды бітір, ал уақыт қалса жанама іспен айналыс. Кейбіреу шайқасқа дейін жеңіске жеткісі келеді. Құрметті және пайдалы білімді өмірінің соңына қалдырып, оқуды онша маңызды еместен бастайтын да адамдар бар. Ақтық демі жақындағанда дүние жинауға кірісетін кісілер кездеседі. Оқудағы сияқты, өмірде де әдіс маңызды.

184. ТЕК ӨЗІНЕ ЖӘНЕ ТЕК БАСҚАҒА ҚЫЗМЕТ ЕТПЕУ: екеуі де зорлық. Тек өзі үшін өмір сүргісі келген адам соңынан бәрін тек өзіне жинағысы келеді. Мұндай арзан адам оңайлықпен жол бермейді, болмашы жайлылықтан өз еркімен кетпейді; ол өзгеге қызмет етпейді, тек өз тағдырына үміттенеді, ал бұл тірек сәтсіз болып шығады. Кей уақытта басқалардың ықыласын аудару үшін, өзің де оларға ыждағаттық көрсеткен пайдалы, ал қызметің қоғамдық болса, жұрттың құлы бол немесе ауыртпалықтан қашсаң шеннен де бас тарт. Сонда-ақ өзін басқаларға

толығымен арнайтын адамдар бар, бұл да ақымақтықтың бір түрі: мұндайлардың бар уақыты өзгелерге тиесілі; оларды “ортақ дос” деп атайды; сөйтіп, бұлар бәріне іскерлік кеңес бергенмен, өзіне ештеңе арнамайды. Есті адам өзін басқалардың ол үшін емес, өзі үшін, одан не ол арқылы түсетін пайдаға бола іздейтінін біледі.

185. ӨЗІН ӨЗГЕНІҢ ТҮСІНІГІНЕ ДЕЙІН ТӨМЕНДЕТПЕУ. Түсінікті нәрсені көпшілік бағаламайды, түсініксізді құрметтейді. Қымбат тұратын қадірлі: мұндайды түсінбесе де мақтайды. Сұхбаттасыңның пікірінде ұту үшін қажеттіден гөрі көбірек парасат пен оқымыстылық көрсет, бірақ оның шамасын біл. Ақылдылармен парасатты бол, ал көпшілікке келгенде бағанды көтер: оларға өзің туралы қорытынды шығартып үлгертпестен, олардың ақылын өзіңді түсіну үшін күш салатындай ет. Сонда жиі мақтау естисің, ал, сұрап көр, неге мақтайтындарын түсіндіре алмайды; түсініксіздікті құпия ретінде көкке көтереді, өйткені айналасының бәрі мақтап жатқанын естиді.

186. ҚЫРСЫҚҚА ЖАЙБАРАҚАТ ҚАРАМА - ол бір өзі келмейді: қырсық та қуаныш сияқты тізіліп жүреді. Бақыт пен бақытсыздық өздерінің туысы бар жаққа ұмтылады - жолы болмайтыннан бәрі қашады, ал жолы болғышқа бәрі үйірсек; тіпті көгершіндер де шіркеудің ең ақ мұнарасына қонады. Сормандайды бәрі сатып кетеді: ақылы да, жұбанышы да, тіпті өзі де. Ұйқыдағы қырсықты оятпа. Сүрініп кету түк емес, ал домалап жөнелгенде қайда барып тоқтайтынының бір Құдай білсін; жақсылықтың мүлтіксіз болмайтыны сияқты, жамандық да біржола таусылып қалмайды. Қырсық көктен түссе - шыдамдылық, тұрмыста болса - түсінушілік керек.

187. ЖАҚСЫЛЫҚТЫ ДА АҚЫЛМЕН ІСТЕУ КЕРЕК - аз-аздан және жиі. Міндеттеме мүмкіндіктен аспасын; көп беру бергенге емес, сатқанға ұқсайды. Ризашылық бітпесін, шама-шегің көрініп қалса, достыққа да кірбің түседі. Кейде досыңды жоғалту үшін, оған көп жақсылық істеу жетіп жатады: борышын қайтара алмағандықтан ол қашқақтайды - сөйтіп, қарыздар жауыңа айналады. Идол өзін жонған шеберді, қарыздар - қарыз берушіні көргісі келмейді. Берудің де өз өнері бар, сонда өзіңе де қымбатқа түспейді, алушы да риза.

188. НАДАНДАРҒА, ҚЫҢЫРЛАРҒА, ДАҢҒОЙЛАРҒА ЖАЛПЫ СОЛ СΙΑҚТЫЛАРҒА ҚАРСЫ ӘРҚАШАН САҚ ЖҮРУ. Жарық дүниеде олар көп кездеседі, парасаттың мәнісі олармен кездеспеуден тұрады. Құдайдың әр күнінде өз ақылыңның айнасы алдында батылдық сауытын ки, тек сонда ғана ақымақтық шабуылын тойтарасың. Абай бол, өзіңнің ізгі атыңды тобырдың өсек-аяңына айналдырма, парасатпен қаруланған кісі арсыз надандықтың құрбаны болмайды. Адамдық теңізінде жүзу оңай емес, ол ұятсыздықтың су асты тастарына толы; ең сенімдісі - Улисстің айналасына салып, жалтару; шебер бұлтару өте көмектеседі. Ал ең бастысы, сыпайылық шығанағына бұру - бұл қиындықтан шығудың төте жолы.

189. ТОЛЫҚ БЕРІЛГЕНДІКТІ ӨЗІҢ ДЕ КӨРСЕТПЕ, ӨЗГЕДЕН ДЕ КҮТПЕ. Мұнда туыстыққа да, достыққа да, тіпті даусыз борышқа да қарама: басқаға өз сенімімен сезімін сыйлаудың айырмасы үлкен. Ең тығыз жақындық қана бұған жатпайды. Дос та өз құпиясын жасырады, тіпті балаң да бәрін айтпайды, біреуге айтпағанды басқаға айтамыз және керісінше; біреуге жол береміз, өзгеден бас тартамыз.

190. ЖӨНСІЗДІКТЕ ҚЫҢЫРЛАНБАУ. Кейде қателік жіберген адам одан міндеттеме жасайды; қателіктен бастаса да тұрақтылық көрсеткісі келіп, сол бағыттан таймайды. Өз ақылының алдында қателігін айыптайды, ал жұрттың көзінше - ақтайды және ақылға қонбайтын істерінің басында олар парықсыздар аталса, қыңырлығын жалғастыра отырып, ақымақ атына лайық болады. Ойланбай берген уәде, қате шешім сияқты, міндеттеме алмайды. Кейбіреу түсінбеушіліктен бастап, соңынан надандықпен қырсығады; тәрізі, олар жүйелі түрде ақымақтыққа көшкісі келетін сияқты.

191. ҰМЫТУ - БҰЛ ӨНЕРДЕН ГӨРІ, РАХАТҚА ЖАҚЫН. Ең алдымен ұмытылуы тиіс нәрсені көбірек еске түсіресің. Біздің жадымыз әрі қауіпті - керек кезде еске түспейді, әрі ақылсыз - қажеті жоқ жерде еске келеді; ренжітетін нәрседе ауыздықтауды білмейді, ал қуантатын сәтте тырыспайды. Қырсықты жазатын ең жақсы дәрі - оны ұмыту, бірақ бұл дәріге көбіне мән бермейміз. Жадыны өзімізге пайдалы болатындай етіп үйрету қажет, өйткені бізді жұмаққа жеткізіп, тозаққа түсіруге оның бір өзі жеткілікті. Әрине, өзіне ризаларды қоспағанда - бұлар ішкі дүниесінің қарабайырлығынан өзінің ақымақ шаттығында масайрауда болады.

192. ҰНАМДЫ НӘРСЕЛЕРДІ ӨЗ МЕНШІГІ ЕТУГЕ ҰМТЫЛМАУ. Басқалардың игілігінде олар көбірек қуаныш әкеледі. Құнды зат алғашқы күні өз иесі үшін, қалған уақытта - басқаларға жақсы. Өзгенікінен екі есе ләззат аласың - жаңа нәрседен рахаттанасың әрі оны жоғалтудан қауіптенбейсің. Қолда жоқтың қадірі артады: өзгенің суы бал татиды. Бұйымды өзің иеленуден рахат азырақ, реніш көбірек. Оларды тек басқалар үшін сақтайсың және алғыстан гөрі жауларды көбейтесің.

193. АЛАҢСЫЗ КҮНДЕРІҢ БОЛМАСЫН. Тағдыр бізбен ойнағанды ұнатады - біздің болжамымызды теріске шығарып, аңдаусызда үстімізден түседі. Дарынға, ақылға, қайратқа, тіпті көрікке - бәріне абай болған жақсы: соқыр жайбарақаттықтың күні олардың құлдырау сәті болады. Бірақ керек кезінде сақтық жасамаймыз: асығыстық бәрін бүлдіреді. Кейде бұл өзінше стратегия - қаперсіз кезде бас салып, өзінді сын тезінен өткізу үшін сенің алаңсыздығыңды күшейтеді. Салтанат күндері қаншалықты қауіпті екені белгілі, бірақ зұлымдық ол уақытта келмейді; есесіне біздің абыройымызды сынау үшін күтпеген кезді таңдап алады.

196. ТЫМ АҚ КӨҢІЛДІКТЕН ЖАМАН АТАНБАУ. Ешқашан ашуланбайтын адамда жүрек болмайды, сезімсіз адам кісі бола алмайды. Бұл көбіне салмақтылықтан емес, сезе білмеуден болады. Орынымен ашулану -

ол да қасиет. Қарақшы екенін таныған құстар оған батыл қонады. Тәттіні қышқылмен араластыру - жақсы талғам: балалар мен ақымақтар ғана кілең тәттіні жақсы көреді. Сезімсіз ақ көңілдікпен өзін жоғалтып алу - ұлы қырсық.

197. ЖІБЕК СӨЗДЕР, СЫПАЙЫ МІНЕЗ. Жебелер денені, ауыр сөздер - жанды қинайды. Хош иісті пастамен шайсаң, аузың да аңқып тұрады. Тұрмыс нарығындағы ұлы өнердің бірі - ауа сату. Көп жағдайда сөзбен алады, ол мүмкін еместі жасайды; жоғарғы салаларда ауаны саудалайды және дуалы ауыздардың бір лебізі едәуір дем береді. Лебізің бал татып тұрсын, тіпті жауларыңа да сөзіңді тәттірек ет. Әдепті болудың дұрыс тәсілі - әрқашан сабырлы болу.

198. АҚЫЛСЫЗ АДАМ ІСТІҢ СОҢЫНДА ЖАСАЙТЫНДЫ, ПАРАСАТТЫ АДАМ БАСЫНДА ЖАСАЙДЫ. Екеуі де бір іс, айырма тек оның уақытында: біреу дер кезінде, біреу мезгілсіз қимылдайды. Миы о баста керісінше істейтін әрі қарай да сол жүрісінен танбайды: басын аяғына қояды, оңы - сол, солы - оң, мінезінің бәрі - солақай. Ақыр соңында ақымақ өз еркімен жасауға болатынды лажсыздан істейді, ал ақылды кейін жасалатынды ерте жасау керек екенін бірден көреді және мұны ықыласпен істейді.

199. ЖАҢА ЕКЕНІҢДІ ПАЙДАЛАН; жаңа кезінде сені бағалайды. Жаңа ұнамды, ол өмірді түрлендіреді, рахатты жаңартады - жаңа қарабайырлықты үйреншікті атақтыдан артық бағалайды. Мүлтіксіз кемел де ескіріп тозады; жаңа ретіндегі сенің атағың көпке созылмайтыны есте болсын - үшінші күні әдеттегі боласың. Сондықтан өз жағдайыңды пайдаланып қал; әуестік өтеді, қызбалық басылады, ал жаңаның қызығы мезі етушілік сезіммен ауысады. Әр нәрсенің өз уақыты болады, бәрі өткінші.

200. БӘРІНЕ ҰНАЙТЫНДЫ БІР ӨЗІҢ ЖАМАНДАМАУ. Бәріне жаққан нәрсенің қайсыбір тартымды жері болады, оны ешкім дәл түсіндіре алмаса да, бәрі одан ләззат алады. Әдеттен тыс пікір ұнамсыз, ал қате болып шықса мазаққа ұшырайсың; ол нәрседен гөрі сенің қарабайыр ақылыңды масқара етеді; өзіңнің нашар талғамыңмен жалғыз қаласың. Жақсы нәрсе таппасаң, өз дәрменсіздігіңді жасыр, беталды айыптама, нашар талғам әдетте білмеушіліктен болады. Көпшілік айтқан нәрсе не бар, не болуы тиіс.

201. МАРДЫМСЫЗ БІЛСЕҢ, БЕЛГІЛІ ПІКІРДІ ҰСТАН. Ақылды атанбасаң да, тиянақты адам саналасың. Білетінге өжеттеніп, ойына келгенін істеп көруге болады, ал аз біліммен тәуекелге бару жардан секіргенмен бірдей. Оң жақты ұстан, көпшілік салған таптаурын жол сені адастырмайды. Жалпы, бар жағдайда әдеттен тысқа қарағанда үйреншіктіні ұстанған абзал.

202. СЫПАЙЫГЕРШІЛІКПЕН ЖАУАП БЕРЕТІНГЕ ЖАҚСЫЛЫҚ ЖАСАУ оны одан сайын борышты етеді. Сұраушы қанша сұрамасын, кең пейілді жарылқаушы тауып береді. Әдептілік беріп қана қоймай, міндеттейді, ал сыпайылық одан да үлкен міндеттемемен жауап береді. Адал адам үшін

оған тегін бергеннен артық қымбат жоқ: екі есе бағасына екі рет берген сияқты болады. Рас, оңбағанға сыпайылық құр сандырақ, әдептілік тілі ол үшін түсініксіз.

203. ӨЗІҢМЕН ІСТЕСТЕРДІҢ НИЕТІН ТҮСІНУ ҮШІН, ОЛАРДЫҢ МІНЕЗІН БІЛУ. Себепті білсең, салдарын түсінесің. Уайымшылдық әрқашан бақытсыздық, ал ғайбаттаушылдық жауыздық; оларға тек жамандық елестейді; жақсылықты қазір қабылдай алмайтын олар болашақта да жамандықты мадақтайды. Қызба адам нәрселердің шын мәнін бұрмалайтын тілде сөйлейді: онда ақыл емес, қызулық басым. Әркім де осы сияқты: әуестікке не көңіл күйге қарай шындықтың аулынан алыс жүреді. Бет әлпеттің өзгерісін тануды, сыртқы белгілері бойынша ішкі дүниесін оқи білуді үйрен. Үнемі күлегештік - ақымақтықтан, ешқашан күлмеушілік - ашудан болатынын айыра біл. Ұшқарылықтан, арсыздықтан қаш. Ұсқынсыздан жақсылық күтпе, мұндайларды табиғаттың өзі ренжітті, ол оларды құрметтемегені сияқты, олар да оны қадірлемейді. Ал, сұлулар неғұрлым көрікті болса, соғұрлым ақымақ келеді.

204. ТАРТЫМДЫ БОЛУ - СЫПАЙЫЛЫҚ СИҚЫРЫ. Сенің әдептілігің пайдадан гөрі сезімнің немесе екеуінің де еліктіргіші болсын. Кейде ұнамсыздықты қолданбаса, тек жақсы қасиеттерің жеткіліксіз болады - сол ғана сені сүйікті етеді, ол - әміршілердің ең қуатты қаруы. Бәрінің сүйкімдісі болу - сәттілік, бірақ мұнда өзіңе өнермен де көмектесуге болады; табиғат сыйлаған ұлы қасиеттерге жасанды қасиеттер де жеңіл сіңісіп кетеді. Осылай берілгендік тудырасың, сөйтіп, бәрінің ықыласына бөленесің.

205. ӘДЕПСІЗДІККЕ ДЕЙІН ЕМЕС, ӘДЕТТЕГІГЕ ДЕЙІН ТӨМЕН ТҮСУ. Өзіңді тәкаппар ұстама, төңірегіңе бәлсіне қарама, бұл сыпайылыққа қайшы. Бәрінің ықыласын аудару үшін, бәлсінуді азайтқан жөн. Кейде қарапайым, бірақ көргенділіктің ауқымында жүріп-тұрған дұрыс, өйткені бәріне естіртіп ақымақ аталғанды жасырын болса да парасатты ретінде құрметтемейді. Өмір бойы тірнектеп жинаған беделіңді ақымақтықпен өткізген бір күнде жоғалтуға болады. Сондай-ақ өзіңді аспаннан түскендей көрме: шамданған мінез көрсету - өзгелерді құрметтемеу; еркелікке ерік берме, оларды ерке жынысқа қалдыр; тіпті, рух еркелігінің өзі күлкіге лайық. Ер адам үшін ең лайықтысы еркек болу; әйелдің еркекке еліктеуіне болады, бірақ керісінше емес.

206. ТАБИҒАТ ПЕН ӨНЕРДІҢ КӨМЕГІНЕН ӨЗ МІНЕЗІН ЖАҢАРТУ. Әр жеті жыл сайын мінез өзгереді дейді, олай болса өзгеріс талғамның жақсарып, нәзіктенуінен көрінсін. Алғашқы жеті жылда бізге ақыл кіреді, әрі қарай да әр мерзімде жаңа кемелдік ене берсін. Бұл өзгерістерге өзің де жәрдем бер, алдағы өзгерістерден жақсылық күт. Көп адам өз мінезін жағдай өзгергенде немесе қызметі ауысқанда өзгертеді, ал мінезде бұл көзге ұрып тұрған кезде ғана белгілі болады. Адам жиырма жасында - тауыс, отызда -

арыстан, қырықта - түйе, елуде - жылан, алпыста - ит, жетпісте - маймыл, сексенде - ешкім де емес.

207. ӨЗІН КӨРСЕТЕ БІЛЕТІН АДАМ. Осыдан қасиеттердің жарқылы көрінеді. Әр қасиеттің өз уақыты бар: істің ретін пайдаланып қал, әр кез салтанат күні болмайды. Елеусіз қасиеті де жарқырай көрінетін, ал басты қасиеті таңдай қақтыратын адамдар болады. Өзін көрсете білу өнері көрнекті қасиеттермен ұштасқан кезде адам керемет болып көрінеді. Жылтырағанды жақсы көретін халықтар бар; испандықтар осы тұрғыда басқалардан асып түседі. Барлық жаратылған нәрсеге жарқырауы үшін жарық сыйлаған. Өзін көрсете білу дағдысы көп нәрсенің орнын толтырады, өтейді, бәріне екінші болмыс береді, бұл әсіресе, қабілеттеріңді көрсетуге мүмкіндік жасағанда көрінеді. Мүлтіксіз жетілгендікті бере отырып, Тәңірі бой көрсету дағдысын да көздеді - бірі бірінсіз көңілсіз болар еді. Ал өзін көрсете білудің өнері бар: тіпті ең тамаша да жағдайға байланысты және ол бірден байқалмайды; оны дер кезінде көрсетпеген қапы қалады. Бірақ жасандылық, бояма мұнда жүрмейді, өйткені ол даңғойлықты білдіреді, ал даңғойлық - жек көру туғызады. Бой көрсете отырып қарабайырлыққа ұрынбас үшін шаманы біл және бұл істе шектен шығушылық айыпталатынын ұмытпа. Кейде бұл өнер үнсіз шешендіктен, қайсыбір ерекшелікті аңдамай көрсету дағдысынан тұрады; парасатты ұстамдылық - мақтаудың неғұрлым ұнамды түрі; өзіндегі қабілетті жасыра отырып, әуесқойлық тудырасың. Оның бәрін бірден көрсетпеу, аз-аздан біртіндеп ашу өте маңызды. Және бір қабілетің екінші, одан да үлкен қабілетіңнің кепілі болсын, мақтау одан кейінгілерге үміт туғызады.

208. ТЫМ КӨЗГЕ ТҮСПЕУ. Көзге түссең болғаны, қасиеттерің кемшілікке айналады. Себебі, ерекше нәрсені әдетте айыптайды; жалғыз жалғызсырайды, тіпті ерекше әдемілік те жақсы ат әпермейді: көз тарта отырып, еңсені төмен тартады. Ал оғаштықтар мен ерсіліктердің кінәланатыны болса да белгілі. Бірақ кейбіреу кемшілігімен болса да атын шығарып қалғысы келеді. Тіпті көп білушілік те кейде мылжың ақымақтыққа дейін құлдырап кетеді.

209. ҚАРСЫ БОЛҒАНҒА ӘРҚАШАН ҚАРСЫ КЕЛУГЕ ӘДЕТТЕНБЕУ. Қайшы келу не надандықтан, не қулықтан болғанын айыра білу керек, кейде бұл қыңырлық, кейде - мекерлік. Сонымен, өзің алғашқыға ұрынбаудан және соңғының құрбаны болудан сақтан. Әсіресе тыңшылардан абай бол: олардың баурап алатын қасиетіне өз ұстамдылығыңды қарсы қой.

210. АБЫРОЙДЫҢ АДАМЫ. Ізгі мінездің күні өтті, міндеттемелер ескерілмейді, алғысты сирек кездестіресің; қызмет неғұрлым ынтамен жасалса, көтермеленуі соғұрлым төмен - осы жаңа дәстүр қазір кең тарап кетті. Жамандыққа бейім тұтас халықтар бар: біреуден опасыздық, екіншіден - тұрақсыздық, үшіншіден - алдамшылық күтесің. Басқалардың екіжүзділігі бізге еліктеу үшін емес, сақтық үшін қызмет етсін; ұнамсыз қылықтарды көре

отырып, әділдіктің өзі азғындауы мүмкін. Бірақ абыройдың адамы басқаларға қарай отырып, өзінің кім екенін ешқашан ұмытпайды.

211. АҚЫЛДЫЛАРДЫҢ МАҚҰЛДАУЫ. Көрнекті адамның салқын ғана “иә” деуі тобырдың мақтауынан ұнамды - ескінің сарқыны онша қуантпайды. Ақылдылар істі түсіне отырып пікір айтады, тек олардың мақтауы ғана ерекше қуанышқа бөлейді. Македон патшасы ақылды Антигон Зенонды өз даңқының театры деп атаған, Платон үшін оның бүкіл мектебін Аристотельдің бір өзі ауыстыра алған. Ал кейбіреуге қарны тойса болғаны. Тіпті әміршілердің өздері жаза білетін адамдарды қажет етеді және олардың қаламынан кейіпсіздің суретші қылқаламынан қорыққанынан бетер қауіптенеді.

212. ҚАТЫСПАЙ ҚАЛУ кейде пайдалы - бұл қадіріңді арттырады, бағанды көтереді. Қатысу даңқыңды азайтады, болмау - арттырады; жоқ кезінде арыстандай ардақталған жан, кездескенде көше мысығындай қадірсіз болады. Қасиеттер жақыннан солғын тартады, маңайдағылар рухтың өзегін емес, сыртқы қабығын ғана көреді. Қиял көруден жылдам және әдетте есту арқылы кіретін таңғажайып көз арқылы сыртқа шығады. Атағы дүркіреп тұрғанда кете білген, онысын сақтап қалады. Тіпті феникс те жарқырай түсу үшін күлге айналады: тілекті қоздыра отырып, қадірлеуді күшейтеді.

213. ЕСТІ ОЙЛАП ТАПҚЫШ. Аздаған ессіздіктен ақыл қысқа болып қалмайды. Ойлап тапқыштық -дарындылардың, іріктеу -парасаттылардың еншісі. Ойлап тапқыштық та қасиет, тіпті сирек кездеседі, сәтті іріктеп алу көп адамның қолынан келеді, ал сәтті ойлап табу - таңдаулыларға ғана бұйырады; олар дарындылық бойынша да, уақыт жағынан да бірінші. Жаңа бәріне сүйкімді; ал сәтті болса, екі есе ұнамды. Пікірде жаңалық қауіпті, өйткені сонылыққа апарады, ал бұл талант жасампаздығында мақтауға тұрарлық нәрсе. Дегенмен, екі жағдайда да сәтті болып шықса, оны үлкен даңқ күтеді.

214. БЕЙМАЗА БОЛМА, әйтпесе масқаралықтан арылмайсың. Сені қадірлесін десең, өзінді құрметте. Өзінді көрсету үшін ысырапшылдықтан гөрі сараңдық артық: өзінді қалайтын, сені қуана қарсы алатын жерге бар; шақырмайынша келме және өтінгеннен бұрын кет. Тек өзін ойлайтын сәтсіздік кезде бар сөгісті өзі арқалайды, ал табысқа қол жеткенде алғыс естімейді. Жабысқақ адам - жазғырып-сөгудің тұрақты нысанасы; ол қалай ұятсыздықпен қыстырылса, оны да солай қысылмай айдап шығады.

215. ӨЗГЕНІҢ БАҚЫТСЫЗДЫҒЫН ӨЗІҢЕ БОЙЛАТПАУ. Батпаққа батып жатқанды көргенде ең әуелі - қырсықта бірге болу үшін сені де сонда тартатынын ұмытпа. Мұндайлар бақытсыздықты бөлісетін адам іздейді - табыстан табысқа жетіп жүрген кезде арқасын көрсеткен олар енді қолдарын созады. Оны да құтқарып, өзің де суға кетпес үшін батып бара жатқан адаммен ерекше сақ бол.

216. ӨЗІНДІ МІНДЕТТЕМЕЛЕРМЕН ШЫРМАМА - бәрінің құлы боласың. Біреулер басқаларға қарағанда бақыттырақ болып туылды, бұларға жақсылық жасау, өзгелерге - оны қабылдау жазылған. Еркіндік бәрінен қымбат және оны жоғалтып алу да ең жеңілі. Өзің біреуге тәуелді болғаннан, саған басқалардың ісі түскені жақсы. Биліктің бір ғана артықшылығы бар - ол көп адамға жақсылық жасауға мүмкіндік береді. Бастысы, өзіңді мәжбүр еткенді қайырымдылыққа санама, көп жағдайда бұл сені шырмау үшін зұлымдық құрған міндеттеме болып шығады.

217. ЕШҚАШАН ҚЫЗБАЛЫҚПЕН ІС ЖАСАМА - әйтпесе бәрін керісінше істейсің. Ашуланған кезде өзіңе ие бола алмайсың, қызбалық ақылға бой бермейді. Сондықтан оны парасатың ауыстырсын: көрермендер ойыншыға қарағанда көбірек көреді, олар қызбаланбайды. Ашуға бой алдыра бастағанда парасатың қол ұшын берсін, әйтпесе қылығың насырға шабады, бір сағаттың ішінде өзің өмір бойы өкініп, жұрт жазғыратын іс жасайсың.

218. ЖАҒДАЙҒА БЕЙІМДЕЛУ. Басқаруда, пікір айтуда - бәрі орынды болуы тиіс; шамаң келгенді қала; тиісті уақыт пен кезең ешкімді күтпейді. Әрекетте кертартпалыққа салынба, ізгілік жолын ұстан, ал тілекте ешқашан астамшылық танытпа, бүгін қарағың да келмейтін судан ертең шөліңді қандыруың мүмкін. Жөнсіз талап қоятын ақымақтар бар, олар жағдайдың өзінің қолайына бейімделуін қалайды. Ал ақылды адам саналылықтың мәні жағдаймен санасуда екенін біледі.

219. АДАМНЫҢ АТЫНА ЕҢ НҰҚСАН КЕЛТІРЕТІН НӘРСЕ, бұл оның небәрі адам екенін көрсетуі; жұрт оның адамдық әлсіздігіне көзі жеткен кезде барлық құдайшылық кереметтің күні бітеді. Ұшқарылық -жақсы аттың қас дұшпаны. Парасатты адам жай адамнан озық тұратыны сияқты, ұшқары - қатардағы адамға жетпей тұрады. Бар кемшіліктердің ішіндегі ең сенімнен айыратыны жеңілтектік, өйткені ол байыптылықты болдырмайды. Ұшқалақ адам тиянақты бола алмайды, тіпті бұған есейіп, ақыл тоқтату керек болған кезде де қолы жетпейді. Бұл - алған кемшіліктердің ішіндегі ең жек көруге лайығы.

220. ҚҰРМЕТ ПЕН СҮЙІСПЕНШІЛІК ТАПҚАН АДАМ БАҚЫТТЫ. Қадірлеу үшін, тым жақсы көрмеуі тиіс. Сүйіспеншілік жек көруден батылырақ; іші-бауыры елжіреушілік пен құрмет онша сыйыспайды. Сондықтан қатты қорқынышты да, үлкен сүйіспеншілікті де тудырып қажет жоқ. Сүйіспеншілік ағайыншылыққа апарады және ол неғұрлым көп болса, құрмет те соғұрлым аз. Жүректен гөрі, ақылдан келетін махаббатты ізде, ол лайықтырақ.

221. СЫНАП КӨРУ. Басқаның ақылын түсіну үшін жеткілікті ақыл керек, ақылдының көрегендігі мұнда жасырындықтың ұстамдылығымен сайысқа түседі. Шөптер мен тастарға қарағанда адамдардың түрлері мен қасиеттерін ұғына білген маңыздырақ. Бұл тұрмыстағы ең бір нәзік өнердің бірі; металдың қасиеті шығарған зыңылынан білінеді, адам айтқан сөзінен

танылады. Адалдық сөйлеген сөзден, ең алдымен - істеген істен байқалады. Мұнда тиянақты назар аудару, қажымас бақылау, сезімталдық, парасат керек.

222. АДАМДЫҚ БОЛМЫС ДӘРЕЖЕДЕН БИІК ТҰРСЫН. Қызмет қанша жоғары болғанмен, жеке бастың қасиеті одан биік тұратынын көрсет. Рухани бай адамды әрбір жаңа іс жетілдіріп, оның басқа қасиеттерін ашып отырады. Жасық адамның ғана ісі бастан асып жатады және, ақыр соңында, оның ісі сәтсіздікке ұшырайды. Ұлы Август өзінің монархтан гөрі адам екенін мақтан еткен. Бұл үшін жанның жайсаңдығы мен өзіне сенімділік керек.

Қайратқа толы жігерім бар

(аңыз әңгіме)

Ел арасында өте сыйлы бір қарияның төрт ұлы болыпты. Бір күні қария ұлдарын шақырып алып:

- Мен қартайдым. Біреуіңнің шаңырақ иесі болатын уақыттарың жетті. Кімнің ақылы байлығына, тірлігіне тілегі сай болса, сол менің мұрагерім болады. Әрқайсың маған өздеріңде қандай байлық барын көрсетулерің керек,- дейді.

Үлкен ұлы қолындағы асыл тас салған жүзігін көрсетіп:

- Міне, менің байлығым. Бұл өмірде кім бай болса, сол ақылды,- дейді.

Екінші ұлы асыл киімдерін киіп, әдеміленіп келеді де:

- Менің осы түрімді көргендер ақылым мен байлығымның алдында бас иеді,- депті.

Үшінші ұлы күміспен апталып, алтынмен қапталған зерлі белдігін буынады да:

- Мұндай белдік ешкімде ешқашан болған емес,- дейді.

Әкесі үлкен балаларына қарап, басын шайқайды да, ең кіші ұлына бұрылып:

- Сен неге үндемейсің? Сен қандай байлығыңмен мақтанасың,- деп сұрайды. Сонда кенжесі:

- Менде асыл тасты жүзік те, сәнді киім де, алтын-күміспен апталған белдік те жоқ. Менің тек жұмысқа жарамды екі қолым, қайратқа толы жүрегім, бойымды кернеген жігерім, ең бастысы көкірегімде ыстық сезім бар ,- дейді.

Қарияға кенже ұлының сөзі қатты ұнайды. Жұмыс істей білген адам жұтамайды, саналы адам сан істі басқара алады,-деп қара шаңырақ тізгінін кенже баласына тапсырады. Үлкен балаларына інілерінің айтқанын орындап, татулықта өмір сүруді тілепті.

1.3.ЖАЛПЫАДАМЗАТТЫҚ ҚҰНДЫЛЫҚТАР ӘЛЕМІ

Тәуелсіздік бәрінен қымбат

Өз мемлекетінің тәуелсіздігін қастерлеу, өзің тұратын елдің егемендігін құрметтеу – тек патриоттық парыз ғана емес, үлкен гуманистік жауапкершілік. Өзі жүрген ортаның алдындағы ғана емес, өз тағдыры алдындағы жауапкершілік. Өзі жүрген ортаның жарастығын ойлаған адам ғана жарастықты дүниеде өмір сүре алады. Тек азат адамдар мен тәуелсіз халықтар ғана дүниеде ондай шынайы жарастық орната алады. Өйткені, халық бостандыққа жетпей тұрып, қоғам бостандыққа жете алмайды. Қоғам бостандыққа жете алмай тұрып, адам бостандыққа жете алмайды. Сондықтан да, бүгін күллі жалпақ әлем бостандықты ту еткен жарастықты аңсайды. Ендеше, адамдар мен қоғамдардың, мемлекеттер мен халықтардың өз еркі өзіндегі тәуелсіздігі – ешкім тіл тигізе алмас қасиетті ұғым. Қазіргі адамзаттың ең басты мұраты, ең асыл игілігі.

Демек, заман бәрібір біздікі. Бостандыққа ұмтылған адамдар мен азаттыққа ұмтылған халықтардікі. Тәуелсіздікке ұмтылған мемлекеттердікі. Оны түсінбеу өзін де, өзгелерді де қара суға теріс ағызу болып шығады. Ол үшін өтпелі кезеңнің келеңсіздіктерін көлденең тартудың да жөні жоқ.

Мың жылдап күткен арманды бір күнде жүзеге асыра салмасымыз белгілі. Ғасырлап аңсаған азаттық бәрімізді бір күнде бай қылып, барша мұратқа жеткізбей жатқаны да рас. Қиындық пен қиянаттың көбеймесе, азаймай тұрғаны да рас. Бәрі де рас. Бірақ, бәрі де тәуелсіздіктен емес. Жаңаны көрсе, жағасынан алып бағатын жанықас кертартпалықтан. Кешегісін көксеп оқыранған отаршыл озбырлықтан. Тарысы піскеннің тауығы бола салып, ел пайдасынан гөрі өз пайдасын көбірек ойлайтын тоғышар пысықайлықтан. Жаңаның атын малданып – бақ, абыройын малданып – байлық тапқанша асыққан әлеуметтік әумесерліктен. Қысқасы, даңғойлық пен даңғазалықтың бұрын оянып, шын намыстың әлі ширықпай жатқандығынан. Әркім өз пікір мен өз әрекетінің тізгінін өзі қолға алып, нақты іске кірісе алмай жатқандығынан. Ол үшін біріміз емес, бәріміз ұяттымыз. Соны мойындасақ, келеңсіздік бүгін жойылмаса, ертең жойылады. Әзір орнай алмай жатқан молшылық пен әділет бәрібір орнамай қоймайды. Қай халық та ондай дәуренге жетсе, тек тәуелсіздіктің арқасында жетіп жатыр. Ал қолымызға әзер қонған азаттық құсын бір үркітіп алсақ, қайта айналып қонғанша қашан?!

Олай болса, уақытша қиындықтарға бола мәңгілік-мұраттарымызды тәрк ете алмаймыз. Тәуелсіз еліміздің көгеріп-көркеюі жолында күш-жігерді аямаймыз. Тарихтың қандай қатал сынына да табандылықпен төтеп бере аламыз. Өйткені, тәуелсіздік бәрінен қымбат, бәрінен ұлы!

Ел дегенде

Қ. Мырза Әлі

Сусын қылар үмітін шөлдегенде
Осы жерге перзентпіз сен де,

Мен де!
Барлығын да сүйемін,
Сөйте тұра
Махаббатым ерекше ел дегенде.
О дүниеге жер аудар!
Көшір мейлі!
Көшір мейлі!
Өмірден өшір мейлі!
Кешіремін,
Өйтсе де елім жайлы
Жаман айтқан сөзіңді кешірмеймін!
Ел дегенде ар қандай!
Намыс қандай!
Тау мен тасқа соғылар қарсы маңдай!
Ел дегенде
Жығылған жалым тұрып,
Айбаттанып кетемін арыстандай!
Жата алмаймын жаманның жасығындай.
Жарқылдаймын найзағай жасынындай.
Ондай кезде кетеді алып болып
Бала Қадыр ешкінің асығындай!
Жерім! – деймін ондайда,
Елім – деймін.
Тұрған тұстан жарты елі шегінбеймін.
Өзім үшін күресте жеңілсем де,
Елім үшін күресте жеңілмеймін!
Дұшпанға да,
Досқа да табалатпан,
Сақтай көрсін Жаратқан жаман аттан!
Батыр болып тумайсың,
Кетесің
Елге деген махаббаттан!

Парасатқа құштарлық

Сағат Әшімбаев

Адамгершілік! Бұл сөздік қорымыздағы сөлі ерекше, мәні мәңгілік айқын, салмағы пара-парсыз парасатты сөз. Сөз ғана емес, адамның ең асыл қасиетін анықтайтын бірден-бір аяулы ұғым. Ұғым ғана емес, тіршіліктің мәнін, дүниенің сәнін төрттағандап, ұстап тұрған ең ұлы принцип. Шынын айтқанда, жеке дара принцип қана емес, заңның да, заманның да, адамның да құдіреттілігін танытатын ең ұлы күш! Өйткені адамгершілікке негізделген жерде не нәрсеге де құдірет даритындығы мәлім.

Осы ұлы күш – адамгершілік қасиет жеке адамның ғана басындағы емес, жалпы қоғамның да қордалы байлығы. Ал, оның белгілі бір адамдар бойындағы аздығынан айналасындағы адамдарға ғана емес, қоғамға да тиетін кесірі көл-көсір. Олай дейтін себебіміз, бір кесірлі адамнан көп адамға тиетін зиянның шексіз көп болатындығын еске алсақ, адамдық қасиеті тапшы бір адамнан көп адам зор зардап шегуі мүмкін. Мәселен, тарихта ойы олақ, сезімі шолақ оспадар бір адам соғыс бастап отырған да, ал қарапайым халық бостан-босқа қырылып, шығынға ұшырап келген ғой. Халық еш уақытта соғыс бастамаған, тек жекелеген соғысқұмар сойқандардың кесірінен келеңсіз кесіпатқа душар болып отырған. Ондайлар көктен түспеген, олар да анадан туған, тек олардың қанында адамға деген сүйіспеншіліктің орнына, керісінше, қара ниеттілік сезім басым келеді екен. Сондықтан да ең қауіпті адам аруыттан ада, адамгершіліктен жұрдай адам... Бар жаманшылық атаулыны тек солардан ғана күту керек.

Адам бойындағы адамгершілік байлықтың – шын мәніндегі ең үлкен қоғамдық рухани байлықтың азая бастауын ешбір табиғи қазына байлықтың молдығымен алмастыруға болмайды. Бұл жердің үлкендігі халықтың рухани мәдениеттің үлкендігіне кепіл бола алмайтындығына немесе халықтың ұлылығы санының аз, көптілігімен өлшенбейтіндігіне ұқсас нәрсе.

Тағы бір көңіл аударатын жай, алтын мен алмастан, жалпы асыл металдардың аздығы, керісінше, кейбір керексіз дүниелердің көп болатындығы сияқты, жамандыққа қарағанда жақсылық қашанда аз болып, соған орай жамандықтың жалпылдап жүрмейтін, кездеспейтін жері жоқ екендігін де ұмытуға болмайды.

... Жақсыны тану – жақсылықты қолдау деген сөз, ал жақсылықты қолдай білмеу – жамандықтың отына май құюмен бірдей екен. Жақсылықты айыра білу дегеннен шығады, мұның өзі өмірдің көрсетіп келе жатқанындай, жеке адамның тағдырына ғана емес, бүкіл ұлттың рухани дамуына, адамгершілік парасаттың салтанат құруына да тікелей қатысы бар. Жақсылықты тап басып, танымаудың, оны дер кезінде бағаламаудың өзі жамандықтың басы екендігін дәлелдеп жатудың қажеті бола қояр ма екен? Жақсылыққа қарсылық жамандыққа жол ашатындығын қашанда ұмытпағанымыз жөн. Сондай-ақ, жамандықты жалма-жан ауыздықтап отыру – жақсылықтың үстемдік құруына жағдай жасайтындығын үнемі есте ұстау, бұл принципті іс жүзінде басшылыққа алу – ұлттық адамгершілік кемелдіктің басты белгілерінің бірі болса керек.

«Жақсының жақсылығын бетіне айт, нұры тасысын, жаманның жамандығын бетіне айт, құты қашсын» деген халықтың қанатты нақылында терең мән бар. Бұл өмір даналығының өздігінен даму заңдылығынан туған мағыналы сөз. Мағынасының тереңдігі сол, жақсының жақсылығын айту – шынтуайтына келгенде жақсылықты дәріптеу деген сөз.

Ал, жаманның жамандығын айту – жамандықтың тамырына балта шабу ғой. Яғни осылай жақсы мен жаманды айыру, түптеп келгенде, ақ пен қараны айыру, ақиқатқа ара түсу, сөйтіп арамзалықтың жолын кесу – шындықтың

қолын шешу деген сөз! Міне, сонда ғана әділдікке деген сүйіспеншілік жеңіп, адамгершілік салтанат құратыны мәлім. Мұндай жағдайда асылдың орнына масыл таласпайтындығы, тұғырдың тұлпарға баланбайтындығы сөзсіз. Қысқасы, әркімнің ойының дәрежесіне сәйкес өз орнында болып, өз мүмкіндігіне лайық іс-әрекетімен айналысуы, әркімнің «шамасына қарап шалқайып, көрпесіне қарап көсілуі» айналып келгенде бүкіл ұлттың рухани дамуына даңғыл жол ашады екен!

Отаныңа қызмет ет!

К. Мырзабеков

Отаныңа қызмет ет! Қызмет ет Отанға!
Балам саған, осы менің бұйрығым да, батам да!
Қатардағы солдат болу-жүру емес қатарда,
Қатарды құр көбейткеннен қатарында атанба!
«Қатарыңнан оз дер едім, оған көзім жетер ме?
Оза алмасаң, озбай-ақ қой, тек алқынба бекерге.
Туған жерді мен сияқты түк қалдырмай арала,
Бара алмасаң, бармай-ақ қой шетелге.

Мен жимадым, жинамасаң, жинамашы дүние,
Мен сияқты оны өзіңнің жеңдір көңіл күйіңе.
Мен сияқты кеш оралма келініме, үйіңе,
Жан жарымдай жарың болса-ау көнетұғын иіңе.
Мен сияқты, мен сияқты...
(Мен кімге үлгі болып ем.)
Жүрдім бірақ Отанымның сүрлеу соқпақ жолымен.
Отаныңа қызмет ет! Қызмет ет Отанға!
Осы ұранға рухтан да, осы ұранға тебірен!

Ерлікке шақыру

М. Шаханов

Міне, саған ойланатын келді күн,
Азамат боп атқа міндің сен бүгін.
Бірақ атқа мінгеніңнен не пайда,
Жүрегіңде қалғып жатса ерлігің.

Бозбала,
Қанатыңды талдырма,
Алай-түлей жаңбырда,
Тізгініңді беріп қойма тағдырға,

Қуанышым.
Жан-тәніңмен бір адамды сүймегенің үшін,
Сүйе алмағаның үшін
Табиғаттың алдында кінәлісің.

Қорға, жаным, сеніміңді жеруден,
Қорлық бар ма, жанбай жатып сөнуден.
Өмірдегі үлкен жеңіс әрдайым,
Басталмай ма өзіңді өзің жеңуден.

Болашағың алдында әлі, бүлдіршін,
Ер жігіттің намысында бұл бір сын.
Бүгін көрсет қайратыңды, күшіңді,
Ертең мүмкін кеш бола ма, кім білсін.

Қазақстаным

К. Ахметова

Өзіңсің, Қазақстан, ән, арманым да,
Аяулым, алтын бесік, қара орманым да.
Бір нәрсе жетпейді деу қате болар
Өзіңдей ұлан байтақ далам барында.
Паң далам - Қазақстаным!
Сен барда ғажап шебер, ғажап ұстамын,
Түсінем өзендердің саз - ағыстарын.
Қырандар қанатында даңқы кеткен
Ғазалым - таусылмайтын таза нұсқалы.
Ән далам - Қазақстаным!
Сен менің шұғылаға толған даламсың,
Жасампазым, сан асу жолдарды аларсың.
Бабамның көздерінің қарашығы ең,
Баламның бақытына да қорған боларсың.
Жан далам - Қазақстаным!
Керемет өріледі гүл өңірде өлең,
Кезің қандай өрік пен шие гүлдеген!
Дарқандығын сезініп, еркін басып,
Өмір сүргім келеді, ұлы Елімде мен!
Кең далам - Қазақстаным!

Төрт Ана

М. Шаханов

Тағдырыңды тамырсыздық індетінен қалқала,
Мазмұн жоқта мазмұнсыздық шыға келер ортаға.
Әр адамда өз анасынан басқа да,
Ғұмырына етер мәңгі астана,
Демеп жүрер, жебеп жүрер арқада,
Болу керек құдіретті төрт ана:
ТУҒАН ЖЕРІ - түп қазығы, айбыны,
ТУҒАН ТІЛІ - мәңгі өнеге айдыны,
ЖАН БАЙЛЫҒЫ, САЛТ-ДӘСТҮРІ - тірегі,
Қадамына шуақ шашар үнемі,
Және ТУҒАН ТАРИХЫ,
Еске алуға қаншама
Ауыр әрі қасіретті болса да.
Құдірет жоқ төрт анаға тең келер,
Онсыз санаң қаңбаққа ұқсап сенделер.
Өзге ананың ұлылығын танымас,
Төрт анасын менсінбеген пенделер.
Төрт анадан сенім таба алмаған
Тамырсыздың басы қайда қалмаған?!
Төрт анасын сыйламаған халықтың
Ешқашанда бақ жұлдызы жанбаған.
Қасиетті бұл төрт ана - тағдырыңның тынысы,
Төрт ана үшін болған күрес - күрестердің ұлысы!
(Мені мұндай бақытты жаратар ма!)
Үш күн нұрын төгеді аспанымнан,
Атырау, Алтай, Арқа, Алатауға!!!

Бизнес пен байлық

М. Кемел

Бизнес пен байлықты қысқа ғана сөзбен түсіндірер болсақ: Тап, Таны, Игер, Иелен, Тұтын.

Белгілі бір мақсатқа жету үшін қарапайым нәрседен-ақ бастау керек. Алдымен темірдей тәртіп пен айқын логика керек.

Бизнесті сезіне білу табиғи дарындылықпен бірге, асқан төзімділік пен еңбекқорлықты қажет етеді. Сонымен бірге біліктілік, адами мәдениеттілік қажет. Өзін-өзі ұстай білу, сыпайгершілік, қиындыққа мойынсұнбайтын табандылық керек.

Ең бастысы – жауапкершілік. Бизнес адамы үшін берген уәдесінің үлесінен шығу, сөзінде тұру шарт, себебі: сенің сөзіңе сеніп әріптесің сенің хабарламаңды жан-жаққа таратып жібереді, сенің хабарламаңа сәйкес түрлі жоспар - жобалар құрылады.

Сонан соң – сәттілік. Ол өзінен-өзі келмейді. Ол бизнестік тәжірибелерді меңгеру, оны іске асыру қабілетіне байланысты. Сәттілік

кездейсоқтылық емес. өмірде кездейсоқтылықтан гөрі заңдылық басым, кездейсоқтылық кинода көптеп кездеседі. Луи Пастер өзінің дәрісін кездейсоқ ашқанын сынағандарға: «Ол рас, бірақ жан-жақты даярланған адамға ғана қолайлы жағдай туып, бақ қонады», - деген екен.

«Кездейсоқтық біздің тұрақсыз немесе сезімсіз екенімізді көрсетіп тұрған жоқ, біздің қандай екенімізді абайсызда ашып алды», - депті Плутарх.

Аз ғана тәжірибе үлкен теориядан пайдалырақ. Түсінудің ең жақсы жолы - өзіңнің көзің жетуі. Сондықтан тәжірибе жасап көруден қашпа. Он ісіңнің шығынға батырса да, оныншы іс соның бәрін жауып кетеді, соған сеніп жұмыс істе.

Өнімді нашар алған диқан ендігі жылы тұқым сеппей қойса, арғы жылы өнім алуы тіптен қиындайды.

Шығыста ертеден мынандай ұлағат бар: «Я, алла, маған қолымнан келетін істі атақаратын қуат бер, қолымнан келмейтін іске ұмтылмайтын ерлік бер, осы екеуін бір-бірінен айыра алатын ақыл бер».

Қай істі болсын атқаруға кіріскенде қорқыныш, бір шешімге келе алмау, күдік – осы үшеуімен күресе біл, - депті Р.Уотермен. Ештеңеге тәуекел етпеген адам ештеңе ұта алмайды.

Машинаның бұзылып тұрғаны, оны жүргізудің қауіпті екенін білмейтін адам қорықпастан рульге отыратыны сияқты, қиындықтың қай-қайсысы болса да, маманға ғана белгілі. Білмейтінге қиындық қарапайым ғана нәрсе.

Үлкен жолға шығар алдында үрейленетіндерден алдағы мақсатын, бұл өмірде неге қол жеткізгісі келетінін сұрап тұр. Бұл ой көкжиегін кеңейтеді.

Бір жерде отырып, күтіп отырған адам бір жерде тұрған зат сияқты, оны шаң басады.

Пеш салғанмен жылы бола салмайды. Салып бердім ғой, не қыл дейсің, - деу біз басып өткен заманның түрлі мазмұнмен шатастыратын қателігі. Пеш салынғаннан кейін отын табу, оны пешке салу, тұтату, мезгіл-мезгіл қарап, отынын толықтырып отыру керек, сонда ғана жылы болады. Бизнесе де солай.

Мақсатқа жету үшін мақсат еткен нәрсенді айқын білуің, соның орындалатынына сенуің керек. Сенбесең – бастама. Бастадың ба аяғыңа жеткіз. Орта жолда тоқтағаннан қайтуға да күш кетеді. Орта жолға барғанда, көп жүрдім –ау, тағы қанша жүрер екемін, - деген уайымшылдың сөзі, жақсы жүрдің, енді аз ғана қалды, - деген дұрыс.

Істі бастамай тұрып ойланған, қорытынды шығара алмай ойланғаннан жақсы. «Бір істі қолға алған кісі құдық қазушының кебін киеді. Егерде ол құдықты терең қазып судың көзін жетпей тоқтаса, онда бар еңбегінің зая кеткені», - депті Конфуций.

«Бір тәуекел бұзады
Мың қайғының қаласын,
Бір жақсы жазады

Мың көңілдің жарасын», - деген нақыл сөз бар қазақта. Асықпа. Черчилльдің Хрущевқа айтқаны есінде болсын: «Апаңды екі басып, аттап өтуге болмайды. Ішіне түсіп кетуің мүмкін».

Жай басарда болма. «Ақырын жүрсең сорын сені қуып жетеді, жылдам жүрсең сен сорыңды қуып жетесің», - деген Мұқағали.

«Бір жұмысты тындыруға құлқың болмаса, оның нәтижесі де ойдағыдай болмайды». Бұл – Гамперсон заңы. Бір жұмысты ойдағыдай етіп істеуге шалағайлық жасаған адам, оны қайта істеуге уақыт пен күш жұмсауға мәжбүр болады.

Ағаш араң өтпей қалса, уақытым кетіп қалады деме, қайрап ал, әйтпесе одан да уақытың кетеді.

Біреудің соңынан қалмай, тәптіштеп түсіндіре бастасаң, түсіндіре алмайсың. Пайда іздеп жүрме деп ойлап қалуы мүмкін.

Шыңға бір ғана үлкен секіріспен шығамын деп дәмеленбе. өздері бір нәрсе істеуге тырысқан адамдарға ғана тағдыр оңынан келеді. Биікке тек бір текпішекпен шығады. Өзіңді-өзің жігерлендір, жетекте, үйренуге зорла, басқа адамдар мені қашан жетелейді деп күтіп отырма. «Жұмысты істеуге ықыласты адам білетін адамнан артық істейді», - дейді Г.Мурей.

«Біреудің жоғын біреу ысқырып жүріп іздейді», - деген мәтел бар қазақта. Өз жоғыңды өзің ізде. Сонда ғана табылады.

Үлкен істерге ұмтылғандарды құрметте, оны іске асыра алмаса да, оны талабының құрметтеуге лайық.

Маңдай терімен табыс табуға ұмтылмайтындардан аулақ жүр. Ертегілеріміздің жолдан кездескен, немесе тауып алған байлықты үндейтінімен келіспеймін.

Жұмыс ылғи қызық болмайды. Өмір бақи бұранда бұрап немесе темір тесіп тұартын адам болады, оларда керек. Оларға жұмысының қызықсыз болғаны үшін қымбатырақ төле. Бір мезгіл ақыл-ойын жұмсай алатын басқа жұмыс бер.

Ешкімді жалынып, зорлап ұстап қалуға болмайды, қанша басы алтын қызметкер болса да, істегісі келмегендерге ықылас, құлшыныс болмайды. «Осында істейсің бе, кетесің бе өзің шеш, қалсаң біздің жұмыс тәртібімізбен істе», - деу керек.

Қарамағындағылар ақшаның қалай жасалып жатқанын білмесе, қызықпайды. «Жұмысты жақсы істеу керек, сонда табыс та мол болады», - деген әшейін ұран ғана. Табысқа қалай қол жетуінін айту керек. Есеп-қисаптан хабары болып, соның қаншалықты тиімді екенін білмеген адам жұмыс істемейді, әшейін жұмыс істеген түр білдіріп жүре береді. « Мен кішкентай адаммын», - деген ойдан айыр, шын мәнінде өндірістің бір қожасы сол екеніне көзін жеткіз.

«Айтқанды істе, өз жұмысыңнан басқада ісің болмасын», - деген дұрыс емес. Адамда қызығу, творчестволық ұмтылыс болмай қалады. Таңертен жұмысқа асыққаныңда не істеп, не қоятыныңды білген рахат емес пе?!

Қызметтестеріңді есеп- қисап жасауға үйретпесең, оның еңбегіне төленіп жатқан айлығы ылғи да аз секілді көрінеді. Чжуан Цзы айтты деген бір аңыз бар. Маймылдардың патшасы таңертең каштан жаңғақтарын таратып тұрып: - Қазір үшеуден берсем, кешке төртеуден жетер еді,- депті. Оны жақтырмай маймылдар шулаған болыпты. Онда қазір төртеуден, кешке үшеуден берейін,- депті патшасы. Маймылдар қуанып сандарын шапаттапты. Еңбек ақыны көп төлеген жақсы, бірақ кіріс пен шығыстың арасы жақын немесе тепе-тең болса, онда тосыннан болған баға немесе салықтағы өзгерістерден, жаңадан пайда болған бәсекелестерден мекеме көпке бармай күйреуі оңай.

Айналада жүргендердің көзінде оты жоқ, жансыз, құр сүлдесі жүргендер болса мекеменің келешегі жоқ. Сені қоршағандар рахат үшін емес, бала-шағасын бағу немесе уақытын өткізу үшін.

Армандай білуді үйрет. «Бақыт құсы деген бар, бірақ оны ұстау көп еңбекті қажет етеді. Сен бақытты болуға міндеттісің. Өзіңнің бақытыңды іздеп табатың өзің» де.

Бізде бүгінгі күндері ұжымдық құрылым жоққа шығарылып, жеке тұлғаның ролін биікке көтеріліп отырғанын байқау қиын емес. Бұл дұрыс та. Қоғамның жұмысын өзінің жұмысындай беріліп істейтін адам аз. Халық айтса, қалып айтпайды: «Өзімдікі дегенге өгіз қара күшім бар», - деген ғой.

Бизнеспен айналысуға түрткі болатын заттар – пайда мен мақтаныш.

Егер адамдарда эгоистік қызығу болмаса, толық қайтарым болуы қиын. Адамның табиғаты солай. «Адам өзі үшін істегенде ғана шын ықыласпен істейді», - дейді Герцен.

Тығыраққа тірелген шақтарда қандай ауыр ахуалға тап болғаныңмен, мұның өзі саған жаңа мүмкіндіктер беретінін жадында ұста. Ұтылсаң мұның бәрі болашағыңа сабақ. Ұтып шықсаң – бұл өмірдегі ең үлкен жеңісің болуы да ықтимал.

Бұл кеңестер өзіңе, жолдастарыңа бірде болмаса бірде керек болады.

Халқымызда: «Кімнің бай болғысы келмейді – құдайы қаламайды, кімнің батыр болғысы келмейді - жүрегі дауаламайды», - деген сөз бар.

Пайда да ақыл бар жерге үйіріледі.

Бизнестің ұраны: «Жоғары өрле немесе жолды босат, сатыда тоқтама». Әрі қарай өсуге ұмтылмасаң іскер азамат ретінде біттің дей бер.

«Атаның малы балаға мал болмайды», - деген қазақ сөзі әкең бай болған болса да, сен ол байлықтың қалай жасалып жатқанын білмейтін болсаң, оны ұстап қалуың қиын, өз бетіңе жіберсең, ол малдан ештеңе де қалмайды, - дегені.

Американдық әйгілі миллионер Фордтың өмірінде мынандай оқиға болған: Клубта қайырымдылық қорына арналған жәшікке Форд 10 доллар ақша салыпты, сәлден кейін оның ұлы кіріп, қор жәшігіне 1000 доллар ақша тастапты. Сонда үлкен Фордтан: сіз миллионерсіз, балаңыздан жүз есе кем ақша салғанын қалай, - деп сұрағандарға: «Мен миллионердің баласы емеспін ғой», - деп жауап қайырған екен. Әкенің тапқан дүниесін шашып -

төккендей ғып өзің тапқан дүниені шашып - төкпейсің, өйткені оның қалай жиналғанының бағасын білесің.

Балаңды кішкентайынан қолына ақша беріп үйрет. Отбасыңның бюджетін алдына жайып сал, қалай жұмсалғаны дұрыс болатынын ойланып өссін. Мектепте бизнесті үйретпейтіні өкінішті.

Адамға мал бітіуі – ақылмен еңбектің нәтижесі.

Табыстан – табысқа жетіп, дәулетті болу үшін қарапайым екі – ақ тәсілді білу керек: қалай әрекеттенуді және сол әрекетке қажетсіз артық нәрселерді болдырмауды.

Бизнес ойын сияқты. Ол кәдімгі спорт ойындары сияқты, сол ойындардан қиын да емес. Бірақ спортшыдан өзгешелігің – бұнда намыс, өз мүмкіндігіңді ашу секілді категориялармен қатар, отбасыңның игілігі, бүкіл армандарың ойын таразысында тұрады.

Бизнесте жарқырап шығу үшін соншалықты данышпан болудың керегі жоқ. Жалпы қағидалар – ұқыптылық, тәуекел, есеп. Сосын ойын тәртібін жете білу, ең керегі сол. Басқарушы ғана емес. Бүкіл команда жете білсін. Ұжым команда емес, команда – біртұтас, түйін болып еңбек ететін, тірліктен толық хабардар, ақшаның қалай жасалып, қайда жұмсалып жатқанын білетіндер. Ойынға бүкіл командаңды тарта біл, олар ойынға қаншалықты деңгейде тартылса, өзі-ақ үйренуге көп білуге ұмтылады.

Ақша кез келген адамға керек. Сол үшін ол қасиетті.

Сенің бір өзің ғана баға деңгейін өзгертуге шамаң келмейді. Ендеше, жалғыз жол – құнының арзан-қымбаттығына қарамастан не қаласаң да сатып ала алатындай жағдайға жету.

Бірақ, ақшаның құлы болма. Әңгіме ақша табуда емес, мағыналы өмір сүруде. «Адамдардың пайдалысы – адамдарға пайда келтіргендер», - дейді Омар Хайям.

Ақша жасау үшін адамға тез қимылдай білу қажет. Ол үшін түрлі жағдайға бейімделе біліп, өз болмысын толығымен бір ғана мақсатқа бағындыру шарт. Тек тынымсыз ізденіп, қимылдап, шешім қабылдап, мүмкіндіктерді пайдалана білген адам ғана бизнесмен бола алады.

Бүкіл саналы ғұмырында өз еркімен бірде-бір батыл қадам жасай алмайтын адамдар болады. Олар өмір бойы көпшіліктің соңынан ілесіп отырады. Ал қаржы мәселесінде көпшілік әрқашанда жеңіліс табады. Қаржы дегеніміз – саясатқа тікелей қарама – қарсы дүние. Саясатта көпшілікке қосылған жеңеді, қаржыда – керісінше.

Біреуден алған ақша тез жұмасалады, кісінің қолынан алған несібеңді алладан сұра.

Азар болса қарыз алармын деп лажы болса ойлама. Ол өте қауіпті. Уақтылы қайтара алмасаң, ең алдымен сенімнен шағасың. Сенім де – несиеге берілетін нәрсе. Несие алып, қайтара алмағаның – сенімнен шықпағаның. Біреуден қарызға ақша аларда кейін қалай қайтаратынына берік есебеің болсын, ол есеп тәуекелге сүйенсе сүйенсін, бірақ есепті тәуекел болсын, кейін көре жатармыз болмасын.

Біреуді ақшасы көп болғаны үшін мақтап, жәркеленшіме. Әрине, бай адам ақылды да, мәдениетті де болуы мүмкін. Бірақ байлығы үшін оны жақсы көруге де, жек көруге де болмайды. Бәрін ақшаға сатып алуға болады деп ойлайтындар - өздері ақшаға тез-ақ сатылатындар.

Дүниеде ақшаға сатып алуға болмайтын екі нәрсе бар, ол – денсаулық пен адамгершілік. Осы екеуі болмаса байлық та, билік те ештеңе емес.

Байлықты – барлық, қызықты – жұбаныш, саулықты – мәңгілік кепілі деп ұқпа.

Ұрпақ үні

А. Асылбеков

Аман болсам халқым үшін,
Халқым үшін – жалпың үшін,
Ата-бабам салып кеткен
Аянбаймын салтым үшін.
Шабытымның шалқуы үшін,
Жалғасады жарқын ісім.
Аялаймын асылымды,
Тоқталғанша бар тынысым.
Әнсіз, күйсіз неткен өмір –
Мағынасы кеткен өмір.
Ата салтын ақтамасаң,
Өкінішпен еткен өмір.
Әнмен, күймен өткен өмір –
Гүл-бәйшешек көктем өмір.
Келер ұрпақ бақыты үшін
Шұғыласын төккен өмір.
Асау өзен ағысындай,
Арғымақтың шабысындай.
Әндерім мен күйлерімді
Қорғап өтем намысымдай.
Асыл мұра – арым екен,
Бойымдағы дарын екен.
Сақтамасақ, салтымызды,
Бұл өмірдің бәрі бекер.

2.1 МЕНІҢ ІШКІ ЖАН ӘЛЕМІМ

Жетінші қара сөз

Абай

Жас бала анадан туғанда екі түрлі мінезбен туады. Біреуі – ішсем, жесем, ұйықтасам деп тұрады. Бұлар – тәннің құмары, бұлар болмаса, тән жанға қонақ үй бола алмайды, һәм өзі өспейді; қуат таппайды.

Біреуі білсем екен демек. Не көрсе соған талпынып, жалтыр-жұлтыр еткен болса, оған қызығып, аузына салып, дәмін татып қарап, тамағына, бетіне басып қарап, сырнай-керней болса, дауысына ұмтылып, онан ержетіңкірегенде ит үрсе де, мал шуласа да, біреу күлсе де, біреу жыласа да тұра жүгіріп, «ол немене?», «бұл немене?» деп, «ол неге үйтеді?», «бұл неге бүйтеді?» деп, көзі көрген, құлағы естігеннің бәрін сұрап, тыныштық көрмейді. Мұның бәрі – жан құмары, білсем екен, көрсем екен; үйренсем екен деген.

Дүниенің көрінген, һәм көрінбеген сырын түгелдеп, ең болмаса денелеп білмесе, адамдықтың орны болмайды. Оны білмеген соң ол жан адам жаны болмай, хайуан жаны болады. Өзелде құдай тағала хайуанның жанынан адамның жанын ірі жаратқан, сол әсерін көрсетіп жаратқаны. Сол қуат жетпеген, ми толмаған ессіз бала күндегі «бұл немене, ол немене?» деп, бір нәрсені сұрап білсем екен дегенде, ұйқы, тамақ та есімізден шығып кететұғын құмарымызды, ержеткен соң, ақыл кіргенде, орнын тауып ізденіп, кісісін тауып сұранып, ғылым тапқандардың жолына неге салмайды екеміз?

Сол өрістетіп, өрісімізді ұзартып, құмарланып жиған қазынамызды көбейтсек керек, бұл жанның тамағы еді. Тәннен жан артық еді, тәнді жанға бас ұрғызса керек еді. Жоқ, біз олай қылмадық, ұзақтай шулап, қарғадай барқылдап, ауылдағы боқтықтан ұзамадық. Жан бізді жас күнімізде билеп жүр екен. Ержеткен соң, күш енген соң, оған билетпедік.

Жанды тәнге бас ұрғыздық, еш нәрсеге көңілменен қарамадық, көзбен қарамадық, көңіл айтып тұрса сенбедік. Көзбен көрген нәрсенің де сыртын көргенге-ақ тойдық. Сырын қалай болады деп көңілге салмадық, оны білмеген кісінің несі кетіпті дейміз. Біреу айтса да, ұқпаймыз. Біреу ақыл айтса: «Өз білгенің – өзіңе, өз білгенім – өзіме», «кісі ақылымен бай болғанша, өз ақылыңмен жарлы бол» деген дейміз, артығын білмейміз, айтып тұрса ұқпаймыз.

Көкіректе сәуле жоқ, көңілде сенім жоқ. Құр көзбенен көрген біздің хайуан малдан неміз артық? Қайта бала күнімізде жақсы екенбіз. Білсек те, білмесек те, білсек екен деген адамның баласы екенбіз.

Енді осы күнде, хайуаннан да жаманбыз, Хайуан білмейді, білемін деп таласпайды. Біз түк білмейміз, біз де білеміз деп надандығымызды білімділікке бермей таласқанда, өлер-тірілерімізді білмей, күре тамырымызды адырайтып кетеміз.

... Жан жоқ деушілер: жан — миға біткен бір сипат, онан бөлінетін нәрсе емес дейді. Бұл сөз жанды таба алмай, орнын сипалаған сияқты. Себебі ми, жұлын, электрия қуаттарын жинайтын лао бөтелкесі, батарея сауыттары сияқты, жанның тұрағы, ол бұзылса, электрия кеткен сияқты, жан да кетеді. Жан адам өлген соң бір хайуанға кіріп, ол өлсе тағы бір хайуанға кіріп жүреді деген сөздің дәлелі не екен?

...Ең түпкі жаратушы туралы болмаса, барша өсіп-өнгендерді түрлентіп шығарып жатқан жаралыс жолы екендігіне еш сау ақыл таласпайды.

...Жылқы мен есектен қашыр туса да, екі жылқыдан қашыр тумайды. Бұл сезімнің қорытындысы: тәмам барлықтың ата-анасы бір екені рас. Сонан туып өзгеріп жатқаны да рас. Бірақ ұқсасы, бәрі бірінен-бірі туып өзгергені жоқ. Жаралған себептерінің ыңғайына қарай біріне-бірі ұқсас не ұқсаңқырап, не тіпті ұқсамай жаралып жатыр. Бұл сөзді маймылдан туғанға арланып айтып отырғаным жоқ, қайта жаманнан жақсы туғанға қуанатын орным бар. Бұл кезде бүкіл Европа мойындап отырғаны сияқты, Дарвин сөзіне қарсы дау айтқаныма орысша ғылым оқыған жастар тексермей, үстірт қарап, мені сөгуі мүмкін...

Мен жан жоқ, өлген соң өмір жоқ дегенге таңғаламын. Оларға мұндай сөзді қандай ой айтқызып отыр екен? Осы кезде жанның барлығына, өлген соң да жоғалмайтындығына күндей жарық дәлелдер табылып тұрса да, нанып қалған әдет алған шатақ діннен шыға алмаған молдаларына қатып қалу — ақыл ісі ме? Бір адам жанының өлген соң жоғалмай, мұнан таза, жоғары болатынын ақылымен қабылдап нанса, және бір адам жан өлген соң біратола жоғалады деп таныса, осы екеуі өлерде есі дұрыс болып, өлерін біліп өлсе, екеуі не жанынан өледі? Әрине, жаның өлген соң тазарып, жоғарылайтынына нанған кісі қуанышта болып, жоғалуына нанған кісі өкініште болып, біржола жоғалмады-ау деп өлсе керек. Және ұждан — жанның тілегі екеніне нанған кісі қиянат қылғанына қатты кейіп, жақсылық қылғанына жете қуанса керек. Олай нанбай, бай ұждан, құры ғана көрініс үшін адамдыққа лайық деген кісіге жақсылық, қиянаттың көп айырмасы жоқ болса керек.

Ізін білдірмеудің айласын тапса болғаны, себебі өлген соңғы жан өміріне нана алмай, ұждан, жан екі өмірге бірдей керек таяныш екеніне нана алмаған кісінің жүрегін ешбір ғылым, өнер, ешбір жол, заң тазарта алмайды. Егер бір адам жанның өлген соңғы өмірі мен ұждан соның азығы екеніне әбден нанса, оның жүрегін еш нәрсе қарайта алмайды. Адам атаулыны бір бауырдай қылып, екі өмірде де жақсылықпен өмір сүргізетін жалғыз жол осы мұсылман жолы сияқты. Кейбір діншілдерді қорлыққа түсіріп жүрген шатақ дін, жалқаулық, әйтпесе жаратушыда білім бар, өлген соң да бір түрлі жан тіршілігі бар. Жанның екі өмірде де азығы — ұждан деумен еш нәрседен кемдік кермейді. Тіпті бұл жоғарылаудың ең зор жәрдемі үшін анық дегенім осы.

Жан мен дене һәм көңіл

III. Құдайбердіұлы

Басында жан мен дене екі басқа,
Жан шыдап тұра алмайды қозғалмасқа
Дене сауыт сықылды жанның орны
Оған да күту керек бұзылмасқа ...
Жан мен дене — қосылған ерлі қатын,
Екеуінен туады көңіліміз...
Әкесі — жан, шешесі — дене болып,
Көңіліміз сол себептен екі талай...
Жан құмары — істемек, біліп алмақ.
Бөгет бола береді дене салмақ...
Жан талпынар талайды көрмек үшін,
Әр сырын дүниенің білмек үшін.
Дене байғұс салмақ боп баса берер,
Жаралған ғой түбінде өлмек үшін...
Көңіл әзір денені қуандырмақ,
Өзі де қызық көріп, жүре тұрмақ...
Дене мен жан — анау, көңіл — мынау,
Қайсысына билеттің байғұсым-ау?..
Анық қара, жан — өзің, дене киім,
Мақтап, бояу — денеге берген сыйың...
Біз семірттік денені азықпенен,
Байлап бердік жанды оған қазықпенен...
Ашу жеңсе, адамда ақыл қалмас,
Ой ойланып, орынды іс қыла алмас.

Неге арналсаң, соны істе!

Ж. Аймауытұлы

Әлеумет тұрғысындағы зор кемшіліктің бірі - әлеумет мүшесі, әр адам «өз орнында» қызмет етпеу. Адам - өзінің ыңғайымен, еркімен қызмет етеді. Кісі іштен туғаннан-ақ белгілі бір өнерге, қызметке икем болып туады. Басқаша айтқанда, әр адамда бір нәрсе талап, ыңғай, қабілет яки зеректік болады. Біреу бала оқытуға, біреу етік тігуге, әкім болуға, мал бағуға, әскерлікке, жазушылыққа, дәрігерлікке, сөзге, біреу дауға ыңғайланып жаратылады. Кімде-кім өзіне біткен ыңғайына қарай, өз жолымен жүріп, қызмет етсе, өз басына да, әлеуметке де үлкен пайда келтірмек. Өмірде еш

жұмысқа икемі жоқ жан сирек болады «Өз орнында» істеген адамның жұмысы да өнімді, берекелі болмақ.

Әр адамның еңбегі жемісті болса, соғұрлым әлеумет тұрмысы да тез оңалмақ. Әркім «өз орнында» қызмет істегенде әр адамның еңбегі жемісті болады. Олай болса бұл – негізгі мәселе. Әр адам өз пайдасын, өз мақсатын көздемеқ. Бас мақсатын біржолға ұмытып, әлеумет қызметіне түгел берілетін адам болу мүмкін емес! Ондай адам кемде-кем. Біреу әлеумет үшін еңбегін көп жұмсайды. Біреу бойын тежеп, бас мақсатын көбірек сағалайды. Адам өз өмірін көңіліндегідей мұңсыз өткізуге талпынады. Сондықтан ең күшті мақсат – бас мақсаты. Қайткенде әрі жеке адамның әрі әлеуметтің пайдасы бірден табылады? Қай уақытта әлеумет тілегі мен жеке адам тілегі тоғысады? Әр адам табиғатына біткен қабілетіне, зеректігіне қарай өз орнында қызмет етсе, сонда табылады.

Әр адам әлеуметке пайдалы болу үшін өз орнында істеп жүр ме? Үйтсе де жалпы кемшілікті көрсете кету артық болмайды. Оқыған азаматтың қызметте тұрлаусыздығы, білімі аз шалалығы, құр даурық, еліктегіш, мансапқорлығы, кеңсешілдігі, пайдакүнемдігі, өз әлін өзі шамалай алмауы, негізгі мақсаты, мұраты жоқтығы, берік жол тұтына алмайтындығы, осының бәрі шын әлеумет қызметкері болуға піспеген, шынықпағандығын көрсетеді. Адам сүйегіне біткен икемділігіне қарай қызмет ету керек. Ол үшін адам өзінде қандай талант, қандай зеректік, қандай қабілет, бір сөзбен қандай қасиет барлығын білу қажет. Дәлдеп айтқанда, әр адам өзін-өзі тану керек. Өзін-өзі танымаған – өзгені де тануға шорқақ.

Адамның өзін тану, өз жолын табуы өте қиын. Бұл қиындық әсіресе жастардың басында: олар тәжірибесіз, олар көңілі, ойы құбылмалы, толқымалы, сондықтан өзін сынай алмайды. Жастар тоқсан жолдың торабында. Қай жолға түсерін білмей дағдарады. Егер жазатайым болып теріс жолға түсіп кетсе, өмірі өкініші кетпейді.

Әр адам әлеумет ісіне көмектес болуға міндетті. Ол үшін өнер (профессия) таңдау керек. Әрбір өнер белгілі мінсіз қасиет тілейді. Ондай қасиеті болмаса, қызмет жемісті болмайды. Белгілі бір өнерге арналып, бейім бола туған адамда ондай қасиет анық байқалады. Мысалы, артистік – бойына біткен мінез қасиеті. Біреудің басынан кешірген халін ұға білу, өзін өзгенің орнына қоя білу. Басқалардың кейпіне түсу. Оның үстіне артист болуға өткір сезім, күшті қиял, жаттау қабілеті, ұстамдылық сипаттары да керек. Әскер қызметі көнбістікті, ерлікті, тәуекелшілдікті, тез байыптағыштықты тілейді. Осындай өзгеше сипаттар әр адамға белгілі рең береді.

Өнерге ыңғайлы болу үйренумен, машықтанумен, жүре табылмайды. Адам іштен туа өнерге бейім бола туады. Менің табиғатым нені қалайды? Ындыным нені сүйеді? Ішімдегі даусым мені қайда шақырады? Менің «менмендігімді» сыртқа шығаратын ең басым, күшті ыңғайым, талабым қайсы? Сол дауыстың айтқанына жүруім керек. Адамның өзге сипаттарының бәрінен артық жетілетін талабы осы болу керек. Өмір жолының тоғысында тұрған әрбір адам осылай істеуі тиіс. Бірақ бұл оңай іс емес. Үй іші баласын

белгілі өнерге арнағанда, оның ыңғайымен есептеспейді. Көрнекі орында шен алатын, мал табатын қызмет еткенін қалайды. Ал енді жас буынның өз таңдауына жіберсек, өзі одан әрі асады. Кейде жолдасы қай жолды таңдаса, ол да соған еліктейді. Кейде біреудің орнына, «дәрежесіне» қызығып, соның жолын көксейді. Сонымен теріс жолға түсіп кетеді. Ыңғайы келмейтін қызметті істегеннің сазайын ондай адам келешекте мықтап тартады. Өз жолында қызмет ету – ырыстың басы. Шу дегеннен өзінің тура жолын тауып алатын ырысты адамдар да бар. Болмаса, жасынан-ақ бір өнерге үздік туғаны анық көрінеді де, бейімделген жағына ауып кетеді. Кейбіреулер өмір бойы қараңғыны қармалап, әр өнердің басын бір шалып, өз жолына түсе алмайды.

Бір іске олақ адамды ешнәрсеге икемсіз, мүлдем топас адам деуге болмайды. Рас, кейде адам іске тұрлаусыз, табансыз, бірді бастап, бірді тастағыш келеді. Мұндайлар толық адам емес. Бұлар дауыстың өзі емес, жаңғырығы. Бұлар – әрі-сәрілер. Бұлар қай ортаға кез келсе, сол ортаның жағдайына ыңғайланып жүре береді. Өз ойынан шығаратын үздік өнері болмайды. Дегенмен, ондай кісінде тіпті ыңғай жоқ деуге келмейді. Ыңғайы болса да дер кезінде ұстармаған, жетілмеген болады. Тура жолына түсуге адамды табиғаты тура жетектей бермейді және адамның жетілуі де дәйім бір бағытпен жүре бермейді.

Әр адамның өмір ағымын зерттесек түрлі қабілеті түрлі мезгілде өсіп-өнетінін байқаймыз. Біреу салғаннан кең жолға түсетін болса, енді біреу өмірде әр қызметті бір ұстайтын болып жаралады. Бір қызметтен екінші қызметке көшіп, қабілетінің әр тарауын жетілдіруді қалайды, оның мүддесі өзінен өзі өзгеріп отырады. Ол өзгеруде ешбір жүйе, тәртіп те болмайды. Кісінің өзі байқамай жүрген қуатын кейде тұтқиылдан өмір, іс туғызады. Өмір бойы еңбек еткен адамның қандай кемелдікке жеткенін ірі адамдардың өмірінен көруге болады. Кемелдікке жету үшін ірі адамдарда келешектегі игілікке зор үміт, өзінің күшіне зор сенім болған. Бір нәрсені іздеп, зерттеп, соңына түскен адам, егер ынтасы, қабілеті, таланты болса, түптің-түбінде мақсатына жетпей қоймайды.

Өзімді-өзім жеңе алмай жүрген бір кезім

К.Мырзабеков

Өзімді-өзім жеңе алмай жүрген бір кезім,
Жеңе алмауыма себепші — бірден-бір өзім.
Өзімді-өзім кінәлап салыстырамын,
Қабілетім кімнен кем еді,
кімнен мінезім.
Бойымда барды ұқсатып жарата алмаған,
Өзім ғой өзім,
дұшпан жоқ оқ атар маған.
Дұшпаным жоқ деу әрине аңғалдық болар,
Тышқанның мұрнын адалмын қаната алмаған.
Адалдығыңнан не пайда?
Әрекет егер,

Қаракет жасай алмаса қара көтерер.
Ақкөңіл сенің айтқыштық мінезінді де,
Астарлап алып біреулер пәлеге теңер.
Еркелігінді біреулер есерлік дей ме,
Өзіңе сену өзіңе кесел жүктей ме?
Ығына қарай уақыттың иіле берсе,
Біреулер соны заманға төселдік дей ме?
Заманға сонда жаялық төсеніш болса,
Есебін білсе,
ешкіммен есеп ашпаса,
Өзгерсе заман біз-дағы жалт береміз бе,
Бүгін басқаша,
едік қой кеше басқаша...
Заманға менің өкпем жоқ,
қоғамға тағы,
Өкпемнің бәрін өтемін адамға таңып.
Жеңе алмай жүрген өз-өзін мен бе екен жалғыз,
Білмейді-ау көбі,
жоқ шығар содан да кәріп.
Өзімді-өзім жеңе алмай жүрген кезім...
Іздеймін кейде мен сондай күндердің өзін.
Өзінді-өзің жеңесің!
Өлесің бір күн,
Өлтіре жаздап жүр мені құрғыр мінезім.

Өмірлік бағыт

Н. Күнхожаев

Адамда саналы түрде қалыптасқан өмірлік бағыт оның әлемді, өмірді, өзін-өзі тұтас түсінуіне байланысты. Өмірлік бағыт адамның ә-іс-әрекетінен, өмірге берген бағасынан, көрінеді. Адамның өмірлік бағытының негізгі сипаты-оның белсенділік дәрежесі. Өзін-өзі тануда, өзін-өзі жетілдіруде , өмірде және қоғамда өз орныңды табуда әркімнің белсенділігі алға шығады. Жақсылық үшін , адам игілігі үшін жасалған белсенділік маңызды деп саналады.

Адамның өмірлік бағыты оның өмір бейнесінен көрінеді. Адамдардың өмір бейнесі, салты олар өмір сүріп отырған қоғамның материалдық, рухани және мәдени дәрежесімен анықталады. Сондықтан адам өмірінің көп жағдайы өмірдің бағытына байланысты. Әр адам өз өмірінің бағытын анықтауға тиісті. Ол үшін мына ережелерді басшылыққа алсаңдар дұрыс болады:

- ✓ Өмірде қандай жақсылық болса, соны көре біліңдер;
- ✓ Өмірде кездесетін ұсақтыққа назар аудармаңдар;
- ✓ Өмірдің ең құнды жақтарын алуға тырысыңдар;

✓ Адамның әлсіздігіне шыдамдылықпен қараңыз, ондай жағдай сіздің де өміріңізде кездесуі мүмкін;

✓ Өмірде жақсылық та, жамандық та болады, сондықтан оның жақсылығына рақаттаныңыз, алыңыз, ал жамандығына ренжімеңіз.

Сөйтіп, өмірлік бағыт дегеніміз әркімнің өз өмірлік жолын таңдауына әкеледі. Жас кезінде адамның алдында әртүрлі жолдар тұрады. Бірақ адам оған жетуі үшін, біреуін ғана таңдауы мүмкін. Ол қайсысы? Ол сені қайда апарады? Адамның өмір жолы жеңілдіктен ғана тұрмайды, ол ауыр болуы да мүмкін. Өмірдегі жеңіл жол әдетте тез таусылады және ештеңеге жеткізбейді. Жас адамға кез келген қиындық ештеңе емес, өйткені оның бойында күш-жігер бар. Батыл, намысшыл, қорықпайтын адам өз бағытынан таймайды.

Сондықтан өмірлік жолды, өмірлік бағытты таңдай отырып адамгершілік, әділдік, адалдық, шыншылдық, ар-ұят тәрізді адамдық асыл қасиеттерді басшылыққа алу керек.

Өзге

Ғ. Есім

Өзім туралы не білем? Аз білем. Көп білгім келеді, бірақ оның тәсілі қандай? Сірә, өзінді білу өзгені қабылдай алудан басталса керек. Өзге өзім үшін – айна. Адам айнадан өзін көрмей ме? Демек, өзге деген бөгде емес, өзім болып шықты. Өзгесіз мен жоқпын. Осылай ойлай берсек, қандай нәтижеге келмекпіз? Жеке адамның өзге адамдармен қарым-қатынасын зерттейтін арнайы білім саласы – социология бар. Адамдардың қарым-қатынасы болмаса, тіптен адамның өзі болмайды деген де қағида бар. Адамдар қоғамдық қатынастар жиынтығы деген маркстік ілім бар. Адамдарды тегі (сословиесі), қызметі, дәулетіне қатысты анықтайтын түрлі страттық теориялар да баршылық. Қалай болғанда да адам өзін өзгелермен теңдестіріп, салыстырып, соған орай пікірлерін, іс, әрекет, харакеттерін жасауды дағдыға айналдырғаны шындық.

Қазақ тілінде тең-теңімен деген мәтел бар. Адам өзін өзгелермен салыстыра келе, кейде өзге болғысы келеді, еліктеп соған ұқсағысы келеді. Еліктеушілік негізінен жас кезде болып, есейе келе қалатын дағды. Бірақ кейбіреулер одан өле-өлгенше арылмайды. Ғұмыры еліктеумен өтеді. Екінші біреулер бірден өзге болғысы келмей, өзімен-өзі болғысы келіп әуре-сарсаңға түседі, бұл болмысында харизмі бар, шығармашылықпен кәсіби негізде айналысатын дара тұлғаларға тән қасиет. Бірақ, оларда өзгелерсіз болмақ емес. өзге болмаймын дегеннің өзінде, ол бәрібір сол өзгенің ерекшеліктерін біліп барып, оны теріске шығарып отыр. Бұл мәнде өзге, өзі үшін бақыт анықтаудағы ориентир.

Өзгенің адамға әсері үнемі де үздіксіз болып тұрады. Себебі, өзге дегеніміз күнде, сағат, минут сайын көретін, кездесетін, сөйлесетін, қызметтес болатын немесе кино, теледидардан көретін жандар. өзге деген өзіңнен басқа адамдар. Адам қауымында болып өзгелерсіз қалай өмір

сүрмексің? Өзгелер сенің өмір сүруіңнің басты шарты. Өзгелер сенің барлық атқарылар істеріңнің мүмкіндігі. өзгелер сен үшін тыныстайтын ауаң, өмірің. Кейбір жандар өзгелерден безіп кетеді. Өзі сияқты өзгелерден безіну, адам баласы мекендемейтін жер іздеу, шын мәнісінде өзгеден қашу емес, өзгені аңсау. Сонда ол қандай өзге? Оны біреулер құдай дейді, біреулер өзге дегенің өзінді-өзің тану дейді, енді біреулер өзінді өзгелерден тазарту немесе тағы біреулер өзге туралы сағынышты (оны көбінесе ғашықтық дейді) өзіңнен ізде дейді немесе тағы біреулер жаратылыстан (аян түрінде) сырласу дейді. Осы айтылғандардың бәрінің ілімдері бар. Адамзат өзінің барлығын анықтауға мүмкіндігі ашылғаннан бері осы мәселелермен үздіксіз айналысып келеді. Осыны әсіресе, поэзияда ғашықтық түрінен аңғарамыз. Ғашықтық өзгені аңсау, оны өз өмір сүруіңнің қажеттілігіне айналдыру, тіптен, сол өзге үшін жанын қиюға дейін бару. Бұл жерде адам өзін тек өзге арқылы түсіне алмақ, жеке өз ғұмыры мәнсіз болмақ, бұл хал негізінен әйел затында болатын іс, оның әдебиет тарихында белгілі үлгілері көп. Философтар өзге қажеттілікті адамзаттың тегінің туыстығынан шығарып түсіндіреді. Адамзат хайуан емес, маймыл емес, яғни бір тектен тараған, былайша айтқанда, бәрі туыс. Сондықтан өзгені қажет ету негізінде адамдардың туыстығында немесе адамдығында. Бұл, әрине, базистік түсінік. Нақтылы жағдайда адамның өзгеге қатынасы тым күрделі, оны бірер сөзбен тарқатып беру мүмкін іс емес. Кей-кейде өзге түгіл, адамның дәл өзі өзіне өзге болып та кету мүмкіндігі бар. Мұндай халді жазушы Федор Достоевский шығармаларынан кездестіруге болады. Адам өзін-өзі өзге деп түсіне бастағанда, оның өз жеке басына бөгделік сезімдер орныға бастайды. Мысалға Альбер Камюдің «Бөгде» деген шығармасын келтіруге болады. Мұны, әдетте дерт деп қарайды, бірақ болмысында Карл Юнг айтқандай, архетиптер болмақ, олай болса әр жеке адам болмысында адамзат тарихының тәжірибесі жинақталған, әрине өзгелік. Демек, әрбір адамда болмысында өзі мен өзге табиғат қоса өмір сүреді десек, мәселе қалай болмақ, ойлану керек!

Өзіңе сен, өзіңнің күшіңе сен

Ә.Тәжібаев

Өзіңе сен, өзіңнің күшіңе сен,
Қос қолыңмен істелген ісіңе сен.
Алысың да сыйлайды, жақының да,
Өзіңді өзің төменге түсірмесең.

Өз қайығың, бар болса өз ескегің,
Өмірде мен сені осал демес едім.
Қимылдай бер, тарта бер ескегіңді,
Шығады алдан жап-жарық келешегің.

Қозғалмасан, тоңазыр көлеңкең де,

Ескегінді ес, бір мезет тоқтай көрме.
Өз қайығың болғаны кандай жақсы,
Қашан, қайда барсаң да, өз еркінде.

Жаман адам кім?

Ғ.Есім

Кім жаман адам? Біз жаман адамды іздегендей жан-жағымызға қараймыз. Өзімізді көрмейміз. Демек, жаман адам бізден өзге жан.

Мен адамның жаманы едім деп ешкім де мойындағысы келмейді. Өзім адамның жаманымын деп мойындаған жанды біз «Аяз би» ертегісінен ғана кездестірдік. Ертегі кейіпкері өзін жаман адаммын деп мойындаған, бірақ оқиға фабуласы өрбуімен орай, жаман деген адам ақыл, парасаты мол екендігін көрсете бастайды. Сонда жаман кім деген сұрақты қайта қоюға мәжбүр боламыз.

Мүмкін, адамның жаманы екенін анықтау адамның ісі ме екен ойға қаласың. Жаман болса, ол адам бола ма? Адамның ең жаманы – адам. Осы түсініктен айырылсақ не болмақпыз. Адам қандай жаман болса да, ол – адам. Бұл адамды түсінудегі басты ұғым. Осы негізінде ғана адам болмысы туралы сөз қозғау мүмкіндігі бар. Адамның жаман атануы нендей жайларға байланысты. Адам тумысынан жаман болып өмірге келе ме, әлде өмір талқысы оны қағып – соғып, шалажансар етіп тына ма? Қалай болса да жамандық әлдененің нышаны емес пе? Осы бағытта ой өрбітіп көрелік. Жақсылық түсініксіз, әрі мәнсіз іс. Жақсылықтың жақсылығы жамандық немесе оның нышаны болған жерде ғана анықталмақ. Жамандық өзі болмасам да, оның нышаны не нәрседе, қай мезгілде болмасын болып тұрады. Түс көріп шошынып оянамыз, себебі жамандықтың нышанын сезініп әлденеден сексем аламыз. Ойланып алған соң да жетісіп тұрған жағдай жоқ, жан – жақтан сұқтана, бірақ сәтін күтіп бой тасалап тұрған жамандықтардың нышандары.

Сіз, осы жалған ғұмырда тым-құрымаса бір сағат ішінде жамандықтың нышанын сезінбеген жанды тауып бере аласыз ба, әрине, жоқ. Есі дұрыс адам үнемі қорғаныста, сонда кімнен, неден қорғанбақ, айтарым жамандықтың нышандарынан. Бақыттымын деп айтудың өзі жамандықтың нышанын сезнінуден туған толқымалы хал. Бақыт деген жамандықтан мүлдем арылу емес. Бақытты кім? Жаман адам ба, жақсы адам ба? Жақсы адамды ізгілікті жан десек, ол ешқашан өзін бақыттымын деп санамайды. Себебі, ол адамның табиғи кемістігін біледі. Жалған ғұмырда бақыттымын деу дана адамның сөзі емес. Ол өмірдің өткінші екенін, жалған екенін, мәңгіліктің жоқ екенін әбден біледі. Соның бәрін білген соң, қалайша өзін бақыттымын деп сезінбек. Ондай жанның халін білдіретін басқа ұғым бар, ол қайғы. Тарихтағы Асан-қайғы сондай данышпан адам.

Даналықтың өлшемі ізгілік. Асан-қайғы ізгі жан. Демек, оны жақсы адам деуімізге болады. Бұл өлшеммен келсек, жамандар: Александр Македонский,

Юлий Цезарь, Шыңғыс хан, Ақсақ Темір, Наполеон, Гитлер, Ленин, Сталин т.б. сол сияқты және осыларға ұқсас ірілі-уақыты жауыздар. Ізгілік жаман адамдардың әрекеттері. Осындай жою, қорлау жаман адамдардың әрекеттері. Осындай әрекеттері үшін жоғарыда аталғандар бақытты болмақ па?! Мүмкін бір тайпа елді қырып салып, Шыңғыс хан өзін бақыттымын деп санаған шығар, мүмкін, бірақ ол, оның өзі туралы пікірі. Біз олай ойламаймыз. Жаман адамды жақсы адамнан ажырата білу даналық. Кім жаман адам? Біз жаман адамды іздегенде жан-жағымызға қараймыз. Өзімізді көрмейміз. Демек, жаман адам бізден өзге жан. Осымыз жамандық па, жақсылық па?

2.2 МЕН ЖӘНЕ ӨЗГЕЛЕР

Ағайын

М. Көпейұлы

Аманыңды елжіреп мақтайтын да ағайын,
Алыстамай айналып, жақтайтын да ағайын.
Ауырыңды жеңіл ғып, ақтайтын да ағайын,
Еркелетіп, бетіңнен қақпайтын да ағайын.
Жаман атақ бойыңа тақпайтын да ағайын,
Ашыққанда рақым ғып, сақтайтын да ағайын.
Сабыры қалмай, сағынып жүретін де ағайын,
Есіне алып елжірей білетін де ағайын.
Мақтағанда мамыққа бөлейтін де ағайын,
Адасқанда аттарын беретін де ағайын.
Аяқ тайса алдымен келетін де ағайын,
Айтқаныңа қалтқысыз сенетін де ағайын.
Адал айтқан ақылды ұқпайтын да ағайын,
Жаяу жүріп аттыға ұқсайтын да ағайын.
Туысқансып түрлі істі көретін де ағайын,
Қылға тізіп қимылды өретін де ағайын.
Жан қысылса жатырқап, үркетін де ағайын,
Көлгірсініп көз жасын сүртетін де ағайын.
Әуел баста аңдамай, тартып жүрме сазайын,
Толып жатыр түрлі сөз, қайсыбірін айтайын,
Өскен ордам жамандап, жақсыны қайдан табайын?!

Жанашырлар – жақсы аға , жайсаңдарым

Ф. Оңғарсынова

Жанашырлар - жақсы аға , жайсаңдарым ,
Сендер барда асқақпын , қайсар жаным .
Арқа таңып сендерге , алдарыңда
Ерке басып жүруге тайсалмадым .
Сендер барда үкілеп мінгендеймін

Жел ілеспес даланың ай саңлағын .
Сендер бар деп еркінсіп бұлаңдаймын ,
Жұрт шалқалап қарайтын шынардаймын .
Сендер бар деп жасқанбай жер басамын ,
Жанарымнан көшеді тұман - қайғым .
Сендер теңіз шалқыған
Шағаласын шарықтатпай көгінде тұрар ма айдын !
Сендерсіз бұл жалғанда
Жоғалардай ізгілік , бүкіл мейірім ,
Онда мен де көз түспес үтірдеймін .
Сендер айтқан жалғыз - ақ жақсы сөзден
Жамау - жасқау көңілді бүтіндеймін .
Ал сендерден сол салқын қабақ көрсем ,
Іштей налып , өзімді түтіп жеймін .
(Мен , әйтпесе , көк мылжың пенделердің
өсек - аяңдарына түкірмеймін) .
Сендер барда тілемеймін тағдырдың сыйын бөтен ,
Көз тігемін сағымды қиырға кең .
Күншуақтың қадірі көлеңкеде
Тоңбағанға әшейін бұйымға тең .
Пенделер бар күні үшін көлгірсіген ,
Ондайлардың достығы тиынға тең .
... Бұл өмірде жанашыр жақсыларсыз
Жақсы болу адамға қиын да екен .

Кім білген

М. Хакімжанова

Қиындық көрмей өмірден,
Өмірдің құнын кім білген?
Махаббат таппай көңілден,
Көңілдің құнын кім білген?
Тегеурін таппай темірден,
Темірдің құнын кім білген?
Қызулық таппай көмірден,
Көмірдің құнын кім білген?
Қайғылы болып қамықпай,
Шаттықтың құнын кім білген?
Ашығып асқа тарықпай,
Тоқтықтың құнын кім білген?
Жоқтықты көріп жұтамай,
Бардың құнын кім білген?
Жесірлік көріп жыламай,
Жардың құнын кім білген?

Қубастың зарын тартпаса,
Баланың құнын кім білген?
Қайратың кеміп қартаймай,
Жастықтың құнын кім білген?
Жауыздықты тойтармай,
Қаруын қарсы қайтармай,
Достықтың құнын кім білген?
Отан үшін аттанбай,
Ойран салмай жауына,
Ортақ болмай дауына,
Отанның құнын кім білген?

Күндестік құрысын!

М. Мақатаев

Қандай рақат!
Жүрейік, достар, күнде өстіп.
Ренжу деген,
Ренжу деген – білместік.
Бауырларым-ау!
Бәріміз бірге күн кештік,
Арамызға біздің
Қай жақтан келді күндестік?!

Жүруші едік қой
Мұңымыз бірге, арман да,
Армандап жүріп,
Келдік қой осы орманға,
Көзімізді ашып,
Қарайық атар таңдарға,
Күндестік құрысын!
Күндестік құрысын!

Күндестік деген – жат көрік,
Тастайық оны, нақ ортасынан қақ бөліп!
Елдер мен елдер,
Материктер мен материк
Достасып жатыр,
Татулық туын көтеріп.
Бауырластықтың жалауын біз де көтеріп.
Жарқын өмірден ,
Жауласпай жүріп өтелік!

Ана ұлылығы

Осы көктемде біздің үйде семья тағдырын жаңа арнаға салған үлкен жаңалық туды. Біз Есмағи екеуміз шешелі болдық. Аты Бейіс. Біздің үй осы кісінің қолына көшерде де әкемнің естілігін байқаймын. Ол кісі онға жақындап қалған мені, алты жастағы інім Есмағиды қасына отырғызды да:

– Міне көрмейсің бе, үй болса азып барады. Маған колхоз жұмысы да олқы соқпас. Ал үй ішіндік отын-су, тамақ пісіру, кір-қондарыңды жуу секілді шаруаны, сендер қарсы болмасаңдар, бір әйелге тапсырғым келеді, – деді. Және ол кісінің қақ-соқта жұмысы жоқ, момын, ісіне тыңғылықты, әрі біздерге дұрыс қарайтын, кеудемізден итеріп, кет әрі демейтін адам екенін ескертті.

Әкем бекер айтпапты. Сол жылғы көктемнен бастап отыз жыл бойына бар-жоқты, ыстық-суықты әкеммен бірге бөліскен, бізге ана орнына ана бола білген, әрі Еркебұлан атты іні тауып берген Бейіс, шынында да, сондай адам болып шықты.

Біз тегі әке сөзіне қарсы болмасақ керек. Сол күннің ертеңіне көрпежастық, шымылдық, алаша, текемет, ыдыс-аяқ, самауырын секілді дүние артылған кішкене арба кішкене үйіміздің алдына келіп тоқтады. Біз сөйтіп сордан құтылды. Үйімізге тазалық, тәртіп келді. Бөлме іші ақталып, еден мен терезе шынылары жуылды. Әйнектерге қызыл ала сисадан шілтерлер ұсталды. Бұрын құрым жапқандай қарауытып тұратын қара пеш енді ақ шаңқай түрге түсті.

Үй еңсесі көтеріліп, самаладай жарық болып жүре берді. Ең бастысы Есмағи екеуміз көп айлар бойы уысымыздан шығып кеткен, зарықтырған алақан жылылығын сезіндік. Көйлегіміздің жағасы тазарды. Бейіс көп сөйлемейтін, қойылған сұраққа «бар» немесе «жоқ» – деп жауап беретін кісі. Бізді еркелететін еді, бетімізден сүйетін еді деп те айта алмаймын. Сырт көзге салқын да сабырлы. Бірақ жылылығы ішінде, жүрегінің тереңінде болатын. Бала жүрегі ол жылылықты әу баста-ақ аңғарғанды.

Бір ересек бала мені жығып салып, асығымды тартып алды. Бетаузым қан-қан, жылап үйге келдім. Сондағы өгей шешемнің жағдайын көрсең. Мені жетектеп алды да, жаңағы баланың үйіне барды. Тентектің құлағын бұрап, шапалақпен тартыптартып жіберді.

– Жетім деп, жақтаушысы жоқ деп басынбақсыңдар ма?! Басындырмаймын. Бұдан былай әлімжеттік жасасаң тура сирағыңды қырқамын, – деді. Содан кейін үйге келе жатып: «Ондай сойқанға жолағаныңның соңы осы болсын. Жылағаныңды көрмейін мен енді», – деп маған ұрысты.

Өгей шешем қанша ұрысса да көңіліме алған жоқпын. Бала жүрегі тамыршы секілді. Жек көріп ұрсу бар, жақсы көріп ұрсу бар. Бірден айырады. Мен де солай. Кектенбеген, ренжімеген себебім, өгей болса да, Бейістің үлкен жүрегін, маған деген махаббатын, жанашырлығын сезіндім. Бейіс

құдды өз анам секілді. Өз анам болып, жаны ашып ұрсып келе жатқандай болып кетті.

Маған ана болған сол отыз жылдың ішінде өмірдің не тауқыметін тартпадық. Не қиындықты бастан кешірмедік. Қандай бір қиямет кезеңде де Бейіс бізге деген жаңағы бір ішкі жылылығынан айнып көрген емес. Арып-ашып, таусылған, мойып жасыған күнін де көрмедім.

Жаратылысында сондай нәзік, ашаң болса да, ауыртпалықтың бәрін әкеммен бірдей жүріп көтеріскен еді. Балапанына жемді құсып берер көгершіндей таршылық кезеңде өз сыбағасын аузынан жырып бізге бергенін ұмыта алармын ба сірә да.

Әлі есімде: сол жылы жаз ортасында біздің үй ішке көшті. Түменде біздің ағайындар бар. Соларды сағалап кеткен болсақ керек. Пәлен жерде бақыр бар. Барсаң бақыр түгіл, сапты аяқ та жоқ дегендей, ағайынсырап барған біздің онда да қарық болғанымыз шамалы. Бірақ бір жақсысы, әйтеуір, жұмыс табылды. Әкем мен шешем, тағы бір елдес ағайындар қалың орман ішінен күрке қалқайтып, құрылыстық қарағай кесті. Ақысына не алатындарын білмеймін, әйтеуір, екі ай бойы қара көжеден басқа түк көргеніміз жоқ. Нан дегенің түсімізге де енбеген. Августің аяғында ол жақта қара бидай орылады. Қара бидайы орылып алынған сондай егістіктен масақ теріп Бейістің нан пісіргені бар. Екі айдан бері нан сағынған Есмағи екеуміз төңіректен от басынан шықпаймыз. Таба жаппайдағы нан иісі бұрқырап біздің сілекейімізді шұбыртады.

Біз шайға бас қойдық. Бейіс буын бұрқыратып үстіңгі табаны көтерді де, қып-қызыл болып күреңіте піскен бір таба нанды қолына алып қақ бөлді. Сөйтті де бір жарты таба нанды: «Ертеден қара кешке көретінің бейнет, үздігіп кетерсің, жеп ал!» – деп әкем алдына тастайды. Ал қалған жартысын тағы да қақ бөліп: «Нан бетін ұмытқандарыңа екі ай болды ғой, мә, жеңдер», – деп Есмағи екеуміздің алдымызға қойды. Есімді біліп қалған мен: «Өзіңе қайда?» – дедім.

– Мен тағы да барып масақ терем. Тағы да нан пісірем. Сонда жеймін, – деді менің өгей шешем.

Осыдан кейін қалайша оны өгей шеше демексің? Тумаған деп аузың барып қалайша айта алмақсың?! Ашаршылықта жеген құйқаның дәмі аузыңнан кетпейді дегендей, бұл ұлы оқиғаны – әйел ұлылығын, ана ұлылығын қайтіп ұмыта алмақсың?!

Өмірде Сүйіспеншілік маңызды

М.Кемел

Бір кездері Қуаныш, Қайғы, Ақылдылық, Сүйіспеншілік, Байлық, Тәкаппарлық, т.б. барлық сезімдер бір аралда тұрған екен. Бір күні арал бата бастады да, барлық сезімдер кемелерге отырып аралдан алыстауға асықты. Тез арада бос кеме қалмай қалды. Сүйіспеншілік кемеге отырып үлгермеді

де, кемесіз қалып қалды. Аралдың тез батып бара жатқанын көріп, Сүйіспеншілік басқа сезімдерден көмек сұрауға жүгірді.

Байлық өте үлкен кеме ішінде жалғыз отыр екен. Сүйіспеншілік:

– Байлық, мені қасыңа алшы, маған кеме жетпей қалды, - деп жалынды.

– Жоқ, ала алмаймын. Кемемде алтын мен күміс өте көп, саған орын жоқ! – деді Байлық.

Сүйіспеншілік өте әдемі кеме ішінде кетіп бара жатқан Тәкаппарлықты көріп оған:

– Тәкаппарлық, маған көмектесші, жалғыз қалып барамын! – деді.

– Саған көмектесе алмаймын, Сүйіспеншілік. Үсті-басың су болып қалды, кемемді кірлетесің!

Қастарынан Қайғы өтіп бара жатыр екен, Сүйіспеншілік Қайғыға дауыстап:

– Қайғы, сенімен барайыншы...

– Уф, Сүйіспеншілік, сондай қайғылымын, жалғыз қалғым келеді, – деді Қайғы.

Қуаныш та Сүйіспеншіліктің қасынан өтіп барады, шаттанғанынан Сүйіспеншіліктің сөздерін естімей өте беріпті.

Бір кезде Сүйіспеншілік «Кел, Сүйіспеншілік, сені қасыма алайын» деген біреудің дауысын естиді. Бұрылып қараса, оны қасына шақырған жасы үлкен бір ақсақал екен. Сүйіспеншілік қуанып оның кемесіне отырып алады. Жаңа аралға жеткен кезде Сүйіспеншілік ақсақалдың кім екенін сұрауды ұмытқанын түсінеді. Ақсақал болса баяғыдан-ақ кетіп қалған еді. Сүйіспеншілік Ақылдылықтың қасына барып сұрайды:

– Маған көмектескен ақсақал кім болды екен?

– А-а, ол ма? Ол – Уақыт!

– Уақыт? Маған неге көмектескенін білесің бе?

– Өйткені тек қана уақыт Сүйіспеншіліктің қаншалықты маңызды екенін түсіне алады...

Мұң

Р. Мұқанова

Әжім әдіптеген өткір жанар аналық мейіріммен биіктен төменге көз жіберіп, әлдекімдерді іздейді-ау. Жүрегі қақ айырылып, иегі кемсеңдеп, ағарған самай шашын құлағына түріп тың тындайды-ау кейде. ұлға да, қызға да қайырым беріп, жәрдем қылайын деп биік таулардан, тобылғы басқан терең сайлардан кейде сыбырлап, кейде жаңғыртып дауыс салады да, күйзеледі кейуана.

Дауыс шыңғырып, төбе-құйқаны шымырлатып тағы шықты: "Уа, адамзатқа ой салар кейуана жоқ жалғанда. Тәңірім өзі біледі, күйкі тірлік алдамшы",— дейді бозбала. Кейуана жер бетіндегі тобыр халыққа үңіле қарап, шолып тұр. "Қайда әлгі үн? Қайда? Қайда?" Көк жүзінен қалықтаған бойы, алақанын жайып әлі жүр. Енді ғана көзіне іліккен жас жігіттің мұң-

мұқтажын соңынан қалмай естіп келеді. Ақ маржан жас көзден бұршақтап жерге тырс-тырс тамады. Жастың көңілі мүлде бөлек екен. Жалған тірлікті талақ етіп, Тәңірге сиынып, құдіреттің құлы болуға көніпті. Сүйеніші мен сүйгені Тәңірі һәм Жаратушы Иесі екен. Одан басқа көңілінде алаң жоқ. Жас жігіт жүрегіндегі бар сенімі мен сезімін сол Иесіне арнаған. Мөп-мөлдір қой көзі бү дүниенің тірлігінен адасып кеткелі қашан. Жүп-жұқа шиедей ерні қоңырқай тартып, сыбыр-сыбыр етеді. Әлсін-әлсін тәубасына келіп, керіліп көз жұмады. Сұлу мүсін бозбала құбылаға қарап тізе бүкті.

— Жаратқан Тәңір сен болсаң, бұдан былайғы жалғыз сүйенішім де, сенерім де өзіңсің. Күйкі тірлігім де, мұратым мен арманым да бір сенің жолыңа құрбандық. Бұл жалғаннан күнәсіз өтудің бір ғана жолы болса, ол — сопылық. Менің таңдағаным да осы. Мынау у-шуы мен қызығы мол тіршілік мылқау, меңіреу адамға қандай жат көрінсе, бұдан былай менің де жан дүниемді селт еткізбес. Тәңірім, өзіңе ғана беріліп, өзіңді ғана сүйіп өтерім хақ. Жар құшағының жылылығын білмей келген бейкүнәңа өзің жылылық бер, мейірім бер, Жасаған. Мен кәдімгі сезім құштарлығынан айрылған, адами тірлікті тәрк еткен сопымын.

"Менің өзім еркекке бергісіз қыз емеспін бе, мені ешкім де еш жерге қимайды. Әдемі адам қартаймайды екен ғой, кім білген. Кейде менің жүрген жүрісімнің өзі көшедегі жұртты таң-тамаша қалдырады екен. Елестетіп көріңізші... ұп-ұзын, тіп-тік аяқ, жіп-жіңішке бел, тас көшені тақ-тұқ, тақ-тұқ басып ұзап барады. Мөлдіреген кара көз, әдемі маңцайға біткен жіп-жіңішке, айдай керілген қас, қазақы домалақ мұрын. Бәрі бар. Қандай әдемімін, қандай ғажаппын. Мен кейде өзімнің әдемілігімді ұмытып та кетемін. Көшедегі тыжырынған көпшілік іштарлықпен тырысып, теріс қарап мені сөз етеді. Себебі қызғаныш оты. Мен білемін ғой өзімді!"

Кәрі қыз, жұқарған жүйкесінің салдарынан болса керек, басын ұстай алмай, селтендетіп жіберді. Сосын әлдекімдерге есесі кеткендей, өшпенділікпен тілін шығарып үлгерді. Кейуана таңырқаған қалпы, қалықтап көк жүзінен сыр бермеді.

- Сұлулыққа тән тигізуге болмайды, тек тамсанып қарамақ керек. Реңсіз, сиыксыздар ғана тұрмыс құрып, еріне күң болып өмір кешеді. Мандайларына біткен мәңгілік сорды мойындамай, өздерін менен гөрі бакыттырақ санайды. Жо-жок, мен бакыттымын. Мен жалғызбын. Қалың ел көктегі Құдайға табынса, жұрт жердегі менің сұлулығыма табынады.

- Тентегім-ау, адаспа! Ақылға кел!— Кемсендеген үн құлағының дәл түбінен шыққандай, кара қыз соңына қарады. Әппақ шашы тарқатылған қалпы желбіреп, тау жактан Ана-бейне көрінді. Қалықтап тұр екен.

- Сен сыңарсыз баз кешіп, адасып барасың. Қайт райыңнан. Жүрегің сыздап, от болып жанып барады. Тұрмыс құрып, ана болып, нәресте сүйгің келеді, соны ойла. Өзіңе өзіңнің дұшпандығың болмаса, осылай қыл. Әйтпесе, бұл қалпыңмен адам баласына үрей әкелесің.

- Мынау сөздерің қандай коркынышты еді! Кейуана ішіндегісін сыртқа түгел шығармай, тосылып қалды.

- Әйел затының ақыл-ойы да сүйенішті, егізділікті қалайды екен-ау. Жалғыз жүріп адасып, жұбын таппай сенделіп қалған әйел баласының өз қайғысы мен қасіреті өзінде екен-ау. Кетеуі кетіп, кейпі қандай өзгерген. Тарамыстанған денесінің тамырлары шодырайып шығып қалған.

- Жалғыз үміт, жалғыз сенім — өзің. Неге әмір етсең, соныға құлдық ұрамын. Билік жоқ менде, Жасаған.

Алатаудың жыңғыл, қалың қарағайы кеп бір төбесінде қайғы соққан кейуана шашын тарап, жалғыз отыр. Бұл кейуана тіршілік емес — елес. Жақсылық атаулыға жүрек алып жүгірген аналар рухы — ақыл мен сана. Кейуана кейпін жамылған көк пен жердің Тәңірісі дерсің. Пендесінің адасқан ақылына, қалыптасқан қаталдығына үн қосып, жан ұшырып, айдаһар тағдырмен арбасып көріп, жан иесін сейілтпек болады. Бірақ пендесі кейуанасын тыңдамай, аласұрып ойнақ салады. Ышқынған дертпен кейуана бірге жанып, бірге өртеніп бара жатады.

Ақ шатырдан шашын жайып, ақ көйлек киіп үлбіреген қыз көрінді. Тау басындағы кейуана сүйсініп, көз алмаған қалпы, ақ басқан шаштарын өрместен, омырау түймелерін ағытып, самал желге құштарлықпен кеудесін төседі. Сонау, алыстан таң қалдырған әдемілікке үмсынып, қарай берді, қарай берді. Жазғы күні гүл үстіне ұшыл-қонып жүрген нәзік көбелек сияқтанады. Кейуана жақынырақ жетіп, қыз жүзін көруге асықты. Жақындаған сайын жүрегі кеудесіне сыймай, атқалақтап, аузынан шығып кетердей толқи берді. Тек жақындаған тұста ғана байқады: манағы сұлулық ғайып болып, көздерінің астын әжім кеулеген катал қыз дүниені жактырмай, тыжырына қарап тұр екен. Таңқиған шолақ танауын одан әрі көтеріп, ешбір жанды қозға ілуден қалған. "Кәдімгі қарапайым сұлулықтың өзі жоғалатындай не күн туған екен бейшараға?" — деп іштей күбірлеген кейуана тағы да абайлап, қыздың жан сырын тыңдамақ болды. Қыз сөзі құлағына еміс-еміс жеткен сайын, қабағы салбырап, соңынан ере берді.

-Тұрмыс құрып әлдекімге жем болғанша, жұрттың көз жауының құртын қоздырып неге жүре тұрмасқа. Әлі де уыздай отыз бестің ортасында ойнақшыған калпыммен талайды тәлкек етпеймін бе? Қара көз қарқ-қарқ күлді. Аузы ашылып, қып-қызыл көмекейі көрініп, танауының үстіне түскен ас әжімдер тырысып-тырысып қалыпты. Мұрнын қисайта тартып шайқайды. Қыз сонда да кідірмей, өксік пен ықылық атып айта береді, айта береді:

- Ғашық болдым, сүйдім десем, бұл күнде екінің бірі осы сөзді ашық айтып, қасиетін кетірмеді ме? Қадірі кеткен сөз әншейін бір жылтырақ алдамшы зат сияқты. Мен бір адамды жақсы көремін, кейуана. Ол менімен егіз туған сыңарым сияқты. Бір күн көре алмасам есеңгіреп, дүниеден түңіліп күй кешеміз. Ал жүздескен күн біз үшін Тәңірдің өзі сыйлаған бақыт күні. Жан дүнием елжіреп, жанарымнан жас саулап сағынамын, кейуана. Бірақ қол жеткізбес арман ба, тағдыр тәлкегі ме, ақылым еш жетпейді. Біздер ешқашанда қосылмайтын жандармыз. Ол менен жиырма төрт жас жиырма төрт жас үлкен. Бірақ жүрегіме еш секем алмаймын, сүйемін. Сезімін саудаға салып, әбүйірден жұрдай болған алаяқ қыз мен емеспін, кейуана.

Тазалығыммен, балалығыммен, бүкіл тыныс-тіршілігімді сол жанға арнамакпын, қарт ана. Жаным жүдеп, қайғыға мен батқалы жылдар өтті. Шешуі жоқ жан дерті ақылымнан адастыра ма деп үркемін. Өле-өлгенше жалғыз бейне, жалғыз елес қана. Ессіз сүю деген осы ма еді. Аңсарым ауып, ана сүтін аңсап кеңсірігі ашыған сәби сияқты шөліркеп, бір көруге күштармын. Ересек қалпы, мұң басқан көзі, ойлы жүзі — бәрі керек. Маған, өзіме. Өзіме ғана қажет.

Қыз, сәби қыз үлбіреп, әдемі жылады. Кеудесі дір-дір етіп, көзінің айналасы домбығып, қызарып кетіпті.

- Айналайын-ау! Жүрегіңнен, сезіміңнен садаға кетейін, - дейді кейуана сыбырлап.
- Сенің балғын жүрегің елжіреп, періште жан-тәнінді жолына садака ететіндей кім еді ол? Айтшы қані! Аташы, жакын келіп

Қыз шыңғырып қалды:

- Ешқашанда, ешқашанда. Жок, жок! - дей берді. - Сүйемін. Кім екенін атасам-ақ, түпсіз тұңғыық шыңырау. Бәрі жабылып, бүкіл адами қара тірлік құбыжық... етеді біздерді. Сондай коркыныш бар менде. Ешкімге де ешқашан... Сүйетінім хақ, сол адамға арналмағым да хақ. Осы сырды жалғыз саған, бір өзіңе айтуға жетпедім бе? Әділет күші сенде деп қана түсінуші едім. Жетімсіреп, тағдырымның ауыр қамытын мойныма салып келіп тұрмын. Өзің айт билігіңді, кейуана.

Ұйқы үстінде кейуананың жанарын жас жайлады. Көзін ашпаған бойы, самайынан ақ маржан кезек-кезегімен кеткен бе, қалай. О, тоба-ай. Ақылынан, ақылынан адастыра көрмегін.

— Бет-бейнеңде сұлулық жоқ, алданба! Керісінше, касірет пен мұң бар. Өмір бойы әйел сезімін басып-жаншып, арпалысқан азап жатыр жүзінде. Ызаға булыққан кәрі қыз өршелене алыстағы мұнлыққа айғай салды:

— Өзім бі...л...е...е...мін. Өзімді өзім басқарған жанмын. Өзімде де мол ақыл бар. Маған сыңар болғысы келгендердің соншалық көп екенін сен білмейсің. Сен түкті де білмейсің. Тек жалғыздық жақсы. Маған жалғыздық ғана жарасады!

Сығырайған көз бен танқиған шолақ танауына кейуана жымиып күлмек болды. Бірақ өзегін ащы өксік кернеп, жанарынан жас көрініп:

— Онда, кош бол, сұлу. Қош!— деді.

Қара қыз тайрандап басып, қып-қызыл болып батып бара жатқан күн бетінен селтиіп, жұпыны көрінді. Бет-әлпеті солып, аяқ-колы тарамыстанып тартылған. Не әйел емес, не еркек емес жүдеу жан өзін- өзі алдап күн көруге көшіпті. О, Тәңір-ай. Кәрі қыздың ақыл-есі неліктен тежелді екен? Тауқыметі мен касіретін біле тұра, мойындай тұра, бәлкім, өзін- өзі жұбатқаны болар. "Әдемімін, сондықтан да жалғыздық керек",— деді ғой! Қандай коркынышты. Қа...а...ндай Коркы...ы...нышты.

— Бәлкім, дұрыс та болар, кім білсін. Өміршім, сені корлықтан сактағай. Тап-таза сезіміңді мынау қитұрқы тіршіліктің топас дауылынан арашалағай. Сәбиім-ай, түйсіксізім-ай, кайтейін. Кейуана Қазығұрт таудың касиетті тасын

басына жастық етіп шалқайып, күн нұрына малынып түс көріп жатыр. Түсінде кәмелетке толған он жеті жасар қыздың тағдырына билік айтқысы-ак келеді. Бірақ биліктен гөрі жүрегімен езіліп, ағыл-тегіл жасқа оранып, аналық тілек айтады. Егіліп қыз сыңсиды, зарланып кейуана жылайды. Біруақыт жаңағы жас қыздың сөзіне құлақ асып: "Жөн, жөн айтасың" дегендей болады. Біресе: "Жок! Атама!"— деп басын дөңгелей берді. Түсіндегі жас бүлдіршін, тентек қыз не айтып тұр? "Құдай-ау, саған сезім сыйлаған Тәңірдің құдіретінен айналдым. Бақытыңа, мына сенің бақытыңа не кедергі сонда?"

Жас қыз ұзын шаштарын жайып, әппак келісті мандайын күн нұрына беріп жарқырап, шаттанып, жайнап, кейуанадан бата алмағы сол сәт еді. Тау мен тасты жаңғыртып барымта тірлік, айғай-шу, адамзаттың пасық, қызғаныш дауысы дүрбелең салды:

— Сезім де, махаббат та бұл емес. Бұл — жалғандық, кәдімгі ит тірлік. Маңдайға күйе жаққан арсыздық, опасыздық, Ұрпағымның басына бұл қасіретті бермесін. Азап пен сор деп осыны айт. Өлім! Өлім оларға. Көзін жойып, жалаң аяқ, жалаң бас қаңғыртып, ит пен құсқа жем қылғаннан басқа жаза жок. Жазаның көкесі — осы!

Даурыққан жұрттың көзіне қып-қызыл қан толған, жөн-жосықсыз көксақалдар бақылдап тұр. Тіпті бірі сылқ-сылқ күліп, жанындағысына сыбыр-сыбыр етеді. Қыз-тағдырды ойыншық етіп, жанқалталарына салып жүрмек пе, өздері де білмейді. Жөн-жосықсыз кінәлап, Тәңір атын таптайды. Дәл бір өңкей күнәсіз бейбақтар жиналғандай-ақ. Мөп-мөлдір, тұп-тұнық қыз-сезімнің қанын ағызып, қара түз сеуіп жатқанын білмейді ме, біледі. Бәрін де біліп істейді.

Кейуана түсінен шошып оянды. Күн де бүкіл әлемді қып-қызыл қанға бір малып алғандай етіп жіберіпті. Дала да меніреу болып, маңқиып тым-тырыс қалыпты. Әншейіндегі дамылсыз сайрайтын құстар да, сылдырап, сылқылдап күліп ағатын бұлақ үні де құлаққа естілмейді. Бір алып күш бәрін бір өзі жалмап жұтып, қылғытып қойғандай. Сұлулық пен әдеміліктен, тазалық пен жомарттықтан мақрұм қалған қара тобыр быж-быж қайнайды. Түсіндегі қызға кейуана аян беруге үлгермей оянып кеткеніне өкінді. Енді қанша ұйықтаса да, түс көрсе де, оны таба алмайтынын, енді ешқашанда кездестіре қоймайтынын сезінді. Осы ұзақ ойдың шырмауының соңында кейуана кіп-кішкентай қыз жүрегінен садаға кетіп, өзін келмеске, адамдар санасына оралмасқа бет бұрды. Бұршақтап күн жауарда Қазығұрттың басына қатты бұлт үйіріліп, жел тұрады. Сонда жіп-жіңішке мұңлы әуенмен сыңсыған желдің өтінен үн естіледі. Тыңдаған, түсінген адамға: "Мен саған алақан жайып, аян беріп, бақыт сыйлар ем, жарық жұлдызым. Адамдарыңның пейілі өзгеріпті-ау. Адамзат жақсылық жасаудан гөрі киянатты жөн көреді екен. Пейіл мен сана жамандық пен арамдыққа ауғанда, мен бұл жалғаннан ғайып боламын. Естисің бе...е, ғайып боламын!"— дейді.

Қорқамын

Өресі биік адамдардың
Арасындағы өрттен қорқам,
Жаны таза адалды да
Аямайтын дерттен қорқам,
Қаңқыған қаңқу сөздердің
Орынсыз ұшқан жебесінен қорқам,
Сабырлы салқын жүздердің
Сүлесок жүрген елесінен қорқам.
Іші тар күйкі жандардың
Сұғанақ сімер көзінен қорқам,
Алаулап жүрер жастардың
Еңсесі түскен езінен қорқам,
Қорқамын ұшып-қонған
Тайғанақ мінездерден,
Адамнан жүрісі жалған
Әп сәтте жүз өзгерген.

Қайда деме

И. Сапарбай

Махаббат қайда деме – жүрегінде,
Шапағат қайда деме – тілегінде.
Берекем қайда деме – отбасында,
Мерекем қайда деме – көп қасында.
Ай, Күнім қайда деме – аспаныңда,
Байлығым қайда деме – бас жағыңда,
Қайғы, мұң қайда деме – қас қағымда.
Тірлігім қайда деме – таң атқанда,
Ырзығым қайда деме – Жаратқанда.

Мына дүние не болып барады өзі ...

Д.Тұрлыбек

Дәркешті соңғы кездері сәтсіздік шыр көбелек айналдырып алды. Ойламаған жерден өзі жиырма жыл басқарған кәсіпорын дағдарысқа ұшырап, жабылып қалды. Адал еңбегімен есейген Дәркеш өмірінде адам баласын ренжітіп көрмеptі. Қолынан келсе жақсылық жасады, ешқашан онысын міндетсінген жоқ. Марқұм әкесі: «Шырағым, жасаған жақсылығыңды сатпа, құдайдан қайтады»,–деп отыратын. Әке аузынан шыққан сол сөз сонау бала кезден бастап жүрегінде сақталып қалыпты. Ол айналасындағы адамдардың бәрін өзіндей көріп, іш тартушы еді. Сөйтсе онысы бекер екен. Бұл шындықты Дәркеш соңғы кезде анық байқап жүр. Екі-

үш күн бұрын жас кезінен туған інісіндей көріп тәрбиелеген, өзінің бұрынғы орынбасары Нұрмашты кездейсоқ кездестіріп қалды. Бұрын жаны қалмай Дәке! Дәкелеп тұратын қызметтесі шіреніп әзер амандасты. Өмірден бар білгені мен түйгені сол болса, оған не дейсің? Дәркеш көңіліне алса да, назар аудармаған болды. Нұрмаш жаман-ақ жігіт болсын, құрдасы Бөденді қай қара басты? Жағдайың қалай деуге жарамады ғой, жаман неме.

—Ойпырмай, мыналарға не болған? – дейді іштей налып, жақсылы-жаманды жиырма жылдай қызметтес болдық емес пе? Дәрежем үлкен екен деп ешкімге тізе батырмақ түгілі, саусақпен нұқыған кезім болған емес. Не жазып қалдым бұларға? Қалың ойға шомған Дәркеш қаланың шетіндегі үйіне көңілсіз оралды. Үйге кіре бере бір жамандықты сезгендей жүрегі өзінен-өзі қобалжи берді. Есікті ашқанда жұбайы ботадай боздап қарсы алды.

—Дәркеш, Бектас ағадан айырылып қалдық!

—Рыскүл, не деп тұрсың өзің, қашан...

—Ағаңның жүрегі ауырып, кеше кешкісін... Кіші қызы телефон соқты, сені іздемеген жеріміз жоқ...

Дәркештің көзінің алды қарауытып жүре берді. Иегі кемсеңдеп, жанарына жас келді. Жар дегенде жалғыз бауыры еді. Дәркеш босап кеткен көңілін тез жиып, бауырын соңғы сапарға аттандыруға кірісіп кетті.

... Ол жүрегі жылап тұрып, ағасының қабіріне бір уыс топырақ салды. Дәркеш жиналған көп адамдардың арасынан досы Найзабекті іздеді, бірақ, ол көзге шалынбады. Ел жақтан келген туған-туысқандары, көрші-таныстар түгел тарап, үй иесі тұман ойға қалып, көңілсіз отырған. Біраздан бері үнсіз тұрған телефон безектеп, тұтқаны үлкен ұлы көтеріп, әкесіне ұсына берді. Қоңыраулатып тұрған досы Найзабек екен.

—Найзабек, сен қайда жүрсің, қаладасың ба? - деді Дәркештің дауысы қарлығып шығып.

—Ия, қаладамын, – деді Найзабек тақ-тақ етіп. —Ағаңның арты қайырлы болсын. Өзі өте беделді, мықты азамат екен ғой. Бүгін газетке шыққан көңіл айтудан оқыдым. Небір мықтылар қол қойыпты.

Дәркеш сенер-сенбесін білмеді, байқайды, досының сөзі көңіл айтуға ұқсамайды, біреуді мақтап, тойда көсілтіп тұрып, тілек айтып тұрғандай. Найзабектің мына түйсіксіздігіне қайран қалды.

— Найзабек, не деп тұрсың? Көңіл айтуға аяғың жетпей қалды ма? Әлде біздің үйдің қайда екенін ұмытып қалдың ба?

Найзабек міңгірлеп, өзінше ақталған болды. Ызаға булығып, тұла бойы қалшылдап кеткен Дәркеш телефонды тастай салды.

Күздің салқын түні орта тұстан ауғаны қашан. Бірақ, жігіт ағасы көпке дейін дөңбекшіп, көз іле алмады. Қанша ұмытайын десе де Найзабектің аярлыққа толы дауысы құлағынан кетпей-ақ қойды.

"Ойпырмай! Мына дүние не болып барады өзі! Қайда барсаң да жылпостық пен екіжүзділік шыға келеді. Өтірік күліп тұрып, қатыгездік пен мейірімсіздіктің қанжарын қайрап тұрады. Адалдық, адамгершілік деген

асыл қасиеттер бүгінде аяқ астында тапталып жатыр. Қайда барсаң да арам пиғылды есеп... Адамдар енді өлімге де есеппен келетін болғаны ма?.."

Дәркеш өз ойынан өзі шошып кетті. Көз алдына сөзі көлгірсіген, бүйрек беті жылтыраған Найзабектің сүйкімсіз бейнесі елестей берді.

Бір тойым бар

Т. Айбергенов

Бір тойым болатыны сөзсіз менің ,
Дәл қай күні екенін айта алмаймын .
Бірақ ... Бірақ ...
Ешкімді де билетпей қайтармаймын .
Онда ортаға тасталар ұран сондай :
Қайта алмайды қартың да бір ән салмай .
Жиырма бестің бәрін де сабылдыртам ,
Кемпірлерге қыз күнін сағындыртам ...
Сәбилерге ағаны үлгі етемін ,
Жеңгейлердің толтырам гүлге етегін .
Менің жарым бұл түнде кірпік ілмей ,
Ақ көңілмен ақ қайың бүртігіндей ,
Омырауынан бір сәуір шайқап есіп ,
Ажырасқанды жүреді қайта қосып .
Мен өзім де ән салам түн ауғанша ,
Менің жаным бұл күнге құмар қанша !
Бәйге берем жығылған палуанға да ,
Адалдығы сезіліп тұрар болса .
Қыз қуатын жігітке ат беремін ,
Жанам деген жүрекке от беремін .
Мен әйтеуір бар жиған - тергенімді ,
Бір тамаша той қылып өткеремін .
Біздің үйді сол күні бетке ал , қауым ,
Нысанаға ап қуаныш тоқталмауын .
Мен бұл тойдан тілеймін жылап тұрып ,
Қазанымда бір асым ет қалмауын .
Мен сөйтіп бар шаңнан бір сілкінемін ,
Мен сөйтіп рақаттанып бір күлемін .
Кім білсін , талай түнгі тілегім ед ,
Мәңгілік тарқамауы да мүмкін оның .
Оралам үйге кейде мен
Ойнақшып сылқым ойда өлең .
Қайтамын үйге кейде мен
Еңсемді басқан ойменен .
Келем мен үйге шақта
Шаршаған дел - сал бойымен .

Қиялдың маздап ой - қыры ,
Келемін болып тас керең .
Қайралып кетіп кей күні ,
Шабылып қайтам тасқа мен .
Сағынып кенже баламды .
Әрине , бұл шақ есіктен
Құшақтап кірем ғаламды .
Тірлікті жатқан қозданып
Мен мынау ата - жердеймін .
Жанымның отын маздатып ,
Түнде де дамыл көрмеймін .
Қалғыма , әлем , мен саған
Бәрібір тыным бермеймін!

**Үміт үзгім келмейді
(Үзінді)**

Н. Келімбетов

Балалық шағымызда балауса жүрегімді тебіrentкен бір оқиға тап қазір ойға оралып отыр. Сол оқиғаның маған қатты әсер еткені сондай, әлі күнге дейін көз алдымда елестеп тұр.

Кешегі соғыстан екі аяғынан бірдей айрылып қайтқан Қаратай дейтін ағам құртақандай жер бауыр арбаға отырып, әрі өзін-өзі сол мүгедектер арбасына қайыс-жіппен мықтап таңып тастаушы еді. Сосын екі қолымен жер тіреп әлгі арбасын әрең жылжытатын. Бес-алты қадам жерге жету оған ақыреттен қиын еді.

Біздер, ойын балалары, көктем келсе-ақ Сұрымсайдан шықпай қоятынбыз. Өйткені бұл кезде мұнда қызғалдақ та, көбелек те көп. Бұл сай ауылдан екі-үш километр жерде.

Бір күні Сұрымсайда қызғалдақ теріп жүріп зәрем ұшты. Өзімнен бес-алты адым жерде өсіп тұрған қалың шөптің бастары өзінен-өзі тербеліп, шайқалып кетті. Шоқ басып алғандай ыршып түстім. Маған қарай жылан жылжып келе жатқан шығар деп қалдым.

Артынша-ақ әлдекімнің аһлеп, уһлеп, құдды зорығып ыңыранғандай үні естілді. Бір сәт өз көзіме өзім сенбей аңырайып қалдым. Әлгі қалың шөптің арасынан қылтиып мүгедек ағамның басы көрінді. Баяғы жер бауыр тақтай арбасымен жылжып жүр. Борша-боршасы шығып терлеп, үсті-басы терге малынып тұр. Өзі әбден діңкелеп, шаршаса керек. Түтігіп кетіпті, бірақ көздерінен қуаныш ұшқыны шашырайды. Қос жанары жарқ-жарқ етіп, бойында жатқан қыруар қайсарлықты сездіргісі келгендей.

Бұл кісі мұнда қалай жеткен деген сауал ойыма өзінен-өзі сап ете түсті. Екі-үш километр жерге жолсыз, сүдігер арқылы қалай келген? Мынадай жер бауыр арбамен айнадай тегіс асфальтта қозғалудың өзі қияметтен қиын ғой. Әлде, біреу атпен яки арбамен жеткізіп тастады ма екен?

Ол өзі маған күлімсіреп, бір түрлі қуақылана қарап қояды. «Менің мұнда неге келгенімді білесің бе?» деп тұрғандай. Үсті-басы адам көргісіз лай-лай. Жейдесінің жеңдерін шынтағына дейін түріп қойыпты. Екі білегін де тікен тілгілеп, айғыз-айғыз етіп тастаған. Ағамның сонау көз ұшындағы ауылдан осында сүйретіліп, өз күшімен жеткеніне енді ешқандай күмәнім жоқ еді.

Шынында да, соншама әбігерге түсіп неге келді екен деп ойладым. Дозақ отынан өткендей өзін-өзі осыншама азапқа салып неге келді? Сондай-ақ мына елсіз, жансыз сайда не бар? Бірақ әрі ойлап, бері ойлап дардай кісіні соншама азап шектіруге арзитындай-ақ мына сайдан еш нәрсе ойлап таппадым.

Бағанадан бері өз ойыммен өзім әуре-сарсаң боп, түк те байқамаған екем. Ағам кеудесін астындағы жер бауыр тақтайша-арбаға жалпақ қайыстармен шатып-пұтып таңып тастаған деп едім ғой. Кеуде тұсынан айқыш-ұйқыш тартылған сол қайыстардың ара-арасына қаз-қатар етіп қызғалдақ гүлдерін тізіп қыстыра беріпті. Сонда бұл кісі шыныменәк гүл теруге келген бе? Жоқ. Гүлді не қылсын ол? Қыз дейсің бе, қызғалдаққа қызығатын. Ағам айтпай тұр. Әйтпесе бұл келуінде құпия бір сыр бар деп ойладым. «Сізге қызғалдақтың керегі не?» деп те сұрамақ боп оқталдым. Бірақ жүрегім дауаламады. «Немене, даланың гүлін маған қимай тұрсың ба, әлде сенің ойыңша, мүгедектер адам емес пе?!» деп кейіп тастаса қайтем.

Ауылға бірге қайттық. Жол-жөнекей ағам өзінің екі аяғы сау кезде осы Сұрымсайда құрбыларымен асыр салып ойнағанын, ортекедей орғи шауып, көбелек қуғанын, кейінірек осында колхоз жылқысын баққанын, небір асау аттарды ауыздықтап, арынын басқанын айтып берді. Ол өзінің соғысқа дейінгі өмірін әңгімелегенде жүзі нұрланып, көздері ойнақшып, тіпті көзінің астындағы әжімдері де өзінен-өзі ғайып боп кетеді екен.

Ақыры ауылға да жеттік-ау. Мен де ілесіп үйіне бардым. Ешкім жоқ екен. Жеңгем колхоз жұмысында болса керек.

Үйдің іші тап-тұйнақтай жинаулы. Келген бойда-ақ ағам аласа стол үстіндегі қыш көзеге су құйып, ішіне өзі әкелген гүлдерді салып қойды. Сосын дереу жуынып, шайынды. Сакалын қырды. Таза жейдесін тауып киді. Бетіне әтір жағып алды. Айнаға қарап, шашын тарады.

-Көке, қонаққа барасыз ба? – дедім өзімше пайымдап.

-Жоқ, ә.

-Әйтпесе неге?... – деп күмілжіп қалдым.

«Әйтпесе неге сонша сәнденіп жатырсыз?» демекші едім. Аузым бармады. Айтар ойымды өзімше жонып, жұқалай түскен болдым:

-Көке, бүгін мереке емес қой, – дедім.

-Бүгін мереке, Ержан! Үлкен мереке. Біздің үйде, әрине. Жеңгеннің туған күні ғой. Мына гүлдерді кімге әкелді дейсің? Жеңгеңе! Ұқтың ба, балақай?

-Ойбай-ау, маған бір ауыз айтсаңыз ғой... сізді сонша әуреге салмай-ақ қызғалдақты мен теріп келмес пе едім?

-Жоқ, Ержан. Есіңде болсын. Ең жақсы көретін қызыңа сыйлайтын гүлді тек өз қолыңмен үзіп алатын бол. Сонда ғана гүлден махаббат иісі аңқитын болады. Тер сіңбеген бұйымның көк тиындық құны бола ма?!

Сол ағамның осы бір сөзі бүгін есіме түсіп, өзімнен-өзім қысылдым. Мүгедек ағам жеңгеме бір минуттық қуаныш сыйлау үшін қаншама тер төкті десеңізші! Ағамның сол жолы малмандай боп терлегені, өкпесі өшіп шаршағаны, алақандарының күлдіреп, қабарып кеткені бір сәтте көзіме елестеп кетті.

Атамның берген ақылы

К.Салықов

Өркімнің жастай құмар бар нақылы,
Мәтелі, әзіл-қалжың, қақпақылы.
Ескірмей, естен кетпей дәріс болып,
Атамның маған берген қалды ақылы:

Алтынды тағу оңай, қазу қиын,
Жараны салу оңай, жазу қиын.
Қолыңа билік тисе көңіл жықпа,
Кердеңдеп мықты екен деп қазір күйім.

Сеп тигіз қиналғанға шама жетпей,
Көппен бол әкімсініп дара кетпей.
Біреуге жәрдем етсең көзге түртпе,
Жөнге сал сүрінгенді мазақ етпей.

Кең жүрек әдептіден жан аспайды,
Ақ ниет, кемел көңіл адаспайды.
Мақтаншақ, өтірікші, ынсапсыздан,
Жат түгіл жақыны да аластайды.

Жалқаудың жиналмайды төсегі көп,
Жаманның таусылмайтын өсегі көп.
Жылмағай жылпостарға жолай көрме,
Олардан кісі өтпейді кеселі көп.

Әйел махаббаты

Мұхтар Мағауин

– Иә... шын сүйе алатын тек әйел ған).

Мопассан. «Орындық тоқушы әйел».

– Құдай-ау, біз көріспегелі он шақты жылдан асып кетіпті ғой!

– Иә, Бәтимаш, ол кезде біз қыз едік... Бес биенің сабасындай толық, етжеңді келген қара торы әйел Бәтима өзінің бір кезде қыз болғанына шынымен таңырқай сәл аңырып қалды да, диванда шалқайып жатқан күйінде, сағынып көріскен досы Зияны құшағына қыса түсті.

«Қыз күнінде бәрі жақсы, жаман қатын қайдан шығады» деген осы екен-ау, қазіргі түріміз мынау, – деп қойды.

– Сені айтпаймын, – деді аздан соң Зияға күле қарап, бойың өсіп, бет бейнең ашанданып, денең толысыңқырағаны болмаса, сол уылжыған қалпың, әлі кыздан арықсың. Мектепте жоғарғы кластарда оқып жүргенде өзімізді бойжеткен санаушы едік, бала екенбіз онда. Студенттік жылдар ғой, шын дәурен сүрген кезіміз. Бір қалада оқымағанымызды айтсаңшы... Сенімен бірге осы Алматыға келмегеніме әлі өкінем.

– Онда Бәкең кездеспейтін едің ғой, – деді Зия ойнақылана.

– Солай екен-ау. Бірақ Бәкең болмаса Сәкең кездеспес пе еді?

– Кім дейсің?

– Сәкең... Әйтеуір біреу дегенім ғой.

Аз үнсіздіктен соң:

– Қалжың ғой бәрі де, – деп қосып қойды Бәтима ақталған түрімен.

Мектепте он жыл бойы бірге оқып, құлын-тайдай бірге ойнап, бірге өскен құрбылар енді он екі жыл өткен соң бір-ақ кездесіп, осы азғана уақыт ішінде соншама өзгергендеріне іштей таң қалысып, бірінен-бірі көз айыра алмай ұзақ отырды. Кеше ғана тұлымдары желбіреген қыз еді-ау екеуі де. Енді міне...

Құшақтасып, күлісіп, біраз мауқын басқан соң екі әйел үй, тұрмыс, тіршілік жайын сөз етіп кетті. Екеуден-екеу отырып қою шайды тартып алған соң әңгіме тіпті қыза түсті. Таусылар емес.

– Зия, – деді бір кезде Бәтима кенеттен, көптен көкейінде жүрген сұрағы есіне жаңа түсіп, – осы сен күйеуіңнен неге айырылыстың? Қанша сұрасам да хаттарыңнан ештеңе біле алмадым. Анығын айтшы?

Зияның жүзіндегі күлкі лезде тарады да, бет пішіні ойлы, қамырықты қалыпқа ауысты.

– Мінезіміз үйлеспеді,- деді көзін бір нүктеден алмаған күйі. – Келісе алмадық.

– Тағы соныңды айттың. Түсінбедім сені. Естуімше, ол соншама атақты адам болса да, жібектей есілген биязы, үлкенді аға, кішіні іні деп тұратын мейірбан жан көрінеді. Білетіндердің бәрі солай дейді. Ал сен тіпті бала кезіңнің өзінде аса ұстамды едің. Тұрмыстарың да жаман болған жоқ. Сонда неменеге келісе алмадыңдар?

– Келіспедік, – деді Зия Бәтима айтқан сөздерді естімегендей, қимылсыз күйінде.

– Той қарсаңындағы хаттарың менде әлі сақтаулы, не деп жазып едің сонда! «Өмірлік серігім болатын адамға кездестім! Бақытымды таптым!» деп...

– Бәтима, – деді Зия жалынғандай дауыспен. – Мені тағы азаптағың келіп отыр ма? Сенен неше рет сұрадым, осыны сөз қылмай-ақ қояйық деп...

Сағынып кездескен құрбысынан мұндай ренішті сөз күтпеген Бәтима тосылып қалды.

– Өзгергеніміз ғой, – деді аздан соң жәбірленген кейіппен. – Сыр жасырушы ма едік бұрын... Бірақ менің анық білетінім – сен оны әлі ұмытқан жоқсың. Ұмыта алмайсың...

– Кімді? – Зия селт етіп Бәтиманың аузына қарады.

– Кімді болушы еді, Арыстанды-дағы. Сол кісіні жамандаған бір адам көргем жоқ. Өзі де құдай берген жігіт қой, жұлдызы жанып-ақ тұр. Бұл – бастағаны ғана, әлі жас, отыздың ішіне жаңа енді. Доктор... профессор! Не керек, Зия, бақытыңды басқа тептің.

– Бақытымды... – Зия ауыр күрсініп алды. – Бақытымды басқа тептім ғой шынында да...

– Құдай маңдайыңа жазған қосағың емес пе еді Арыстан!

– Туу, Бәтимаш-ай, тағы да Арыстаныңды әкелдің бе!

– Зия денесін суық қарығандай, құшақтасқан қолын жазып, Бәтимадан алшақтаңқырап отырды. – Сенің маңдайыңа жазылған Арыстан еді дедің бе? Айтайын енді.

Ал тыңда, кім екен...

Мен өмірімде ондай адамды көрген емеспін. Ол ешкімге де ұқсамайтын. Толқынды, қалың қара шашін шалқасынан қайырып қоятын. Желкесіне дейін жететін, арты көтеріліп, күдірейінкіреп тұратын, онысы өзіне ерекше өң беретін. Ол сұлу емес еді, бірақ сымбатты-тын. Аяғын салмақпен басып, жайымен, ойланып жүріп келе жатқанда жұрттың бәрінен еңселі көрінетін.

Оның көзі... Сен сондай көзді көргенің бар ма? Тыныш жатқан, терең қарасулар болады ғой, соған ұқсас еді, тіпті теңеу таба алмаймын. Күлмейтін, үнемі бір қалыпта, тұңғиық, селт етпеген күйінде тұратын да қоятын. Мен кейде Короленконың соқыр музыкантының көзіне ұқсататынмын. Біздің қыздардың бірі оның көзі өлген адамның көзіндей деп еді.

Рас, кейде жанарынан жылт еткен от көрініп қалатын. Онысы ерекше көңілденген кездерінде болушы еді. Әйткенмен бұрынғы қалпына тез түсетін. Оның көзі неге сондай болды екен деп жиі ойлаймын, әлде бақытсыздығынан ба, әлде ой үстінде жүргендіктен бе...

Ол консерваторияда оқитын.

Институтымыздағы көркемөнерпаздар үйірмесін басқарушы төсек тартып жатып қалыпты да, уақытша соның орнына келіпті.

«Аты Төлеген екен, Жібегін іздеп жүрген көрінеді», - деп күлісті алғашқыда қыздар.

Ол композитор еді.

Жүрек толқытар сырлы әндері ауыздан-ауызға көшіп жаңа тарай бастаған кезі. Атағы шықпаған, бірақ әнін естіген, өзін білетін адамдар тегіс оның болашағынан үлкен үміт күтетін.

Жүріс-тұрысымен, сөйлеген сөзімен Төлеген қыздардың бәрін де баурап алды. Алғашқы күні ілме сөз, қақпа қалжыңдар жайына қалды. Орынсыз бірдеңе айтып қоймайық деп ойлана, имене сөйлейміз. Қыздардың әрқайсысы-ақ Жібек болғысы келеді. Маған да ұнады Төлеген. Бірақ менде әйелдің, әлі өмірді білмейтін, әлі ләззаттың дәмін татпаған парықсыз әйелдің тақаппарлығы бар еді. Кезекті репетициядан тараған соң қыздардың бәрі у-шу болып ананы-мынаны айтысып жатқанда мен сөздеріне көп араласпай, әрнені қиялдап, өзімнен-өзім отырамын. Төлегеннің көзі маған алғашқы күні-ақ түсті. Мен аңғармаған, аңғарсам да елемеген қалып таныттым.

Өзің білесің, менің біраз даусым болатын. Бізде жақсы әнші қыздар да бар еді. Кейбіреулері радиодан да айтатын. Әйткенмен Төлеген басқалардан гөрі маған көбірек ілтифат білдірді. Мен ән салғанда аузыма қарайтын да қалатын. Аздан соң мұны біздің қыздардың бәрі де байқады. Сондықтан мен

Төлеген масаттанбасын деп, оның әндерін оншама ұнатпайтын сияқтандым, ал басқа қыздар үйде ауыздарынан тастамайды, – өз жазғаныңды өзің қайта-қайта тыңдағаннан асқан азап жоқ деп Төлеген өз әндерін айтқызбайтын, – бірақ кейде ыңылдап қосылып кеткенімді аңғармай қалушы едім.

Бір күні Төлеген жаңадан шығарған әнін үйретті. Ән бәрімізге де ұнады, ал мен оның сөзі мен сазына елітіп мас болғандай едім. Жігіт ғашығына өзінің жүрек сырын ашатын. Қызғаныш деген сезімнің дәмін алғаш сол жерде таттым. «Сірә, Төлеген бұл әнді сүйген қызына арнаған болар», деп ойладым. Төлеген: «осы әнді сіз орындамайсыз ба?» дегенде қуанғаннан не істерге білмедім. Өзімнің сертімді ұмытып та кетіппін. Сол кезде мен шын бақытты екем, Бәтимәш! Бірақ адам бақыттың қонғанын білмейді, ұшқанын біледі дейді ғой, бақ қонғанын мен де білмеппін.

Келесі репетицияда Төлегеннің әнін жеке өзім айттым. Сөзі мен әуеніне беріліп кеттім білем, ән салып тұрғанда ештеңені көргем жоқ. Тек соңын қайырғанда ғана Төлегенге көзім түсті. Маған қадала қарап қалыпты. Бетіне адам көз тоқтата алмастай еді.

Сол күні киноға шақырды.

Қайтар жолда ұзағырақ жүріп қалыппыз. Түн де тамаша еді. Жапалақтап қар жауып тұрды. Жер де аппақ, көк те аппақ. Анда-санда, үстіне қонған қар салмағын көтере алмай күтір етіп сынған бұтақ дауысы естіледі. Екеуіміздің қалайша тез ұнасып кеткенімізді білмеймін. Қол ұстасқан қалпымыз ақша қарды жалдап, мүлгіп жатқан көшелерді бойлай көп жүрдік. Сөйлескеміз жоқ, құр жүрдік те қойдық. Жауып тұрған кіршіксіз таза қармен қала оттары шағылысып, аспан самаладай жарық. Жоғарыға қарасаң қалбалақтап келе жатқан ұлпа, ірі қар түйіршіктері көрінеді.

Кенет Төлегенге еркелегім келіп кетті.

«Қарап тұр,- деймін, «сенге» көшіп алғанымды өзім де аңғармай, – мен қазір ана бір түсіп келе жатқан қарды қағып алам!»

«Қайсысын?» – дейді Төлеген. Жауып тұрған қар түйіршіктерінде сан жоқ. Қайсысын екенін өзім де білмеймін, бірақ:

«Әне біреуін» – деймін көкке қолымды созып. Сүйдеймін де алақанымды жайып тұрам. Менің қолыма жаңа бір түйіршік түссе балаша екеуіміз де мәз боламыз.

«Үстіңді қара, аппақ» – дейді Төлеген бір кезде. Қарасам, палтомның омырауын, иығын ұлпа аппақ қар қаптап алған, Төлегеннің үсті-басы да сондай.

«Тоңған жоқсың ба?»

«Жоқ», - деймін.

Төлеген менің бір жерімді ауыртып алмайын дегендей үстімдегі қарды жайлап, сипай қағады. Қолының жылуын бүкіл денем сезінгендей. Мен де оның иығындағы қарды түсірем. Сөйтіп тұрғанда кенет Төлеген мені қатты құшақтап алды да...

Зия сол сәтті басынан жаңа ғана өткізгендей ерні балбырап, көзі күлімдеп аз отырды да:

– Бәтима, - деді құрбысының иығына қолын салып, - алғаш сүйіскенің есінде ме, ең алғашқысы?

– Кіммен, Бекеңмен бе?

– Жалпы дегенім ғой... Бекеңмен болса да.

– Қанша жыл өтті содан бері, қайсы бір қызықтар есте қалды дейсің.

– Немене, Бекеңе дейін болып па еді біреуің?

– Бекеңе төртінші курста кездестім ғой. Оған дейін қай қыз сау жүруші еді. Өйтіп-бүйтіп долбарлап ретін келтірді ғой Бекең де. Сол жас сыптай жігіт кезінде қазіргісінен де ебедейсіз еді сорлы. Өзін онша ұната да қойғам жоқ, әйтеуір біреумен бас қосу керек болған соң... Қазіргі кезде махаббат дегеннің өзі... Қозы мен Баянның заманы өтіп кетті ғой. Бірақ Бекеңді кейін қалай жақсы көріп кеткеніме таң қалам. Енді сол малтабарымды ешкімге айырбастамас едім.

– Балаларың да...

– Е, кімде бала жоқ дейсің. Оларды қойшы. Бекең менің жүрегімді балалары арқылы емес, өзінің көнбістігімен жаулап алды ғой. Әлі күнге сол күйінде, тұр десем тұрады, жүр десем жүреді. Суретін көрдің ғой. Қазіргіден сидалау келгені болмаса, жігіт кезінде де нағыз маубастың өзі еді. Ал сенің Төлегенің просто молодец екен. Қызды алғаш киноға шақырған күні сүйіп алу деген...

– Бұл біздің соңғы сүйісуіміз еді, – деді Зия әңгімесін қайта жалғап, – алғашқы және ең соңғы. Оның демі оттай ыстық еді, ал ерні... мені өртеп жібере жаздады. Буындарым босап, еріп бара жаттым. Сол сәтте Төлегеннің өзі қыса құшақтап тұрмаған болса құлап қалар едім деймін. Кейін, Арыстанмен бірге жүрген кездерімде мұндай ләззаттың дәмін де татқан емеспін. Бірақ өзімді өзім алдап, оны сүйем деп жүре бердім. Кейде шын солай сияқты көрінетін де. Арыстан ол кезде аспирант еді, ал Төлеген...

Төлеген тағы сүймек болғанда бір-ақ жидым есімді. Өзіме оны қаншама жақындатып алғанымды тез аңғардым. «Масқара-ай, таныспай жатып... ақындар, өнер адамдарының бәрі жүргіш келеді дейтін, әрине, мен мұның алғашқы қызы емеспін. Сол көп қыздың біріндей етіп мені де тастап кетеді». Басыма жалт етіп келген ой осы болды. Сол сәтте мен дәрекілеу бір қимыл көрсеттім. Төлегенді кеудесінен итеріп жібердім білем, әйтеуір сытылып шықтым...

Содан бастап өзім де әлі күнге дейін анық түсін-бейтін бір іс басталды. Төлеген кұнара, кейде тіпті араға күн салмай келеді. Мен көбіне шықпаймын. «Уақытым жоқ» деймін, жалғыз-ақ ауыз сөз. Ал Төлеген мұңайып тұрып-тұрып кетіп қалған соң бөлмеге келем де төсекте жатып алып оны ойлаймын: «Жаңа шықсам ғой, қазір қол ұстасып анадағыдай жүретін едік, мүмкін тағы да...» Сол сәттің қайталануын аңсаймын, жан-тәніммен беріле аңсаймын.

Бірақ неге екенін білмеймін, үнемі өз сезіміме қарсы әрекет етіп отырдым. Кейде шығушы ем. Киноға, не театрға барамыз. Ондайда сыртта ұзақ қалмауға тырысам. Төлегенді бойыма жуықтатпаймын, тіпті қол ұстасып та жүрмейтін болдық. Үнемі көкейімдегі сөздерді емес, басқа бірдеңе айтам. Ол – әңгімеге мүлде қатыссыз болып шығады.

Төлеген менімен сырласып, әңгімелескісі келуші еді. Өзінің армандарын, ойларын айтатын.

«Консерваторияны бітірем, – дейтін ол, – содан соң сен де мединститутты бітіресің...»

Ештеңе аңғармағандай ары қарай іліп әкетем:

«...Содан соң мен өзіміздің ауылға қайтам, ал сіздер атақ, даңқ алу үшін Алматыда қала бересіздер...»

«...Атақтың да, даңқтың да керегі жоқ, – дейтін ол менің бұл жолы да әңгімені басқа жаққа бұрып жібергенімді байқаған соң мұңайып, – шын мәнісінде құнды шығармалар жазсам болғаны; ал мен көп жазам, және тек жақсы туындылар ғана. Концерттер ме, симфониялар да, опера да, балет те...қазіргілерімнің бәрі жаттығу. Көп іс, өте көп іс тындырар едім, тек... сен менімен бірге болсаң...»

Ол арманшыл еді. Тіпті көп армандайтын. Кейде шалқып кететін. «Мен мықтымын, – дейтін. – Бәрінен де күштімін. Әлі көрерсің, бәрін де ұрып жығам». «Мақтаншақ!» – деймін мен іштей. Ал кейде өнер жолының қиындығын әңгімелейтін. «Әй, осы менен ештеңе шықпас» деп те қоятын. Қазіргі музыка жайлы ойларын айтатын, кейде тіпті тым алысқа сілтеп, маған мүлде бейтаныс қай-қайдағы бір композиторлар жөнінде хикаялап кететін.

Мұның бәрі мен үшін тым қызықсыз, іш пыстырар нәрселер еді. Ал ол табиғатында сөзге сараң болғанымен, бір шешілсе ұзаққа тартатын. Әрине, мұндайда менің көңілім басқа жақта жүреді.

Төлегеннің өзімді сүйетініне көзім анық жетті. Мен шексіз бақытты едім. Бірақ оған қанағаттанбадым. Төлегенді тағы да да қинай түскім келді, – бұл маған қызық еді. Сол кездерде оның қандай күйде жүргенін ойласамшы... Өзімнің мерейімнің үстемдігін сезінген соң менің тентектігім шектен шықты. Консерватория студенттерінің жатақханасы алыс. Қаланың шет жағында, «Атты әскер» көшесінде, – қазір басқаша аталса керек. Мен Төлегенді ұзағырақ ұстауға тырысамын. Көбіне әдейі істеймін. Транспорт тоқтап қалған кезде талай жаяу кетіп жүрді. Өстіп кеш қайтқан бір күні жатақханаға жақындаған жерде екі-үш бұзақы жабылып, бар киімін сыпырып әкетіпті. Өзін соққыға жығыпты. Әйтеуір тірі қалған. Осы жол оған қаншалық қымбатқа түскенін кейін ғана білдім. Ол тақыр жетім еді, әкесі де, шешесі де, туған-туысқандары да жоқ, ешкім қаражат жағынан, көмектеспейтін. Және о кезде жағдай қазіргідей емес. Ақша тауып киім алғанша ай бойы жолдастарының бірінің ескі пальтосы мен костюмін киіп жүріпті.

Осы уақыт ішінде маған бірер рет қана қатынады. Ұялған болуы керек, тіс жармады. Бар болғаны: “Бір үлкен дүние бастадым, бітіріп тастайтын едім, жағдай келіспей, созылыңқырап барады, уақыттан да таршылық көріп жүрмін” деді.

Арыстанмен сол Төлеген келмей жүрген шамада таныстым. Бұл екеуі дүниенің екі шеті сияқты еді. Біріне-бірі мүлде ұқсамайтын. Төлеген көркемөнерге табынса, Арыстан әдебиет, музыка дегендердің бәрін еріккеннің ермегі санайтын.

«Бұрын ғой, – дейтін ол, – біздің елімізде Толстой да болды, Тургенев те, Пушкин де, Чайковский де болды. Бірақ Россия артта қалған мешеу мемлекет еді. 1905 жылы жапондардан қалай жеңілгенімізді тарихтан оқыдың. Орыс армиясы мен флотын Толстой сақтап қала алмады, таза масқара болдық. Ал қазір ілгері дамыған ғылым мен техниканың арқасында Советтер Одағы дүние жүзіндегі ең қуатты, ең алдыңғы қатарлы державаға айналып отыр».

Маған Арыстанның батылдығы ұнады. Киіп-жарып жүретін. Және артық-ауыс сөз айтпайды. Қыз көңілін немен алдарқатуды біледі. Әйткенмен оны «сізден» беріге жақындатпадым. Мен Төлегенде қызғаныш сезімін тудырғым келді. Білсін дедім онсыз да өмір сүре алатынымды. Бір жексенбіге екеуін қатар шақырдым. Үнемі кешігіп жүретін Төлеген бұл жолы ерте келді. Арыстан біз есік алдына шыққан кезде бір-ақ жетті. Мен тіпті екеуін таныстырсам ба деген ойға кетіп тұр едім. Арыстан бөгет жасады.

«Кешіріңіз, – деді ол Төлегенге қарап гүр етіп, – бұл кісі бізбен бармақ еді». Сөйдеді де мені қолтықтап алып жүре берді. Төлегенге ызам келді. «Неге ол да өстіп алып кетпейді?»

Бұл ойынымның істі насырға шаптырғанын кейін білдім. Бір ай бойы Төлеген көрінбей кетті. «Үлкен дүниесін» аяқтай алмай жатқан болар» деген кекесінмен өзім іздеп бармадым. Ақыры бір күні одан хат алдым.

Зия диваннан тұрды да, жатын бөлмесіне барып бір көк конверт әкеп құрбысының қолына берді. Бәтима аузы ашық конверттің ішінен ескіріп сарғайыңқырған төрт бүктеулі қағазды алып жазды. Арасында бірнеше жерден сынған фото бар екен.

– Сол ма?

Бұл – Зияның өз суреті болып шықты. Сол жылдардағысы. Қалың қызғалдақ ортасында тұр, шашына да, омырауына да гүл қыстырған, қолында да гүл. Сәл еңкейіңкіреген, езуінде күлкі ойнайды. Өзі де гүл рәуішті.

Бәтима суретке қарап қалған еді.

– Бұл – өмір жолы қызыл гүлге толы сияқты көрінетін кездегі суретім ғой, – деді Зия естілер-естілмес.

– Қойсаңшы, қайғы түбіне бата бермей, бетіңе әжім түсіп отырған жоқ, жассың, сұлусың. Тек ден сау болсын, әлі қасқа мен жайсаңның талайына кездесесің.

– Білмеймін, – деді қабақтарының арасы қосылыңқырап, ойланып қалған Зия, – осы күйімде кетем демеймін, бірақ ол күндер оралу қайда. Енді мен үшін ең тәтті минуттар – өткенді қиялдаған сәттерім ғана болмақ. Жарайды, оқи ғой. Ішіңнен оқы, мен сенімен ілесіп отырам, – бұл хаттың әрбір үтіріне дейін жатқа білем.

«Зия!

Саламатпысың.

Осы сөзден кейін нүкте қойдым. Өйткені енді қайтып сенің даусыңды естімейтінімді жақсы білем. Мен кетіп барам.

Қатты соқтың ғой, не айтайын саған. Адам өз қолын өзі кесе ала ма. Саған ауыр сөз айтарлық дәрмен жоқ менде. Абайдың бәріміз де білетін бір өлеңінде қаншама тереңдік, қаншама сыр барын осы қазір ғана жүрегіммен сезінгендеймін.

...Дүниеде, сірә, сендей маған жар жоқ,

Саған жар менен артық табылса да.

Сорлы асық сарғайса да сағынса да,

Жар тайып жақсы сөзден жаңылса да,

Шыдайды риза болып жар ісіне,

Қорлық пен мазағына табынса да.

Мен адамның ең асыл, ең асқар сезімдерін музыка ғана толық жеткізіп бере алады деп ойлаушы ем. Әрине, сөз құдіретін білем, дегенмен де. Ал мына сөз...

Шыдайды риза болып жар ісіне...

Шыдадым ғой мен де. Бақытты едім, сол кездердің өзінде. Әншейін ғана сенің даусыңды естіп тұрудың өзі маған қаншама қуаныш әкелуші еді. Қорлық пен мазағыңды көріп жүрсем де сенің сол даусыңды ести бергім келетін. Бірақ амал бар ма... Осылай болуға тиіс шығар. Мен бұдан ары Алматыда қала алмадым.

Осы соңғы айлардың ішінде сүйеніш іздедім, – таппадым. Маңдайымнан сипайтын жан жоқ. Қайғы-қуанышымды бірге бөлісе ме деп едім сені. Ал сен мені қиыншылық көріп жүргенде жебеудің орнына жерледің.

Өтіп кетті ғой соңғы ісің. Дәл бұлай аяқтаймыз деп еш уақытта да ойлаған жоқ едім.

Сені алғаш көргенде-ақ арманым, аңсағаным өзің ғой деп ем. Сол ән саған арналған еді. Өз әнімді сенің аузыңнан естігенде төбем көкке жеткендей болып ем. Мен емес, сенің өзің шығарып, маған арнап айтып тұрғандай көріндің. Содан соң бір сәт бақыт құшқандай да болдым...

Бірақ...кеудемнен итеріп тастадың ғой...қолыңның дағы әлі тұр. Алайда саған өкпелеуге қақым бар ма... Кешір. Қазір ойлап отырсам сол кезде үлкен бейбастақтық жасаған екем. Кешір мені...

Мені ұнатпаған шығарсың. Әйткенмен сен тым қатаңдық жасадың. Мінезің қатты екен. Неткен қызсың! Мен сені жарым дер едім, жаным дер едім. Ал сен...тасбауыр екенсің. Ән де, менің жүрегімді жарып шыққан ән де жібітпеді –ау.

Бірақ...сезімнің шынымен-ақ соншама алдамшы болғаны ма?! Сен қаншама теріс мінез көрсетіп жүрсең де ішкі бір дауыс маған үнемі сыбырлап тұрушы еді. «Сен оған ұнайсың...ол сені сүйеді» деп. Мен көңіліме қатты сендім. Сенің көзіңнен, кейбір қимылдарыңнан маған деген жылы сезімнің ұшқынын аңғарып қалушы едім. Әлде солай болып қана көрінді ме? Солай болғаны ғой, әйтпесе бүйтер ме едің.

Қатты соқтың. Қорладың ғой. Қайтейін... Бірақ алдамшы сезім құрғыр көзі көріп тұрғанға әлі сенбейді, «Зия сені сүйеді» деп сыбырлайды. Дәл бүгін онысына сене алар емеспін, осы уақытқа дейін сеніп ем. Алдандым ғой. Жат біреудің құшағында кете бердің-ау...

Қош, сау бол. Сенің шексіз бақытты болуыңды тілеймін, одан басқа не келеді менің қолымнан. Қош, сау бол, жаным. Ақ тілегіммен тілеймін тағы да, бақытың тасысын.

Артық-ауыс кеткендерім болса кешірерсің, бәріміз де пендеміз ғой, әлсіздік жасаған шығармыз.

Төлеген.

15.V951».

Бәтима хатты оқып болған соң Зия әңгімесін жалғастырды.

– Менің басыма алғаш оралған ой «қайда кетеді, неге?» болды. Бір сұмдықтың келгенін білдім. Басым зеңгіп, айналып қоя берді. Трамвай аялдмасына жүгірдім. Әлі тұрмын. Трамвай жоқ. Енді такси ұстамақ болдым. «Қырсыққанда қымыран іриді» деген ғой, такси де табылмады. Өтіп жатыр, өтіп жатыр, өтіп жатыр, бәрінде де кісі бар. Ақыры біреуі тоқтады-ау. Жол бойы шоферді асықтырумен болдым. Бұл да бір жайбасар екен, ештеңемен ісі жоқ, қалыпты жүрісімен тарта береді. «Бұдан жылдам жүруге тыйым салынған, – дейді, – авария жасауымыз мүмкін».

Консерваторияның жатақханасы қай жерде екенін шамалағанмен, Төлегеннің қай бөлмеде тұратынын білмейді екем. Енді кіріп-шығып жатқандардан сұрауға тура келді.

«Төлеген деген жігітті білмейсіз бе, – деп сұрадым қорапқа салынған флейтасын құшақтап, тық-тық басып келе жатқан әдемі қыздан, – қай бөлмеде екен?»

«Төлеген...Ол қазір мұнда тұрмайды ғой!»

«Енді қайда?»

«Ім-м, осы жақында оны...а-а, не... пәтерде болу керек... анығын білмеймін. Жетінші бөлмеге барыңыз, бірге оқитын балалары сонда жатады».

Бір қоңқақмұрын қаражігіт шықты.

«А... Төлеген кіміңіз еді?» – дейді ол менің сұрағыма жауап берудің орнына.

«Жай...танысым еді».

«Өте өкінішті, – дейді ол қолының сыртымен аузын көлегейлеп есінеп, – кешіктіңіз. Төлеген кеше кетіп қалды».

Төбемнен жай түскендей болды. Қоңқақмұрын жігіттің бұдан соңғы айтқан сөздерін естігем жоқ, үйге қалай келгенімді білмеймін.

Ертеңіне қайта бардым. Қайда кетті екен, адресін біліп хат жазбақпын. Жеткенше не айтатынымды да ойлап алдым. «Төлеген, – дермін деймін, – өзіңнен басқа ешкімім де жоқ. Сенсің менің қалғаным». Еркелей, наздана жазғым келеді. «Төлеш, неткен төзімсіз жігітсің, менің шалдуар қалжыңымды да көтере алмағаның ба? Қызғаншақ екенсің ғой. Кім ол сенің қасыңда! Дүниедегі барлық жігітке сені айырбастармын ба?!» Қайғыны ұмытып, бір сәт бақытқа қайта кенелдім.

Есік қаққанда кешегі қоңқақмұрын қара жігіт тағы шықты.

«А, – дейді ол, – алды-артыңызға қарамай тұра жөнеліп едіңіз, қайтып келдіңіз бе?»

«Төлеген қашан кетті?» – деп сұраймын.

«Алдыңғы күні», – дейді ол жайымен.

Осы кезде менде күмән туа қалды. «Әрине, Төлеген кеткен жоқ, оқуын тастап қайда барушы еді. Арманы емес пе еді композитор болу. Өзілдеп жазған ғой. Қазір осы бөлмеде отыруы да мүмкін. Мені сынайын деген шығар».

«Кеше кетті деп едіңіз ғой!»

Қоңқақмұрын жігіт сәл аңырап қалды да:

«А,- деді тағы, кеңсірігінен мырс етіп, – мен ол сөзді айтқаннан бері бір күн өтті емес пе?».

Арқамды ызғар қарып бара жатты. «Есімнен адасатын шығармын, – деп ойлады. – Кетті деп тұр емес пе, демек, кеткен...»

Әйткенмен, әлі де үміт бар еді.

«Кетсе қайда кетті?» – деп сұраймын.

«Бейхабармын, – дейді қоңқақмұрын жігіт міз бақпаған күйінде, – өзі де білмеді-ау деймін, қайда бет алғанын. Новосибирск жақтағы бір қазақ аулында ағайындарым тұрады дегенін естігенім бар. Жалпы, тұйық жігіт еді, ешкіммен сырласпайтын».

«Өте жақсы жігіт еді, деді менің бас-аяғымды көзімен шолып өтіп, – бірақ қиқарлау болатын, өз айтқанынан басқаға көнбейтін. Соңғы кездерде шыртып, ашуланғыш болып кетті. Дегенмен сөзге келісіп стипендиядан да алынып қалды. Қыс бойы қалай күн көргенін білмеймін, сірә, жексенбі күндері әр жерге барып қол жұмыс істеп ақша тауып жүрсе керек».

«Қабілетсіз жігіт емес еді, – дейді сәлден соң маған қадала қараған қалпы. – Тек жазғандары... былай... і-і... нелеу келеді. Ақыл, кеңес ретінде достық сын да айтып көрдік. Адам бір алжасса қайырылуы қиын ғой, көкке шапшып жерге түсті... тыңдамады. Ақыры соның түбіне жетті».

«Сонша сұрайтындай кіміңіз еді, – дейді, – жерлесіңіз бе?»

«Жоқ, – деймін, – жігітім.»

«Жігітіңіз бола тұра жайынан ештеңе білмегеніңіз қызық екен!»

Аздан соң:

«Бүгінгі кеш әдемі екен, – дейді, – кино көргіңіз келмей ме?»

Рахмет айтып кетіп отырудан басқа ештеңе қалған жоқ. Мен сөйтіп жоғалттым Төлегенді. Жоғалған нәрсе табылуы да ықтимал ғой, табам ба деген үмітте болдым. «Алматыға әйтеуір бір келер, сонда маған қалайша соқпай кетеді». Көшеде үнемі жан-жағыма қаранып жүремін. «Мүмкін кездесіп қалармыз». Кездеспеді. Бірде кітапханаға бара жатқанда автобус аялдамасындағы жұрт ішінен теріс қарап тұрған біреу жылушырап қоя берді. «Төлеген!» – деп ойладым. Дауыстап жібере жаздадым. Жүрегім лүп-лүп соғып, қан басыма шапшыды. Жақындап келіп қарасам, баяғы қоңқақмұрын жігіт екен.

Өстіп бір жыл өтті... Екі жыл өтті... Азаппен үшінші жыл тағы өтті. Осы үш жыл бойы Арыстан менің соңымнан қалмады. Әйткенмен оған жылы шырай берген емеспін. Енді маған келмеңіз, мен басқаникімін деп талай айттым. Міз бақпайды. Көбіне сөзді басқа жаққа аударып жібереді, немесе бәрін қалжыңға айналдырады. Өзінің жолдастары, лабораторияда бірге істейтін қыздар жайлы ананы-мынаны айтып біраз тұрған соң киноға сүйрейді. Қанша

дегенмен мен де пендемін ғой, бірте-бірте жіби бастадым. Төлеген саған жоқ, оны ұмыт деп өзімді-өзім азғыратынды шығардым. Бірақ мұным үшін Төлеген мені қатты жазалады. Өзі жоқ болса да әндері соңымнан қалмады. Ара-тұра радиодан айтылатын. Ал жастар жағы аузынан тастамайды. Кештерде де, жиын тойларда да... Төлегеннің өзіме арнаған әнін естігенде не болып кеткенімді білмеуші едім. Өткен күндер көз алдыма келе қалатын. Қар жауса үйде отырмаймын. Жылы киініп алып сыртқа шығам да, баяғыда Төлеген екеуміз қыдырған жерлерге барып жалғыз өзім жүрем. Сол арман болған түнге ұқсас талай кешті өткіздім, бірақ қасымда Төлеген болған жоқ. Талай рет сол кезде Төлегенге еркелегенім есіме түсіп, аспаннан жауған қар түйіршіктеріне алақанымды тосып тұрдым, бірақ мені ешкім де құшақтап сүймеді.

Ақыры мен мединститутты бітіріп, іргедегі Жамбыл ауданына қызметке кеттім. Уақыт озған сайын Төлегенді кездестірем деген үмітім жіңішкере берген еді, енді үзілді. Бақытымды шынымен жоғалтқанымға көзім жетті. Адам неге болсын көндігеді екен, көндіктім. Көндікпегенде не істейсің...

Арыстан маған жексенбі сайын автобуспен келіп қайтатын. Ақыры мен Төлегенді ұмыттым деп өзімді өзім сендірдім. Аз уақытқа ұмытқандай болдым. Арыстанның құшағына құладым. Той аяғы тарқар-тарқамастан Арыстан кандидаттық диссертациясын қорғады да, Новосибирскіге ауыстық.

Арада төрт-бес жыл өтті. Күйеуге шыққаннан соң алғашқы айларда Төлегенді қайта ойлап жүрдім де, бірте-бірте ұмыттым. Шындап ұмыттым. Арыстан жас та болса атақ, абыройы зор, мәртебесі биік. Басына бақ, мансап үйірілген ғұлама шалдардың өзі оны жоғары бағалайтын. Жас деп әлпештейді, болашағы зор деп сыйлайды. Мұны мен де мақтан етемін. Тек араласып жүрген, дос-жар саналатын адамдардың бәрінің де Арыстанға ұқсастығы мезі қылған. Бұлардың көпшілігі дүние қызығынан бейхабар, есеп машиналарынан басқа ештеңеде шаруасы жоқ, өз ісіне берілген фанатик жандар-тын.

Арыстан екеуміз бақытты сияқты едік. Жұрт қалай тұрса, біз де солай тұрып жаттық. Адал жар болдым. Бір арманым сәби көру еді, тағдыр жазбаған екен. Әйткенмен, бұл – Арыстанның ойына кіріп шықпайтын. Төлеген сияқты оның да мен түсінбейтін мінезі көп еді. Бірақ бір ғажабы, нешеме жыл отассақ та, шүйіркелесіп, сырласып сөйлесе алмаймын. Бойында әлденендей дүлей күш бар сияқты, адамды езіп, жаныштап тұрады. Шынымды айтайын, мен одан қорқатын едім. Обалы нешік, екеуміз өте тату тұрдық. Шыныаяқ шылдырап көрген емес. Сөйтіп жүргенде бір күні...

Сен жындыхананы көргенің бар ма? Қаланың шет жағында тұратын клиенттеріме бара жатып қасынан өтіппін. Дүниеде мұндай сұмдық болады деп ойлаған да жоқ едім. Сыртқы ағаш дуалын жинап тастап, кірпіш қабырға

калағалы жатыр екен. Аула биік шойын шарбақпен қоршалған. Ар жағында адамнан гөрі тағы аңға көбірек ұқсас, үсті-бастары алба-жұлба кісілер жүр. Біреулері отыр, біреулері киімдерін сыпырып тастап, тақыр жерде күнге қыздырынып жатыр. Көбі беталды ыржалақтап, өздерімен өздері болып жүр. Екі-үшеуі мені көріп атам заманғы частушкаларды айта бастады. Менің зәрем ұшып кеткен-ді. Осы араға жақындамай, айналып жүретін болғам. Бірақ көп ұзамай аңдаусызда тағы да үстінен шығып қалыппын. Тезірек жанынан өтіп кетуге тырыстым. Кенет өзіме бүйірден біреудің қадала қарағанын сездім. Жалт бұрылып едім, – үсті-басында сау тамтық жоқ, шашы ұйпа-тұйпа, сабалақ біреу шарбаққа жабысып, қимылсыз сілейіп тұр екен, көзі өңменімнен өтеді. Мен жалт қарағанда ол баж етіп, қолымен бетін басты да, теріс айналып кетті.

Ес-түсімді білмей үйге келдім де, диванға құлай кеттім. Бұл – Төлеген еді.

Дегенмен, көзіме сенбедім, анығын білейін деп үш-төрт күннен кейін қайта бардым. Бас дәрігері – қартаң адам – менің Төлегенге келгенімді естіген соң үндемей аз тұрды да:

«Ол кіміңіз болады?» – деп сұрады. Кімім дейін, «Жай танысым еді» – дедім. «Е, онда жөн, – деді. – Өзінің туған-туысқаны жоқ жігіт еді. Осыдан алты-жеті жыл бұрын-ау деймін, бір жамағайындары әкеп тапсырды. Шөп шауып жүргенде далада ұйықтап қалған екен дейді. Содан ай туғанда бір-ақ ояныпты... Алғашқыда айқайлап, өлең айтып тыныштық таппаған екен, кейінірек мүлде тіл қатпайтын болыпты. Осында өткізген жылдарының ішінде бірде-бір рет тентектік көрсеткен емес. Үндемейтін де. Тек кей-кейде қолын ербеңдетіп, сірә, батыс классиктерінің шығармалары болу керек, әлденедей бейтаныс әуендерді ысқырып кететін және бір бастаса, құдай сақтасын, жуық арада қоймайтын. Біздің жұмыстың жайын білесіз, бірақ оған көп күш қолдана бермейтінбіз. Сау кезінде өте ақылды жігіт болған сияқты... Дегенмен, сіз кешіктіңіз, ол бүгін таңға жақын дүние салды».

Мен теңселіп кеттім білем, дәрігер қолымнан ұстай алды. «Бүйтіп жүргенше өлгені жақсы болды, – деді ол, – сондықтан қуануыңыз керек.»

«Қапа болмаңыз, – деді тағы да дәрігер, мені бекіте түскісі келіп, – бұл фәниге кімдер келіп, кімдер кетпеген, бәріміз де өлеміз. Бірақ байғұс соңғы үш күн ішінде қатты азаптанды. Әлдекімдерді атап шақырып, әлде-біреулермен күбірлеп сөйлесумен болды. Көптен бері қойып кеткен ескі әдетіне басып, ыңылдап әлденедей бір мелодияларға салды.»

«Дегенмен, – деді дәрігер аздан соң, – танысыңызды ақырғы рет көріп қалғыңыз келсе асығыңыз, әлі жерлей қоймаған шығар.»

Мен не өлі емес, не тірі емес, дәрігердің соңынан ердім.

Ол созылып, тыныш қана жатыр екен. Сол баяғы күйі, сол баяғы менің Төлегенім. Бірақ түсі суық. Жағы сарайып, танауы қусырылған, сұп-сұр. Мен жақындап, кеудесіне айқастырылған қолын ұстауға да қорықтым. Шап беріп «Сенсің мені өлтірген!» дейтін сияқты көрінді.

Әйткенмен, Төлегеннің сүйегін алып, қолдан қоямыз деуге батылым жетті. Үйге келген соң Арыстан екеуіміздің арамызда үлкен жанжал шықты. Мен өз айтқандарымды істедім. Төлегенді жер қойнына тапсырған күннің ертеңіне өзіме осыншама бақытсыздық әкелген қаланы да, Арыстанды да тастап, Алматыға тартып отырдым.

Қара көлеңке бөлмені меңіреу тыныштық кернеді. Екі әйел біріне-бірі тығылысып, қимылсыз, үнсіз отыр. Тек қабырғадағы ағаш қорапты үлкен сағаттың бір қалыпты, самарқау соққан тықылы ғана естіледі.

— Сүйегіне барғанда алдым жанағы суретті, — деді аздан соң Зия тыныштықты бұзғысы келмегендей, сыбырға жақын үнмен. — Төс қалтасынан шығыпты. Сірә, кезінде біздің қыздардың бірінен қалып кетсе керек. Өзім жат біреудің құшағында жатқан кездерімнің бәрінде де суретім Төлегеннің төсінде тыныстапты. Мен арам денемді сатып, алдамшы сезімге елітіп жүргенімде оның осы жансыз суреттен басқа сүйеніш ештеңесі болмаған... Ал менде қазір көңіл жұбатуға оның суреті жоқ. Тек бір жапырақ қағазға жазған хаты мен әні...

— Әні... — деді Бәтима сұрауға да қорыққандай, тұтығыңқырап. — Ол қандай ән?..

Зия сағат тықылына құлағын тігіп сәл отырды да, Бәтимаға студент кезінен бері жақсы таныс бір әнді нәзік дауыспен жайлап бастап, қайырмасына келгенде ары қарай соза алмай өксіп жылап жіберді.

Ғажайып танго

К. Әлпейісова

Бұл келгенде тойдың бірінші бөлімі аяқталып, жұрт тыныс алуға шыққан екен. Үлкендер жағы дөңгелете қойылған орындықтарға жайғасып, кәдімгі концерт көргендей-ақ ортадағы би қызығын тамашалап маз-мәйрам. Құйқылжыған «Лезгинканың» әуені құлаққа естілісімен-ақ Ханшайым бірден түсіне қойды: қашанғыдай ұлттар биінен жарыс ұйымдастырылып жатқан

сияқты. Асаба өңеші жыртылғанша айқайлап, билеушілердің делебесін қоздырып қояды. Ал билеушілер мұндай «қыздыртуды» керек етіп те жатқан жоқ. Әйелдер бар өнерлерін салып, су бетінде жылжыған аққудай сырғып, аяқтарының ұшымен жорғаласа, еркектер өздерінше тау ұлдарының образына кіріп, иықтарын қомдап, оларды шыр-көбелек айналып жүр.

Ханшайым күлімсіреп, билеп жүргендерді көзбен шолып, өте берген... Кенет түкпір жақта өзін дөңгелене жорғалаған серігінен көз алмай, кеудесін асқақ ұстап, кербез қимылдаған бишіге көзі түсті... Япырау, мына бір кісінің жүзі соншалық таныс сияқты ғой. Қай жерде, қашан көріп еді?

Қанша ойланса да оны қай жерде көргенін есіне түсіре алмаған Ханшайым бишілерді қолпаштап тұрған топқа қосылды. Ұлын үйлендіріп жатқан апа-жездесі құда-құдағиымен бірге тұр екен, мұны көріп қолдарын бұлғап, өздерінің қастарына шақырды.

- Қалай, бәрін реттеп келдің бе? – деп сыбырлай сұрады Патшайым тойдан кейін құда күту рәсіміне арналған дастарханды жайғастырамын деп кешігіп келген сіңлісінен.

- Бәрі жақсы, алаңдама...

Ханшайымның сөзін аяқтатпай құдалардың бірі келіп сөзге араласты:

- Ау, құдаша, сіз қайда жүрсіз? Өткенде құда түсіп келгенде бидің түбін түсіріп едіңіз... Біз әдейі сіз үшін партнер де алып келдік... қайда өзі? А-а, билеп жүр екен... қазір сайыс ұйымдастырамыз...

Солай деді де Ханшайым аузын ашып үлгіргенше асабаға барып әлденені түсіндіре бастады. Сірә, бұл алдын-ала келісілген шаруа болуы керек, басын қайта-қайта шұлғып тұрған асаба микрофонды қолға алып, маңғаздана сөз бастады:

- Ал, халайық, сайыс қызығы енді басталады. Қазір ортаға қалыңдық жақтан төрт жігіт, күйеу жігіт жақтан төрт қыз шығарамыз да, бірнеше би түрінен сайыс өткіземіз. Жеңімпазға мына құда бәйге тігіп отыр – су жаңа ұялысу жаңа ұялы телефон!

Сол-сол-ақ екен екі жақ дабырласып, у – да шу болып, ортаға шығатын сайыскерлерін сайлай бастады. Құдалар жағынан төртеудің бірі болып бағанағы кербез биші шықты. Бұлар жағынан да үш келіншек ортаға шығып, енді төртінші адам іздестіріліп жатқан. Сол кезде Патшайым келіп, Ханшайымды ортаға итермеледі: «Шық, шық, жиен – сенікі ғой!»

Әуелі «Қамажай» қалықтады. Білектерін созып, буындарын бұралта шеңбер жасай қозғалған әйелдерге ілесіп, ерлер де сондай қимылдар жасай

бастады. Ер адамдардың қолдарын ербең-ербең еткізіп билегенін қызықтап көрермен күлкіге бір қарық болды.

Кілт үзілген музыкадан соң асаба төрешілік жасап, нашар биледі деген бір жұпты сайыстан шығарды. Іле жетпісінші жылдардың ең сәнді биі – твист жарияланды. Құйқылжыған музыкаға ілесіп, сайыскерлер бұл жолы да бар өнерлерін салып, ирелеңдеп-ақ бақты. Ең қызған шақта кілт үзілген музыка мен іле естілген асаба даусы тағы бір жұпты би алаңынан шығарды.

- Вальс! Би тәңірісі – вальс! – деп жариялады асаба салтанатты түрде. – Және естеріңізде болсын, құшақтасып, ырғалып жүре беру есептелмейді. Вальс айналу керек!

Ханшайымның жұптасы, мұның алдындағы биде ақ тер-көк тер боп билеп, әлі де екі иінінен дем алып тұрған жігіт ағасы асабаның сөзінен кейін екі қолын бірдей көтеріп: «Мен – паспын!» деді.

- Жоқ, болмайды. Жұптасыңызды серіксіз қалдырасыз ба? – деп асаба жолын кес-кестеп еді, жігітағасы қолды бір сілтеп, сыртқа қарай беттеді. Сол кезде кербез жігітпен билеп жүрген Ханшайымның сіңлісі:

- Мен вальс билей алмаймын, мен де шығайын. Сонда бір жұп қалады. Жүлде алғандар мұнымды ескеретін шығар...- деп жұртты ду күлдірді. Ортада Ханшайым мен бағанағы қимыл-қозғалысы назар аудартқан жігіт қана қалды. Ансамбль «Қазақ вальсін» ойнай жөнелгенде алдына келіп сәл-пәл басын иіп, қолын созған жігітке қарай бұл қобалжи қадам басты. «Япырм-ау, мынау Батырбек қой...»

Әкесі әскери қызметте болғандықтан, бұлардың отбасы бір қаладан бір қалаға көшіп жүретін. Содан да болар есейе келе Ханшайым қанша мектепте оқығанын да, аз уақыт бірге оқыған сыныптастарын да ұмытып қалды. Тек қыз боп қылтиып өсіп келе жатқанында хореография училищесінде өткізген үш жылы жасөспірім кезінің ең сәулелі сәттері болып есінде сақталған-ды. Отбасы елге түпкілікті оралып, Ханшайым хореография училищесіне түскен кезде мұндағы халық билері ансамблінің атағы жер жарып тұр екен. Әсіресе жеке орындаушылар, сол жылы училищені бітіретін Батырбек пен Раушан – барша студенттің кумирі болатын. Олармен билеп, оларға жұптас болуды кез келген оқушы армандайтын. Сондықтан кезекті конкурстың алдында Раушан тобығын қайырып алып, Батырбекке шұғыл түрде жұптас іздестірген оқытушылар Ханшайымды таңдағанда бұл төбесі көкке жеткендей қуанған. Екеуі аргентина тангосын билеуді үйреніп еді-ау сонда!

Кәсіби бишінің әсем қимылымен алдына келіп басын иіп тұрған – сол Батырбек екенін енді таныған мұның жүрегі дүрс-дүрс етіп кеудесінен шығып кетердей тулады. Жұптасының иығына қолын салған Ханшайым әрі

қарай музыканың ырғағына ілесіп, қалықтай жөнелді. Толықси үйірілген әуеннің, көзіне көзін қадап, әдемі, сауатты демеген жігітпен билеген бидің әсеріне берілгені соншалық, бір мезгіл жер басып, шырқобелек айналып емес, ғайыптан пайда болған қанатты жұптасының жетелеуімен шексіз ғаламға көтеріліп, қалықтап ұшып жүргендей күй кешті. Солай көрінді ме, әлде шынымен солай болды ма – жаңа ғана гу-гу еткен зал іші тына қалып, әсем биді бәрі де демдерін ішке тарта тамашалап тұрғандай көрінді.

Музыканттар да мұншалық сұлу биді үзуге қимаған сияқты, әйтеуір алдындағы билердей әуен кілт үзілмей, баршаға танымал аккордтармен аяқталды. Жаңа ғана тым-тырыс тұрған жұрт концерттегідей ду қол шапалақтап: «Тағы! Тағы! Жұп болсын!» деп гулей жөнелді. Қошеметке үйренген адам сияқты емес, Батырбек жүзі ду етіп қызарып, басын иіп қойды. Сосын Ханшайымға әрі сүйсіне, әрі таңырқай қарап: «Тамаша билейді екенсіз! Қайдан үйреніп жүрсіз?» деп сұрады.

«Танымады...» Ханшайымның жүрегі сыздап кетті. «Қайдан танысын, одан бері қанша жыл өтті... Жасөспірім бала кезімізде жұптасып билегенбіз, жасымыз отызды орталағанда жолығысып отырмыз, қайдан танысын...» Ханшайым жауап берген жоқ, жымысып күлді де қойды.

Тойдан қайтып келе жатып, екеуінің жұптасып билеген кездерін есіне алды. Ұстаздары Фаина Адамовна: «Осы конкурста бас жүлдені жеңіп алуларың керек. Ол үшін күн-түн демей дайындық жасаймыз. Басқаның бәрін ұмытасындар!» деп талап қойған. Жеңіске бұлар да мүдделі, сондықтан ұстаздың барлық талаптарына мойынсұнған екеуі репетиция залында түнеуге бейіл. Тек еңбектері зая кетпесе болғаны. Талапшыл ұстаз бірде:

- Арқанды тік ұста! Бүкшима! - деп қолындағы таяқшасымен мұның жауырынынан шып еткізіп салып жібергенде көзінен жас бүрк ете түскен.

Оны елеп жатқан Фаина Адамовна жоқ, енді қаһары Батырбекке түсті:

- Қалай-қалай алып жүресің? Сен жұптасыңмен билеп емес, оны сүйрелеп жүрсің ғой!

Шыдамай, оның орнына өзі тұра қалып, «бір-екі-үш, бір-екі-үш» деп аяғын санап басып, қызды би әуенімен қалай алып жүруді көрсетті.

Бірақ, обалы не керек, Фаина Адамовна ашуы қалай тез болса, қайтымы да жылдам кісі еді. Үзіліс жариялап, екеуін қасына алып отырып, би өнері, оның тарихы туралы небір ғажайып әңгімелер айтатын.

- Сен – тангеросың! – деді бірде ол Батырбекке қарап. - Есіңде болсын, танго билейтін ер адамды «тангеро» деп атайды. Міне, сол тангеро туралы өзара сыр бөліскенде әйелдер оны бойына, сөйлеген сөзіне, киген киіміне қарап

емес, билеген кезде қызды қалай алып жүретініне қарап бағалайды. Жұптасыңды би алаңында әдемі, сауатты алып жүру – үлкен өнер, біліп қой!

«Есіңде болсын» деген Фаина Адамовнаның аузынан түспейтін сөз тіркесі еді. Ол балаларға үйретем, бойларына сіңірем деген нәрсенің барлығын осы тіркеспен бастайтын. Бәлкім бұл тіркестің ғажайып бір күші бар да болар, өйткені Ханшайым ұстазының сол кезде айтқан сөздерін, берген кеңестерін ешқашан ұмытқан емес.

- Естеріңде болсын, - деді тағы бірде Фаина Адамовна, - би – әшейін аяқ-қолды ербендетіп, қарғып-секіру, немесе ретті-ретсіз ырғаңдау емес. Ол – сонау ежелгі заманнан бері адамның көңіл күйін, айтар ойын білдіру үшін қолданылып келген амал. Ол арқылы қуанышты да, қайғыны да, жеңісті де, жеңілісті де бейнелеуге болады. Ал біз үйреніп жүрген латынамерикалық билер ауызға алынса елдің есіне ең алдымен танго түседі. Танго десек – алғашқы махаббат, көгілдір көктем, көңіл құштары болған жанды алғаш құшағыңа алып, билеуге батылың барған ғажайып сәт ойға оралады.

- Ал мен танго емес, румбаны махаббат биі деп естігенмін, - деді кенет Батырбек.

- Енді түсіндім. – Фаина Адамовна Батырбекке қулана қарады. - Румбаны Раушанмен ғана билеймін дегенің содан екен ғой?

Ол қызарып кеткен Батырбектің шашын ұйпалап, басынан құшақтады.

- Оның да дұрыс. Бірақ, есіңде болсын, әдетте румбаны – махаббат биі емес, құштарлық биі деседі. Ондағы қимыл-қозғалыстарға зер салып қарап көріңдерші: биші қыз біресе серігінің қолынан жұлқына шығып кетіп, біресе қайта келіп құшағына құлайды, біресе арбап, шақырып, өзіне тартып, біресе маңына жуытқысы келмегендей, қашқақтап, бойын аулаққа салады. Сөйте тұра, бар қимыл-қозғалысымен серігінен жолындағы бар кедергіден өтер батылдықты, от-жалындай шарпыған құштарлықты күтетінін білдіреді. Көзқарасымен, қолының, басының, иығының, он екі мүшесінің сиқырлы қозғалысымен білдіреді. Жігіттің қимыл-қозғалысынан да осындай көңіл-күйді байқауға болады: ол өзінің құшағынан сытылып шыққысы келіп сырғақтаған қызды біресе жерігендей итеріп, еркіне жіберіп, іле өз ойынан өзі шошығандай, жанұшыра соңынан ұмтылады. Еш ажырағысы келмейді, жаны да, тәні де сонымен бірге өріліп, құштарлық отында өртенуге бейіл...

Ал танго басқаша... Оған адам көңілінің сыршыл шектерін шерткендей нәзік иірімдер тән. Онда румбадағыдай буырқанған құштарлық емес, тұп-тұнық сезім, тап-таза тілектер басым... Осыны түсінсеңдер, биді жақсы игересіңдер... Ал ол дегенің – қалайда жеңесіңдер деген сөз...

Бірақ, бұлар конкурсқа қатыса алмады. Сайысқа бір апта қалғанда ойламаған жерден Ханшайымның соқыр ішегі жарылып кетіп, ауруханаға түсті. Ауыр операциядан тез айығып кете алмаған ол академиялық демалыс алды. Бір жылдан кейін бұл оқуға келген кезде Батырбектер оқуды бітіріп кеткен болатын. Содан кездесіп отырғандары бүгін ғана.

Тойдан кейін үйге келген құдалардың ішінде Батырбек болған жоқ. «Мұндай жерде ұзақ отыра алмайды. Келіншегі сырқат қой», – деді құдағи бұл сыр суыртпақтағанда. Ұзақ жылдар бойы бір көруді армандаған бала махаббатынан тағы да көз жазып қалғанын ойлап, Ханшайымның іші удай ашып кетті.

Бірақ арада бірнеше күн өткенде Батырбек ойламаған жерден өзі хабарласты. Танымағаны үшін кешірім өтінді. «Бір жерге барып, кешкі ас ішуге қалай қарайсың?» деді сосын. Тезірек жауап бермесе тағы да айырылып қалам ба деп қорыққан бұл: «Жарайды, жақсы» деді асыға сөйлеп.

Қаланың қайнаған ортасынан қашықтау ауданда орналасқандықтан да шығар, бұлар келген мейрамханада адам аз екен. «Ырғақ» деген атауын оқып, Батырбектен «Өзіндік музыкалық бағдарламасы бар жер ме?» деп сұрап еді, ол жұмбақ түрде жымыып қойды. Жайғасқан соң бұған ойлана қарап: «Саған «Ырғақ» деген атауы ұнай ма? Маған салса басқаша қояр едім» деді. «Не деп қояр едің?» «Мысалы, «Көптен күткен кездесу» немесе «Ғашықтар вальсі» дер едім...»

Бетінің ду ете қалғанын білдірмейін деп Ханшайым музыканттар отырған жаққа бұрылды. Олар аспай-саспай, әрқайсысы өз аспабын күйіне келтіріп жатыр екен. Ақырын ғана айналасына көз тастап еді, кейбір үстел басындағы адамдар алдарындағы шырынды, оймақтай ғана шыныаяқтағы кофені ара-тұра ұрттап қойып, музыканттарға қарағыштап отырғандай көрінді. Сірә, мейрамханаға аспапты музыканы тыңдауға әдейі келетін сыралғы қонақтар сияқты. Сәлден кейін ғана, даңғаза музыкадан шаршап, таза, табиғи, әуезді әуенді тықырши күткен тыңдарманның қалауын тап басқандай болып, скрипканың үзіле сызылтқан үні естілді. «Вивальди... Иә, соның «Жыл мезгілдері» ғой мынау! Бірақ мына музыканттар өзгеше өңдеп алған сияқты.»

- Училищеде өткізілетін концерттерде осы музыка дәстүрлі түрде ойналатын еді ғой, есінде ме? Сол кезді еске алайық деп музыканттарға әдейі өтініш жасадым, – деді Батырбек бұған күлімдей қарап. Сөзінен оның бұл жерге қатысы бар екенін байқауға болатын еді. – Рас, бұлар музыканы сол күйінде ойнамайды, көбіне сол тақырыпқа композиция жасайды. Танымал әндерге біраз ремикстері де бар, тәп-тәуір...

- Жаңа жылға арналған бал-маскарад басталғанша училище радио торабы осы музыканы қойып қоятын...- деді Ханшайым сонау жасөспірім шақтарын көз алдына елестете ойлана сөйлеп.

- Басталғанша ғана емес, бал-маскарадтың өзінде де ойналып еді ғой, ұмытып қалдың ба? – Батырбек бұның ұмытқаны немесе ұмытпағанының ерекше бір мәні бар сияктанып, Ханшайымға сынай көз тастады. Ханшайым күлімсіреп, басын шайқады. «Ұмытқан жоқпын» дегені.

Қалай ұмытсын! Бал-маскарадтың қызған кезінде балалықтары ұстап кетті ме, Қалай ұмытсын! Бал-маскарадтың қызған кезінде балалықтары ұстап кетті ме, әлде әрбір өнер жолына түскен адамның бойындағы сайысқа түсу, өнерін көпшілік таразысына салуға құштарлық қасиеті бой көтерді ме, оқушылар ортаға шығып, үлкен концерттерде, байқауларда орындайтын нөмірлерін көрсете бастады. Қиқу естілсе, тыпыршып тұра алмайтын бәйге аттары сияқты, бойларын сайыс желігі буған өнерпаз оқушылар кезекке тұрып, бірінен соң бірі ортаға шығып жатты.

Бір жағынан қарасаң, кәдімгі концерт сияқты болғанымен, екінші жағынан бұл – жас балалар бойындағы сыртқа шығарып, жария етілмейтін бәсекелестіктің көрінісі еді. Өнер адамы үшін халыққа танымал болудан, сол саладағы өзінің басымдығын білуден артық баға жоқ. Сол бағаға ие болу үшін ол өлшеусіз тер төгіп, бәйгегеатаулының бәріне қатысуға, өнерімен үстем болып, топ жаруға дайын. Міне, бүгін де сондай сәт туған сияқты – кішкентайларынан өнер жолына түскен балалардың бойында «өнеріммен табындырсам» деген табиғи тілек буырқана бой көтергендей.

Барған сайын қыза түскен сайысты Фаина Адамовнаның қасында қызыға тамашалап тұрған Ханшайымды жүгіріп келген Батырбек әй-шәйға қаратпай жетелей жөнелді. Сол бойы, алаңқайға анталап, иін тірескен топты жарып өтіп, ортаға шыққанда бір-ақ тоқтады. «Танго билейміз» деді түк түсінбей қарап тұрған бұған. Ханшайым мойнын созып, ұстазы тұрған жаққа қарап еді, Фаина Адамовна ризашылығын білдіргендей күлімдей қолын бұлғады. Сол-сол-ақ екен, Ханшайым бойын тез жиып, ортада билеп жүргендердің нөмірі аяқталған кезде сайысқа сақадай сай тұрды.

Бұлар конкурсқа дайындап жүрген аргентина тангосының алғашқы аккордтары естілісімен Батырбек бұны белінен орай құшақтап, үйіріп алып кетті. Айналасында таңдана, қызғана, сүйсіне қарап тұрған топты да, оттары бір жанып, бір сөнген шырша ағашын да көрмей, Ханшайымның бар-ынта ықыласы көзіне көзін қадап, әр қимылымен, әр адымымен өзіне ынтызар жүректің шексіз сүйіспеншілігін «айтқан» Батырбекке ауды. Тілсіз төгілген махаббат жырын көзбен көріп, жүрегімен ұқты. Ұғып қана қойған жоқ, өзінің де ынтық сезімін биімен білдірді.

Музыканың соңғы аккордтарымен бірге көпшілікке бас иіп, реверанс жасаған бұларды «браво!», «браво!», «бис!» деп қолпаштаған оқушылар, алаңқайдан шығармай қойды. Сосын кешті жүргізуші ортаға шығып, тамаша өнерлері үшін екеуіне «бал-маскарадтың ең таңдаулы жұбы» деген атақ және тек екеуіне ғана вальс билеу мүмкіндігі берілгенін хабарлады. Сонда екеуі Вивальдидің музыкасымен үйіріліп, қанат пайда болғандай қалықтап еді...

- Билейміз бе? – деді Батырбек бұған қолын созып.

Орнынан лып етіп көтерілген Ханшайым, Батырбектің ұсынған қолына сүйеніп, екеуі ортаға бет алды. Белінен орай құшақтап, жеңіл демеген жігіттің әдемі, әсем жетелеуімен вальс иіріміне түсіп, шыркөбелек айналған Ханшайым, қаншама жылдар бойы жүректің ең терең түкпірінде көміліп, жарыққа шығар сәтін күтуден күдер үзбеген іңкәр сезімнің сол баяғы бал-маскарадтағы сияқты бұрқ етіп бас көтергенін сезінді.

Биге шыққан тағы бір-екі жұп билеу білмейтін адамдардың әдетімен әшейін ғана ырғатылып, аяқтарын еріне қозғап, жай жүрген. Содан да болар, бұлардың көптен ерекшеленетін әсем биі бірден жұрттың назарын аударды. Тіпті музыка аяқталып, екеуі орындарына беттеген кезде, біреулердің қошеметтеп, қол шапалақтағандарын айтсайшы! Бұл көптен бері сахнадан қол үзіп кеткен Батырбектің есіне өнер ордаларында жарқ-жұрқ етіп жүрген кездерін түсіріп, мұңайып қалды.

- Не болды? – деп сұрады оның қабағындағы мұңды аңдаған Ханшайым.

- Жай... Мен қазір билеуді қойып кеткенмін...

- Өзім де солай ойлап едім...

- Неге? – деп тандана сұрады жігіт. - Әлде дұрыс алып жүрмедім бе?

- Жо-ға, – деді Ханшайым жадырай күліп, Батырбек биді қойып кетсе де, кәсіби бишінің бірден өзінің бойындағы мінін іздей бастайтын әдеті қалмағанын байқап. – Билеп жүрсең осы кезге дейін атақты бишілердің бірі болатының сөзсіз еді ғой. Сенің талантыңмен... Айтпақшы Раушан қайда?

- Осында... Оқу бітірген соң бір жылдан кейін үйленгенбіз. Сен ше? Тұрмысқа шықты деп естіп едім... Күйеуің қай салада істейді?

- Күйеу жағынан енді ұяттымыз... Дәм-тұзымыз жараспады. Қызым бар, мектепте оқиды. Сен... Сендер сондай жақсы билейтін едіңдер ғой. Биді неге тастап кеттің?

- Ол ұзақ әңгіме... Кейін бір реті келгенде айтармын. Бүгін мұңды нәрселерді еске алмай, көңілді, қуанышты жайттарды айтайықшы... – Батырбек мұның

қолын өз қолына алып, бетіне ойлана қарады. – Білесің бе, өткендегі тойдан кейін... мен сенімен аргентина тангосын билегім келіп жүр... Ұмытып қалған жоқсың ба?

Ханшайым не дерін білмеді. «Ұмытқан жоқпын» дейін десе, одан бері ол биді ешкіммен билеген жоқ. Соңғы билегені сол – бал-маскарадта еді. Ал «ұмыттым» дейін десе, Батырбек екеуінің сол күнгі биін көз алдына мың-миллион рет елестетумен қанша жыл өмір сүрді. Батырбектің сол күнгі әр қимылы, әр қозғалысы, тілсіз сөйлеп тұрған мағыналы көзқарасы, алабұртқан бет-әлпеті жүрегінде өшпестей болып жатталып қалғандай.

Мұның үндемегенін келіскені деп ұққан болуы керек, Батырбек төс қалтасынан шағын дискет алып музыканттарға қарай беттеді...

- Құрметті қонақтар! – деді музыканттардың біреуі микрофонға. – Бүгін сіздердің орталарыңызда студенттік шақтарын бірге өткізген екі өнерпаз отыр. Көп жылдардан бері көріспеген бұл кісілер, бүгінгі кездесу қуанышына арнап, сіздерге студент кездерінде билеген билерін орындап береді. Қарсы алыңыздар! Танго! Ға-жа-йып тан-го!!!

Бір қызығы, музыканттың даусы алғаш естілгенде жүрегі атқақтай жөнелген Ханшайым, ол сөйлеп болғанша баяғы бал-маскарадтағыдай бойын жиып ала қойды. Фаина Адамовнаның «Өнер адамы қай кез, қандай жағдай болса да өзін-өзі игере білуі керек» деп құлақтарына құятыны зая кетпепті.

Батырбек мұның алдына келіп, басын сәл-пәл иіп, қолын созғанда бір-екі адам қол шапалақтап жіберді. Орнынан лып етіп тұрған Ханшайым кербез басып қасына келген Батырбекке қарай ұмсына түсіп, бір тізесін болар-болмас бүкті. Бидің осылайша салтанатты түрде басталуынан-ақ әлдебір қызықты күткен зал ішіндегілер демдерін тартып, ортаға беттеген екі жұпты көздерімен ішіп-жеп барады. Үйреншікті қимылмен оң алақанын мұның жауырынынан сәл төмен қойып, саусақтарын сол қолының алақанына аялай қондырған Батырбек музыканттарға қарап сәл-пәл иек қаққаны сол еді, таныс аккордтар естіліп, мұнда отырғандардың бірі көріп, бірі өмірлерінде көрмеген ғажайып би басталып кетті...

Егер сол жерде би өнерінен хабары бар, не көкірегіндегі сезім көзі ашық адам отырған болса, оның билеушілерге қарап осы бір бидің астарында – қуаныш та, құштарлық та, жан күйзелісі де жатқанын байқамауы мүмкін емес еді. Біреулердің бүкіл өміріне арқау болатын, ал біреулер өмір бойы аңсап күтетін ғажайып сезім – махаббат, ғашығынды сағыну, кездесу қуанышы, бәрі-бәрі тіл жетпес шеберлікпен өріліп, ортада шырқобелек айналған екеудің биінде кенересінен асып, төгіліп жатты.

Кәсіби бишінің қалыптасқан қимылымен жұптасын үйіріп ала жөнелген Жігіттің бұл биі – айтылмаған арманы, үркек үміті, көңілдегі күдігі, жүрегіндегі жалбарынышы екенін бәз-біреулер сезінген де сияқты. Бидің күдіреті деген осы да! Бәлкім, жер бетіндегі ең алғашқы еркек сонау ертеде – әлі тіл пайда болмаған, ойы мен сезімін жеткізудің басқа да амалдары қалыптаспаған көне дәуірде, қиқулап аң қуған тобырдың ішіндегі өзгелерден ерекше әйел затының өзін соншалықты тартатынын түсіндіру үшін осылай билеген де болар...

Әсершіл болса керек, бір келіншек мұрнын пыш-пыш тартып, көзін сұрткіштей берді. Зал ішінде ешқандай қимыл-қозғалыс жоқ. Даяшылар да әрқайсысы өздері қызмет істейтін столдың қасында, қаққан қазықтай қалшыып тұр.

Би басталған кезде жігіттің ырқына көніп, оның әр қимылына сай қозғалған қыз айналасындағыларға алғашқыда нәп-нәзік, бағынышты, әлсіз сияқты көрінген. Би ортасына қарай Арудың басымдығы сезілгендей, басын асқақ ұстап, иығын тіктеп, жұптасын өз дегеніне бағындыра бастағандай болды. Әлдебір қиял-ғажайып әлемге жол шегіп, шаттық сезімдерді бір кешу үшін өз соңынан еруді талап еткендей жанары оттай жанып, қиыла да қызықтыра шақырады.

Би басталысымен-ақ Батырбектің бойындағы өзін үйіріп әкетіп бара жатқан құштарлықты жан-тәнімен сезінген Ханшайым «қарсыласқанда не табам, өмір-өзеннің ағысымен кете берейін» деп бір ойлаған. Бірақ бара-бара оның қимыл-қозғалысындағы батыл шешімнен гөрі шарасыздықты, жан-дүниесіндегі тайталасты, аласұрған арпалысты байқап, жұптасының өмірінде бұл білмейтін әлдеқандай терең сыр, айықпас мұң бар екенін түсінген. Түсінген де оны сілкілеп, жарқын болашаққа, өмірдің қызық-қуаныштарына назарын аудартып, «жан-жағыңа қара, айналаң – жап-жарық, еңсеңді көтер, мына дүниені жалған дегенімізбен онда адам тоймас қызықтар бар... мен бармын...» дегенді ұқтыруға тырысқан...

Көз алдарында өтіп жатқан ғажайып көрініс – тілсіз, сөзсіз драма-би аяқталған кезде мейрамхана ішіндегілер дуылдата қол соқты. Біреулер өздерін концертте отырмын деп ойлап қалса керек, «браво! бис!» деп өңештері жыртылғанша айғайлады.

Олардың қиқуына мән берместен, орындарына келіп жайғасқан екеу айтар сөздерінің барлығын бимен айтып тауысқандай біршама уақыт үнсіз отырды. Би тілімен – он екі мүшенің шырқ үйірілген қозғалысымен, демнің дірілімен, бойыңды ұстау, мойныңды бұру ерекшелігімен, кірпік қағысы, көздің қарасы арқылы басталған әңгімені қарапайым адам тілімен айтуға екеуі де жүрексінетіндей...

Батырбек Ханшайымға тақай отырып, оның қолын өз алақанына алып, аялай сипады. Сосын алақанына ернін болар-болмас тигізіп, сүюдің мезіретін жасады да, үнсіз ғана жүрегіне басты. Өз алақаны арқылы бүкіл бойына тараған «дүк-дүк-дүк» деген дыбысты біресе қысыла, біресе бойы шымырлай тыңдаған Ханшайым, алғашында тыпырши жөнелген өз жүрегінің де сәлден соң саябырсып, сол ырғақпен үйлесе соға бастағанын байқады...

- Ау, ағайындар, шапалақ ұра-ұра алақанымнан алақан қалмады ғой. Сіздерді қайта-қайта шақырып жатырмыз, шақырып жатырмыз...

Екеуінің көзбен, ыммен тілдесуін стол басына келіп, шайқалақтап тұрған масаң кісінің ренішті даусы бұзды.

- Ау, халық сіздерді күтіп отыр ғой... – Шайқалақтаған кісі даяшылардың әрі қарай әкетпек болып, өзін сүйемелдей жетелегеніне көнбей, бұларға қайта бұрылды: - Слушай, сендерге, не, ақша төлеу керек пе? Пож-жалыста... Бұлар сондай ғой... Ақша төлемесең билемейді...

Екі даяшы сүйрегендей қылып алып кетсе де бұл екеуіне қарап бұрқылдауын қоймаған ол бәрібір тынышталған жоқ. Өз орнында отырып, есіне бір нәрсе түсіп кеткендей ара-тұра «Би! Тағы билесін!» деп айқайлап, жұртты селк еткізеді. Әп-әдемі басталған отырыстарының шырқы ойда жоқта бұзылып, бастапқы көңіл-күйлерінен айырылған, әрі өздеріне қайта-қайта қарағыштап, сыбырласып жатқан көпшіліктің назарынан таса болғылары келген Батырбек пен Ханшайым бұдан әрі көп отырмай, тез есеп айырысып, шығып кетті.

Бағанағы кеш басындағы көңіл-күйінен із де қалмаған Батырбек тұнжыраған қалпы машина есігін ашып, әуелі Ханшайымды отырғызды, өзі айналып келіп рульге отырғанша жақ ашқан жоқ. «Үйге қайтамыз ба?» деді сосын бұған сұраулы жүзбен қарап. Ханшайым иығын көтерді. «Қайдам?» дегені, «мейлі» дегені белгісіз. Батырбек сырттай сабырлы күйін сақтағанмен, іштей әлденеге кіжінулі сияқты көрінген. Газын қатты басып жіберген болуы керек, орнынан ытқи қозғалған машина, қапталдас келе жатқан машиналарды орап өтіп, қала орталығына қарай заулай жөнелді.

Орталыққа жақындаған сайын машина нөпірі көбейе түсті. Жаңағыдай заулату қайда, іркес-тіркес болып, бағдаршам сайын кептеліп, қарға адыммен қозғалған машиналар легіне ілескен бұлар да ілби жылжып келеді. Әшейінде, жолаушы көлігінің ішінде келе жатып, кептелістерге түсіп қалғанда Ханшайым тықыршып, берекесі кететін. Бүгін мүлде жайбарақат отыр. Тіпті осы жолдың таусылмауын, машина нөпірі азаймауын тілейтіндей.

- Сені үйге ертіп апарсам ба деп едім... – деді бір кезде Батырбек алдына тесіле қарап отырған күйі.

Ханшайым үндемеді.

- Өткенде тойда сені көргенімді... екеуміздің билегенімізді Раушанға айтып келгенмін, - деді Батырбек сөзін жалғастырып. Шынымды айтсам, мен бұлай билемегелі қашан! Қатты әсерлендім...

Көз алдына әлдебір шуақты сәтті елестеткендей Батырбек көзін қиялдана жұмынқырап, болар-болмас жымиды. Тойда ғана емес, қазір де сол әсерге сүңгіп бара жатқандай – жүзі алабұртып, әлденеге басын шайқап қойды. Тіпті қасында адам отырғанын ұмытып кеткен сияқты.

- Ешқайда асықпасаң, біздікіне барсақ қайтеді? Не дейсің?

Өз сезімімен өзі іштей арпалысып отырған Ханшайым не дерін білмей сасқалақтап қалды. Шындығында, Батырбектің ештеңені ашып айтпай, әңгімеден қашқақтағаны тіксіндірсе де, баяғы бала сезім лапылдап, ештеңеге қарайлатар емес. «Тәуекел де, қанша жыл бойы осы кездесуді аңсап күтпеп пе едің? Әйелін бұрынғыдай сүйсе, сені іздемес еді ғой. Сенің де бақытты болуға құқың бар!» дейді алды-артына қаратпай алып-ұшқан сезім.

- Раушан да сені көргісі келетінін айтқан. Ол науқастанғалы бері ешкіммен араласа қоймаймыз... төрт қабырғаға қарап отырғанымыз... сол...

- Көптен бері науқас па?

- Он жылдай боп қалды... Кейде маған он жыл емес, бір ғасыр болғандай көрінеді... – Даусынан торығу байқалды.

- Мейлі, барсақ барайық.

Мұның келіскеніне Батырбек қуанып кеткен сияқты. Бет-ажары өзгеріп, машинасын тауға қарай жүретін көшеге бұрды. Қалта телефонын алып, әлдекімге телефон соқты. «Ажар, бұл мен ғой. Халдерің қалай? Ә-ә... Жарайды, мен келе жатырмын, сен үйіңе қайта бер».

Ханшайым ештеңеге түсінбеді. «Ажары кім? Қызы ма? Онда неге «үйіңе қайта бер» дейді? Әлде үй қызметшісі ме екен?»

Есікті өз кілтімен ашып, алдымен Ханшайымды ішке өткізді. Сосын өзі кіріп келе жатып: «Раушан, үйге қонақ келді» деп дауыстады.

Сол дауысты күтіп тұрғандай-ақ, кіре беріске қарсы жақтағы есік іле дыбыссыз ашылып, ар жақтан... мүгедек арбасына отырған жас әйел бұларға қарай сырғи жылжып келе жатты... Бұл – Раушан еді.

- Қош келдіңіз, - деді ол Ханшайымға күлімсірей қол созып, - төрлетіңіз.

Батырбек сілейіп тұрып қалған Ханшайымды айналып өтіп, арбадағы келіншектің бетінен сүйді: «Хал қалай?» деді көзіне үңіліп. «Жақсы», - деп иегін әнтек көтерген келіншек «Өзің ше?» дегендей наздана қарады.

Батырбек көзін сәл жұмып, «жақсы» дегендей басын изеді. Екеуінің амандық-саулық сұрасуында өзгеше бір жылылық бар екендігін байқамау мүмкін емес еді. Ханшайымның жүрегі сыздап қоя берді.

- Сен қонақты төргі бөлмеге апар, мен шай қояйын. – Раушан арбасын опонай кілт бұрып, ұзын дәліздің түбіне қарай сырғи жөнелді.

«Бекер келген екенмін, - деп ойлады Ханшайым, - бекер... бекер...».

Қаққан қазықтай болып тұрған мұның жан арпалысын Батырбек түсінген сияқты, тұнжырай қарап, күрсініп қойды. Жақ ашып, ләм-мим деместен, шынтағынан демей ұстап, қонағын төр бөлмеге қарай алып жүрді.

Шәй ішіліп болған соң Батырбек: «Қыздар, сендер әңгімелесе тұрыңдар, мен ыдыс-аяқты жинап тастайын» деп, бұларды оңаша тастап шығып кетті. Есіктен кірген сәттен бері Ханшайымның жанына тыныштық бермеген, бірақ тілін тістеп, қоя алмаған сұрағына жауап беретін әңгіме осы кезде айтылды.

«Біз Батырбек екеуіміз училищені бітірген жылы, үлкендердің «қоя тұрыңдар» деген тілін алмай, гастрольге барамыз деп үйден қашып кетіп... үйленіп едік... - Раушан сол кездерін көз алдына елестетіп, жымып қойды. - Менің әкем - үлкен қызметкер кісі. Ұлы жоқ, екі қызы бармыз. Сіңілім Ажар жаңа сіздердің алдарыңызда ғана үйге кетті. Ал Батырбек ауылдан келген, көп балалы отбасынан шыққан. Бірақ әке-шешесінен жастай айырылыпты. Сондықтан да болар, менің әке-шешеме деген құрметі ерекше. Менің бағыма қарай ата-анам да оның балалық махаббатын қабыл алып, бауырларына басып, өз ұлындай көріп кетті.

Біз сондай бақытты жұп болдық.

Сенесің бе, екеуіміз күнде таңертең сүйісіп қоштасып, кешке сағынысып көрісетінбіз. Арада өткен жылдар сезімімізге қылау да түсірмей, қайта күн өткен сайын нығайта, бекіте түсті. Биде де, өмірде де жұбымыз жазылған жоқ. Батырбек жеке партияларды да тамаша орындайтын. Уақыт өткен сайын өнері өрлеп, елге танымал бола бастады. Қабілет-дарынының арқасында өз қатарына қарағанда ертерек көзге түсіп, марапат, сыйлықтарға ие болды. Кейбіреулеріне әкемнің ықпалы да болған шығар деп ойлаймын. Бірақ қазір заман сондай ғой, қолдаушың, сүйенерің болмаса, қанша жерден дарынды болсаң да еңбегіңнің дер кезінде лайықты бағасын алуы қиын. Ал Батырбектің жалғыз сенгені – өнері, жалғыз сүйенері – отбасы еді. Ал біз оны барынша қолдап бақтық.

Сол бір өшпес қасірет әкелген күнге дейін бәрі де тамаша еді...

Әкемнің 50-ге толғанын ағайын-туған, дос-жарандары жиналып, тойлап жатқанбыз. Өмірдің қай саласында болмасын бақталастық деген бар ғой. Бізге де соның кесірі тиді. Батырбектің өнерінің өзіне қарағанда көбірек еленгенін, марапат, атақтарға ертерек ие болғанын көре алмай жүрген бір әріптесі араққа сылқия тойып алып, шырқымызды бұзбасы бар ма?!

«Немене, қайын атаңа жаның қалмай жағымпазданып жүрсің бе? Жүгір-жүгір, құйрық-жалсыз күшік күйеу...» деп ыржалақтап тұрғанын естіп қалдым. Сол сәтте әшейінде ұстамды жанның қап-қара боп түтігіп, жұдырық ала жүгіргеніне таңырқап та үлгерген жоқпын – күйеуім жәбірлеушісін бір ұрып, қалпақтай ұшырды. Атып тұрған ол да бұның жағасына жармасып, енді екеуі ұмар-жұмар боп жерге бірге құлады. Бір-бірін аяйтын емес... Абырой болғанда жігіттер екеуін ажыратып, екі жаққа алып кетті...

Батырбектің үсті-басын қағып жатыр едім, ол кенет: «Жүр, үйге кетеміз» деді. «Қалай? Папамның тойын тастап па?» дей бергенімде жүгіріп жеткен анам: «Құлыным, ешкімнің сөзіне мән берме, сенің өнеріңе баға берілетін жер бұл емес. Осында кейбіреулердің мақсаты әкелеріңнің тойының шырқын бұзу» деп өксіп жылап жіберді. Ашуын баса алмай, ішінен тығылып тұрған күйеуім «киімімді ауыстырып келейін» деп сыртқа беттей берді. Жүрегім әлдебір сұмдықты сезгендей соңынан мен де тұра жүгірдім. Аңтарыла қараған анама: «Мына күйімен бірдеңеге ұрынып қалар, қасында болайын» дедім жүгіріп бара жатып.

Орнынан қозғалып бара жатқан машинаға мініп үлгірдім-ау, әйтеуір. Батырбектің түрі адам шошырлық еді. Көшеге түсіп алып бар жылдамдыққа салып айдады-ай келіп. «Тоқтат! Тоқтат машинаны! Есіңді жи! Аударыламыз қазір...» деп жалынып келем. Ол түк естімегендей безеріп, газды баса түседі. Бір бұрылыста көшеден өтіп бара жатып, асып-сасып қалған жаяу жүргіншінің ербең еткен қолын ғана байқап үлгердім. Сосын шик еткен тежегіш үні есімде қалыпты, қатты соққыдан көз алдым жарқ ете қалды да, тұңғыыққа батып жүре бердім...

Есімді ауруханада жидым. Қасымда анам отыр екен. Көзі шүңірейіп жүдеп кетіпті. Денем қозғалмайды, қол-аяғым зілдей, тілімді әрең икемге келтіріп, Батырбекті сұрағанымда анам жылап отырып, оның да осында екенін, бірақ әлі есін жимағанын айтты.

Жол-көлік апаты бойынша іс қозғалыпты. Бірақ тергеушілерді әкем қасыма жолаттырмады. Абырой болғанда көшеден өтіп бара жатқан адамды періште қаққан болар, аман қалды. Әкем оны да біз жатқан ауруханаға жатқызып, бүкіл ем-домын жасатып, шығындарын өзі төледі.

«Әйел адам мен ер адам бірдей қан жоғалтса, ер адам өліп кетуі мүмкін, ал әйелдің тірі қалуы ғажап емес, - деді маған емдеуші дәрігер. – Сондықтан күйеуіңнің жағдайы қалай болатыны әлі белгісіз». Ең жаман хабарды анам ол кезде дәрігерге айтқызбапты: сол апатта мен бойыма біткен тұңғыш нәрестемнен де айырылдым.

Батырбек бесінші күн дегенде есін жиды. Оны сотталудан құтқарып қалу үшін әкеме машинаны мен жүргіздім дегенмін. Біз қағып кеткен адамға жалынып-жалбарынып, сый-сияпатын жасап, бұдан кейін де көмектесіп тұрамын деп әкем қолхат берген соң, екі жақтың ризашылығымен іс жабылды. Батырбек әбден сауығып кеткенше мұның бірін де білген жоқ.

Мен сол жатқаннан тұрмадым, жасатпаған ем қалмады, бірақ... бір күні енді маған аяқ басып жүру жоқ екенін түсіндім. Сондағы жай-күйімді айтпай-ақ қояйын... өмір сүргім келмеген кездерім де болды. Ақыры көндім».

Раушанның әңгімесін жылап-сықтамай, сабырлы-байыпты қалпын сақтай отырып айтқанына Ханшайым әрі таңқалды, әрі сүйсінді.

- Кім-кімге де үйде отырып қалу оңай емес қой, бірақ, үнемі ел алдына жарқ-жүрқ етіп шығып, өнерімен ел ықыласына бөленіп жүрген адамға бәрінен қиын шығар, - деп сөзін жалғастырды Раушан. – Біз сол жол апатынан кейін үй тұтқынына айналдық. Мен арбаға таңулымын, Батырбек болса менің қасқабағымға қарап, ешқайда бармайды. Алғашында бұл жайды осылай болу керек деп қабылдайтынмын. Соңғы жылдары өзгеше уайым жанымды жеп, бір әлжуаз ой байыз таптырмай жүр. ...Сенімен сөйлескім келгені де сондықтан.

Раушан өзіне таңдана қараған Ханшайымға қолын созып, өзіне жақынырақ отыруын өтінді. Қазір бір ерекше қуанышты жайды айтатындай жүзі жайдарылана жымып, бұған мейірлене көз тастады.

- Батырбектің өзімді сүйетініне еш күмәнім жоқ. Бірақ мені қинайтыны ол осы жағдайдың болғанына өзін кінәлап, арының тұтқынына айналды. Он жылдан бері бар уақытын мені бағып-қағуға арнап, жас өмірі қызық-қуанышсыз өтіп барады. Міне, қырыққа да тақап қалдық, біздің қатарымыздың балалары мектеп бітіргелі жатыр...

Осы кезде ғана оның бағанадан бергі бір қалыпты дауыс ырғағы бұзылып, әдемі, аялы жанарын жас кенереледі. Дем жетпегендей қинала жұтынған Раушан көзінен мөлт етіп сырғып түскен жасты алақанымен сүртіп, сәл үнсіз қалды. Сосын бұған кінәлі жандай жалтақтай қарап, сөзін жалғастырды.

- Сенімен тойда билеген күні Батырым үйге жадырап, қуанышты оралды. Той қызықтарын лепіре айтып, әсіресе би сайысын қайта-қайта есіне алды.

«Раушан, мен бір керемет биші келіншекпен биледім. Тіпті ол биші емес, жанды сурет сияқты, ал әр қозғалысын төгілген әуен дерсің. Қызық, осы уақытқа дейін ондай бишінің атын естімеп едім, әлде бұл қалаға енді келген өнерпаз ба екен?!» деп біразға дейін өрекіген көңілін баса алмады.

Мен оның басқа бір әйелдің сұлулығын, биін тамсана әңгімелегеніне еш тарылған жоқпын, ол-ол ма, мен оның осылай жарқылдап күліп, лепіріп сөйлейтін кезін аңсап күтіп жүр едім десем сенесің бе? Осынша жыл бойғы жұбайлық өміріміз, бастан кешкен қиындықтарымыз бізді ерлі-зайыптылардан да гөрі жақындатып жібергендей-тін. Жан жарымды жақсы көргенім сонша, оның мүгедек әйелге байланып, нағыз ер адам бастан кешер қызықтардан құр қалғанын, бала сүймегенін, әке болу бақытынан айрылғанын ойлап, жүрегім қан жылайтын.

Ажыраспақ та болғанмын, ол маған бұл туралы айтуға, тіпті ойлауға да тыйым салды. Өбектеп, қас-қабағыма қарап бағып, менің ыңғайыммен өмір сүруге дағдыланып алды. Жұмысына барады, төтесінен үйге қайтады. Ойын-той, қонақтықтарға да өте сирек барады. Қалған уақытының барлығын маған арнайды: далаға серуендетуге алып шығады, бірге отырып бейнефильмдер көреміз, кітап оқимыз. Осы әдеттерінен оның көңілін бір-ақ адам бөле алады, ол – сіңлім Ажардың кішкентай баласы. Ол келгенде екеуі осы үйді бастарына көтеріп ойнайды. Алысады ма-ау, бір-бірін қытықтайды ма-ау, әйтеуір, ойлап таппайтындары жоқ. Сол кезде оның жанарында шуақты сәуле, өткенде сенімен билейтін тойдан қайтқан кездегідей нұрлы жарқыл пайда болады. Бұл – оның шексіз бақыттылығының белгісі екенін сонау екеуіміз билеп жүрген кезден түсініп, көңілге түйгенмін.

Мұның бәрін неге айтып отыр деме, қазір бәрін де түсінесің. Училищеде жүргенде сенің де оны ұнататыныңды сезгенмін. Байқауда Батырбекке жұптас етіп сенің белгіленгеніңді естігенде қызғаныштан көзім жасы сорғалап, күні-түні байқаудың өтпей қалуын, не болса о болсын, әйтеуір сендердің жұптасып билемеулеріңді тілегенмін...

Бірақ... ол жолы билемегенмен сендер бәрібір осы жолы биледіңдер, бұл – әу бастан солай болуы тиіс еді. Екеуіміз де бидің маманымыз, тілмен айтпағанды бимен айтуға боларын білеміз ғой. Біраз «тілдесіп», ұғысқан шығарсыңдар?

Ханшайым Раушанның төтесінен қойылған сауалынан сасқалақтап, не айтарын білмей қалды. Оның көзі жыпылықтап, беті ду ете қалғанынан өзінің қателеспегенін түсінген Раушан жымиып қойды. Өзі әңгімесін бастағалы бері ләм деп тіс жармай, сөзін де бөлмей, сұрақ та қоймай тыңдап отырған монтаны келіншекке іштарта бастағандай.

- Енді саған айтар басты шаруама көшейін, - деді содан соң. – Сенен өтінерім, мені түсінуге тырыс... Саған айттым ғой, Батырымды жанымдай жақсы көргендіктен оның бала сүймегеніне, әкелік сезімді бастан кешпегеніне қатты қиналамын деп... Өзіне салса, өмірден осылай мені бағып-қағумен өтуге бар сияқты... Бірақ, бұл маған жақсы болғанымен, оған қатысты алғанда әділетті емес екенін түсінемін. Сондықтан да осындай шешімге келіп отырмын. Оны сүйгендіктен...

Ол терең күрсінді.

- Батырым сені ұнататын сияқты... Бірақ маған деген сезімін де сөніп қалды дей алмаймын... Парасатты ғой. Менің осындай күйге түскеніме өзін кінәлі санағандықтан арынан аса алмай, бар сезімін құрсаулаумен күн кешіп жүрген болар деген де ой келеді... Бірақ, қалай болған күнде де оның отбасынан ешқайда кетпейтініне көзім жетті.

Менің орнымда басқа біреу болса күйеуінің мұндай ісіне риза болып, тып-тыыш отырар ма еді, бәлкім... Бірақ... мен оны жақсы көремін, жан-тәніммен сүйемін ғой... Ал сүю дегеннің өзінің ғана рахатқа кенелуің емес, сүйгеніңнің де бақытты болуы екенін шын сүйген жан ғана түсінеді. Мен де Батырымның өмірден ер-азамат сияқты қызық көруін қалаймын... Ойлай-ойлай, мен мынадай шешімге келдім: сен екеуің қосылсаңдар қайтеді?

Ханшайым орнынан атып тұрды.

Өзін тежемек болып бас салған Раушанның қолынан жұлқына босанып, алды-артына қарамай үйден шыға жөнелген Ханшайым қараңғы көшеде келе жатып ағыл-тегіл жылады. Біресе жан-жүрегімен қалаған адамын еш алаңс

Бірақ... ол жолы билемегенмен сендер бәрібір осы жолы биледіңдер, бұл – әу бастан солай болуы тиіс еді. Екеуіміз де бидің маманымыз, тілмен айтпағанды бимен айтуға боларын білеміз ғой. Біраз «тілдесіп», ұғысқан шығарсыңдар?

Ханшайым Раушанның төтесінен қойылған сауалынан сасқалақтап, не айтарын білмей қалды. Оның көзі жыпылықтап, беті ду ете қалғанынан өзінің қателеспегенін түсінген Раушан жымып қойды. Өзі әңгімесін бастағалы бері ләм деп тіс жармай, сөзін де бөлмей, сұрақ та қоймай тыңдап отырған монтаны келіншекке іштарта бастағандай.

- Енді саған айтар басты шаруама көшейін, - деді содан соң. – Біресе жан-жүрегімен қалаған адамын еш алаңсыз, бөліп-жармай, емін-еркін құшып-сүюді тағдыры бұйыртпаған өзін аяды. Біресе бүкіл қызығын қиып, арбаға таңулы адамға байланып отырған Батырбекке жаны ашыды. Біресе тәні мүгедек болса да, адамгершілігі он екі мүшесі сау адамдардың қай-

қайсысынан да биік, біреуді сүюдің жауапкершілігі туралы терең ұғымы бар, «мен бақытты болсам» деп емес, «сүйгенім бақытты болса» деп тілейтін Раушанның сөздеріне жүрегі езіле егілді. «Ол емес, өзімізден басқаны ойламайтын біз мүтедекпіз...» деп өкси күбірледі.

Үйіне қай кезде жеткені есінде жоқ. Есікті ашқан қызының көзіндегі үрейді көргенде ғана өзінің көшеде ұзағырақ жүріп қалғанын түсінді. «Мама, телефоныңызды неге алмадыңыз? Әбден қорқыттыңыз ғой...» деді анасының құшағына құлай берген қызы сыбырлай сөйлеп. Сонда ғана Ханшайым есін жиды. «Ойланып кетіп, естімей қалғам ғой, ботам. Кешір...кешір, күнім...» деді қызын шашынан сыйпап.

Бөлмесіне кіріп қараса, қабылданбаған қоңыраулар тізімінде қызының телефон нөмірімен кезектесіп бір бейтаныс нөмірден әлденеше рет қоңырау келіп түскен екен. «Кім болды екен?» деп ойлады да қойды. Сөйткенше болған жоқ, хат келіп түскенін хабарлап қалта телефоны шик-шиқ етіп белгі берді. Бұл да жаңағы бейтаныс нөмірден екен. «Жалынамын. Тілегімді қабыл алшы. Ниетімнің ақтығына Алла атымен ант етемін. Раушан» деген сөздерді оқығанда тағы да жүрегі езіліп, көзінен жас парлай жөнелді.

Раушан одан кейін де әлденеше рет телефон шалды. Сырт адамға сыр бермегенімен, Ханшайым безектеп жатқан қалта телефонындағы «Раушан» деген жазуға қарап, тұтқаны көтерер-көтермесін білмей іштей егіліп, мең-зең болып отыратын еді. Бір ойы Раушанның сөзін құп көрсе, бір ойы бәрін теріске шығарып, басы қатып жүргенде мәселе күтпеген жерден өрбіді.

Тойдан кейін бірер ай өткенде жас жұбайлар жаңа пәтерлі болып, екі жақтағы туыстарын қоныстойға шақырған-тын. Апа-жездесімен бірге келген Ханшайым үйді тамашалап жүргенде, есік қоңырауы шылдырлап, арбада отырған Раушанды алға салған бір топ қонақ табалдырықтан аттады. Күтпеген кездесуден сәл абдырап қалған Ханшайым өзіне көзі түскенде Раушанның қуанып кеткенін қалай жорырын білмей, ерлі-зайыптылармен бас изеп қана амандасты. Дастархан басындағы жастардың жаңа үйлеріне қатысты жайма-шуақ әңгіме қонақтардың қызуы артуына қарай әр бағытта өрби бастады. Біреулер күлдіргі әңгіме айтса, екінші біреулер әйелдер мен ерлердің теңдігі жоқ екенін айтып өжектеді. Қызулау қонақтың бірі тақырыптың арнасын бұрып, екінші әйел алу туралы мәселені қозғағанда Батырбек әйеліне тақап кеп: «Шаршаған жоқсың ба? Үйге қайтайық па?» деп еді, Раушан басын шайқап: «Жоқ, шаршаған жоқпын. Әрі әңгіме де ұнап отыр» деп күйеуіне күлімсірей жауап берді.

Еркектерге керегі де осындай сөз еді. «Міне, міне. Ақылды адамдар осылай деуі керек», - деп кеу-кеулеген оларды қыз-келіншектер жағы жаратпай қарағанымен, сол жердегі мосқал тартқан әйелдер құптай жөнелді. Әсіресе,

құдағидың жеңгесі, кезінде белді қызметтер атқарып, билеп-төстеп сөйлеуге үйренген Әмина апай жас келіншектерге біраз ақыл айтып тастады:

- Сендер бір-бір күйеуді меншіктеп, сүлікше жабысып айрылғыларың жоқ! Ал қаншама қыз оң жақта қартайып отыр. Олардың да күйеуге тиюіне, бала сүюіне қақысы бар емес пе? Солардың көбі екінші әйел болуға да бейіл. Тек еркектер мына сендер сияқты өзімшілдерден аса алмай жүр...

- Иә, дәл солай, - деп құптап қойды қызу қонақ.

- Жөн айтасыз, құдағи, - деді осы ортаға оқымыстылығымен танымал апай. – Бізде ата дәстүрді насихаттау жоқ қой. Өткеннің бәрін мансұқтай бермей, салтымыздың жақсы жақтарын алу туралы қазір аз айтылып жүрген жоқ. Солардың қатарында сіз айтып отырған мәселе де көтерілуі керек. Ол арқылы демографиялық ахуалды жақсартуға болатынын айтып, жетелеріне жеткізу керек. Мына сіз сияқты үлкен кісілер телевизордан сөйлеп, соны түсіндіруі керек деп ойлаймын...

- Кешіріңіз, - деді осы кезде бағанадан бергі әңгімені үнсіз тыңдап отырған Раушан оның мінберде студенттерге дәріс оқып тұрғандай екпіндете сөйлеген сөзін бөліп. – Кешіріңіз, апай, мен сізді сыйлаймын. Бірақ сіз, әйтпесе Әмина апай немесе басқа бір қадірменді қария апай осы әңгімені телевизордан айтатын болса, мен барып оны өшіріп тастаймын...

Жұрттың бәрі демін ішіне тартып тына қалды. Мұндай басқосуларға өте сирек келетін, келсе де әдетте көп сөйлемейтін Раушанның бұлайша оқыс тіл қатуы отырғандар үшін күтпеген жай еді. Сәл тыныстап алған Раушан сөзін әрі қарай жалғастырды:

- Қатты айтсам, айып етпеңіз, апай, сіздердің жасыңызда күйеуіңді басқа әйелге нақсүйер етіп бер деп үгіт жүргізу оңай деп ойлаймын. Өйткені, жасыратын несі бар, сіздер ыстық-суығы басылған жастасыздар ғой. Әрі өзіңіз айтқандай, мақсат демографиялық ахуалды жақсарту болса, бұл мәселені шешудегі салмақ алпысты алқымдаған кісілерге жүктелмейтіні белгілі. Сондықтан сіздердің жүргізген үгітіңіз отбасыларыңыздың береке-бірлігіне әсер ете қоюы неғайбыл... Дегенмен мен телевизордан сөйлеп, насихаттау керек дегенді қолдаймын. Бірақ сіз сияқты қариялар емес, біздің жасымыздағы әйелдер насихаттауы керек.

Дастархан басындағылар ештеңеге түсінбей, бір-біріне қарасып, ақыры бұл жұмбақ ұсынысты Раушанның өзі түсіндіруін күткендей, мойындарын соған қарай бұрды. Раушанның әр сөзін салмақтап, таразылап алғандай нық сөйлеуі оның осы тақырып бойынша бүгін ғана ойына келген әңгімені емес, өзін талайда келген әңгімені емес, өзін талайдан толғантқан мәселені көтеріп

отырғанын байқатқандай. Ол бір сәт толқыныстан дір-дір еткен демін басып, отырғандарға айнала көз тастады да сөзін әрі қарай сабақтады.

- Иә, мен телевизордан сөйлеп, насихаттау керек дегенді қолдаймын. Мысалы, мен шығып сөйлер едім...

Әр дастарханда дерлік айтылатын, біреу ұнатып, біреу жақтырмайтын тақырыптағы әңгіменің күтпеген бағытта өрби бастағаны жаңа ғана өрекіп отырғандардың өзін тосылтып тастады. Аңқаулары аңырып отырғанда, сұңғылалаулары бүгінгі әңгіменің мүлде тосын оймен, көпшілік ойламаған тұжырыммен түйінделетінін сезгендей. Сол сезімдері алдаған жоқ. Кеудесін кере терең тыныстап дем алған Раушан:

- Мен Батырымды жанымдай жақсы көретіндіктен, оның бұл өмірден бала сүймей, әке болу бақытын сезінбей өткенін қаламас едім... - деп, солқылдап жылап жіберді.

Мұндайды күтпеген Батырбек әуелде отырған орнынан тұра алмай қалды. Әңгіменің мазмұны санасына сосын барып жеткен болуы керек, өңі әлемтапырық болып кеткен ол қалтыраған қолымен әйелін арқасынан қаусыра құшақтап, арбасын есікке қарай қозғады. Осы кезде өз-өзіне келген Раушан күйеуіне «тұра тұршы» дегендей ишара жасап, арбасының қол тежегішін басты. Сосын отырғандарға жағалай көз тастап, сәл әріректе тұрған Ханшайымға қарай арбасын бұрды. Болған жағдайдың бәрін жүрегімен қабылдап, өңі құп-қу боп тұрған оған қиыла қараған Раушан:

- Ханшайым, сүю дегеннің сүйгеніңе бақыт сыйлау екенін екеуміз де білеміз ғой... Осы отырған қауымды куә етіп, жанымдай сүйген жарымның алдында, Алланың атымен жалынамын – Батырбекке қосылып, оған әке болу бақытын сыйлашы... – деді даусы дір-дір етіп.

Осы оқиғаға куә болған қауым арада жылға жуық уақыт өткенде қайта жүздесті. Мәз-мәйрам боп қуанысып, жүздесті.

Той иелерінің өтінішімен кешкұрым мейрамхана алдына жиналған көпшілік, көше басынан баяу жылжып келе жатқан есік пен төрдей ақ лимузинді көрінгенде ду қол шапалақтады. Сырғи келіп тоқтаған машинадан алдымен түскен Батырбек оның артқы есігін ашып еді, жүзі бал-бұл жанып, құндақтаулы сәбиді құшақтаған Раушан арбасымен сырғып түсе қалды.

Екінші есіктен шыға берген Ханшайымның қасына жымия жақындаған Батырбек оған жоғары жақты нұсқап: «Саған айтқан сюрприз – осы» деді өз ісіне риза кейіппен.

«Сюрприз» деген сөз кеше Раушанның да аузынан шыққан. Осында келердің алдында қызы да «Сізді сюрприз күтіп тұр...» деп еді жымындап. Енді, міне,

Батырбек үлкен бір істі тындырғандай және мұның көңіл қалауын дөп басқанына сенімді қалыппен маңғаздана жоғары жақты нұсқайды...

Жиналған жұрттың өзіне ауған назарынан сәл қымсынған Ханшайым анықтап жан-жағына қарап еді – жүрегі шым ете қалды: Батырбек екеуі би билеген мейрамхананы жазбай таныды. Толқыныстан көзіне келіп қалған жасты ешкімге көрсетпейін деп басын сәл шалқайта жоғары көтере берген...

Алқаракөк аспанға қызылды-жасылды сәулесімен нұр шашып, әрбір әрпі би билеп тұрғандай болып жазылған екі сөзге жанары арбалды да қалды: «ҒАЖАЙЫП ТАНҒО».

Ханшайым қанша уақыт өтсе де ұмыта алмаған алғашқы махаббатымен кездесіп, ұғынысқан сәтті есіне салып, телегей теңіз мағына сыйғызып тұрған екі сөзге қайта-қайта қарай берді, қарай берді.

2.3 АДАМ МЕН ТАБИҒАТТЫҢ ӨЗАРА ҮНДЕСТІГІ

Ақыл мен жан мен - өзім, тән менікі

Абай

Ақыл мен жан мен - өзім, тән менікі,
Менімен менікінің мағынасы екі.
Мен өлмекке тағдыр жоқ әуел бастан
Менікі өлсе өлсін, оған бекі.
Өлсе, өлер табиғат, адам өлмес,
Ол бірақ та қайтып келіп, ойнап-күлмес.
Мені мен менікінің айырылғанын
Өлді деп ат қойыпты өңшең білмес.

Адамзат төрт нәрседен болған екен

Шал ақын

Адамзатты төрт нәрседен қылған екен.
Адамға су нәсілі көп қосылса,
Жомартлық, шешен болмақ содан екен.
Адамзат төрт нәрседен болған екен,
Адамзатты төрт нәрседен қылған екен.
Адамға топырақ нәсілі көп қосылса,
Мінезінің ауырлығы сонан екен.
Адамзат төрт нәрседен болған екен,
Адамды төрт нәрседен қылған екен.
Адамға жел нәсілі көп қосылса,
Дегбірсізлік, сабырсыздық сонан екен.
Адамзат төрт нәрседен болған екен,
Адамды төрт нәрседен қылған екен.

Адамға от нәсілі көп қосылса,
Ашуланшақ болуы сонан екен.

Көшпенділер дүниетанымы

А. Сейдімбек

Басы жұмыр пендеге қарағанда салт-дәстүрдің, әдет-ғұрыптың өмірі әлде қайда ұзақ екенін тарих тағы да дәлелдеді. Бұл да заңдылық. Адам қоғамындағы ілгері дамудың бәрі де өткен өмірдің нәтижесі. Сондықтан тарихқа мойын бұру, ата-бабаның өмір тіршілігін ұмытпау – біздің адамгершілік міндетіміз ғана емес, сонымен бірге ілгері дамудың кепілі де. Көшпенділер дүниетанымы бойынша табынар тәңірі – көк аспан, шексіз әлем болса, сол көк аспан мен шексіз әлемнің ең құдіретті жаратылысы – көктегі күн. Сондықтан да, бертін келгенше қазақ Күнді тәңірінің көзіне балап, киіз үйлерінің есігін күнге қаратып тігіп, шығып келе жатқан күнге ақ шашып тәу ететін болған. Ең ақырғысы төрткүл дүниенің тарабын белгілеуде жүзін күнге қаратады да, маңдай алдының – шығыс, ту сыртының батыс, оң қол жағы – оңтүстік, сол қол жағы – солтүстік екенін айырады. Яғни, әрісі көшпенділердің, берісі қазақтың кең дүние кеңістікті Тәңірінің көзі – күн жолы арқылы бағдарлап, белгілеу ертеден орныққан үрдіс.

Көшпелі өмір салты табиғатты жатсынбаған, табиғатты болмыс – тіршілігінің құрамдас бір бөлігі деп қараған. Олар табиғат құбылыстарына, қоршаған ортаға қарсыласы ретінде қарамаған. Неғұрлым табиғат сырын терең танып, табиғатпен етене болған сайын өмір сүруге қолайлы мүмкіндіктердің де молая түсетінін жақсы білген. Сондықтан да, көшпелілер үшін қоршаған орта, тау-тас, өзен-көл, дала-орман, табиғат құбылыстары, тіптен аспан денелеріне дейін баршасы «тұлғаланған», «кейіптенген» немесе «жанданған» қалпында қабылданады.

Мәселен Еуразия көшпенділерінің соңғы тұяғы қазақтар күні бүгінге дейін «күн күлімдеді», «жұлдыз жымындады», «күннің көзі», «таудың басы», «қамыстың саусағы», «жердің төсі», «судың беті», «жылдың басы», «жылдың аяғы», «шөптің тамыры», «ағаштың өзегі», «долы дауыл», «қатал қыс», «ерке самал» т.б. дейді. Немесе аспандағы айдың өзгерістерін қалт жібермей бақылап отыратын көшпелі-қазақ «ай туды», «ай өлді» деп отырады. Айдың тууы мен солуының және толысуы мен солып жығылуының арасы әрқайсысы он төрт тәуліктен жиырма сезіз тәулік болады. Яғни, төрт апта. Енді осыған қоса «өлген ай» мен «туған айдың» арасында көзге көрінбейтін екі тәулік бар. Өлгі «ай өлді» немесе «өліара» дейтіні осы. Міне, бұл сияқты сөз тіркестерінің баршасы көшпелі-қазақтың қоршаған орта мен табиғат құбылыстарын тек қана «тұлғаланған», «кейіптенген» немесе «жанданған» қалпында қабылдайтынын көрсетеді.

Қысқасы, Ұлы Дала көшпенділері мындаған жылдық өмір тәжірибесі арқылы Айдың, Күннің, жұлдыздардың жерге қатысты әсер-құбылыстарын аңғарып, сол әсер-құбылыстарға барша өмір салтын бейімдеп, табиғат

құбылыстарымен үйлескен ырғақты өмір салтын орнықтырып,
өзідүниетанымдарын қалыптастырған.

Сұлулық

Ш.Сариев

Жұлдыздардың жанарында – сұлулық,
Ақша бұлттың тамағында – сұлулық,
Түнерген тау қабағында – сұлулық,
Балбұлақтың сылдырында – сұлулық,
Айдын көлдің самалында – сұлулық.

Ұшар құстың баласында – сұлулық,
Гүл біткеннің арасында – сұлулық,
Елік-киік даласында – сұлулық,
Атар таңның шуағында – сұлулық,
Ай үздігіп қарасында – сұлулық.

Ғашықтардың көңілінде – сұлулық,
Сүйген адам өмірінде – сұлулық,
Сенгендердің сенімінде – сұлулық,
Не бір күй мен не бір әнде – сұлулық
Не бір ғажап, не бір үнде – сұлулық.

Өмір

Д.Стамбекұлы

Өмір, өмір,
Сен бір пәк сұлу едің.
Сұлусың деп ынтығып сүйіп едім.
Қылығыңнан қайсыбір түңілемін,
Құлығыңа ақырын үңілемін.
Өмір, өмір,
Не деген өтімдісің,
Ғаламатсың
Сүйкімді едің, құсым
Бәрін жұмбақ,
Құпия жасап келіп,
Бір-ақ күнде ашылған секілдісің.

Күлімде, Күн, күлімде!

Қ.Толыбаев

Жер беті ертеден қара кешке дейін тынбаған дүбірден, жүріс-тұрыс қозғалысынан қалжыраған сықылды. Күн бата манаурай мүлгіді де, ұйқысы меңдеткендей қалғи бастаған. Маңайда ешбір қыбыр жоқ. Көңілді алаңдатар сыбдыр-сыбыс естілмейді. Назар аударар қараңқұраң да байқалмайды.

Мелшиген мылқау қараңғылық барған сайын қоюланып, айналадағы ашықты кара шымылдық көлегейлеген. Аң да, құс та тыныштық құшағына бөленген. Бесіктей тербететін самал да еспейді. Қорадағы қой бырт-бырт күйсеп, бейғам жатыр. Түннің торғындай кара мақпал пердесі төңіректі тұмшалаған. Аспан да тұңғыық түбіндей тымырайып, шұңқырға іркілген судай тұнған. Дөңкиген жонжотаның етегі далия жаймаланып, үлкейіп кеткен.

Алыс-жақынды болжау да қиын. Аспан күмбезіне көз жетпейді. Алыс шалғайда жымыңдаған мың-миллион жұлдыздар майы таусылған шырақ құсап өлеусірей жылтылдайды. Тастай қараңғы шыңыраудың түбіне шашырай түсіп кеткен ұшқындар сықылды. Жалпақ жапыраққа жабысып қалған жұлдыз құртынша жыбырлайды. Кейбір шоғыры домна пешінің ішінде құж-құж қайнаған болат қорытпасының түйіршіктеріндей қызыл күреңдене жылтырағанымен, жарығы аз.

Өлден уақытта осы қым-қуыт, асай-топар, аумалы-төкпелі құбылысты сыпырып, түннің түндігін түргісі келгендей, салқын лебімен баяу желпіп самал есті. Қалқиған үлкен таудың етегіне қарай салаланған жон-жота ұйқысы бөлінген алыптай ыңырана қыбырлады. Аспанның күншығыс төрі ақтаңдақтанды. Сай ішінен құстың үні, аңның жүрісі білінді. Алыс көкжиектің жер шегімен қабысқан түкпірі бозарды. Таң сәулесі сүзіле сарғайып, биікке қанат жайды. Жамырай шашыраған мамыражай жарық та бірте-бірте құлашын жазып, жер үстіне тұтас жайылды. Осынау тұрақсыз ауыспалы құбылыстардың өзі мүлгіген әлемге қуаныш нұрын себелеп тұрғандай мерейлі...

Таң атты, таң атты!... – деп, төменгі жазықтан, жалпақ алқапқа егілген астық арасынан бөдене шақырады. Дауысы балғамен соққан тақтайдай тақылдайды. Қойнауудағы ойпатта көлкіген көлдің шарасы қаңылтырдай жалтырайды. Бөденеге қопа маңында жүрген тырна үн қосты:

-Тұ-рың-дар, тұ-рың-дар!..

-Шыр-қаң-дар, шыр-қаң-дар!.. – деп, сол заматта бұл дабыраны көкке шырқап шыққан бозторғайлар іліп әкетті.

Демнің арасында жер үсті әр қилы үнмен дүңкіп сала берді. Әнші құстардың әуені біріне бірі ұласты. Маңай түгел ұйқыдан оянды.

Таулардың төбесін күннің шұғыласы аймалады. Аздан кейін жалпақ даланың төсіне маржан сәуле себілді. Шөптің бетіндегі шық күмістей жылтылдайды.

Тұс-тұстан андыздап мал өрді. Күжірейген мүк ағаштар ұйқысын ашқысы келіп керілгендей, жапжасыл жапырақтарын судырата сілкілдейді.

Қан қызыл қою шұғыласын ағыл-тегіл ақтарып, шырадай жанған дөп-дөңгелек күннің шарасы қылтиды. Жер бетіндегі дүбірден, алыстан естілген сарыннан қуаныш лебінің, шаттық толқынының сазы шалқиды.

-Күлімде, Күн, күлімде!.. – деп, табиғат бөбегінің бәрі жамырай ізгі тілектерін ақтарды. Осы бір қасиетті ниетті, асыл сезімді әнге қосып асқақтата шырқаған құстардың әуені неткен әсерлі еді... жүрегіңді әлдилейді, бесіктегі бөбектей тербетеді, елжірей аймалап, еркелетеді. Арманыңды

жетелей әуелетіп, аспанға алып ұшады. Балқыған шұғылаға малына күлімдейсің.

Қыз-қыз қайнаған шуақтың жылуына шыбын-шіркей, құрт-құмырсқа жоталарын тосып, рахаттана тыныс алады. Тұнық нұрға қанып алу үшін ентелеп, құжынай ұшады. Шегірткелер де мәз. Уайымсыз дүние тынысына елтіген. Шаттана шырылдайды.

Жан-жануарлар да, құс пен жәндіктер де қыбырлап жүріп, күні бойы өздерінің үйреншікті әуендерінен танбайды. Қоқырайған жартастың бауырынан төмен құлаған бұлақтың күмістей сыңғырына шегірткелердің нәзік шырылы қосылады. Жер бетін мекендеушілердің біріне бірі ұқсамайтын үндері кеуделерін жарып шыққан қуаныштарының сарыны секілді. Құлақ тоссаң, бойың балқиды, жүрегің елтиді. Осының бәрі жарық дүниенің ерке, еркін үні екенін түйсінесің. Осы бір ұлан-асыр ызы-шудың өзі адам баласының көкейіне балдай тәтті, оттай ыстық сезім құйып тұрған жоқ па!.. Сондықтан сәт сайын сана жаңғырады.

Алыстан көгілдірленіп көрінген таулардың арғы түкпірінен тіке аспан төріне өрлеп, нарттай қызыл Күн шығып келеді. Жердің үстін жалындай алаулы шұғылаға малындырып, құшырлана аймалайды. Жасыл шалғын, көк бұйра құрақ, ну ағаш, мөлдір бұлақ соған ғана мейірленген. Бәрі де елти балбырап, құшырлана еміренеді. Айналадан:

-Күлімде, Күн, күлімде!.. – деген ұлы тілек сарыны гулей естіліп тұр. Жан-жануарлар дауысы айрықша ырғақпен дүрілдейді. Дүбір де жердің үні емес пе! Адам жанын әлдилеп, шаттыққа бөлейді. Кеудені арманға толтырып, жұмсақ лебімен желпиді. Шөп басында, тас төсінде, ағаш жапырағында үміттің ұшқыны құсап күміс шық жылтырайды.

-Жарқыра, Күн, жарқыра! – деп көлкілдей тербеледі мөлтілдеген тұнық шық.

Күн сайын ұлан-асыр шуаққа малынған адам баласының, жанжануарлардың іс-әрекеттері осылайша басталады да, өз армандарына жету үшін ілгері жылжи береді. Сонда бәрінің қосылып салған әнінің сарыны біреу-ақ:

-Күлімде, Күн, күлімде!..

Бұл – үміт пен мұрат қайнарының шығып жатқан көзі. Өмірдің басталуы да осы шығар...

Шексіз әлем

Т. Сабырханұлы

Әлем шексіз, ал біз ше – тозаңдаймыз,
Шексіздікке сіңеміз, жоғалмаймыз.
Алтын кілті ақылдың қолымызда,
Үміт, сана, ой, сезім – соған баймыз.

Әлем шексіз – шексіздік өлшенбейді,

Миллион тарау формула ол, теңселмейді.
Құс жолының ілініп кірпігіне,
Жалғыз тірі жасыл шар мөлтендейді.

Мөлтендейді ол көз жасы тіршіліктің,
Шексіздікке талпындық құлшынып мың.
Құлшыныстың аяғы дертке айналды,
Ұлы ана табиғат түршігіп тым.

Әлем шексіз, шет-шегі білінбейді,
Шетін, шегін, қанеки, кім іздейді.
Жер бетінде бұл күні перғауын көпе,
Ал бұрынғы перғауын тірілмейді.

Тірі бәрі

Б. Жақын

Сурет көріп туған жер келбетінен,
Табиғат бесігінде тербетілем.
Жел жүгіріп барады су бетімен,
Су жүгіріп барады жер бетімен.
Қалықтайды ақша бұлт көкті қармап,
Тұрақ таппай қаңғырып кетті қаңбақ.
Ұшып жүріп әуеде неше айналып,
Дала төсін қыран құс өтті барлап.
Қайың, емен, тал, терек тың-тыңдайды,
Лағыл сәуле бұлақта жылтылдайды.
Бір сәт аспан алқасы – Алтын Күнді,
Кең дүниенің көзінше бұлт ұрлайды.
Жолаушылар – Табиғат, Адам, Уақыт,
Келеді жер ғаламды аралатып.
...Білдіргісі келгендей тірі екенін,
Тау да тасын қояды домалатып.
Ақ шуаққа қыраттар жылынады,
Жапырақтың жан сырын гүл ұғады.
...Қозғалыс бар үздіксіз, сондықтан да
Тіршіліктің бәрі ояу, тірі бәрі.